ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова

YESSENOV
UNIVERSITY

«Менеджмент болашағы: эксперименттік тәжірибелер және жаңа басқару парадигмалары»
жас зерттеушілер мен ғалымдардың халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
Международной научно-практической конференции молодых исследователей и ученых
«Management Futures: экспериментальные практики и новые парадигмы управления»

PROCEEDINGS
of the international scientific and practical conference of young researchers and scholars
«Management Futures: experimental practices and new management paradigms»

Ақтау, 2026

УДК 005
ББК 65.290-2
М24

Редакциялық алқа: Джолдасбаева Г.У., Саймагамбетова Г.А., Косымбаева Ш.И., Таскинбайқызы Ж., Зинұрұлы Н.

«Менеджмент болашағы: эксперименттік тәжірибелер және жаңа басқару парадигмалары» жас зерттеушілер мен ғалымдардың халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағы. Ақтау: Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 2026, 501 б.

ISBN 978-601-366-560-3

Материалдар жинағында жас зерттеушілер мен ғалымдардың халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы аясында ұсынылған ғылыми зерттеулердің нәтижелері жарияланды. Материалдар цифрлық трансформация, адами капиталды басқару және деректерге негізделген басқарушылық шешімдер қабылдаудың тиімді тетіктерін енгізу, сондай-ақ ұйымдарды жаһандық белгісіздік пен Тұрақты даму жағдайларына бейімдеу мәселелерін қоса алғанда, қазіргі заманғы басқарушылық ғылым мен практиканы дамытудың теориялық және қолданбалы аспектілерін көрсетеді. Жинақ зерттеушілерге, оқытушыларға, білім алушыларға және басқару саласындағы тәжірибешілерге арналған.

В сборнике материалов опубликованы результаты научных исследований, представленные в рамках международной научно-практической конференции молодых исследователей и ученых. Материалы отражают теоретические и прикладные аспекты развития современной управленческой науки и практики, включая вопросы цифровой трансформации, управления человеческим капиталом и внедрения эффективных механизмов принятия управленческих решений на основе данных, а также адаптации организаций к условиям глобальной неопределенности и устойчивого развития. Сборник адресован исследователям, преподавателям, обучающимся и практикам в сфере управления.

The collection of materials contains the results of scientific research presented at the international scientific and practical conference of young researchers and scientists. The materials reflect the theoretical and applied aspects of the development of modern management science and practice, including issues of digital transformation, human capital management and the introduction of effective mechanisms for making managerial decisions based on data, as well as the adaptation of organizations to global uncertainty and sustainable development. The collection is addressed to researchers, teachers, students and practitioners in the field of management.

УДК 005
ББК 65.290-2
М24

ISBN 978-601-366-560-3

© YESSENOV университеті, 2026

1 БӨЛІМ. ҰЙЫМДАР МЕН АДАМИ КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУДЫҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ/
СЕКЦИЯ 1. НОВЫЕ ПАРАДИГМЫ УПРАВЛЕНИЯ ОРГАНИЗАЦИЯМИ И ЧЕЛОВЕЧЕСКИМ КАПИТАЛОМ/
SECTION 1. NEW PARADIGMS OF MANAGEMENT OF ORGANIZATIONS AND HUMAN CAPITAL

ӘОЖ: 005.7:005.32:159.9

ӨЗГЕРІСТЕРДІ БАСҚАРУДАҒЫ КӨШБАСШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ИНТЕЛЛЕКТ

Шаланова М.К., EMBA студенті
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к. Саубетова Б.С.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан
madina_shalan@mail.ru

Аңдатпа. Қазіргі әлем қарқынды технологиялық даму, жаһандану, демографиялық өзгерістер және әлеуметтік құндылықтардың трансформациямен сипатталды. Мұндай жағдайда ұйымдар тұрақсыз, күрделі және белгісіз ортада жұмыс істеуге мәжбүр. Сонымен қатар ұрпақтардың өзгеруі мен адамдардың қажеттіліктерінің трансформациясы басқару жүйесінде жаңа талаптар бар. Бұл мақалада жаһандық мега трендтердің ұйымдық басқару жүйесіне әсері қарастырылып, өзгерістерді басқаруда көшбасшылардың эмоционалдық интеллектінің рөлі талданады. Зерттеу нәтижелері эмоционалдық интеллекті жоғары көшбасшылар ұйымдық өзгерістерді тиімді басқаруға, қызметкерлердің қарсылығын төмендетуге және ұйымның бейімделу қабілетін арттыруға ықпал ететінін көрсетеді.

Түйін сөздер: өзгерістерді басқару, көшбасшылық, эмоционалдық интеллект, жаһандық мега трендтер.

XXI ғасыр жаһандық өзгерістер дәуірі ретінде сипатталады. Технологиялық инновациялар, цифрландыру, жасанды интеллект, жаһандану және демографиялық өзгерістер ұйымдардың қызмет ету ортасын түбегейлі өзгертті. Қазіргі ұйымдар күрделі, белгісіз және тез өзгеретін ортада жұмыс істейді.Осындай ортаны сипаттау үшін басқару ғылымында VUCA ұғымы қолданылады. Бұл ұғым өзгермелілік (volatility), белгісіздік (uncertainty), күрделілік (complexity) және екіұштылық (ambiguity) түсініктерін білдіреді. VUCA тұжырымдамасы қазіргі ұйымдардың болжауға қиын және тұрақсыз ортада жұмыс істейтінін көрсетеді.Соңғы жылдары зерттеушілер қазіргі әлемді сипаттау үшін SHIVA тұжырымдамасын да қолдана бастады. SHIVA – жылдамдық (speed), гипербайланыс (hyperconnectivity), инновация (innovation), өзгермелілік (volatility) және екіұштылық (ambiguity) ұғымдарын қамтиды.Мұндай жағдайда ұйымдардың тиімді дамуы көшбасшылардың өзгерістерді басқару қабілетіне байланысты. Алайда көптеген ұйымдарда өзгерістер күтілген нәтижеге жетпейді. Халықаралық зерттеулерге сәйкес, ұйымдардағы өзгерістердің шамамен 70%-ы сәтсіз аяқталады**.** Мұның негізгі себептерінің бірі – адамдардың өзгерістерге эмоционалдық қарсылығы.

Сондықтан қазіргі басқару ғылымында көшбасшылықтың жаңа аспектісі – эмоционалдық интеллект ерекше маңызға ие болуда. Өзгерістерді басқару теориясы басқару ғылымында кеңінен зерттелген. Өзгерістерді басқарудың алғашқы модельдерінің бірі Курт

Левин ұсынған үш кезеңдік модель болып табылады [5]. Бұл модельге сәйкес өзгерістер үш кезеңнен өтеді: өзгеріске дайындық, өзгерісті енгізу және өзгерісті тұрақтандыру. Кейінірек Джон Коттер ұйымдық өзгерістерді басқарудың сегіз кезеңдік моделін ұсынды [2]. Бұл модельде көшбасшылықтың рөлі ерекше атап көрсетіледі. Көшбасшылық теориясында Джеймс МакГрегор Бернс ұсынған трансформациялық көшбасшылық концепциясы маңызды орын алады [3]. Бұл теория бойынша көшбасшы адамдарды шабыттандырып, олардың құндылықтары мен мотивациясын өзгерту арқылы ұйымдық мақсаттарға жетуге ықпал етеді. Бернард Басс бұл теорияны дамытып, трансформациялық көшбасшылықтың негізгі компоненттерін анықтады [4].

Ұйымдық басқаруға әсер ететін жаһандық мега трендтердің басқару жүйесіне әсері

1-кесте. Жаһандық мега трендтердің басқару жүйесіне елеулі әсер етеді

Мегатренд	**Сипаттамасы**	**Басқаруға әсері**
Цифрлық трансформация	Жасанды интеллект және автоматтандыру	Инновациялық басқаруды қажет етеді
Жаһандану	Экономикалық және мәдени байланыстар	Кросс-мәдени көшбасшылық
Демографиялық өзгерістер	Әртүрлі ұрпақтардың бірге жұмыс істеуі	Икемді басқару
Білім экономикасы	Инновация мен білімнің маңызы	Үздіксіз оқыту
Тұрақты даму	Экологиялық жауапкершілік	Этикалық көшбасшылық

Соңғы жылдары эмоционалдық интеллект ұғымы көшбасшылық зерттеулерінде ерекше маңызға ие болды. Дэниел Гоулман эмоционалдық интеллектті тиімді көшбасшылықтың негізгі факторларының бірі ретінде қарастырады [1].
Ұрпақтардың өзгеруі. Қазіргі ұйымдарда бірнеше ұрпақтар қатар жұмыс істейді.

2-кесте Жұмыс орнындағы ұрпақтардың ерекшеліктері

Ұрпақ	**Ерекшеліктері**	**Көшбасшылыққа көзқарасы**
Baby Boomers (1946-1964)	Еңбекқорлық, тұрақтылық және ұйымға адалдықты жоғары бағалайды. Олар кәсіби тәжірибеге, тәртіпке және еңбек этикасына ерекше мән береді. Көп жағдайда ұзақ уақыт бір ұйым ішінде жұмыс істеуге бейім.	Иерархиялық және дәстүрлі басқару жүйесін қолдайды. Басшының тәжірибесі мен беделін құрметтейді. Көшбасшының нақты нұсқау беруі мен тәртіпті сақтауын маңызды санайды.
Generation X (1965-1980)	Тәуелсіздікке, прагматизмге және жеке жауапкершілікке бейім. Өз бетімен шешім қабылдауды және кәсіби еркіндікті бағалайды. Технологиялық өзгерістерге бейімделу қабілетін жоғары.	Икемді және нәтижеге бағытталған көшбасшылықты қолдайды. Басшыдан сенім мен еркіндік күтеді. Қатаң бақылаудан гөрі автономияны жоғары бағалайды.
Millenials (1981-1996)	Инновация, креативтілік және командалық жұмысқа бейім. Олар жұмыстың мағынасы мен жеке дамуға мүмкіндік беретін ортаны	Қолдаушы және ынталандырушы көшбасшылықты күтеді. Көшбасшыдан кері байланыс, мотивация және кәсіби дамуға

	бағалайды. Технологиямен тығыз байланыста өскен.	жағдай жасауды талап етеді. Ашық коммуникацияны жоғары бағалайды.
Generation Z (1997-2012)	Цифрлық технологиялар дәуірінде өскен ұрпақ. Ақпаратқа тез қол жеткізуге, жылдам шешім қабылдауға және инновациялық ойлауға бейім. Әлеуметтік жауапкершілік пен шығармашылықты бағалайды.	Ашық, демократиялық және икемді көшбасшылықты қалайды. Басшының шынайылығы мен әділдігін жоғары бағалайды. Ұйым ішінде мағынасы бар жұмыс пен өзін-өзі дамыту мүмкіндігін күтеді.

Өзгеріс көшбасшысының негізгі құзыреттері

3-кесте. Заманауи көшбасшының құзыреттері

Құзырет	**Сипаттамасы**
Стратегиялық ойлау	Жаһандық үрдістерді, экономикалық және технологиялық өзгерістерді алдын ала болжай алу қабілеті. Мұндай көшбасшылар ұйымның ұзақ мерзімді даму стратегиясын қалыптастырып, белгісіздік жағдайында тиімді шешім қабылдай алады.
Эмоционалдық интеллект	Өзінің және өзгелердің эмоциясын түсіну, басқару және тиімді пайдалану қабілеті. Бұл құзырет командада сенім атмосферасын қалыптастыруға, қызметкерлердің мотивациясын арттыруға және өзгелерге қарсылықты азайтуға мүмкіндік береді.
Бейімделу	Өзгермелі ортада тез әрекет ету, жаңа жағдайларға бейімделу және ұйымды өзгерістерге икемді түрде бағыттау қабілеті. Мұндай көшбасшылар тұрақсыз жайдайда тиімді шешім қабылдай алады.
Коммуникациялық құзырет	Өзгерістердің мақсаты мен маңызын қызметкерлерге түсінікті түрде жеткізу, ашық диалог орнату және командалық өзара әрекеттестікті қамтамасыз ету қабілеті. Тиімді коммуникация ұйым ішіндегі сенімді арттырады.
Инновациялық ойлау	Жаңа идеяларды қабылдау, шығармашылық шешімдер ұсыну және инновациялық мәдениетті қалыптастыру қабілеті. Бұл құзырет ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.
Жүйелік ойлау	Ұйымды күрделі әлеуметтік-экономикалық жүйе ретінде түсіну, әртүрлі факторлардың өзара байланысын талдау және стратегиялық шешімдер қабылдау қабілеті.
Мәдени интеллект	Әртүрлі мәдениет, құндылық және ұрпақ өкілдерімен тиімді жұмыс істеу қабілеті. Бұл құзырет жаһандану жағдайында халықаралық командаларды басқаруда ерекше маңызды.
Белгісіздік жағдайында көшбасшылық	Тұрақсыз ортада сенімді шешім қабылдау, тәуекелдерді басқару және ұйымды жаңа мүмкіндіктерге бағыттау қабілеті.

Эмоционалдық интеллект өзгерістерді басқаруда маңызды рөл атқарады. Эмоционалдық интеллекті жоғары көшбасшылар командада сенім қалыптастырып, қызметкерлердің мотивациясын арттыра алады. Қазіргі әлем күрделі, тұрақсыз және тез өзгеретін орта ретінде сипатталады. Әлемдік мега трендтер, технологиялық өзгерістер және ұрпақтардың трансформациясы басқару жүйесіне жаңа талаптар қоюда. Осындай жағдайда

көшбасшылардың эмоционалдық интеллекті ұйымдық өзгерістерді тиімді басқарудың негізгі факторларының бірі болып табылады.

Жаһандық өзгерістер жағдайында ұйымдардың басқару жүйесіне әсер ететін факторларды талдау мақсатында халықаралық зерттеулердің нәтижелері қарастырылды. McKinsey, Deloitte және World Economic Forum жариялаған есептерге сәйкес, қазіргі ұйымдардың шамамен 70%-ында енгізілген өзгерістер сәтсіз аяқталды. [6]. Мұның негізгі себептерінің бірі – қызметкерлердің өзгерістерге психологиялық және эмоционалдық қарсылығы. Сонымен қатар Deloitte компаниясының зерттеулерінде ұйым қызметкерлерінің 60% -дан астамы өзгерістердің мақсаты мен маңызын толық түсінбейтінін көрсеткен [5]. Бұл жағдай көшбасшылардың коммуникациялық және эмоционалдық құзыреттерінің жеткіліксіздігін көрсетеді. Жүргізілген талдау қазіргі ұйымдардағы басқару жүйесіне үш негізгі фактор әсер ететінін көрсетеді: жаһандық мега трендтер, ұрпақтардың өзгеруі, ұйым мүшелерінің құндылықтары мен қажеттіліктерінің трансформациясы. Ал, бұл факторлар басқару моделінің өзгеруіне алы. п келеді.

4-кесте. Жаһандық өзгерістердің басқару жүйесіне әсерін талдау.

Фактор	**Ұйымға әсері**	**Көшбасшылыққа қойылатын талап**	**Көшбасшының нақты әрекеті**
Технологиялық өзгерістер және цифрландыру	Жұмыс процестерінің автоматтандырылуы, жаңа цифрлық платформалардың пайда болуы, қызметкерлердің жаңа дағдыларды меңгеру қажеттілігі	Инновациялық және цифрлық көшбасшылық	Қызметкерлердің цифрлық сауаттылығын арттыру, инновациялық мәдениет қалыптастыру
Жаһандану	Көп мәдениетті командалардың қалыптасуы, халықаралық ынтымақтастықтың артуы	Мәдени интеллект және кросс-мәдени коммуникация	Әртүрлі мәдениет өкілдермен тиімді жұмыс істеу, мәдени айырмашылықтарды ескеру
Демографиялық өзгерістер және ұрпақтар алмасуы	Әртүрлі ұрпақтардың бір ұйым ішінде жұмыс істеуі, құндылықтар мен жұмыс стиліндегі айырмашылықтар	Икемді және эмпатиялық көшбасшылық	Әр ұрпақтың қажеттіліктерін ескеретін басқару тәсілдерін қолдану
Адамдардың құндылықтары мен қажеттіліктерінің өзгеруі	Қызметкерлердің жұмысқа деген мотивациясының өзгеруі, мағыналы жұмысқа сұраныстың артуы	Эмоционалдық интеллект және адамға бағытталған басқару	Қызметкердің мотивациясын арттыру, сенім атмосферасын қалыптастыру
Инновация мен білім экономикасының дамуы	Ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігі білім мен инновацияға тәуелді болуы	Үздіксіз оқытуға бағытталған көшбасшылық	Қызметкерлердің кәсіби дамуына қолдау, жаңа идеяларды ынталандыру

Жоғарыда көрсетілген факторларды талдау нәтижелері заманауи көшбасшының құзыреттері дәстүрлі басқару дағдыларымен шектелмейтінін көрсетеді. Қазіргі көшбасшы стратегиялық ойлау, инновациялық басқару және мәдени интеллектпен қатар эмоционалдық

интеллектке де ие болуы тиіс. Эмоционалдық интеллект өзгерістерді басқаруда ерекше маңызға ие. Себебі ұйымдық өзгерістер кезінде қызметкерлердің эмоционалдық реакциясын басқару процесіне тікелей әсер етеді. Эмоционалдық интеллектті жоғары көшбасшылар қызметкерлердің алаңдаушылығы мен сенімсіздігін азайтып, ұйым ішінде сенім атмосферасын қалыптастыра алады. Жүргізілген талдау нәтижелері эмоционалдық интеллекті жоғары көшбасшылардың команда мотивациясын арттыру, ұйымдық мәдениетті дамыту және өзгерістерді тиімді жүзеге асыру қабілеті жоғары екенін көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Гоулман Д. Эмоционалдық интеллект. – Алматы: XYZ, 2005. – 320 б.
2. Коттер Дж. Өзгерістерді басқару. -Мәскеу: Альпина, 2012.-256 б.
3. Бернс Дж. Көшбасшылық. -Нью-Йорк: Harper and Row, 1978.-530 б.
4. Басс Б. Көшбасшылық және күтілген нәтижелерден жоғары тиімділік.- Нью-Йорк: Free Press, 1985. -450 б.
5. Левин К. Әлеуметтік ғылымдардағы өріс теориясы.-Нью-Йорк: Harper and Row -346 б
6. World Economic Forum, Future of jobs report.-Geneva, 2023.-150 б.

УДК: 005.95/.96:005.8

УПРАВЛЕНИЕ ЧЕЛОВЕЧЕСКИМ КАПИТАЛОМ В ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ: РАЗВИТИЕ SOFT SKILLS И ЛИДЕРСТВА В РАСПРЕДЕЛЁННЫХ КОМАНДАХ

Сатпаева А.А., магистрант
Научный руководитель- PhD Сутбаева Р.О.
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан

Аннотация. В условиях цифровой трансформации экономики и распространения гибридных форм занятости возрастает значение эффективного управления человеческим капиталом в проектной деятельности. Особую актуальность приобретает организация работы распределённых проектных команд, функционирующих в условиях пространственной и временной удалённости участников. В данной статье рассматриваются современные подходы к управлению человеческим капиталом в проектной деятельности с акцентом на развитие soft skills и лидерских компетенций. Цель исследования заключается в выявлении ключевых факторов повышения эффективности распределённых проектных команд посредством развития гибких навыков и формирования адаптивных лидерских моделей управления. В работе применяются методы сравнительного анализа, системного подхода и обобщения научной литературы.

Результаты исследования показывают, что развитие коммуникативных компетенций, эмоционального интеллекта и цифровой культуры взаимодействия способствует повышению эффективности проектной деятельности и устойчивости распределённых команд.

Ключевые слова: человеческий капитал, управление проектами, soft skills, лидерство, распределённые команды, цифровая трансформация, командная эффективность.

Современная экономика характеризуется интенсивными процессами цифровизации, глобализации и развитием дистанционных форм взаимодействия. Эти изменения оказывают

значительное влияние на организацию проектной деятельности и формирование проектных команд. Всё чаще проекты реализуются в условиях распределённой среды, когда участники команды работают из различных географических точек, взаимодействуя посредством цифровых коммуникационных технологий. В данных условиях возрастает роль человеческого капитала как стратегического ресурса проектной деятельности. Конкурентоспособность проектов во многом определяется не только профессиональными знаниями специалистов, но и уровнем их гибких навыков — способности к коммуникации, сотрудничеству, управлению конфликтами и адаптации к изменениям. Особое значение приобретает развитие soft skills и лидерских компетенций, позволяющих эффективно организовать взаимодействие участников проекта в условиях ограниченного личного контакта и высокой динамики проектной среды.

Концепция человеческого капитала получила развитие в работах Г. Беккера, Т. Шульца и других исследователей, рассматривающих знания, навыки и компетенции работников как важнейший фактор экономического роста и развития организаций. В рамках проектного менеджмента человеческий капитал выступает ключевым ресурсом, определяющим способность команды эффективно достигать поставленных целей. Согласно современным подходам управления проектами (PMI, IPMA), управление человеческими ресурсами проекта включает формирование проектной команды, развитие компетенций участников проекта, управление взаимодействием и коммуникациями, мотивацию и вовлечённость сотрудников, а также формирование культуры сотрудничества. Особенность проектной деятельности заключается в её временном характере, высокой степени неопределённости и необходимости быстрого формирования эффективных команд. В связи с этим возрастает значение гибких управленческих практик и лидерских компетенций.

Особенности функционирования распределённых проектных команд. Распределённые команды представляют собой организационные структуры, в которых участники проекта взаимодействуют преимущественно через цифровые коммуникационные платформы, находясь в разных географических регионах. Распространение распределённых команд обусловлено развитием цифровых технологий, глобализацией рынков труда, ростом международных проектных инициатив и распространением гибких форм занятости.

К преимуществам распределённых команд относятся возможность привлечения высококвалифицированных специалистов независимо от их местоположения, повышение гибкости проектной деятельности и оптимизация организационных расходов. Однако данный формат работы связан с рядом управленческих вызовов, включая сложности коммуникации, формирование доверия, культурные различия и повышенные требования к координации деятельности. Роль soft skills в управлении человеческим капиталом проекта Soft skills представляют собой совокупность социально-коммуникативных и управленческих компетенций, определяющих эффективность взаимодействия между участниками проектной команды. К ключевым гибким навыкам относятся коммуникативные компетенции, эмоциональный интеллект, навыки сотрудничества, способность к самоорганизации и адаптивность. В условиях распределённых команд данные навыки становятся критически важными, поскольку значительная часть взаимодействия осуществляется через цифровые коммуникационные каналы. Развитие soft skills способствует формированию доверительной рабочей среды, повышению эффективности совместной деятельности и снижению конфликтов внутри команды.

Эффективное лидерство является одним из ключевых факторов успешного функционирования распределённых команд. Руководитель проекта выполняет не только административные функции, но и выступает координатором коммуникационных процессов, мотиватором команды и носителем проектной культуры. Наиболее эффективными моделями

лидерства в распределённых командах считаются трансформационное лидерство, сервисное лидерство и адаптивное лидерство. Они позволяют руководителю поддерживать высокий уровень вовлечённости сотрудников, формировать доверие внутри команды и эффективно управлять изменениями в проектной среде.

Управление человеческим капиталом является важнейшим фактором успешной реализации проектов в условиях распределённых команд. Развитие soft skills и формирование эффективных моделей лидерства позволяют повысить качество взаимодействия участников проекта, улучшить координацию деятельности и обеспечить достижение стратегических целей проекта. Современные организации должны уделять особое внимание развитию гибких навыков сотрудников и внедрению современных управленческих практик, ориентированных на повышение эффективности распределённых проектных команд.

Литература:

1. Becker G. Human Capital: A Theoretical and Empirical Analysis.
2. PMI. A Guide to the Project Management Body of Knowledge (PMBOK Guide).
3. Northouse P. Leadership: Theory and Practice.
4. Drucker P. Management in the Next Society.
5. Katzenbach J., Smith D. The Wisdom of Teams.
6. Goleman D. Emotional Intelligence.

ӘОЖ: 331.101.37 (574.3)

ӨЗГЕРІСТЕР ЖАҒДАЙЫНДА ҰЙЫМНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫҒЫН БАСҚАРУ

Сагиндыкова А.У., 7М04107 Іскерлік әкімшілік (EMBA) студенті
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к. Г.С. Еркулова
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада ұйымдағы өзгерістер жағдайында қызметкерлердің қанағаттанушылығын басқару мәселесі қарастырылады. Қазіргі жаһандану, цифрландыру және нарықтық бәсекенің күшеюі ұйымдарды тұрақты трансформацияға итермелейді. Мұндай жағдайда персоналдың психологиялық күйі, мотивациясы мен ұйымға деген адалдығы ұйым тиімділігінің маңызды факторы болып табылады. Зерттеу мақсаты – өзгерістер кезеңінде қызметкерлердің қанағаттанушылығын басқарудың теориялық негіздерін талдау және оның ұйым тиімділігіне ықпалын анықтау. Мақалада басқару теориялары, мотивациялық модельдер және өзгерістерді басқару тұжырымдамалары негізінде ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: ұйымдық өзгеріс, қызметкерлердің қанағаттанушылығы, ұйым тиімділігі, мотивация, көшбасшылық, басқару.

Жаһандану мен цифрландыру жағдайында ұйымдар тұрақты өзгерістер кезеңін бастан кешіруде. Құрылымдық қайта ұйымдастыру, жаңа технологияларды енгізу, стратегиялық бағыттың өзгеруі қызметкерлерге психологиялық және кәсіби жүктеме түсіреді. Осы тұрғыда ұйым тиімділігі тек қаржылық көрсеткіштермен емес, адами капиталдың жағдайымен де

айқындалады. Қызметкерлердің қанағаттанушылығы – олардың еңбек жағдайына, басқару стиліне, кәсіби өсу мүмкіндіктеріне және ұйымдық мәдениетке деген жағымды көзқарасының жиынтығы. Өзгерістер кезеңінде бұл фактор ұйымның тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін сақтауда шешуші рөл атқарады. Қазіргі кезеңде ұйымдар үнемі өзгеріс жағдайында жұмыс істейді.

Экономикалық тұрақсыздық, цифрлық трансформация, еңбек нарығындағы өзгерістер басқару жүйесін жетілдіруді талап етеді. Өзгерістерді енгізу барысында ұйым қызметкерлері белгісіздікке, стресс пен қарсылыққа тап болуы мүмкін. Сондықтан қызметкерлердің қанағаттанушылығын басқару – ұйымның тұрақты дамуының негізгі шарты. Зерттеушілердің пікірінше, өзгерістерді басқаруда адами фактор шешуші рөл атқарады. Мысалы, Kurt Lewin өзгерістердің «Жібіту – Өзгерту – Қайта бекіту» моделін ұсынса, John Kotter ұйымдық өзгерістерді жүзеге асырудың 8 қадамын негіздеді. Бұл теорияларда қызметкерлердің қатысуы мен сенімі өзгерістердің табысты болуының басты шарты ретінде қарастырылады. Қызметкерлердің қанағаттанушылығы – еңбек жағдайына, басқару стиліне, еңбекақыға, кәсіби өсу мүмкіндіктеріне және ұйымдық мәдениетке қатысты жеке тұлғаның жағымды эмоционалдық бағасы.

Мотивация теорияларында бұл ұғым кеңінен қарастырылған. Abraham Maslow қажеттіліктер иерархиясы теориясында адамның өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігіне жету үшін қолайлы орта қажет екенін дәлелдеді. Ал Frederick Herzberg екі факторлы теориясында гигиеналық және мотивациялық факторларды бөліп көрсетіп, еңбекке қанағаттанудың ішкі және сыртқы себептерін айқындады.

Қанағаттанған қызметкер:

-жоғары өнімділік көрсетеді;

-ұйымға адал болады;

-өзгерістерді оң қабылдайды;

-инновацияларға бейім келеді [1].

Өзгерістер кезеңінде қызметкерлер арасында сенімсіздік пен қарсылық тууы мүмкін. Бұл ұйым тиімділігінің төмендеуіне әкеледі. Сондықтан өзгерістерді басқару барысында ашық коммуникация, әділ бағалау жүйесі және қолдау тетіктері маңызды. Зерттеулер көрсеткендей, өзгерістерді табысты енгізген ұйымдарда:

-көшбасшылық айқын;

-қызметкерлер шешім қабылдауға қатысады;

-кері байланыс жүйесі дамыған;

-кәсіби даму мүмкіндігі ұсынылады.

Қызметкерлердің қанағаттанушылығы ұйымның қаржылық нәтижесіне, еңбек өнімділігіне және кадр тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Қанағаттанушылық деңгейі жоғары болған сайын, кадрлардың ауысуы төмендейді және ұйымдық мәдениет нығаяды. Қызметкерлердің қанағаттанушылығы ұғымы басқару және ұйымдық психология ғылымында кеңінен зерттелген. Ф. Герцбергтің екі факторлы теориясына сәйкес, қызметкерлердің қанағаттанушылығы мотивациялық факторлармен байланысты, олар:

-жетістікке жету,

-мойындау,

-жұмыс мазмұны,

-кәсіби өсу мүмкіндігі.

Ал гигиеналық факторлар (жалақы, жұмыс жағдайы, басшылық стилі) қанағаттанбаушылықты болдырмауға әсер етеді, бірақ жоғары мотивацияны қамтамасыз етпейді. А. Маслоудың қажеттіліктер иерархиясы теориясы бойынша қызметкерлердің қанағаттанушылығы олардың физиологиялық, әлеуметтік және өзін-өзі жүзеге асыру

қажеттіліктерінің қанағаттандырылу деңгейіне байланысты. Locke (1976) қызметкерлердің қанағаттанушылығын жұмыс тәжірибесін субъективті бағалау нәтижесінде пайда болатын жағымды эмоционалдық күй ретінде анықтады. Judge және Klinger (2008) зерттеулерінде қызметкерлердің қанағаттанушылығы еңбек өнімділігімен, ұйымдық адалдықпен және кадр тұрақтылығымен тығыз байланысты екендігі дәлелденген. Қызметкерлердің қанағаттанушылығын басқару тетіктері.

Өзгерістер жағдайында ұйым басшылығы келесі бағыттарға назар аударуы тиіс:

1. Тиімді коммуникация – өзгерістің мақсаты мен нәтижесін түсіндіру.
2. Қатыстыру (involvement) – қызметкерлерді шешім қабылдау процесіне қосу.
3. Мотивациялық жүйе – материалдық және моральдық ынталандыруды үйлестіру.
4. Көшбасшылық стилі – қолдаушы және трансформациялық стильді қолдану.
5. Ұйымдық мәдениет – сенім мен серіктестікке негізделген орта қалыптастыру.

Трансформациялық көшбасшылық қызметкерлердің ішкі мотивациясын арттырып, өзгерістерді қабылдауды жеңілдетеді. Бұл ұйымның стратегиялық мақсаттарына жетуіне ықпал етеді [2].

Қызметкерлердің қанағаттанушылығы мен ұйым тиімділігі арасында тікелей байланыс бар. Өзгерістерді басқару тек құрылымдық реформалармен шектелмеуі тиіс, ол адам ресурстарын басқару стратегиясымен үйлесуі қажет.

Егер ұйым өзгерістерді енгізу кезінде персоналдың пікірін ескермесе, онда қарсылық күшейіп, тиімділік төмендейді. Керісінше, қанағаттанушылықты басқару жүйелі жүргізілген жағдайда ұйым икемділік пен бәсекеге қабілеттілікті сақтай алады.Қызметкерлердің қанағаттанушылығын түсіндіруде көптеген теориялар бар. Мысалы, Maslow қажеттіліктер иерархиясы теориясы адам қажеттіліктерінің әртүрлі деңгейлерін көрсетеді, ал жоғары деңгейлі қажеттіліктер қанағаттанған сайын қызметкерлердің мотивациясы артады, Herzberg өзінің екі факторлы (гигиеналық және мотивациялық) теориясында жұмысқа деген қанағаттанушылықтың пайда болу механизмін нақтылайды. Бұл теориялар өзгерістер жағдайында тұлғаға әсер ететін мотивациялық факторларды түсіндіруге көмектеседі. Зерттеулер көрсеткендей, қызметкерлердің өзгерістерге қатысуы мен қанағаттанушылығы ұйым тиімділігіне тікелей әсер етеді. Мәселен, Индонезиядағы бір зерттеу нәтижелері бойынша қызметкерлердің қанағаттанушылығы мен өзгерістерге қатысуы ұйымның тиімділігіне оң әсер етеді, сондай-ақ өзгерістер жағдайында олар жұмысқа деген сенімділік пен ұйымдық нәтижелерді жақсартады (Mansur, Sanusi & Triatmanto, 2020). Сонымен қатар, өзгерістер ресурстары мен жеке ресурстар қызметкерлердің өзгеріс жағдайындағы қатысуын күшейтеді, бұл ұйым трансформациясының тиімділігін арттырады (Helwah, Anggraeni & Sukmawati, 2024) [3].

Қазіргі өзгерістер жағдайында қызметкерлердің қанағаттанушылығын басқару – ұйым тиімділігін арттырудың стратегиялық факторы. Мотивациялық теориялар мен өзгерістерді басқару модельдері адами капиталдың шешуші маңызын дәлелдейді.

Ұйым басшылығы:

-сенімді басқару ортасын қалыптастыруы;

-әділ бағалау және марапаттау жүйесін енгізуі;

-кәсіби дамуға жағдай жасауы;

-өзгерістер туралы ашық ақпарат беруі тиіс.

Осы шаралар қызметкерлердің қанағаттанушылығын арттырып, ұйымның тұрақты дамуын қамтамасыз етеді. Өзгерістер жағдайында қызметкерлердің қанағаттанушылығын басқару ұйым тиімділігін арттырудың стратегиялық факторы болып табылады. Тиімді коммуникация, көшбасшылық, қатысу және ынталандыру жүйесі қызметкерлердің ұжымға деген сенімін арттыруға, ұйымдық мақсаттарға тез жетуге және тұрақты даму стратегиясын

орындауға мүмкіндік береді [4].

Әдебиеттер:

1.Шекшня С.В. Управление персоналом современной организации. М.: Бизнес-школа «Интел-интез», 2013. - 184с.

2. Егоршин А.П. Управление персоналом. Новгород: НИМБ, 2017. -294с.

3. Лобков А.Х. Защита персональных данных работника // Справочник кадровика № 9(21), 2019.С.34-36.

4. Кирилова Е.Н. Роль мотивационных механизмов в кадровой политике. М.; ПРИОР, 2015. - 395с.

ӘОЖ: 005.95/.96:005.57

ҚАШЫҚТАН ЖҰМЫС ІСТЕУ ЖАҒДАЙЫНДА ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Махамбетқызы Л.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
E-mail: makhambetkyzylola42@gmail.com

Аннотация: Бұл мақалада қашықтан жұмыс істеу жағдайында персоналды басқарудың негізгі ерекшеліктері қарастырылады. Қазіргі цифрландыру дәуірінде ұйымдардың жұмыс форматы өзгеріп, қашықтан және гибридті модельдер кеңінен таралуда. Осыған байланысты персоналды басқару тәсілдері де жаңа талаптарға бейімделуде. Зерттеу барысында қашықтан жұмыс жағдайындағы коммуникация, қызметкерлерді бақылау, мотивациялау және тиімділікті бағалау мәселелері талданады. Сонымен қатар, қашықтан жұмыс істеудің артықшылықтары мен шектеулері анықталалып. Мақала нәтижесі ұйымдардың басқару жүйесін жетілдіруге және қашықтан жұмыс тиімділігін арттыруға бағытталған.

Түйінді сөздер: Қашықтан жұмыс, персоналды басқару, цифрландыру, мотивация, коммуникация.

Қазіргі цифрландыру дәуірінде ұйымдардың қызмет ету форматы айтарлықтай өзгеріске ұшырауда. Ақпараттық технологиялардың дамуы нәтижесінде қашықтан жұмыс істеу және гибридті жұмыс модельдері кеңінен таралуда. Әсіресе, соңғы жылдары әлемдік деңгейде орын алған өзгерістер бұл үрдісті одан әрі жеделдетті. Қашықтан жұмыс істеу ұйымдар үшін жаңа мүмкіндіктер ашқанымен, персоналды басқару жүйесіне бірқатар жаңа талаптар қояды. Дәстүрлі басқару тәсілдері мұндай форматта әрдайым тиімді бола бермейді, сондықтан басқару әдістерін жаңғырту қажеттілігі туындайды.

Қашықтан жұмыс істеудің негізгі артықшылықтары:

– географиялық шектеулердің болмауы;
– уақытты тиімді пайдалану;
– кеңсе шығындарының азаюы;
– қызметкерлердің жұмысқа қанағаттануының артуы.

Сонымен қатар, бұл формат ұйымдардың басқару жүйесіне жаңа талаптар енгізеді, әсіресе коммуникация мен бақылау саласында.

Қашықтан жұмыс жағдайындағы персоналды басқарудың ерекшеліктері:

1. Коммуникацияның цифрлық форматқа көшуі

Қашықтан жұмыс кезінде ұйым ішіндегі барлық байланыс онлайн құралдар арқылы жүзеге асады. Бұл жерде коммуникацияның сапасы ұйым тиімділігіне тікелей әсер етеді. Тиімді коммуникация үшін: нақты және түсінікті тапсырмалар берілуі тиіс; тұрақты онлайн кездесулер ұйымдастырылуы қажет; кері байланыс уақтылы ұсынылуы маңызды. Коммуникацияның дұрыс ұйымдастырылмауы түсінбеушілікке және жұмыс тиімділігінің төмендеуіне алып келуі мүмкін.

2. Бақылау мен басқарудың өзгеруі. Дәстүрлі басқаруда қызметкерлердің жұмыс процесі тікелей бақылауда болады. Ал қашықтан жұмыс жағдайында бұл мүмкін емес немесе шектеулі. Сондықтан ұйымдар:

- нәтижеге бағытталған басқару жүйесін енгізеді;
- KPI (негізгі көрсеткіштер) арқылы бағалайды;
- тапсырмалардың орындалу мерзімін қадағалайды.

Бұл тәсіл қызметкерлердің жауапкершілігін арттырып, дербестігін дамытуға ықпал етеді.

3. Қызметкерлерді мотивациялау ерекшеліктері. Қашықтан жұмыс кезінде мотивация маңызды факторлардың біріне айналады. Себебі қызметкерлер ұжымнан оқшауланып, байланыс азаяды. Мотивация әдістері: қаржылық ынталандыру (бонус, сыйақы); моральдық қолдау (мақтаулар, марапаттар); кәсіби даму мүмкіндіктері (оқыту, тренингтер).

Сонымен қатар, қызметкерлердің психологиялық жағдайына көңіл бөлу де маңызды.

4. Тиімділікті бағалау жүйесі

Қашықтан жұмыс істеу барысында қызметкерлердің тиімділігін бағалау нәтижеге негізделеді.

Негізгі көрсеткіштер:

- тапсырмалардың орындалу сапасы;
- уақытылы орындау;
- жалпы өнімділік деңгейі.

Бұл тәсіл бағалаудың объективтілігін қамтамасыз етеді және қызметкерлердің нәтижеге бағытталуын арттырады.

5. Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру. Қашықтан жұмыс кезінде қызметкердің өзін-өзі ұйымдастыру қабілеті ерекше маңызға ие. Себебі жұмыс уақыты икемді болғандықтан, уақытты дұрыс жоспарлау қажет. Ұйымдар бұл бағытта:

- тайм-менеджмент құралдарын қолданады;
- нақты дедлайндар белгілейді;
- жұмыс кестесін жүйелейді.

Қашықтан жұмыс істеудің артықшылықтары

Қашықтан жұмыс істеудің негізгі артықшылықтарына мыналар жатады: жұмыс кестесінің икемділігі; жолға кететін уақыттың үнемделуі; қызметкерлердің өнімділігінің артуы; жұмыс пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдіктің жақсаруы.

Бұл факторлар қызметкерлердің жалпы қанағаттану деңгейін арттырады.

Қашықтан жұмыс істеудің кемшіліктері

Сонымен қатар, қашықтан жұмыс бірқатар қиындықтарды да тудырады:

- коммуникацияның әлсіреуі;
- командалық рухтың төмендеуі;
- бақылаудың қиындауы;
- техникалық мәселелердің болуы;
- қызметкерлердің оқшаулану сезімі.

Осы мәселелерді шешу үшін ұйымдар тиімді басқару стратегияларын әзірлеуі тиіс.

Қашықтан жұмыс істеу қазіргі заманғы ұйымдардың ажырамас бөлігіне айналып отыр. Бұл формат персоналды басқару жүйесін түбегейлі өзгертуді талап етеді.

Тиімді басқару үшін:

- коммуникацияны дұрыс ұйымдастыру;
- нәтижеге бағытталған бағалау жүйесін енгізу;
- қызметкерлерді мотивациялау;
- заманауи технологияларды қолдану қажет.

Қорытындылай келе, қашықтан жұмыс істеудің тиімділігі басқару жүйесінің сапасына тікелей байланысты. Ұйымдар бұл бағытта дұрыс стратегия қалыптастырса, қашықтан жұмыс олардың бәсекелік артықшылығына айналады.

Әдебиеттер:

1. https://wjarr.com/sites/default/files/WJARR-2024-3126.pdf (WJARR)
2. https://wjarr.com/content/remote-work-and-human-resource-management-challenges-and-solutions (WJARR)
3. https://www.researchgate.net/publication/383849601_The_Shift_To_Remote_Work_Challenges_And_Strategies_For_HR_Managers (ResearchGate)
4. https://www.researchgate.net/publication/357150630_Impact_of_Remote_Working_on_Human_Resource_Management_The_Role_of_IT_in_the_COVID-19_ERA (ResearchGate)
5. https://prosiding.nobel.ac.id/index.php/preced/article/view/63 (Nobel Prosiding)
6. https://www.researchgate.net/publication/387212377_HR_Management_Practices_in_the_Digital_Age_Challenges_of_Remote_Working_Digital_Communication_and_Employee_Wellbeing (ResearchGate)
7. https://sciencescholar.us/journal/index.php/ijhs/article/view/11212 (ScienceScholar)
8. https://jonuns.com/index.php/journal/article/view/1508 (Журнал Хунань Естествознание)
9. https://fliphtml5.com/jnrwy/bhda/HRA_122/ (FlipHTML5)
10. https://www.eajournals.org/gjhrm/wp-content/uploads/sites/34/2025/01/Remote-Work.pdf (EA Journals)

УДК 005.95/.96:005.32:005.591.6

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ КУЛЬТУРЫ ИННОВАЦИЙ И ВОВЛЕЧЕННОСТИ ПЕРСОНАЛА

Евжанов Е.А., магистрант EMBA
Научный руководитель-к. э. н. Саубетова Б.С.
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан
e-mail: jap_n@mail.ru

Аннотация. В статье представлены лояльность и вовлеченность персонала как очень важный инструмент кадровой политики организации в условиях экономического кризиса. На основе контент-анализа «лояльности» и «вовлеченности» сделана попытка разграничить и выделить сущностные характеристики этих понятий. Вовлеченность персонала представлена как качественная особенность персонала, выражающаяся в положительном, уважительном и одобряющем отношении к организации и ее деятельности, руководителям, принятии и

согласии с целями и миссией компании, понимании значимости своего вклада в деятельность и развитие организации, стремлении расти вместе с организацией посредством проявления инициативы и внесения инноваций, непрерывном взаимообратном диалоге на уровне руководитель – подчиненный (делегирование полномочий, взаимная поддержка как в сфере профессиональных и трудовых отношений, так и в личностном плане).

Ключевые слова: лояльность; вовлеченность; операционализация вовлеченности; базовые принципы вовлеченности; уровень вовлеченности; методика повышения степени вовлеченности персонал организации.

На современном этапе развития общества и экономики идет переоценка ценностей и ориентиров в области управления. Основным ресурсом для жизни и развития компании выступает человек. Поэтому очень важно делать акцент на внутренней среде, в которой взаимодействуют между собой сотрудники.

Лояльность и вовлеченность персонала в условиях экономического кризиса очень важный и, пожалуй, основной критерий кадровой стабильности, который демонстрирует уважительное, корректное и благожелательное отношение к фирме-работодателю, личную заинтересованность в ее успешном развитии [1]. Большинство руководителей уже смогли убедиться в важности вопросов кадровой политики. При грамотном управлении кадрами компания получает весомое конкурентное преимущество на рынке. Грамотно подобранный трудовой коллектив, команда единомышленников и партнеров, которые способны осознавать и реализовывать стоящие перед компанией задачи — важнейшее условие выживание фирмы в условиях кризиса и её дальнейшего успеха. [2] Главной проблемой, с которой сталкиваются современные российские предприятия и организации является повышение экономической эффективности деятельности компании. Одним из вариантов решения данной проблемы является формирование и повышение уровня лояльности и вовлеченности персонала.

Свое определение лояльности предлагает О.С. Дейнека: «Лояльность — это приверженность делу фирмы, появляющаяся благодаря эффективной подготовке кадров, идентификации личных интересов с успехом компании и, наконец, человеческая связь между подчиненным и его начальником» [3]. При этом определении выделяются взаимные обязательства работников и работодателя: «работники платят своей лояльностью, а руководство заботится о работниках, их благосостоянии и удовлетворении личных потребностей». Также автором уделено влияние механизмам межгрупповой идентификации, «лояльность к своей группе (фирме) означает отчуждение от других групп».

В последнее время в сфере HR-специалистов все чаще и чаще возникает много обсуждений на тему лояльности и вовлеченности. [4] Некоторые из специалистов отождествляют эти понятия, а кто-то считает существенно разными.

До сих пор нет единого понятийного поля относительно содержания понятия лояльность. Loyalty в переводе на русский язык имеет довольно большое количество толкований, среди них такие как верность, приверженность, привязанность, верноподданность, преданность. Несмотря на то, что понятия имеют схожий смысл, их условно можно разделить на две категории:

1. Поведение, основанное на принуждении – приверженность, верноподданность, а по сути, лояльность;

2. Поведение, основанное на внутреннем желании – вовлеченность.

Специалисты в области исследования социальных отношений выделяют целый ряд различий между лояльностью [5] и вовлеченностью. В их основу легли такие факторы как:

1. Эмоциональная привязанность к организации, то есть эмоциональное желание работать в организации;

2. Цена ухода из организации, то есть подсчет выгод и потерь от ухода из компании, сотрудник сравнивает свои цели, и цели компании в которой работает и не уходит, потому что не хочет;

3. Ощущение и осознание того, что есть обязательства перед организацией, в которой работает сотрудник.

Лояльность имеет в своей основе одностороннее принуждение, работодатель принуждает работника. Она создается условиями, в которых сотрудник обязан выполнять трудовые функции и работать в компании. Лояльный сотрудник относится к компании, в которой работает рационально, так как компания привязывает сотрудника оплатой труда, мотивационными программами и программами удержания и лояльности. [6]

Вовлеченность – это показатель взаимоотношений «организация-работник». При этом работник готов к выполнению действий, которые могут выходить за рамки своего функционала, прилагать дополнительные усилия, а так же рекомендовать свою компанию в качестве надежного работодателя, а так же работать в компании как можно дольше. [7]

На вовлеченность персонала влияет целый ряд факторов: отношения с руководителем [8]; атмосфера в коллективе; условия работы; возможности карьерного роста и обучения; политика компании.

Вовлеченные сотрудники создают в среднем на 12% больше прибыли, совершают меньше краж, так же на треть меньше прогулов. Вовлеченные сотрудники реже увольняются чем просто лояльные.

Вовлеченность (Employee Involvement) - это степень совпадения ценностей сотрудника с ценностями организации. Оценить эффективность этой деятельности можно только через удовлетворенность и вовлеченность персонала. Вовлечённость является важнейшей социологической характеристикой коллектива. По своей сущности она аналогична экономической характеристике его производственной деятельности – производительности труда. Вовлечённость напрямую влияет на эффективность деятельности организации, т.е. при минимальных затратах средств и времени достигается оптимальный результат.

Следовательно, эти два понятия взаимосвязаны: при низком уровне сплочённости никогда не будет достигнут высокий уровень эффективности деятельности организации и наоборот. [9]

Вовлеченность персонала с недавних пор стала модной темой: эмоциональная привязанность сотрудника к компании, желание сделать больше, чем написано в должностной инструкции, в конечном итоге конвертируются в деньги. Как следует из исследований Gallup, у компаний с высокой вовлеченностью персонала по сравнению с другими компаниями продуктивность выше на 8%, текучесть персонала ниже на 14%, производственный травматизм — на 25%, количество прогулов — на 3%. Компании, в которых уровень вовлеченности максимально высок, в два раза рентабельнее конкурентов. Поэтому работодатели по всему миру ищут новые способы, как вдохновить сотрудников на полную отдачу. Основным фактором, влияющим на уровень вовлеченности сотрудников, является возможность и степень влияния сотрудника на организацию. [10]

На наш взгляд, вовлеченность персонала – это качественная особенность персонала, выражающаяся в положительном, уважительном и одобряющем отношении к организации и ее деятельности, руководителям, принятии и согласии с целями и миссией компании, понимании значимости своего вклада в деятельность и развитие организации, стремлении расти вместе с организацией посредством проявления инициативы и внесения инноваций, непрерывном взаимообратном диалоге на уровне руководитель – подчиненный (делегирование полномочий, взаимная поддержка как в сфере профессиональных и трудовых отношений, так и в личностном плане). Вовлеченность у персонала возникает тогда, когда в

организации налажены все механизмы работы и есть та самая искра, которая дает толчок к вдохновению.

Для того, чтобы найти пути повышения вовлеченности персонала организации, необходимо проанализировать и раскрыть понятие вовлеченность персонала, проанализировать нынешнее состояние организации, выявить проблемные области и предпринять необходимые действия.

Основополагающей сутью современной концепции человеческих ресурсов является признание экономической целесообразности капиталовложений в привлечение персонала, поддержание его трудоспособности, обучение и повышение квалификации, развитие компетенций и компетентности персонала [11; 12; 13; 14; 15] в соответствии с потребностями организации, обусловленными стратегическими целями организации [16; 17], создание условий для более полного выявления возможностей и способностей, заложенных в личности.

Таким образом, на формирование понятия вовлеченность оказало влияние множество факторов, мнений и научных школ (рисунок 1).



Рисунок 1. Эволюция становления вовлеченности персонала (составлено авторами)

В этой связи важно разграничить такие понятия как «вовлеченность персонала» и «лояльность сотрудников (персонала)», которые формировались наряду с понятием вовлеченность персонала.

Лояльность персонала – это характеристика персонала, определяющая его приверженность организации, одобрение ее целей, средств и способов их достижения, открытость своих трудовых мотивов для организации. Лояльность сотрудников предполагает благожелательное, корректное, уважительное отношение к компании, к руководству и коллегам, соблюдение существующих правил, норм и предписаний. [18]

Вовлеченность персонала – это качественная особенность персонала, выражающаяся в положительном, уважительном и одобряющем отношении к организации и ее деятельности, руководителям, принятии и согласии с целями и миссией компании, понимании значимости своего вклада в деятельность и развитие организации, стремлении расти вместе с организацией посредством проявления инициативы и внесения инноваций, непрерывном взаимообратном диалоге на уровне руководитель – подчиненный (делегирование полномочий, взаимная поддержка как в сфере профессиональных и трудовых отношений, так

и в личностном плане). Вовлеченность у персонала возникает тогда, когда в организации налажены все механизмы работы и есть та самая искра, которая дает толчок к вдохновению. Вовлеченный персонал, работая в организации, показывает довольно высокие результаты своего труда. Результаты труда можно измерить двумя основными показателями – эффективность и результативность труда. В настоящее время при переводе иностранной литературы трактовка этих понятий не имеет существенных различий. При этом, по мнению автора, существует малое различие в понятиях результативность и эффективность труда. Результативность больше направлена на измерение достижения поставленных целей, посредством учета и измерения количественных (производственных) показателей труда персонала. А эффективность труда представляет собой качественную оценку достигнутых результатов, то есть измерение трудовых затрат персонала на выполнение той или иной функции. [19]

Литература:

1. Чуланова, О.Л. Современные технологии консультирования в области управления персоналом / О.Л. Чуланова // Научные труды Вольного экономического общества России. – 2008. – Т. 91. – С. 262-271;
2. Кириллов А.В. Технологии управления персоналом и конъюнктура. // Социальная политика и социология. 2014. №4 (105). С. 173-184.
3. Свергун О. Вовлеченность персонала: ценное преимущество [Электронный ресурс] / О. Свергун // Справочник по управлению персоналом. – Режим доступа: http://www.pro-personal.ru/journal/870/460105/.
4. Липатов С.М. Вовлеченность работника в организацию» или «увлеченность работой»: соотношение понятий / Организационная психология. Т.5. №1. С. 104-110 [Электронный ресурс] Научная библиотека КиберЛенинка http://cyberleninka.ru/article/n/vovlechennost-rabotnika-v-organizatsiyu-ili-uvlechennost-rabotoy-sootnoshenie-ponyatiy.;
5. Малиц Е.М. Лояльность персонала в организации как объект социологического анализа [Электронный ресурс]: Научная библиотека КиберЛенинка: http://cyberleninka.ru/article/n/loyalnost-personala-v-organizatsii-kak-obekt-sotsiologicheskogo-analiza [Электронный ресурс].
6. Доминяк, В.И. Организационная лояльность: модель реализации ожиданий работника от своей организации: дисс. канд. психол. наук: / Доминяк Владислав Игоревич.- Санкт-Петербург, 2006. - 281 с.
7. Коновалова В. Управление вовлеченностью персонала: факторы успехов и неудач // Кадровик . 2014. №9. - С 74- 84.
8. Чуланова, О.Л. Формирование, развитие и коучинг эмоциональной компетентности в управлении персоналом организации: монография / О.Л. Чуланова; Сургут. гос. ун-т ХМАО-Югры. – Сургут: Дефис, 2010. – 218 с.
9. Герчикова И.Н. Менеджмент. Учебник. Третье издание. - М.: ЮНИТИ, 2008. С. 12-27.
10. Харский К.В. Благонадежность и лояльность персонала. СПб: Питер, 2011. С. 76-93.
11. Чуланова, О.Л. Методология исследования компетенций персонала организаций: Монография / О.Л. Чуланова. – М.: ИНФРА-М, 2015. – 217 с. (+Доп. мат. znanium.com. – Научная мысль).

12. Чуланова, О.Л. Формирование и развитие компетентностного подхода в работе с персоналом: теория, методология и практика: дисс. ... д-ра эконом. наук: 08.00.05 / Чуланова Оксана Леонидовна. - Москва, 2014. - 339 с.

13. Чуланова, О.Л. Социально-экономическое содержание понятий «компетенция» и «компетентность» / О.Л. Чуланова // Вестник Университета (Государственный университет управления). – 2013. – №18. – С. 174-179.

14. Чуланова О.Л., Алиева З.К. Бенчмаркетинг как технология совершенствования обучения персонала организации / Чуланова О.Л., Алиева З.К. //Интернет-журнал «Мир науки», 2014. №4 [Электронный ресурс] - М.: «Мир науки», 2014 -Режим доступа: http://mir-nauki.com/PDF/37EMN414.pdf, свободный. – Загл. С экрана. — Яз. рус., англ.

Шығармашыл көшбасшылықтағы ұйымдағы өзгерістерді басқару үрдісі тек инновациялық басқару идеяларын қалыптастыру мен интеграциялауды ғана емес, сонымен қатар көшбасшының ұйымның құрылымдық және функционалдық аспектілерін, оның негізгі процестерін, қызмет стратегиялары мен тактикаларын өмір сүрудің динамикалық және өзгермелі жағдайларына сәйкес жедел бейімдеу қабілетін де қамтиды. Бұл парадигма сонымен қатар жеке өзгерістерден туындайтын тәуекелдер мен қиындықтарды анықтау және одан әрі басқару маңыздылығын түсінуді де қамтиды.

Ұйымдағы өзгерістерді басқаруға дайын болу тұрғысынан көшбасшының шығармашылығын қамтамасыз етудегі негізгі элемент – тиімді теориялық білім мен практикалық дайындық. Осылайша, көшбасшының шығармашылық ойлауын дамытуға және мәселелерді шығармашылық тұрғыдан шешуге инвестиция салу ұйымның тиімді өзгерістерді басқару тәжірибелерін енгізу қабілетін айтарлықтай арттырады. Қорытындылай келе, бүгінгі күні ұйымдағы өзгерістерді басқару контекстінде көшбасшының шығармашылық деңгейінің жоғары болуы белгісіздік пен бәсекелестік деңгейі жоғары ортада ұйымның тіршілігін сақтап, дамуын жалғастыру қабілеті мен мүмкіндігінің негізгі элементі болып табылады. Мұндай қасиеттерге ие көшбасшы тек өзгерістерге тиімді бейімделіп қана қоймай, сонымен бірге ұйымның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудегі негізгі ресурсқа айналады.

Шығармашылық пен инновация құрылымы бойынша байланысты болғанымен, функционалдық векторлары әртүрлі екенін атап өту маңызды. Осылайша, шығармашылық – бұл әрі қарай қабылданатын шешімдердің негізін құрайтын жаңа және түпнұсқа идеялар, тұжырымдамалар мен тәсілдерді туындату қабілеті ретінде анықталады. Ал инновация – бұл осы идеяларды ұйымның қызметінің оң нәтижелерін туындату мақсатында практикалық түрде іске асырудың күрделі үрдіс ретінде анықталады. Осы тұрғыдан алғанда, шығармашылық инновацияның әлеуетін анықтайды, ал инновация стратегиялық мақсаттарға жету үшін оларды іске асыруды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар инновациялық пен инновация ұғымдарын ажырату керек. Инновациялық ұйымның немесе жеке қызметкердің жаңа идеялар мен тұжырымдамаларды туындатуға деген бар әлеуеті ретінде түсініледі, ал инновация – бұл осы идеяларды практикалық жүзеге асыру процесі, оның мақсаты – қосымша құндылықты жасау [3].

Зерттеу аясында «шығармашылық көшбасшылық», «көшбасшылардың шығармашылығы» және «көшбасшылықтағы шығармашылық» ұғымдарының арасындағы айырмашылықты да атап өту маңызды. Сондықтан шығармашылық көшбасшылық ұғымын көшбасшының операциялық және стратегиялық қызметіне инновациялық ойлау мен өзгерістерді тиімді енгізуді біріктіретін тұтас тәсіл ретінде түсіндіру қажет. Көшбасшылардың шығармашылығы – көшбасшылардың жеке әлеуетінің көрінісі, оның аясында түпнұсқа идеялар туындайды, олар стратегиялық шешімдер қабылдаудың негізін құрайды. Ал көшбасшылықтағы шығармашылық – инновациялық идеялар көшбасшылық тәжірибеге белсенді енгізілгенде жеке басқару үрдісінде шығармашылық тенденциялардың пайда болу фактісі, бұл ұйымның бейімделуіне және дамуына ықпал етеді [4]. Осыған орай, көшбасшының шығармашылығын қалыптастыруға және қолдануға әсер ететін факторларды зерттеу кез келген ұйымдық басқару стратегиясының маңызды элементі болып табылады.

Кейбір авторлар [5] көшбасшылық, шығармашылық және инновация мәселелері бойынша сыни шолу мен практикалық ұсыныстар ұсынады. Олар көшбасшылар мен олардың командаларының шығармашылық әлеуетін арттыруға мүмкіндік беретін қазіргі зерттеулер мен әдістемелерді талқылайды. Бұрынғы эмпирикалық нәтижелерді синтездеп, көшбасшының шығармашылығын өлшеудегі әдіснамалық олқылықтарды анықтап, теория мен практика арасындағы алшақтықты жоюға арналған интегративті құрылымдарды ұсынады.

Басқа авторлардың [6] зерттеуі ұйымдардағы шығармашылық пен инновацияда шығармашылық көшбасшылық көріністерінің рөліне бағытталған. Авторлар көшбасшылық шығармашылығының әртүрлі аспектілері ұйымның жаңа идеялар туындату және инновациялық жобаларды жүзеге асыру қабілетіне қалай әсер ететінін зерттейді.

Өзгерістерді басқаруға әсер ететін көшбасшының шығармашылығының факторларын түсіну ұйымның тиімділігін арттыруда маңызды. Кейбір авторлар [7] зерттеу және әзірлеу топтарында инновацияны дамытуда көпдеңгейлі мотивациялық алғышарттардың

маңыздылығын атап көрсетеді. Олардың зерттеуі ішкі мотивацияны қолдайтын және автономия беретін көшбасшылардың топтың шығармашылығын арттыратынын, бұл табысты өзгерістерді басқару үшін өте маңызды екенін көрсетеді.

Жетекшілердің команда мүшелерін шабыттандырып, оларға өкілеттік беру қабілеті команданың инновациялық мүмкіндіктері мен өзгерістерге бейімділігіне тікелей әсер ететін маңызды фактор болып табылады.

Көшбасшының шығармашылық деңгейінің жоғары болуы оған жаңа идеялар мен шешімдерді жылдам туындатуға ғана емес, сонымен қатар жұмыс ұжымы үшін оңтайлы әрі ынталандыратын жағдайлар жасауға да мүмкіндік береді.

Көшбасшының шығармашылығының маңыздылығы мен оның өзгерістерді басқару процесіне әсерін ескере отырып, осы құбылысқа қатысты қазіргі заманғы ғылыми көзқарастарды және оны жетілдіру әдістерін зерттеу маңызды.

Қолданыстағы зерттеулер инновацияларды ынталандыруда және өзгерістерді басқаруда шығармашылық көшбасшылықтың маңыздылығын анықтағанымен, өзгерістерді басқару процестеріне айтарлықтай әсер ететін көшбасшы шығармашылығының негізгі факторларын анықтайтын және талдайтын эмпирикалық зерттеулер қажет. Атап айтқанда, бұл факторларды қалай жүйелеуге болатынын түсінуде олқылық барұйымдар қабылдай алатын дәйекті теориялық модельге.

Көшбасшылық шығармашылық саласындағы елеулі және сенімді зерттеулерге және оның ұйымдардағы өзгерістерді басқаруға әсеріне қарамастан, бұл зерттеу саласы әлі де зерттелмеген күйінде қалып отыр (1-сурет).

Ұйымдардағы өзгерістерді басқаруда көшбасшылық креативтілігінің әсеріне қатысты негізгі зерттеу олқылықтары		
1. Креативтілік пен көшбасшылық түрлері арасындағы байланыс	2. Мәдени аспектілер	3. Бағалау әдістері
Жеткілікті зерттелмеген. Әртүрлі стильдердің (авторитарлық, демократиялық, трансформациялық) әсері толық ашылмаған.	Мәдени ерекшеліктердің көшбасшы креативтілігіне әсері аз зерттелген, әсіресе халықаралық ұйымдарда.	Креативтілікті өлшеудің бірыңғай әдістері жоқ, жаңа құралдарды әзірлеу қажет.

1-сурет. Ұйымдардағы өзгерістерді басқаруда көшбасшылық креативтілігінің әсеріне қатысты негізгі зерттеу олқылықтары

Шығармашылық пен көшбасшылық қабілеттердің өзара әрекеттесуінің көптеген аспектілері мен терең тетіктері бар, олар әрі қарай талдауды қажет етеді. Бұл көшбасшылық шығармашылықтың әртүрлі типтегі ұйымдарда табысты жүзеге асыруға және басқаруды өзгертуге қалай әсер ететінін жақсырақ түсіну үшін осы саладағы зерттеулерді жалғастырудың маңыздылығын көрсетеді.

Алға қойылған мақсат пен әдебиеттерді шолу нәтижелері бойынша алдымызға ұйымдағы өзгерістерді басқаруға әсер ететін көшбасшы шығармашылығының факторларын бағалау мен ұйымдастырудың әдіснамалық тәсілін қалыптастырудың ғылыми міндетін қоямыз.

Зерттеу сарапшылардың консенсусымен басымдыққа ие сандық компоненттерді қосу үшін шығармашылық көшбасшылықтың анықтамасын нақтылау арқылы көшбасшылықты

зерттеудің теориялық ілгерілеуіне ықпал етеді. Ол сондай-ақ тәжірибешілер көшбасшылықты бағалау және дамыту бағдарламаларында қолдана алатын құрылымдық құралды ұсынады. Тек қорытындылайтын дәстүрлі тұжырымдардан айырмашылығы зерттеу жолы, біздің нәтижелеріміз көшбасшылық шығармашылық біртекті құбылыс емес, керісінше ерекшеленетін және дәрежеленетін элементтері бар құрылымдық құрылым екенін көрсетеді – олардың әрқайсысы ұйымдық өзгерістерді басқаруда әртүрлі рөл атқарады. Ғылыми жаңалық иерархиялық модельдеуді шығармашылық контекстінде сарапшыларға негізделген факторларды тексерумен біріктіру болып табылады, бұл көшбасшылықты дамыту үшін тиімді түсініктерге әкеледі. Бұл модельді болашақ зерттеулерде кеңірек жалпылау үшін секторaралық және мәдениетаралық үлгілерді қосу үшін кеңейтуге болады.

Көшбасшының шығармашылық қасиеттерін жетілдірудің ұсынылған бағыттары көшбасшының шығармашылық әлеуетін арттыру тұрғысынан да, ұйымның тұрақсыздық пен динамизм жағдайында өзінің тиімділігін жақсырақ қамтамасыз ету қабілетін қамтамасыз ету тұрғысынан да тиімді болуы мүмкін.сыртқы орта факторлары.

Осылайша, зерттеу барысында біз көшбасшының шығармашылық қасиеттерінің рөлі туралы түсінігімізді тереңдетуге мүмкіндік беретін маңызды теориялық және практикалық нәтижелерге қол жеткіздік, атап айтқанда ұйымдағы өзгерістерді басқару процесінде.сыртқы ортаның проблемалары мен тәуекелдерінің белсенді әсеріне ұшырайды.

Алынған нәтижелерді пайдалану ұйымның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете отырып, оның өмір сүруінің қазіргі динамикалық және өзгермелі жағдайында айтарлықтай практикалық маңызы мен өзектілігіне ие.

Айта кету керек, біз сарапшылардың пікірін ескере отырып, көшбасшының шығармашылығының қандай факторлары ұйымдағы өзгерістерді басқару жүйесіне тікелей әсер етуі мүмкін екенін анықтауға негізделген әдістемелік тәсілді ұсындық. Сонымен қатар, бұл факторларды жұптық салыстыру арқылы анықтау жеткіліксіз болды қайсысының ықпалы едәуір, қайсысының ықпалы аз екенін анықтау. Бұл басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде шығармашылықты бақылауды жақсартуға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы көшбасшы шығармашылығының ұйымдардағы өзгерістерді тиімді басқаруға әсерін терең түсінуде жатыр. Бейімделу мен инновацияға ықпал ететін шығармашылықтың негізгі факторларын анықтау ұйымдарға өзгерістерді жүзеге асырудың тиімді стратегияларын жасауға көмектеседі. Бұл әсіресе маңызды үнемі өзгеріп отыратын нарықтық орта жағдайында, тез бейімделу және жаңа сын-қатерлерге жауап беру қабілеті сәттіліктің маңызды факторына айналады.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері шығармашылық көшбасшылық және өзгерістерді басқару саласындағы теориялық даму үшін маңызды. Олар ғылыми әдебиеттерді шығармашылықтың көшбасшылық тәжірибеге әсер етуінің ішкі тетіктері туралы құнды түсініктермен байыта отырып, көшбасшылық қасиеттер мен ұйымдастырушылық өзгерістер арасындағы байланысты жақсы түсінуге ықпал етеді. Бұл, өз кезегінде, болашақта көшбасшыларды даярлау мен дамытудың жаңа, неғұрлым тиімді әдістерінің дамуына әкелуі мүмкін.

Шығармашылық көшбасшылық және өзгерістерді басқару саласындағы болашақ зерттеулер әртүрлі ұйымдық контексттердегі осы процестердің динамикасын жақсырақ түсінуге үлкен мүмкіндіктер береді. Бір бағыт ұйымдардың іріктемесін кеңейту болуы мүмкін, бұл нәтижелерді жалпылауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Бернард М. Басс, Рональд Э. Риджио. Трансформационное лидерство. 2006. https://doi.org/10.4324/9781410617095

2. Sternberg, R. J., Kaufman, J. C., & Pretz, J. E. Creativity and leadership: A human systems approach. Research Policy.Volume 51, Issue 3, April 2024

3. Wang, Y., & Wang, Y. 2022. Developing creative leadership in the use of digital communication tools: A psychological perspective. Sustainability, 14(19). https://doi.org/10.3390/su141911796).

4. Sousa Pereira, M., Faria, S., Cardoso, A., & Cairrão, Á. 15.06. 2024. Personal leadership and communication abilities: Impacts on organizational performance. In H. El-Farr (Ed.), The changing landscape of workplace and workforce (pp. 67–86). IntechOpen. https://doi.org/10.5772/intechopen.1002647).

5. Hughes, D. J., Lee, A., Wei Tian, A., Newman, A., & Legood, A. Leadership, creativity, and innovation: A critical review and practical recommendations. The Leadership Quarterly, 2018, 29(5), 549–569. https://doi.org/10.1016/j.leaqua.2018.03.001)

6. Strobel, L.-Th., Strobel, M., Welpe, I. M., & Korsgaard, M. A. 2025. The role of creative leadership manifestations in creativity and innovation. Creativity Research Journal, 37(3), 358–376. https://doi.org/10.1080/10400419.2024.2321734)

7. Chen, G., Farh, J.-L., Campbell-Bush, E. M., Wu, Zh., & Wu, X. 2013. Teams as innovative systems: Multilevel motivational antecedents of innovation in R&D teams. Journal of Applied Psychology, 98(6), 1018–1027. https://doi.org/10.1037/a0032663)

УДК: 005.95:004.8:378

ПЕРСПЕКТИВЫ СОЗДАНИЯ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ СИСТЕМ УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛОМ В ВУЗАХ КАЗАХСТАНА

Таскинбайкызы Ж.
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова
Актау, Казахстан
e-mail: zhanargul.taskinbaikyzy@yu.edu.kz

Аннотация. В статье рассматриваются теоретические и практические аспекты формирования интеллектуальных систем управления персоналом (ИСУП) в высших учебных заведениях Республики Казахстан. Проанализированы современные тенденции цифровизации HR-процессов, возможности применения искусственного интеллекта и аналитики данных, а также выявлены ключевые проблемы внедрения интеллектуальных решений. Разработана концептуальная модель интеллектуальной системы управления персоналом в вузе и предложены направления её развития.

Ключевые слова: интеллектуальные системы, управление персоналом, цифровизация, искусственный интеллект, вуз, Казахстан, HR-аналитика.

Современный этап развития экономики характеризуется переходом к цифровой трансформации, где ключевую роль играет интеллектуализация управленческих процессов. В условиях усиления конкуренции в сфере высшего образования особое значение приобретает эффективное управление человеческими ресурсами.

Интеллектуальные системы управления представляют собой информационно-аналитические комплексы, способные самостоятельно обрабатывать данные и поддерживать принятие управленческих решений [1]. В вузах их внедрение способствует повышению качества образовательных услуг и научной деятельности.

Интеллектуальная система управления персоналом (ИСУП) - это совокупность технологий, включающих:

- искусственный интеллект (AI);
- машинное обучение;
- HR-аналитику;
- автоматизацию процессов.

Согласно современным исследованиям, AI применяется на всех этапах жизненного цикла сотрудника: от подбора до увольнения [2].

В отличие от коммерческих организаций, университеты обладают рядом специфических характеристик:

- двойственная природа деятельности (образование + наука);
- высокая автономия преподавателей;
- долгосрочные результаты деятельности.

Это требует адаптации HR-систем под академическую среду.

Современная система управления персоналом в Казахстане находится на стадии трансформации и характеризуется:

1) недостаточной цифровизацией HR-процессов;
2) ограниченным использованием аналитики;
3) преобладанием традиционных методов управления.

Традиционная система управления персоналом основана на административных, регламентированных и во многом интуитивных методах управления. Она ориентирована на учет, контроль и выполнение кадровых процедур.

Интеллектуальная HR-система представляет собой цифровую платформу, основанную на использовании технологий искусственного интеллекта, аналитики данных и автоматизации. Она направлена на стратегическое управление человеческим капиталом и поддержку принятия решений.

Ниже в таблице 1 приведена сравнительная характеристика традиционная и интеллектуальная HR-система.

Таблица 1 - **Сравнение традиционной и интеллектуальной HR-системы**

Критерий	**Традиционная система**	**Интеллектуальная система**
Принятие решений	Интуитивное	На основе данных
Подбор персонала	Ручной	AI-рекрутинг
Оценка эффективности	Формальная	Предиктивная аналитика
Обучение	Стандартное	Персонализированное
Управление карьерой	Ограниченное	Прогностическое

Выделим ключевые преимущества и недостатки традиционной HR-системы:

Преимущества: простота внедрения, низкие затраты и понятность для персонала.

Недостатки: субъективность решений, низкая скорость обработки данных, ограниченная аналитика и слабая адаптивность.

Преимущества и недостатки интеллектуальной HR-системы:

Преимущества: высокая точность и объективность, автоматизация процессов, прогнозирование и аналитика, повышение эффективности управления.

Недостатки: высокая стоимость внедрения, необходимость IT-инфраструктуры, сопротивление персонала и риски утечки данных.

Сравнительный анализ показывает, что интеллектуальные HR-системы являются качественно новым этапом развития управления персоналом. Они обеспечивают переход:

- от интуитивного управления к аналитическому;
- от реактивного подхода к проактивному;
- от унифицированных решений к персонализированным стратегиям [3].

Для вузов Казахстана переход к интеллектуальным HR-системам является стратегически важным направлением, способным повысить эффективность управления человеческим капиталом и конкурентоспособность образовательных организаций.

Современные интеллектуальные системы управления персоналом базируются на следующих технологиях:

- машинное обучение (ML);
- нейронные сети;
- Big Data;
- облачные платформы;
- VR/AR для обучения персонала [4].

Функциональная структура системы




Рисунок 1. Архитектура интеллектуальной HR-системы в вузе

В условиях цифровизации экономики и перехода к модели «Индустрия 4.0» высшие учебные заведения Казахстана становятся ключевыми центрами формирования интеллектуального капитала. Это обуславливает необходимость модернизации систем управления персоналом на основе интеллектуальных технологий.

Интеллектуальные системы управления персоналом (ИСУП) позволяют перейти от традиционного кадрового администрирования к стратегическому управлению человеческими ресурсами на основе данных, прогнозирования и автоматизации процессов.

Основные направления развития интеллектуальных систем в вузах:

1) HR-аналитика и прогнозирование:
   - прогноз текучести кадров;
   - оценка эффективности преподавателей;
2) автоматизация подбора персонала:
   - использование AI для анализа резюме;
   - цифровые ассессменты;

3) персонализированное обучение сотрудников:

- адаптивные образовательные траектории;

4) интеграция с цифровыми экосистемами вуза:

- LMS, ERP, CRM системы.

Несмотря на значительный потенциал, внедрение ИСУП сопровождается рядом проблем:

- недостаток финансирования;
- низкий уровень цифровой зрелости вузов;
- сопротивление персонала изменениям;
- нехватка IT-специалистов;
- вопросы безопасности данных.

Кроме того, отсутствуют четкие механизмы оценки эффективности деятельности преподавателей с использованием цифровых инструментов [5].

Интеллектуальные системы управления персоналом являются ключевым фактором повышения эффективности вузов в условиях цифровой экономики. Их внедрение в Казахстане позволит:

- повысить качество управления;
- улучшить кадровую политику;
- усилить конкурентоспособность университетов.

Однако для достижения этих целей требуется комплексный подход, включающий технологические, организационные и кадровые изменения.

Перспективы внедрения интеллектуальных систем управления персоналом в вузах Казахстана являются значительными и стратегически важными. Их реализация позволит:

- повысить эффективность управления человеческими ресурсами;
- улучшить качество образования и научной деятельности;
- обеспечить устойчивое развитие университетов.

Таким образом, интеллектуализация HR-систем выступает важнейшим фактором трансформации высшего образования в Казахстане в условиях цифровой экономики.

Литература:

1. Институт информационных технологий РК - Перспективы развития ИКТ (Институт ИВТ), 2023.

2. Nosratabadi S. et al. Artificial Intelligence Models and Employee Lifecycle Management. - August 2022. - DOI:10.2478/orga-2022-0012

3. Dudycz H. A conceptual framework of Intelligent Management Control System for Higher Education. Artificial Intelligence for Knowledge Management IFIP AICT 614, 2021. hal-03496359.

4. Сисенова Т.Е., Сисенова А.Т. Интеграция автоматизированных систем управления персоналом на предприятии: исследование степени разработанности вопроса и основных проблем внедрения // Молодой ученый. - 2024. - №20(519). - 131-136 стр. - URL: https://moluch.ru/archive/519/114286.

5. Асеева С.Д. Информационные технологии в эффективном управлении персоналом вуза. // Молодой ученый. - 2019. - №50(288). - 6-8 стр. - URL: https://moluch.ru/archive/288/65179.

ӘОЖ 351:004.9:37:364

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ОҢТАЙЛАНДЫРУ: БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Балманова А.А., экономика докторы, Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы
Мугалова Р.Д., Маңғыстау облысы әкімі аппаратының цифрландыруды дамыту және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің мониторингі бөлімінің басшысы, Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: a.balmanova@mangystau.gov.kz
e-mail: mugalovar777@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада білім беру саласындағы «Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылық және материалдық көмек көрсету» мемлекеттік қызметін жетілдірудің өзекті мәселелері қарастырылады. Зерттеу барысында қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер арасындағы қайшылықтар, ақпараттық жүйелердің жеткіліксіз интеграциясы, сондай-ақ деректерді автоматты түрде алу тетіктерінің әлсіздігі қызмет көрсету үдерісін күрделендіріп, қосымша құжаттар талап етуге алып келетіні анықталды. Әсіресе 2 және 5-санаттар бойынша қызмет алушылардың әлеуметтік мәртебесін айқындау кезінде елеулі қиындықтар мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар екені көрсетілді. Мақалада өңіраралық тәжірибе, статистикалық деректер және тәжірибелік талдау негізінде аталған қызметті цифрландыру, ақпараттық жүйелерді интеграциялау, рәсімдерді оңтайландыру және артық талаптарды қысқарту бойынша нақты ұсыныстар беріледі. Ұсынылған шаралар қызмет көрсету мерзімін қысқартуға, ашықтықты арттыруға, бюджет қаражатын тиімді жұмсауға және әлеуметтік қолдаудың әділдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: білім беру, мемлекеттік қызмет, қаржылық көмек, материалдық көмек, цифрландыру, автоматтандыру, НОБД, ақпараттық жүйелерді интеграциялау, атаулы әлеуметтік көмек, әлеуметтік санаттар, табыс деңгейі, күнкөріс деңгейі, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, әлеуметтік қолдау.

Қазіргі таңда мемлекеттік басқару жүйесінде цифрландыру мен мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру стратегиялық басымдықтардың біріне айналып отыр. Бұл үрдіс әсіресе әлеуметтік маңызы жоғары салаларда, соның ішінде білім беру жүйесінде ерекше өзектілікке ие. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылық және материалдық көмек көрсету қызметі халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға бағытталған маңызды мемлекеттік тетік болып табылады.

Сонымен қатар, аталған қызметті көрсету барысында нормативтік-құқықтық реттеудің бірізді болмауы, ақпараттық жүйелер арасындағы әлсіз ықпалдастық, сондай-ақ деректерді автоматты түрде алудың жеткіліксіздігі сияқты жүйелік проблемалар туындауда. Бұл өз кезегінде қызмет көрсету сапасының төмендеуіне, рәсімдердің күрделенуіне, әкімшілік кедергілердің артуына және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің күшеюіне әсер етеді.

Осыған байланысты білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру, оның ішінде қызмет көрсету үдерісін автоматтандыру, цифрлық инфрақұрылымды дамыту және рәсімдерді оңтайландыру мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерделеу маңызды болып табылады.

Зерттеудің өзектілігі

Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру қазіргі кезеңде тиімді мемлекеттік басқарудың негізгі шарттарының бірі болып саналады. Білім беру саласындағы қаржылық және материалдық көмек көрсету қызметі әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытталғанымен, оны іске асыру тетіктерінде бірқатар проблемалар сақталып отыр.

Атап айтқанда, қолданыстағы қағидалардағы қарама-қайшылықтар, ақпараттық жүйелердің жеткіліксіз дамуы және олардың өзара байланысының әлсіздігі қызмет көрсету үдерісінің ашықтығы мен бірізділігін қамтамасыз етуге кедергі келтіреді. Бұдан бөлек, қызмет алушылардың нақты табысын айқындау, отбасы құрамын анықтау, құжаттарды растау және әлеуметтік санаттарды белгілеу кезінде туындайтын қиындықтар қызмет көрсету сапасына теріс әсер етеді.

Бұл жағдайлар артық әкімшілік рәсімдердің туындауына, уақыт шығынының өсуіне, мемлекеттік ресурстардың тиімсіз пайдаланылуына және азаматтардың құқықтарының шектелуіне алып келуі мүмкін. Сондықтан аталған мемлекеттік қызметті жетілдіру мәселесі ғылыми әрі практикалық тұрғыдан өзекті болып табылады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері

Зерттеудің мақсаты – білім беру саласындағы қаржылық және материалдық көмек көрсету мемлекеттік қызметінің қазіргі жағдайын талдау, оның негізгі проблемаларын анықтау және қызмет көрсету үдерісін цифрландыру мен оңтайландыруға бағытталған нақты ұсыныстар әзірлеу.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер қойылды:

қолданыстағы нормативтік-құқықтық реттеуді талдау;

мемлекеттік қызмет көрсету барысында кездесетін жүйелік проблемаларды анықтау;

ақпараттық жүйелердің өзара ықпалдасу деңгейін бағалау;

өңіраралық тәжірибе мен статистикалық деректер негізінде проблемалық аспектілерді саралау;

қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған практикалық ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында талдау, салыстыру, жүйелеу, құжаттарды зерделеу, тәжірибелік (кейс) талдау және жинақтау әдістері қолданылды. Сонымен қатар 2024 жылғы және 2025 жылғы 1 сәуірге дейінгі статистикалық мәліметтер салыстырмалы түрде қарастырылды.

1. Өңіраралық тәжірибе алмасу нәтижелері

2025 жылы Маңғыстау облысында «Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылық және материалдық көмек көрсету» мемлекеттік қызметін сапалы ұйымдастыру мәселелері бойынша өңіраралық семинар өткізілді. Аталған шараға Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарының, сондай-ақ Қызылорда, Ақтөбе, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарының жауапты мамандары қатысты. Бұдан бөлек, Маңғыстау облысының мамандары Астана қаласына барып, тәжірибе алмасу жұмыстарын жүргізді.

Өңіраралық тәжірибені зерделеу барысында бір нормативтік-құқықтық акті қолданылғанымен, оның жекелеген ережелерінің нақты әрі бірізді регламенттелмеуіне байланысты әр өңірде қызмет көрсету тәртібі әртүрлі жүзеге асырылып отырғаны анықталды. Бұл жағдай бірыңғай тәжірибенің қалыптасуына кедергі келтіріп, қызмет алушылар үшін құқықтық белгісіздік туғызады.

2. Қызмет көрсету тәртібіндегі нормативтік қайшылықтар

Қолданыстағы қағидаларда өтінішті қабылдау және қызмет нәтижесін беру тәртібі толық нақтыланбаған. Бір жағынан, өтінішті қабылдау білім беру ұйымының кеңсесі арқылы жүзеге асырылады деп көрсетілсе, екінші жағынан, мемлекеттік тілдегі нұсқасында мемлекеттік корпорация арқылы қабылдау мүмкіндігі де қарастырылған. Мұндай сәйкессіздік құқық қолдану тәжірибесінде әртүрлі түсіндірулерге жол береді.

Нәтижесінде әр аймақта қызмет көрсету тәртібі түрліше қалыптасып, азаматтар бірдей қызмет түрі бойынша әртүрлі талаптарға тап болады. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімділігіне кері әсер етеді.

3. Ақпараттық жүйелердің жеткіліксіз интеграциясы

Қағидаларға сәйкес қажетті мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйелерден автоматты түрде алынуы тиіс. Алайда тәжірибеде білім беру ұйымдары қолданатын ақпараттық жүйелер, соның ішінде НОБД, бұл талапты толық көлемде қамтамасыз етпейді. Мысалы, отбасы құрамы, табыс деңгейі, әлеуметтік мәртебе және қорғаншылық туралы мәліметтерді тікелей әрі автоматты түрде алу мүмкіндігі шектеулі.

Соның салдарынан қызмет алушылардан қосымша құжаттар талап етіледі. Бұл рәсімдерді күрделендіріп қана қоймай, қызмет көрсету мерзімін ұзартады және білім беру ұйымдары мамандарына қосымша әкімшілік жүктеме түсіреді.

4. Қаржылық шығындарды растау кезіндегі практикалық қиындықтар

Қаржылық көмекті алу үшін жұмсалған қаражатты растайтын құжаттарды ұсыну талабы іс жүзінде көптеген қиындықтарға әкеледі. Әсіресе ауылдық жерлерде ата-аналар мектеп формасы мен оқу құралдарын базарлардан, жәрмеңкелерден немесе шағын сауда орындарынан сатып алады. Мұндай жағдайда фискалды чек берілмеуі жиі кездеседі.

Нәтижесінде ата-аналар шығын шығарғанымен, оны ресми түрде дәлелдей алмайды. Бұл жағдай шын мәнінде әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматтардың мемлекеттік қолдаудан қағылуына алып келуі мүмкін.

5. Әлеуметтік санаттарды айқындаудағы проблемалар

Қолданыстағы қағидаларға сәйкес қаржылық және материалдық көмек бес санат бойынша көрсетіледі. Алайда тәжірибе көрсеткендей, олардың ішінде 2 және 5-санаттар бойынша ерекше қиындықтар бар.

5.1. Екінші санат бойынша проблемалар

Екінші санатқа мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, бірақ жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балалар жатады. Қағидаға сәйкес мұндай отбасылар жөніндегі деректер тиісті ақпараттық жүйеден алынуы тиіс. Алайда НОБД жүйесінде мұндай мәліметтерді алу мүмкіндігі толық қарастырылмаған.

Сонымен бірге, түсіндірме құжаттарда «Әлеуметтік көмек» және НОБД ақпараттық жүйелерін интеграциялау бойынша жұмыстар жүргізілгені айтылғанымен, қолданыстағы қағидада қаржылай көмекті алу үшін атаулы әлеуметтік көмекке жүгіну қажеттілігі нақты көрсетілмеген. Бұдан бөлек, атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау мерзімі 15 жұмыс күнін құраса, мектептегі қаржылай және материалдық көмек 10 жұмыс күні ішінде көрсетілуі тиіс. Осы уақыт айырмашылығы екі қызметтің бизнес-процестерінің үйлеспеуіне әкеледі.

5.2. Бесінші санат бойынша проблемалар

Бесінші санат білім беру ұйымының алқалы органы айқындайтын өзге де санаттарды қамтиды. Алайда бұл санат бойынша нақты критерийлер мен шекті көрсеткіштер белгіленбеген. Соның салдарынан материалдық жағдайды тексеру барысында шешім қабылдау субъективті сипатқа ие болуы мүмкін.

Әсіресе ауылдық жерлерде тұрғын үйді жалдау фактісін, нақты табыс көлемін немесе өзге де әлеуметтік мән-жайларды құжатпен растау қиын. Көп жағдайда мұндай ақпарат қызмет алушының ауызша мәліметіне негізделеді. Бұл шешімдердің объективтілігіне күмән туғызып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін арттырады.

Статистикалық талдау

Кесте 1. 2024 жылғы өтініштер бойынша деректер

Кезең	Мерзімі	Түскен өтініш саны	Тағайындалған	Бас тартылған
1 тоқсан	01.01.2024 – 31.03.2024	3 139	1 990 (63,4%)	1 149 (36,6%)
2 тоқсан	01.04.2024 – 30.06.2024	3 910	2 272 (58,1%)	1 638 (41,9%)
3 тоқсан	01.07.2024 – 30.09.2024	26 681	2 508 (9,5%)	24 173 (90,5%)
4 тоқсан	01.10.2024 – 31.12.2024	4 641	2 715 (58,5%)	1 926 (41,5%)
Барлығы		**38 371**	**9 485 (24,72%)**	**28 886 (75,28%)**

2024 жылғы статистикаға сәйкес, үшінші тоқсанда өтініштер санының күрт артуы байқалады. Бұл кезеңде түскен өтініштердің басым бөлігіне бас тарту берілген. Мұндай көрсеткіш өтініштерді қарау тетіктерінің жетілдіруді қажет ететінін, сондай-ақ маусымдық жүктеменің қызмет көрсету сапасына кері әсер ететінін көрсетеді.

Кесте 2. 2025 жылғы 1 сәуірге дейінгі статистика

Кезең	Мерзімі	Түскен өтініш саны	Тағайындалған	Бас тартылған
1 тоқсан	01.01.2025 – 01.04.2025	1 780	1 275 (71,7%)	505 (28,3%)

2025 жылғы бірінші тоқсан деректері бойынша тағайындалған өтініштер үлесінің өсуі байқалады. Соған қарамастан, жалпы жүйеде өтініш берушілердің әлеуметтік мәртебесін дұрыс айқындау мәселесі өзекті күйінде қалып отыр.

Тәжірибелік талдау

Аталған қызметтің тиімділігін бағалау мақсатында көпбалалы ана мәртебесіндегі қызмет алушыға қатысты жағдай тест ретінде зерделенді. Талдау барысында қызмет алушы отбасы құрамын толық көрсетпей, тек өзін және үш баласын енгізу арқылы атаулы әлеуметтік көмекке өтініш білдірген жағдайда, жүйедегі есептің нақты әлеуметтік жағдайға сәйкес келмейтіні анықталды.

Нәтижесінде «Әлеуметтік көмек» ақпараттық жүйесінде отбасының табысы кедейшілік шегінен жоғары болып көрінгенімен, НОБД жүйесінде табыс деңгейі төмен

ретінде бағаланып, қаржылай көмек алу мүмкіндігі туындаған. Ал отбасының толық құрамы көрсетілген жағдайда, жан басына шаққандағы табыс деңгейі ең төменгі күнкөріс деңгейінен асып, көмек тағайындалмаған.

Бұл жағдай ақпараттық жүйелер арасындағы деректердің сәйкессіздігін және әлеуметтік мәртебені айқындаудың қолданыстағы тетіктерінің жеткіліксіздігін дәлелдейді. Мұндай олқылықтар мемлекеттік қолдауды алу барысында әділетсіздікке, жалған мәлімет беру тәуекеліне және бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалуына алып келуі мүмкін.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу нәтижелері білім беру ұйымдарындағы қаржылық және материалдық көмек көрсету жүйесінде бірнеше негізгі мәселенің бар екенін көрсетті.

Біріншіден, нормативтік-құқықтық актілердің ережелері толық біріздендірілмеген, бұл өңірлер арасында әртүрлі тәжірибенің қалыптасуына себеп болып отыр.

Екіншіден, ақпараттық жүйелердің өзара интеграциясының жеткіліксіздігі қызмет көрсету барысында артық құжаттар талап етуге және рәсімдердің ұзаруына алып келеді.

Үшіншіден, 2 және 5-санаттар бойынша нақты критерийлердің жеткіліксіздігі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін күшейтеді.

Төртіншіден, әлеуметтік мәртебені айқындау кезінде қолданылатын ақпараттық жүйелердегі деректердің толық еместігі азаматтардың нақты жағдайын дұрыс бағалауға мүмкіндік бермейді.

Осыған байланысты, қызмет көрсету жүйесін одан әрі цифрландыру, ақпараттық жүйелерді өзара байланыстыру және адам факторының ықпалын азайту маңызды.

Қорытынды

Зерттеу көрсеткендей, білім беру ұйымдарында қаржылық және материалдық көмек көрсету мемлекеттік қызметін ұйымдастыруда нормативтік-құқықтық, ұйымдастырушылық және цифрлық сипаттағы бірқатар жүйелік проблемалар бар. Бұл проблемалар қызмет көрсету үдерісінің күрделенуіне, қосымша құжаттар талап етілуіне, мерзімдердің ұзаруына және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің өсуіне алып келеді.

Аталған мәселелерді шешу үшін мынадай шараларды жүзеге асыру ұсынылады:

1-санат бойынша атаулы әлеуметтік көмек алушылардың мәліметтерін НОБД жүйесінде толық көру мүмкіндігін қамтамасыз ету;

2-санат бойынша электрондық үкімет порталы арқылы ЖСН енгізу негізінде қызмет алушының күнкөріс деңгейінен төмен немесе жоғары екенін автоматты түрде айқындайтын тетік енгізу;

3-санат бойынша жетім және қамқоршылыққа алынған балалар туралы мәліметтерді НОБД жүйесінде толық көрсету мүмкіндігін жасау;

4-санат бойынша НОБД мен ЕРДР ақпараттық жүйелері арасында интеграция орнату;

5-санат бойынша нақты критерийлердің болмауына және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жоғары болуына байланысты аталған санатты қысқарту немесе қайта қарау.

Ұсынылған шараларды іске асыру нәтижесінде мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін 10 жұмыс күнінен 1 жұмыс күніне дейін қысқартуға, артық құжаттарды жоюға, қызмет көрсету ашықтығын арттыруға, бюджет қаражатын тиімді пайдалануға және әлеуметтік қолдаудың әділдігін қамтамасыз етуге болады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.

2. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығы «Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсету» мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары.

4. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидалары.

5. ҚР Білім және ғылым вице-министрінің қызмет алушылардың әлеуметтік мәртебесін анықтау бойынша түсіндірме жазбасы.

УДК: 005.5:004.8

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЕКТА В УПРАВЛЕНЧЕСКИХ РЕШЕНИЯХ: ТРАНСФОРМАЦИЯ РОЛИ МЕНЕДЖЕРА

Айешева Г.А.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет ИОТ
Уральск, Казахстан
e-mail: dilek01@bk.ru

Аннотация. В статье рассматриваются особенности применения технологий Artificial Intelligence в системе управления организациями. В условиях цифровизации экономики происходит трансформация традиционных управленческих процессов, что требует изменения роли и компетенций менеджеров. Цель исследования заключается в анализе влияния искусственного интеллекта на процесс принятия управленческих решений и определении новых требований к профессиональным навыкам руководителей. В работе использованы методы сравнительного анализа, систематизации научных источников и обобщения современных управленческих практик. Результаты исследования показывают, что внедрение интеллектуальных систем способствует повышению эффективности анализа данных, прогнозирования и стратегического планирования. При этом роль менеджера трансформируется от исполнителя и контролёра к стратегическому аналитическому лидеру, способному эффективно взаимодействовать с цифровыми технологиями. Сделан вывод о необходимости развития цифровых компетенций и формирования новых моделей управления в условиях цифровой экономики.

Ключевые слова: искусственный интеллект, управление, управленческие решения, цифровая трансформация, менеджер, цифровая экономика, инновации.

Современные процессы цифровизации и технологического развития оказывают значительное влияние на систему управления организациями. В условиях развития Digital Economy особую роль начинают играть интеллектуальные технологии, позволяющие обрабатывать большие массивы данных и принимать более обоснованные управленческие решения. Одной из наиболее перспективных технологий является Artificial Intelligence.

Использование искусственного интеллекта открывает новые возможности для повышения эффективности деятельности организаций, оптимизации бизнес-процессов и улучшения качества управленческих решений. В то же время внедрение интеллектуальных технологий приводит к существенным изменениям в роли менеджера, структуре управления и требованиях к профессиональным компетенциям руководителей.

Целью данной статьи является исследование влияния искусственного интеллекта на процесс принятия управленческих решений и анализ трансформации роли менеджера в современных организациях.

В ходе исследования были использованы методы системного и сравнительного анализа научной литературы, обобщение современных управленческих практик, а также аналитический метод при изучении применения технологий Artificial Intelligence в управленческой деятельности организаций. Кроме того, использован метод логического анализа для выявления взаимосвязи между цифровой трансформацией бизнеса и изменением роли менеджера. Применение данных методов позволило определить основные направления использования интеллектуальных технологий в процессе принятия управленческих решений и выявить ключевые тенденции развития современного менеджмента [1].

Современные организации всё чаще используют системы, основанные на технологиях искусственного интеллекта, для анализа данных, прогнозирования и поддержки управленческих решений. Интеллектуальные алгоритмы способны обрабатывать большие объемы информации, выявлять закономерности и формировать рекомендации для руководителей.

Особое значение в этом процессе имеет применение технологий Big Data, позволяющих анализировать массивы структурированных и неструктурированных данных. На основе анализа данных менеджеры получают возможность более точно прогнозировать рыночные тенденции, поведение потребителей и финансовые показатели организации.

Кроме того, использование систем поддержки принятия решений позволяет автоматизировать ряд управленческих функций, включая планирование, мониторинг деятельности и оценку эффективности бизнес-процессов [2].

Применение искусственного интеллекта существенно повышает качество управленческих решений. Среди основных преимуществ можно выделить:

- повышение точности аналитических прогнозов;
- ускорение обработки информации;
- снижение уровня управленческих ошибок;
- повышение эффективности стратегического планирования;
- оптимизацию использования ресурсов организации.

Использование алгоритмов машинного обучения позволяет моделировать различные управленческие сценарии и выбирать наиболее оптимальные решения. Это особенно важно в условиях высокой неопределенности внешней среды.

Вместе с тем следует учитывать, что интеллектуальные системы не заменяют полностью управленцев, а выступают инструментом поддержки принятия решений.

Развитие искусственного интеллекта приводит к значительным изменениям в роли менеджера. Традиционная модель управления, основанная на административном контроле и оперативном управлении, постепенно трансформируется в модель стратегического и аналитического лидерства [3].

В современных условиях менеджер должен выполнять следующие функции:

- анализ и интерпретация результатов, полученных с помощью интеллектуальных систем;
- формирование стратегических решений на основе аналитических данных;
- управление цифровыми проектами и инновациями;
- развитие человеческого капитала организации.

Особое значение приобретает интеграция технологий Artificial Intelligence в стратегическое управление организациями. Интеллектуальные системы позволяют не только анализировать текущие данные, но и формировать долгосрочные прогнозы развития бизнеса. Это особенно актуально в условиях высокой динамичности рынка, усиления конкуренции и необходимости быстрого реагирования на изменения внешней среды [4].

Одним из перспективных направлений является использование технологий предиктивной аналитики, основанной на алгоритмах машинного обучения. Такие системы

позволяют выявлять скрытые закономерности в данных, прогнозировать изменения спроса, оптимизировать цепочки поставок и повышать эффективность маркетинговых стратегий.

Благодаря этому организации получают возможность принимать более обоснованные и своевременные управленческие решения. Применение интеллектуальных технологий способствует развитию новых форм организации труда и управления персоналом. Например, системы анализа данных могут использоваться для оценки эффективности работы сотрудников, выявления факторов мотивации и повышения производительности труда. Это позволяет руководителям более эффективно управлять человеческими ресурсами и формировать благоприятную организационную среду. Следует отметить, что внедрение технологий искусственного интеллекта связано не только с преимуществами, но и с определёнными вызовами. К ним относятся необходимость обеспечения информационной безопасности, защита персональных данных, а также вопросы этики использования цифровых технологий. В связи с этим особую роль играет формирование нормативно-правовой базы и разработка корпоративных стандартов применения интеллектуальных систем.

Результаты проведённого исследования показывают, что внедрение технологий искусственного интеллекта существенно изменяет характер управленческих процессов в современных организациях. Использование интеллектуальных алгоритмов и технологий анализа данных, включая Big Data, позволяет повысить эффективность анализа информации, ускорить процесс принятия управленческих решений и снизить уровень управленческих рисков. Кроме того, было выявлено, что применение интеллектуальных систем способствует повышению качества стратегического планирования, оптимизации распределения ресурсов и формированию более гибких управленческих структур. В результате внедрения цифровых технологий происходит постепенный переход от традиционной модели управления к модели аналитического и цифрового менеджмента. Ключевым требованием к современному руководителю становится наличие цифровых и аналитических компетенций. Менеджер должен уметь эффективно взаимодействовать с интеллектуальными технологиями и использовать их потенциал для развития организации. В условиях цифровой трансформации возрастает значение следующих компетенций: цифровая грамотность, аналитическое мышление, способность работать с данными, инновационное мышление, навыки управления изменениями.

Формирование данных компетенций требует модернизации образовательных программ в области менеджмента и внедрения современных методов обучения. Внедрение технологий искусственного интеллекта оказывает существенное влияние на систему управления организациями. Использование интеллектуальных алгоритмов позволяет повысить эффективность анализа информации, улучшить качество прогнозирования и оптимизировать процесс принятия управленческих решений. В то же время развитие цифровых технологий приводит к трансформации роли менеджера. Современный руководитель становится стратегическим лидером, способным интегрировать возможности интеллектуальных систем в управленческую деятельность. В перспективе дальнейшее развитие технологий искусственного интеллекта будет способствовать формированию новых моделей управления, основанных на цифровых инструментах и аналитических подходах [5].

На основании проведённого исследования можно сделать следующие выводы. Во-первых, развитие цифровой экономики и активное внедрение технологий искусственного интеллекта существенно трансформируют систему управления организациями. Во-вторых, интеллектуальные технологии становятся важным инструментом повышения эффективности управленческих решений за счёт использования аналитики данных и прогнозных моделей. В-третьих, трансформация управленческих процессов приводит к изменению роли менеджера,

который всё чаще выполняет функции стратегического аналитика и лидера цифровых изменений. Таким образом, дальнейшее развитие технологий искусственного интеллекта будет способствовать формированию новых управленческих моделей, основанных на интеграции человеческого опыта и возможностей интеллектуальных систем.

Литература:

1. Мескон М., Альберт М., Хедоури Ф. Основы менеджмента. – М.: Вильямс, 2019. – 672 с.
2. Дафт Р. Л. Менеджмент. – СПб.: Питер, 2021. – 656 с.
3. Brynjolfsson E., McAfee A. The Second Machine Age: Work, Progress, and Prosperity in a Time of Brilliant Technologies. – New York: W.W. Norton & Company, 2018.
4. Russell S., Norvig P. Artificial Intelligence: A Modern Approach. – 4th ed. – Pearson Education, 2021.
5. Davenport T., Ronanki R. Artificial Intelligence for the Real World // Harvard Business Review. – 2018. – №1. – С. 108–116.

УДК 005.8:004.8:336.77

УПРАВЛЕНИЕ ПРОЕКТОМ ВНЕДРЕНИЯ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА ДЛЯ АНАЛИЗА КРЕДИТОСПОСОБНОСТИ КЛИЕНТОВ

Оспанов Е. Т., магистрант
Научный руководитель-к. э. н. Саубетова Б.С.
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова
Актау, Казахстан

Аннотация. В условиях цифровой трансформации финансового сектора внедрение систем искусственного интеллекта (ИИ) для оценки кредитоспособности клиентов становится одним из ключевых конкурентных преимуществ банков и финансовых организаций. Настоящая статья рассматривает методологию управления подобными проектами: от инициации и планирования до мониторинга и сопровождения. Особое внимание уделяется управлению рисками, требованиям регуляторов и обеспечению объяснимости моделей машинного обучения.

Ключевые слова: искусственный интеллект, кредитный скоринг, управление проектом, машинное обучение, финансовый сектор, управление рисками.

Современный банковский сектор переживает глубокую технологическую трансформацию. Традиционные методы оценки кредитоспособности заёмщиков всё чаще уступают место интеллектуальным системам, основанным на алгоритмах машинного обучения и больших данных. Внедрение таких систем позволяет существенно повысить точность кредитных решений, снизить операционные издержки и минимизировать уровень просроченной задолженности.

Вместе с тем реализация подобных проектов представляет собой комплексную управленческую задачу, требующую координации усилий специалистов по данным, IT-архитекторов, риск-менеджеров, юристов и бизнес-аналитиков. Настоящая статья систематизирует лучшие практики управления проектами внедрения ИИ-скоринга и предлагает структурированный подход к их реализации.

Ключевыми задачами таких проектов, как правило, выступают: повышение точности скоринговых моделей, снижение уровня просроченной задолженности, автоматизация

принятия решений, сокращение времени обработки заявок, а также обеспечение прозрачности и объяснимости применяемых моделей.

Этап инициации закладывает фундамент всего проекта. На данном этапе формулируются бизнес-потребности организации, определяются ключевые показатели эффективности (KPI), идентифицируются заинтересованные стороны, устанавливаются бюджет и сроки реализации. Результатом этапа является утверждённый бизнес-кейс и предварительная оценка рисков, позволяющие принять обоснованное решение о запуске проекта.

Планирование является критически важным этапом, во многом определяющим успех всего проекта. В рамках данного этапа определяется архитектура решения, осуществляется выбор технологического стека (в частности, Python и профильные библиотеки машинного обучения), формируется команда проекта. Типовой состав команды включает:

- специалистов по данным (data scientists) и аналитиков;
- IT-архитекторов и разработчиков;
- специалистов по управлению рисками;
- представителей юридического отдела и службы информационной безопасности.

Помимо этого, разрабатываются календарный план, план управления рисками и план коммуникаций. На данном этапе также определяется методология управления разработкой — Agile, каскадная или гибридная модель.

Качество данных непосредственно определяет точность скоринговой модели. Работа с данными предполагает интеграцию внутренних и внешних источников, их очистку и нормализацию, обработку пропущенных значений. Отдельного внимания заслуживает обеспечение соответствия нормативным требованиям в области защиты персональных данных и регуляторным стандартам финансового сектора.

На данном этапе осуществляются выбор и обучение алгоритмов. Среди наиболее востребованных подходов в задачах кредитного скоринга — логистическая регрессия, градиентный бустинг и нейронные сети. Качество моделей оценивается с применением стандартных метрик: ROC-AUC, Precision, Recall, коэффициент Джини.

Особую значимость в банковском секторе приобретает обеспечение explainability — интерпретируемости и объяснимости модели. Регуляторы и клиенты вправе требовать обоснования кредитных решений, что делает «прозрачные» модели предпочтительными перед алгоритмами типа «чёрный ящик».

Перед промышленным запуском системы проводится тщательное тестирование: A/B-тестирование, пилотное внедрение на ограниченном сегменте клиентов и анализ влияния модели на бизнес-показатели. По результатам пилота осуществляется необходимая корректировка параметров модели.

На этапе промышленного внедрения система интегрируется в существующую ИТ-инфраструктуру организации: подключается к CRM и банковским системам, настраиваются автоматизированные сценарии принятия решений. Параллельно проводится обучение сотрудников и разрабатываются регламенты эксплуатации системы.

После ввода системы в эксплуатацию проект переходит в стадию операционной поддержки. Непрерывный мониторинг включает отслеживание качества модели, контроль деградации (model drift), периодическое переобучение на актуальных данных, а также регулярный аудит соответствия регуляторным требованиям.

Проекты внедрения ИИ в кредитной деятельности сопряжены со специфическими рисками, которые необходимо идентифицировать и учитывать на всех этапах реализации. К наиболее значимым из них относятся:

- низкое качество или неполнота исходных данных;

– предвзятость (bias) модели, способная привести к дискриминации отдельных групп клиентов;
– несоответствие требованиям законодательства о защите данных и регуляторным нормам;
– киберугрозы и уязвимости информационной безопасности;
– организационное сопротивление изменениям со стороны персонала.

Для минимизации перечисленных рисков необходимо внедрение процедур внутреннего контроля, регулярный аудит модели и выстраивание культуры управления данными в организации.

Эффективное управление проектом предполагает чёткое разграничение ролей и ответственности между участниками. Ключевыми участниками проектной команды являются: руководитель проекта, руководитель направления рисков, команда Data Science, IT-архитекторы, представители юридического отдела и специалисты по информационной безопасности.

Результативная коммуникация между подразделениями, регулярные статусные встречи и прозрачная отчётность выступают необходимыми условиями успешной реализации проекта.

По завершении внедрения эффективность проекта оценивается по совокупности количественных показателей:
– уровень дефолта (Default Rate) — ключевой индикатор качества кредитного портфеля;
– среднее время обработки кредитной заявки;
– доля автоматических решений без участия эксперта;
– экономический эффект от внедрения (ROI);
– снижение операционных расходов на андеррайтинг.

Банковская сфера отличается повышенными требованиями к надёжности систем, строгим регуляторным контролем и высокими стандартами защиты данных. В этом контексте особую роль приобретает обеспечение интерпретируемости моделей: регуляторы ряда юрисдикций требуют, чтобы любое отрицательное кредитное решение могло быть обосновано в понятных для клиента терминах.

Принципиально важно понимать, что ИИ не подменяет эксперта по кредитным рискам, а выступает инструментом поддержки принятия решений. Синергия алгоритмических возможностей и экспертного суждения специалиста формирует наиболее устойчивую и ответственную модель кредитной оценки.

Управление проектом внедрения искусственного интеллекта для анализа кредитоспособности — это комплексная междисциплинарная задача, объединяющая методологию проектного менеджмента, аналитику данных, информационную безопасность и финансовое регулирование.

Успешная реализация проекта требует: чёткого стратегического видения и поддержки со стороны руководства; грамотного управления рисками на всех этапах жизненного цикла; высокого качества исходных данных; непрерывного мониторинга и адаптации модели к изменяющимся условиям.

При соблюдении этих условий внедрение ИИ-скоринга позволяет финансовой организации существенно повысить конкурентоспособность, сократить кредитные риски и обеспечить более объективную, быструю и обоснованную оценку заёмщиков — создавая ценность как для бизнеса, так и для клиентов.

Литература:

1. Бодров, Д. А., & Степанов, А. В. (2020). Машинное обучение в банковской аналитике:

методы и практики. Москва: Издательство Финансы и Статистика.
2. Гиль, Т. (2019). Интеллектуальный анализ данных: основы машинного обучения. Санкт-Петербург: Питер.
3. Ли, Х., & Ким, С. (2021). Credit Scoring with Machine Learning and AI. Springer.
4. Project Management Institute. (2021). A Guide to the Project Management Body of Knowledge (PMBOK® Guide) — 7th Edition. PMI, USA.
5. Russell, S., & Norvig, P. (2020). Artificial Intelligence: A Modern Approach (4th Edition). Pearson.
6. Хан, Дж., Камбер, М., & Пьёрс, Дж. (2018). Data Mining: Concepts and Techniques. Elsevier.

УДК: 005.8:658.5

ОПТИМИЗАЦИЯ УПРАВЛЕНИЯ ПРОИЗВОДСТВЕННЫМИ ПРОЕКТАМИ ЧЕРЕЗ ИНТЕГРАЦИЮ AGILE И LEAN ПРИ ВНЕДРЕНИИ СИСТЕМЫ БЕРЕЖЛИВОГО ПРОИЗВОДСТВА

Тулегенова Э.М.
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова
Актау, Казахстан
e-mail: elvira.tulegenova@id.yu.edu.kz

Аннотация. В статье рассматриваются современные подходы к оптимизации управления производственными проектами на основе интеграции методологий Agile и Lean. Обоснована необходимость их совместного применения в условиях высокой неопределенности и динамичности производственной среды. Проведен анализ преимуществ гибридного подхода при внедрении системы бережливого производства. Представлены ключевые инструменты и методы, способствующие повышению эффективности управления проектами, снижению потерь и улучшению качества продукции.

Ключевые слова: Agile, Lean, бережливое производство, управление проектами, оптимизация, производственные процессы, гибкие методологии.

Современные производственные предприятия функционируют в условиях высокой конкуренции, нестабильности рынков и необходимости постоянного повышения эффективности. В этих условиях особую актуальность приобретает совершенствование методов управления производственными проектами.

Традиционные подходы к управлению проектами часто оказываются недостаточно гибкими, что затрудняет адаптацию к быстро меняющимся условиям. В этой связи возрастает интерес к гибким методологиям, таким как Agile, а также к концепции бережливого производства (Lean), направленной на устранение потерь и повышение ценности для потребителя.

Целью данной статьи является исследование возможностей оптимизации управления производственными проектами за счет интеграции Agile и Lean при внедрении системы бережливого производства.

Теоретические основы Agile и Lean

Lean-подход основывается на принципах минимизации потерь (муда), непрерывного совершенствования (кайдзен) и ориентации на ценность для клиента. Основные виды потерь включают:

- перепроизводство;
- ожидание;
- излишние запасы;
- лишние перемещения;
- дефекты;
- избыточную обработку.

Lean ориентирован на стандартизацию процессов и повышение эффективности за счет устранения неэффективных операций. Agile представляет собой гибкий подход к управлению проектами, предполагающий:

1. интеративную разработку;
2. быструю адаптацию к изменениям;
3. тесное взаимодействие команды;
4. ориентацию на результат и ценность.

Основные принципы Agile включают приоритет взаимодействия над процессами, работающего продукта над документацией и готовность к изменениям. Несмотря на различия, Agile и Lean имеют общие цели — повышение эффективности и ориентация на ценность для клиента.

Lean обеспечивает системность и устойчивость процессов, тогда как Agile добавляет гибкость и адаптивность. Их интеграция позволяет:

1. повысить скорость принятия решений;
2. снизить уровень неопределенности;
3. улучшить качество управления проектами;
4. повысить вовлеченность сотрудников.

Особенно актуальна интеграция данных подходов при внедрении системы бережливого производства, где необходим баланс между стандартизацией и гибкостью.

Интеграция Agile и Lean может быть реализована через следующие элементы:

1. Итеративное внедрение Lean-инструментов. Вместо единовременного внедрения всех инструментов Lean используется поэтапный подход (спринты), что позволяет: тестировать решения; корректировать стратегию; минимизировать риски.

2. Использование визуального управления. Инструменты, такие как Kanban-доски, позволяют контролировать загрузку и поток задач, обеспечивая прозрачность процессов.

3. Кросс-функциональные команды

Формирование команд из специалистов разных областей способствует: ускорению принятия решений; снижению барьеров между подразделениями;
повышению качества результатов.

4. Непрерывное улучшение.Совмещение принципов кайдзен и ретроспектив Agile обеспечивает постоянное совершенствование процессов.

Интеграция Agile и Lean в управлении производственными проектами дает следующие преимущества:

- сокращение времени реализации проектов;
- снижение производственных затрат;
- повышение качества продукции;
- улучшение коммуникаций внутри команды;
- повышение адаптивности к изменениям внешней среды.
- Кроме того, данный подход способствует формированию культуры непрерывного улучшения и инноваций.

На практике интеграция Agile и Lean может быть реализована в следующих направлениях:

– Внедрение системы Kanban
– Позволяет управлять потоками задач и снижать перегрузку сотрудников.
– Использование Scrum в производстве
– Применение коротких циклов планирования помогает быстрее реагировать на изменения.
– Анализ потока создания ценности (VSM)
– Позволяет выявить узкие места и оптимизировать процессы.
– Автоматизация процессов
– Использование цифровых инструментов повышает прозрачность и эффективность управления.

Несмотря на преимущества, интеграция Agile и Lean сопровождается рядом трудностей:

– сопротивление изменениям со стороны персонала;
– недостаток квалификации сотрудников;
– сложность адаптации Agile к производственной среде;
– необходимость изменения корпоративной культуры.
– Для успешной реализации требуется комплексный подход, включающий обучение персонала и поддержку со стороны руководства.

Интеграция Agile и Lean представляет собой эффективный инструмент оптимизации управления производственными проектами.

Совместное использование данных подходов позволяет объединить преимущества гибкости и системности, что особенно важно при внедрении системы бережливого производства.

Результаты исследования показывают, что применение интегрированного подхода способствует повышению эффективности, снижению затрат и улучшению качества продукции.

В дальнейшем целесообразно развивать методы адаптации Agile к производственным условиям и исследовать влияние цифровизации на процессы управления.

Литература:

1. Womack J.P., Jones D.T. Lean Thinking. – New York: Free Press, 2003.
2. Liker J. The Toyota Way. – McGraw-Hill, 2004.
3. Schwaber K., Sutherland J. The Scrum Guide. – 2020.
4. Beck K. Agile Manifesto. – 2001.
5. Kerzner H. Project Management: A Systems Approach. – Wiley, 2017.

УДК: 004.9:005.57

РАЗРАБОТКА И ВНЕДРЕНИЕ CRM-СИСТЕМЫ ДЛЯ УЛУЧШЕНИЯ УПРАВЛЕНИЯ КЛИЕНТСКИМИ ПОТОКАМИ И ПЕРСОНАЛИЗАЦИИ УСЛУГ

Тулегенов А.Б.
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан
e-mail: aslan.tulegenov@yu.edu.kz

Аннотация. В статье рассматривается процесс разработки и внедрения системы управления взаимоотношениями с клиентами (CRM) в сфере услуг. Обоснована

необходимость цифровизации взаимодействия с клиентами и внедрения инструментов для повышения уровня персонализации обслуживания. Предложена модель реализации проекта, ориентированная на повышение эффективности работы, улучшение сервисов и создание долгосрочных отношений с клиентами. Показано, что системный подход к реализации снижает организационные риски и позволяет достигать поставленных целей.

Ключевые слова: CRM, управление клиентами, цифровизация, управление проектами, персонализация, клиентские потоки, эффективность.

Современные бизнес-структуры сталкиваются с высокой конкуренцией и быстрыми изменениями цифровой среды. В таких условиях особое значение приобретает оптимизация работы с клиентами, что способствует повышению качества сервиса, удержанию клиентов и укреплению позиций на рынке.

Традиционные методы ведения базы клиентов, основанные на разрозненных данных и ручных операциях, уже не обеспечивают достаточной прозрачности и управляемости процессами. Это усложняет маркетинговую работу, затрудняет анализ поведения потребителей и препятствует внедрению персонализированных решений. Одним из решений данных задач является внедрение CRM-системы — централизованного инструмента для хранения данных, автоматизации процессов и аналитической поддержки управленческих решений. Цель исследования — разработать системный подход к внедрению CRM, способствующий повышению эффективности работы с клиентской базой и персонализации услуг.

CRM (Customer Relationship Management) — это комплекс программных и организационных решений, предназначенных для системного взаимодействия с клиентами на всех этапах их взаимодействия с компанией.

В научной литературе управление взаимоотношениями с клиентами определяется как стратегия, нацеленная на:

- привлечение новых потребителей;
- удержание существующих клиентов;
- повышение уровня удовлетворенности и лояльности;
- увеличение коммерческой ценности клиента для бизнеса.

Эффективное управление клиентским потоком предполагает сегментацию базы, анализ частоты взаимодействий, выбор оптимальных каналов коммуникации и прогнозирование будущих потребностей. Внедрение CRM обеспечивает автоматизацию этих процессов и интеграцию маркетинга, сервиса и аналитики. Создание проекта внедрения CRM подразумевает системное и процессное планирование. Он состоит из следующих ключевых этапов:

1. Предварительный разбор и анализ. Здесь выполняется:
   - аудит текущих процессов взаимодействия с потребителями
   - исследование используемых систем и инфраструктуры
   - выявление проблемных областей
   - формулирование целей и KPI для оценки успеха проекта
2. Проектирование системы.На этом этапе:
   - объявляются функциональные требования
   - выбирается программная платформа
   - разрабатывается архитектура интеграции с существующими системами
   - формируется модель клиентских данных и настройка механизмов персонализации на основе сегментации
3. Внедрение и настройка. Этот этап включает:

- установку и запуск программного обеспечения
- настройку бизнес-процессов
- перенос и структурирование базы данных
- обучение сотрудников работе с системой

4. Тестирование и оценка. Проводится контроль работы системы, сбор отзывов пользователей и анализ результатов по показателям:

- сокращение времени обработки запросов
- увеличение повторных обращений
- рост уровня удовлетворенности клиентов
- увеличение объема продаж

Итоги и управленческие преимущества. Реализация CRM-решения обеспечивает:

- централизованное хранение данных и устранение дублирующихся записей
- повышение прозрачности клиентских потоков
- автоматизацию обработки запросов и взаимодействий
- создание аналитической платформы для стратегического планирования
- внедрение инструментов персонализации, в том числе анализ истории взаимодействий и предпочтений пользователей

Это способствует укреплению клиентской лояльности и снижению зависимости от отдельных сотрудников.

Управление рисками и минимизация ошибок. Риски внедрения CRM включают:

- сопротивление сотрудников
- неправильное формулирование целей проекта
- недостаточную интеграцию с другими системами
- низкое качество данных

Их минимизация реализуется за счет поэтапного внедрения, активного вовлечения персонала, обучения и регулярного мониторинга эффективности. Внедрение CRM — стратегический шаг цифровой трансформации предприятия. Подход, основанный на системном проектировании и пошаговой реализации, позволяет добиться повышения операционной эффективности, улучшения клиентского сервиса и укрепления конкурентных позиций на рынке.

Результатом становится не только повышение прибыли, но и создание устойчивой модели персонализированного обслуживания, способной адаптироваться к изменяющимся условиям.

Литература:

1. Buttle F., Maklan S. Customer Relationship Management: Concepts and Technologies. Routledge, 2019.
2. Payne A., Frow P. Strategic Customer Management. Cambridge University Press, 2017.
3. Kumar V., Reinartz W. Customer Relationship Management: Strategy and Implementation. Springer, 2018.
4. Peppers D., Rogers M. Managing Customer Experience and Relationships. Wiley, 2017.
5. Laudon K., Laudon J. Management Information Systems. Pearson, 2020.

ӘОЖ 005.51:005.334:004.6

DATA-DRIVEN ТӘСІЛДЕР НЕГІЗІНДЕ БАСҚАРУ ШЕШІМДЕРІН ҚАБЫЛДАУДА ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Алдонгарова А. К.
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к. Еркулова Г.С.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
Email: akmaral100802@gmail.com

Андатпа: Бұл мақалада басқару шешімдерін қабылдау процесінде тәуекелдерді басқарудың заманауи тәсілдері, атап айтқанда data-driven менеджменті негізінде талданады. Зерттеу барысында ұйымдарда деректерге негізделген шешім қабылдау жүйелерінің рөлі, олардың тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқарудағы тиімділігі қарастырылады. Сонымен қатар, жасанды интеллект, Big Data және Decision Support Systems (DSS) құралдарын қолдану арқылы тәуекелдерді басқару сапасын арттыру мүмкіндіктері зерттеледі. Нәтижесінде, цифрлық трансформация жағдайында тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған моделін енгізу ұсынылады.

Түйінді сөздер: тәуекелдерді басқару, басқарушылық шешімдер, data-driven менеджмент, Big Data, жасанды интеллект, DSS

Қазіргі жаһандық экономика жағдайында ұйымдардың қызметі жоғары белгісіздік деңгейімен, күрделі және динамикалық сыртқы ортамен, сондай-ақ цифрлық трансформацияның жеделдеуімен сипатталады. Мұндай жағдайда басқару шешімдерін қабылдау процесі тек тәжірибеге немесе интуицияға сүйенумен шектелмей, объективті деректерге негізделуі қажет. Әсіресе қаржы секторында, оның ішінде коммерциялық банктерде, тәуекелдердің әртүрлілігі мен өзара байланысы басқарушылық шешімдердің сапасына тікелей әсер етеді. Осыған байланысты тәуекелдерді басқарудың дәстүрлі тәсілдері жеткіліксіз болып, олардың орнына data-driven тәсілдер кеңінен енгізілуде. Data-driven менеджмент басқару шешімдерін қабылдауда деректерді жүйелі түрде жинау, өңдеу, талдау және интерпретациялау арқылы жүзеге асырылады. Бұл тәсіл ұйымдарға тек өткен көрсеткіштерді талдауға ғана емес, сонымен қатар болашақтағы тәуекелдерді болжауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде басқару шешімдерінің дәлдігі артып, тәуекелдердің ықтимал салдарын азайту мүмкіндігі пайда болады. Қазіргі кезеңде бұл тәсіл стратегиялық басқарудың негізгі элементтерінің біріне айналып отыр. Тәуекелдерді басқару ұйым қызметіндегі белгісіздіктерді анықтау, бағалау және бақылау процесі ретінде қарастырылады. Кез келген басқарушылық шешім белгілі бір деңгейде тәуекелмен байланысты, сондықтан тәуекелдерді басқару жүйесі шешім қабылдау процесінің ажырамас бөлігі болуы тиіс. Әсіресе қаржы ұйымдарында тәуекелдерді дұрыс бағаламау елеулі қаржылық шығындарға және ұйымның тұрақсыздығына әкелуі мүмкін. Осы тұрғыда тәуекелдерді басқару тек қорғаныс механизмі емес, сонымен қатар тиімді басқарудың стратегиялық құралы болып табылады. Банк секторында тәуекелдерді басқару жүйесі көпқырлы құрылымға ие және ол несиелік, нарықтық, операциялық және өтімділік тәуекелдерін қамтиды. Әрбір тәуекел түрі басқару шешімдерінің белгілі бір аспектілеріне әсер етеді. Мысалы, несиелік тәуекелді бағалау қарыз алушыларға несие беру туралы шешім қабылдауда маңызды рөл атқарады. Нарықтық тәуекелдер инвестициялық саясатты қалыптастыруға әсер етсе, операциялық тәуекелдер ішкі процестердің тиімділігімен байланысты. ForteBank тәжірибесін талдау көрсеткендей, соңғы

жылдары банк қызметінде цифрлық трансформация қарқынды түрде жүзеге асырылуда және бұл тәуекелдерді басқару жүйесіне де айтарлықтай әсер етуде. Банк деректерді жинау және өңдеу процестерін автоматтандыру арқылы басқару шешімдерін қабылдаудың сапасын арттыруға бағытталған. Мысалы, клиенттердің төлем қабілеттілігін бағалау кезінде дәстүрлі қаржылық көрсеткіштермен қатар транзакциялық деректер, клиенттің мінез-құлқы, цифрлық іздері және басқа да баламалы деректер көздері пайдаланылады. Бұл тәуекелдерді бағалаудың дәлдігін арттырып, шешім қабылдаудың сапасын жақсартады.

Data-driven тәсілдерді қолдану тәуекелдерді басқарудың реактивті моделінен проактивті моделіне көшуге мүмкіндік береді. Дәстүрлі тәсілдерде тәуекелдер көбінесе орын алғаннан кейін ғана талданса, data-driven тәсілдер тәуекелдердің пайда болу ықтималдығын алдын ала анықтауға мүмкіндік береді. Бұл үшін болжамдық аналитика құралдары, машиналық оқыту алгоритмдері және статистикалық модельдер қолданылады. Мысалы, несиелік тәуекелдерді бағалауда скорингтік модельдер клиенттің дефолт ықтималдығын алдын ала есептеп, банкке тәуекел деңгейіне сәйкес шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, деректерге негізделген тәсілдер тәуекелдерді басқару процесінің барлық кезеңдерін қамтиды. Тәуекелдерді анықтау кезеңінде үлкен көлемдегі деректерді талдау арқылы жасырын тәуекелдерді анықтауға болады. Тәуекелдерді бағалау кезеңінде аналитикалық модельдер тәуекелдердің ықтималдығы мен әсерін нақты есептеуге мүмкіндік береді. Тәуекелдерді басқару кезеңінде автоматтандырылған жүйелер тәуекелдерді азайту бойынша тиімді шараларды ұсынады. Ал мониторинг кезеңінде тәуекелдердің динамикасы нақты уақыт режимінде бақыланады. Decision Support Systems (шешім қабылдауды қолдау жүйелері) data-driven тәсілдердің маңызды элементі болып табылады. Бұл жүйелер басқарушыларға күрделі ақпаратты өңдеуге және талдауға көмектеседі. ForteBank тәжірибесінде мұндай жүйелер тәуекелдерді бағалау және мониторинг жасау барысында қолданылады. Олар тәуекел көрсеткіштерін визуализациялау арқылы басқарушыларға нақты жағдайды жылдам бағалауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде шешім қабылдау процесі жеделдейді және оның сапасы артады.

Data-driven тәсілдердің тағы бір маңызды артықшылығы – тәуекелдерді басқарудағы адами фактордың әсерін азайту. Дәстүрлі тәсілдерде шешім қабылдау көбінесе менеджерлердің тәжірибесіне және субъективті бағалауына байланысты болса, деректерге негізделген тәсілдер объективті ақпаратқа сүйенеді. Бұл қателіктердің ықтималдығын төмендетеді және шешім қабылдаудың тиімділігін арттырады. Сонымен қатар, автоматтандырылған жүйелер уақытты үнемдеуге және операциялық процестердің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Алайда data-driven тәсілдерді енгізу бірқатар қиындықтармен байланысты. Біріншіден, деректердің сапасы мен толықтығы маңызды рөл атқарады. Егер деректер толық емес немесе қате болса, онда қабылданатын шешімдердің сапасы да төмендейді. Екіншіден, ақпараттық қауіпсіздік мәселелері ерекше маңызға ие, себебі қаржы ұйымдары үшін деректердің құпиялылығы аса маңызды. Үшіншіден, мұндай жүйелерді тиімді пайдалану үшін жоғары білікті мамандар қажет. Бұл өз кезегінде кадрлық саясатты жетілдіруді талап етеді.

ForteBank мысалында data-driven тәсілдерді қолдану банк қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік бергенін байқауға болады. Мысалы, несие портфелін басқаруда деректерді талдау арқылы тәуекел деңгейі жоғары клиенттер анықталып, олар бойынша алдын алу шаралары қабылданады. Сонымен қатар, тәуекелдерді бағалау жүйесін жетілдіру арқылы проблемалық несиелердің үлесін азайтуға мүмкіндік бар. Бұл өз кезегінде банктің қаржылық тұрақтылығын арттырады. Data-driven тәсілдер стратегиялық басқаруда да маңызды рөл атқарады. Ұйымдар деректерді талдау арқылы нарықтағы өзгерістерді болжай алады және соған сәйкес өз стратегияларын түзетеді. Бұл тәуекелдерді азайтуға және жаңа

мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, деректерге негізделген басқару тәсілдері ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Цифрлық технологиялардың дамуы тәуекелдерді басқару жүйесін жаңа деңгейге көтеруде. Big Data технологиялары үлкен көлемдегі деректерді өңдеуге мүмкіндік береді, ал жасанды интеллект тәуекелдерді болжау және автоматтандырылған шешім қабылдау процесін қамтамасыз етеді. Бұл технологиялар тәуекелдерді басқарудың тиімділігін арттырып, басқару шешімдерінің сапасын жақсартады.

Сонымен қатар, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру үшін ұйымдарда деректерді басқару мәдениетін қалыптастыру қажет. Бұл қызметкерлердің деректерді дұрыс пайдалану дағдыларын дамыту, аналитикалық құралдарды тиімді қолдану және ақпараттық жүйелерді жетілдіруді қамтиды. Мұндай шаралар data-driven тәсілдердің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, data-driven тәсілдер негізінде тәуекелдерді басқару басқару шешімдерінің сапасын арттырудың маңызды құралы болып табылады. Бұл тәсіл ұйымдарға тәуекелдерді алдын ала анықтауға, олардың ықтимал салдарын азайтуға және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. ForteBank тәжірибесі көрсеткендей, цифрлық технологияларды және деректерді талдау құралдарын енгізу тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдірудің тиімді жолы болып табылады.

Қорытындылай келе, қазіргі цифрлық экономика жағдайында басқару шешімдерін қабылдау процесінде data-driven тәсілдерді қолдану қажеттілікке айналып отыр. Бұл тәсілдер ұйымдардың тұрақтылығын қамтамасыз етуге, тәуекелдерді тиімді басқаруға және ұзақ мерзімді дамуына оң әсер етеді. Сондықтан ұйымдар деректерге негізделген басқару жүйелерін енгізуге және оларды жетілдіруге ерекше назар аударуы тиіс.

Әдебиеттер:

1. International Organization for Standardization (ISO) (2023). Risk Management – Updated Guidelines and Practices. Geneva: ISO.
2. McKinsey & Company (2024). The State of Data-Driven Organizations 2024. McKinsey Global Institute.
3. Deloitte (2023). Global Risk Management Survey: Financial Services Industry. Deloitte Insights.
4. PwC (2024). Risk Perspectives in Financial Institutions. PricewaterhouseCoopers.
5. KPMG (2023). Digital Transformation and Risk in Banking. KPMG International.
6. IBM (2024). AI-Powered Risk Management in Banking. IBM Institute for Business Value.
7. Microsoft (2023). Data Strategy and Digital Transformation Trends. Microsoft Research.
8. Oracle (2024). Data-Driven Decision-Making in Financial Services. Oracle White Paper.
9. Accenture (2023). Banking on Data: Transforming Risk Management. Accenture Reports.
10. World Economic Forum (2024). Global Risks Report 2024. Geneva.
11. ForteBank (2024). Annual Report. Almaty: ForteBank.
12. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (2024). Қаржы нарығының жай-күйі туралы есеп. Алматы.
13. Asian Development Bank (2023). Digital Finance and Risk Management in Emerging Markets. ADB.

ӘОЖ: 331.4

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ БИЗНЕС-АНАЛИТИКА ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК

БОЛЖАУ ЖҮЙЕЛЕРІНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ ӘДІСТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Сабырбайқызы С.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі цифрлық экономика жағдайында ұйымдардың тиімді жұмыс істеуі деректерді талдау және болжау жүйелерінің сапасына тікелей байланысты. Осыған байланысты жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын бизнес-аналитика мен корпоративтік болжау процестеріне енгізу өзекті мәселеге айналуда. Бұл мақалада жасанды интеллекттің бизнес-аналитикадағы рөлі, оны корпоративтік болжау жүйелеріне интеграциялау әдістері және олардың ұйымдардың стратегиялық шешім қабылдауындағы тиімділігі қарастырылады.

Зерттеу барысында машиналық оқыту, нейрондық желілер, үлкен деректерді талдау және интеллектуалды аналитикалық платформалар сияқты әдістер талданды. Нәтижесінде жасанды интеллект негізіндегі аналитикалық модельдер дәстүрлі талдау әдістеріне қарағанда болжаудың дәлдігін арттырып, басқарушылық шешімдердің тиімділігін жақсартатыны анықталды.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, бизнес-аналитика, корпоративтік болжау, машиналық оқыту, үлкен деректер, цифрлық трансформация.

Цифрландыру дәуірінде ұйымдар күн сайын үлкен көлемдегі деректермен жұмыс істейді. Бұл деректерді тиімді пайдалану компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды факторы болып табылады. Бизнес-аналитика ұйымдарға нарықтағы өзгерістерді талдауға, клиенттердің мінез-құлқын түсінуге және стратегиялық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары жасанды интеллект технологиялары бизнес-процестерді автоматтандыру және деректерді интеллектуалды өңдеу құралдары ретінде кеңінен қолданылып келеді. Әсіресе корпоративтік болжау жүйелерінде жасанды интеллекттің рөлі ерекше.

ЖИ негізіндегі модельдер тарихи деректерді талдап, болашақтағы үрдістерді дәл болжауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты жасанды интеллектті бизнес-аналитика және корпоративтік болжау жүйелеріне интеграциялау әдістерін зерттеу ғылыми және практикалық тұрғыдан маңызды болып табылады.

Ғалымдардың көптеген зерттеулерінде жасанды интеллекттің бизнес-аналитикадағы мүмкіндіктері қарастырылған.

Thomas Davenport және Jeanne Harris өз еңбектерінде аналитика ұйымдардың стратегиялық артықшылығының негізгі факторы екенін атап өтеді. Олар деректерге негізделген басқару жүйесі компаниялардың тиімділігін арттыратынын дәлелдеген.

Erik Brynjolfsson және Andrew McAfee цифрлық экономика жағдайында жасанды интеллекттің бизнес-модельдерді түбегейлі өзгертіп жатқанын көрсетеді.

Қазақстандық және шетелдік зерттеулерде машиналық оқыту алгоритмдерін қолдану қаржылық талдау, нарықты болжау және тәуекелдерді басқару жүйелерінде кеңінен қолданылып жатқаны айтылады [1].

Зерттеу барысында мынадай ғылыми әдістер қолданылды:

-ғылыми әдебиеттерді талдау;

-салыстырмалы талдау;

-деректерді модельдеу;

-машиналық оқыту әдістерін талдау.

Сонымен қатар бизнес-аналитика жүйелерінде қолданылатын жасанды интеллект технологияларының тиімділігі қарастырылды.

Жасанды интеллектті бизнес-аналитикаға интеграциялау әдістері мыналар:

Машиналық оқыту (Machine Learning) әдістері. Машиналық оқыту – жасанды интеллекттің негізгі бағыттарының бірі. Ол деректерден заңдылықтарды автоматты түрде анықтап, болжау модельдерін құруға мүмкіндік береді.

Бұл әдіс келесі бағыттарда қолданылады:

-сұранысты болжау

-клиенттердің мінез-құлқын талдау

-нарықтық трендтерді анықтау

Жасанды интеллектті бизнес-аналитикаға интеграциялау әдістері – ұйымдардың деректерді талдау мүмкіндіктерін кеңейтіп, шешім қабылдау процесін автоматтандыруға мүмкіндік беретін заманауи технологиялық тәсілдер жиынтығы. Бұл әдістер үлкен көлемдегі деректерді өңдеуге, заңдылықтарды анықтауға және болашақ үрдістерді болжауға көмектеседі.

Машиналық оқыту бизнес-аналитикада келесі міндеттерді шешуге қолданылады:

-сату көлемін болжау;

-клиенттердің мінез-құлқын талдау;

-нарықтық трендтерді анықтау;

-тәуекелдерді бағалау.

Мысалы, компаниялар өткен жылдардағы сатылым деректерін талдау арқылы болашақтағы сұранысты болжай алады.

Бақыланатын оқыту (Supervised Learning).Бұл әдісте модель алдын ала белгіленген (таңбаланған) деректер арқылы үйретіледі. Яғни деректерде кіріс мәліметтері және дұрыс жауаптар болады.Бұл мынадай міндеттерді шешуге қолданылады:

-классификация (мысалы, клиенттің сатып алу ықтималдығын анықтау);

-регрессия (сату көлемін немесе табысты болжау).

Алгоритмдер мысалы:

-сызықтық регрессия

-логистикалық регрессия

-шешім ағаштары (Decision Tree)

-Random Forest

-Support Vector Machine

Бақыланбайтын оқыту (Unsupervised Learning).Бұл әдісте деректер алдын ала белгіленбейді. Алгоритм деректердегі жасырын құрылымдарды немесе топтарды өздігінен анықтайды [2].

Көбінесе мына мақсаттарда қолданылады:

-клиенттерді сегментациялау

-нарықтық трендтерді анықтау

-деректер құрылымын талдау.

Негізгі алгоритмдер:

-кластерлеу (K-means)

-иерархиялық кластерлеу

-ассоциациялық ережелер.

Жартылай бақыланатын оқыту (Semi-supervised Learning).Бұл әдіс бақыланатын және бақыланбайтын оқытудың комбинациясы болып табылады. Деректердің бір бөлігі ғана таңбаланған болады.

Бұл тәсіл үлкен көлемдегі деректермен жұмыс істеуде тиімді және деректерді белгілеу

қиын болған жағдайларда қолданылады.

Күшейту арқылы оқыту (Reinforcement Learning).Бұл әдісте алгоритм әрекеттер жасап, нәтижесіне қарай «сыйақы» немесе «жаза» алады. Осылайша модель ең тиімді әрекеттерді үйренеді.

Бұл әдіс көбінесе:робототехникада,автоматтандырылған басқару жүйелерінде,ойын стратегияларын модельдеуде қолданылады.

Машиналық оқытудың бизнес-аналитикадағы қолданылуы.

Машиналық оқыту бизнес саласында келесі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- тұтынушылардың мінез-құлқын талдау
- сату көлемін болжау
- маркетингтік стратегияларды оңтайландыру
- алаяқтық әрекеттерді анықтау
- тәуекелдерді басқару.

Машиналық оқыту әдістері үлкен көлемдегі деректерді тиімді талдауға мүмкіндік береді. Бұл технологиялар бизнес-аналитика, қаржы, маркетинг және басқару салаларында кеңінен қолданылып, ұйымдардың стратегиялық шешім қабылдау процесін жақсартады.

Нейрондық желілер.Нейрондық желілер күрделі деректер құрылымдарын өңдеуге мүмкіндік береді. Олар көбінесе:,қаржылық болжауда,сату көлемін талдауда,тәуекелдерді бағалауда қолданылады. Нейрондық желілерді қолдану.Нейрондық желілер күрделі деректерді өңдеуге арналған жасанды интеллект алгоритмдері болып табылады. Олар адам миының жұмыс істеу принципіне негізделген.

Бұл әдіс көбінесе: қаржылық талдауда;тұтынушылардың мінез-құлқын болжауда;маркетингтік аналитикада қолданылады.Нейрондық желілер үлкен деректер жиынтығынан жасырын байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді.

Үлкен деректер аналитикасы (Big Data Analytics).Big Data технологиялары ұйымдарға үлкен көлемдегі құрылымдалған және құрылымдалмаған деректерді талдауға мүмкіндік береді. Бұл технологиялар: тұтынушылардың мінез-құлқын болжау,нарықтағы өзгерістерді талдау ,стратегиялық жоспарлау процесін жетілдіру үшін пайдаланылады. Қазіргі компаниялар үлкен көлемдегі құрылымдалған және құрылымдалмаған деректерді жинайды. Big Data технологиялары осы деректерді өңдеп, маңызды ақпаратты анықтауға мүмкіндік береді [3].

Бұл әдіс келесі бағыттарда қолданылады: тұтынушылардың қажеттіліктерін анықтау; нарықтағы өзгерістерді талдау; бизнес-процестерді оңтайландыру. Интеллектуалды аналитикалық платформалар және оларды қолдану. Қазіргі уақытта көптеген компаниялар жасанды интеллект негізіндегі аналитикалық платформаларды пайдаланады.Мысалы: Power BI,Tableau,SAP Analytics Cloud. Бұл платформалар деректерді автоматты түрде талдап, визуализация жасап, басқарушыларға тиімді шешім қабылдауға көмектеседі.

Табиғи тілдерді өңдеу (NLP).Табиғи тілдерді өңдеу технологиясы мәтіндік деректерді талдауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс: клиенттердің пікірлерін талдау; әлеуметтік желілердегі ақпаратты зерттеу; чат-боттар арқылы тұтынушылармен жұмыс істеу үшін қолданылады.

Мысалы, компаниялар клиенттердің пікірлерін талдау арқылы өнім сапасын жақсарта алады. Болжамдық аналитика (Predictive Analytics).Болжамдық аналитика жасанды интеллект пен статистикалық әдістерді біріктіріп, болашақтағы үрдістерді анықтайды.

Бұл әдіс: сұранысты болжау; қаржылық нәтижелерді алдын ала анықтау; тәуекелдерді басқару үшін қолданылады. Корпоративтік болжауда жасанды интеллектті қолдану. Корпоративтік болжау компанияның болашақтағы даму стратегиясын жоспарлауда маңызды рөл атқарады.

Жасанды интеллект бұл процесті бірнеше бағытта жетілдіреді:

1. Сату көлемін болжау
2. Нарықтық тәуекелдерді анықтау
3. Қаржылық нәтижелерді болжау
4. Операциялық тиімділікті арттыру

Жасанды интеллект негізіндегі болжау модельдері деректердің үлкен көлемін талдап, болашақтағы үрдістерді жоғары дәлдікпен анықтай алады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей:жасанды интеллект негізіндегі аналитикалық модельдер дәстүрлі статистикалық әдістерге қарағанда дәл нәтиже береді;компаниялар стратегиялық шешімдерді тезірек қабылдай алады;деректерді өңдеу уақыты айтарлықтай қысқарады. Сонымен қатар жасанды интеллектті енгізу белгілі бір қиындықтарды да тудырады:деректер сапасының төмендігі;мамандардың жетіспеушілігі; технологиялық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі. Жасанды интеллектті бизнес-аналитика және корпоративтік болжау жүйелеріне интеграциялау ұйымдардың тиімділігін арттырудың маңызды құралы болып табылады.

ЖИ технологиялары деректерді терең талдауға, болашақтағы үрдістерді дәл болжауға және стратегиялық шешім қабылдау процесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Болашақта жасанды интеллектті дамыту ұйымдардың цифрлық трансформациясын жеделдетіп, бизнес-аналитиканың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Жасанды интеллектті бизнес-аналитикаға интеграциялау ұйымдардың деректерді тиімді пайдалануына мүмкіндік береді. Машиналық оқыту, нейрондық желілер, үлкен деректер аналитикасы және болжамдық модельдер арқылы компаниялар нарықтағы өзгерістерді жылдам анықтап, стратегиялық шешімдерді дәл қабылдай алады. Жасанды интеллект технологияларын енгізу ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, бизнес-процестердің тиімділігін жақсартады [4].

Машиналық оқыту (Machine Learning) әдістері – жасанды интеллекттің маңызды бағыты болып табылады. Ол компьютерлік жүйелерге үлкен көлемдегі деректерді талдау арқылы заңдылықтарды анықтауға және болашақтағы нәтижелерді болжауға мүмкіндік береді. Машиналық оқыту алгоритмдері нақты бағдарламаланбай-ақ, деректер негізінде өздігінен үйренеді.

Әдебиеттер

1. Хасти Тревор, Тибришани Роберт, Фридман Джером. "Элементы статистического обучения: Введение в интеллектуальный анализ данных". Москва: МЦНМО, 2020.
2. Бишоп, К. М. "Распознавание образов и машинное обучение". Москва: Питер, 2019.
3. Мерфи, К. П. Machine Learning: A Probabilistic Perspective. MIT Press, 2014.
4. Алпайдин, Э. "Введение в машинное обучение". Москва: ДМК Пресс, 2021.

УДК 005:336:004

ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ И DATA-DRIVEN МЕНЕДЖМЕНТ В СИСТЕМЕ ФИНАНСОВОГО УПРАВЛЕНИЯ КОМПАНИЙ

Талауов А.А., магистрант ОП Финансовый менеджмент
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан

Аннотация. В статье исследуется концепция data-driven менеджмента в контексте финансовой функции организации: рассматриваются теоретические основы цифровизации финансового управления, ключевые технологии — большие данные, искусственный

интеллект, машинное обучение, предиктивная аналитика — и их практическое применение в финансовом планировании, бюджетировании, управлении рисками и контроллинге. Особое внимание уделяется трансформации роли финансового директора и CFO-функции в условиях перехода от реактивного к проактивному управлению на основе данных. Анализируются барьеры внедрения цифровых инструментов в финансовых подразделениях компаний, включая дефицит цифровых компетенций, проблемы качества данных и организационного сопротивления.

Ключевые слова: цифровая трансформация, data-driven менеджмент, финансовое управление, большие данные, предиктивная аналитика, искусственный интеллект в финансах, бизнес-аналитика, финансовый контроллинг, CFO-функция, цифровая экономика.

В последние годы цифровая трансформация стала ключевым фактором развития компаний, независимо от отрасли их деятельности. Особенно заметно её влияние в сфере финансового управления, где традиционные подходы постепенно уступают место новым моделям, основанным на данных. Data-driven менеджмент формирует качественно иной уровень принятия решений, при котором управленческие процессы строятся не на интуиции, а на объективной аналитике и цифровых инструментах. Финансовое управление в современных условиях невозможно рассматривать отдельно от цифровых технологий. Компании активно внедряют автоматизированные системы учёта, аналитические платформы и инструменты обработки больших данных. Это позволяет значительно повысить точность финансового планирования, сократить временные затраты и минимизировать влияние человеческого фактора. В результате финансовые процессы становятся более прозрачными, управляемыми и предсказуемыми. Одним из ключевых элементов цифровой трансформации является переход к data-driven модели управления. Суть данного подхода заключается в том, что все управленческие решения принимаются на основе анализа данных. Это касается не только стратегических решений, но и ежедневных операций: бюджетирования, контроля затрат, оценки эффективности и управления рисками. Использование данных позволяет выявлять скрытые закономерности, прогнозировать изменения и оперативно реагировать на внешние и внутренние вызовы.

Внедрение data-driven подхода требует перестройки всей системы управления. Компании должны формировать единую информационную среду, в которой данные собираются, обрабатываются и используются в режиме реального времени. Важную роль здесь играют ERP-системы, BI-платформы и инструменты аналитики, позволяющие визуализировать финансовые показатели и отслеживать их динамику. Руководство получает возможность принимать решения на основе актуальной информации, что значительно повышает их качество.




Рисунок 1. Динамика внедрения data-driven управления

Цифровая трансформация оказывает прямое влияние на эффективность финансовой деятельности. Компании, использующие аналитические инструменты, демонстрируют более высокие показатели рентабельности, лучше управляют денежными потоками и быстрее адаптируются к изменениям рынка. Это связано с тем, что данные позволяют выявлять проблемные зоны и принимать меры до возникновения серьёзных финансовых последствий. Отдельного внимания заслуживает использование технологий искусственного интеллекта в рамках data-driven менеджмента. Алгоритмы машинного обучения способны анализировать большие объёмы информации, прогнозировать финансовые показатели и оценивать риски. Это особенно важно в условиях нестабильной экономической среды, когда скорость и точность принятия решений играют ключевую роль. ИИ активно применяется в таких направлениях, как кредитный анализ, управление рисками, прогнозирование спроса и оптимизация затрат. Его использование позволяет не только повысить эффективность, но и снизить уровень неопределённости. Однако при этом возрастает зависимость компаний от цифровых систем, что требует особого внимания к вопросам безопасности.




Рисунок 2. Рост использования искусственного интеллекта в финансовом управлении

Переход к data-driven управлению сопровождается изменением роли финансовых специалистов. Они становятся не просто исполнителями, а аналитиками, способными интерпретировать данные и формировать рекомендации для руководства. Это требует новых компетенций, связанных с анализом данных, цифровыми инструментами и пониманием бизнес-процессов. Важным аспектом является также интеграция data-driven подхода с системой управления рисками. Использование аналитики позволяет заранее выявлять потенциальные угрозы и разрабатывать меры по их минимизации. Это особенно актуально в условиях глобализации, когда финансовые риски становятся более сложными и многогранными.

Таблица 1. Сравнение традиционного и data-driven управления

Параметр	**Традиционный подход**	**Data-driven подход**
Принятие решений	На основе опыта	На основе данных
Скорость анализа	Низкая	Высокая
Точность прогнозов	Средняя	Высокая
Риски	Высокие	Сниженные
Гибкость	Ограниченная	Высокая

Цифровая трансформация тесно связана с вопросами безопасности. Увеличение объёма данных и их активное использование создают дополнительные риски, связанные с киберугрозами и утечками информации. Поэтому компании должны внедрять системы защиты данных, обеспечивать контроль доступа и развивать внутренние механизмы безопасности.

Глобальные тенденции показывают, что data-driven менеджмент становится стандартом для успешных компаний. Организации, игнорирующие этот подход, теряют конкурентные преимущества и сталкиваются с трудностями в управлении ресурсами. Напротив, компании, активно использующие данные, получают возможность более эффективно планировать свою деятельность и достигать устойчивых результатов.




Рисунок 3. Влияние data-driven подхода на финансовую эффективность

Особое значение data-driven управление приобретает в контексте цифровой экономики

Казахстана. Государственная политика направлена на развитие цифровых технологий, что создаёт благоприятные условия для внедрения инновационных решений в бизнесе. Компании получают доступ к современным инструментам и могут интегрировать их в свою деятельность. Развитие data-driven менеджмента способствует повышению прозрачности финансовых операций, улучшению качества отчётности и укреплению доверия со стороны инвесторов. Это особенно важно для банковского сектора, где точность и надёжность данных имеют критическое значение. В перспективе можно ожидать дальнейшего роста роли данных в управлении компаниями. Data-driven подход будет дополняться новыми технологиями, включая искусственный интеллект, блокчейн и автоматизацию. Это приведёт к формированию более гибких и устойчивых моделей управления, способных эффективно функционировать в условиях неопределённости.

Значение цифровой трансформации выходит за рамки отдельных компаний и влияет на экономику в целом. Повышение эффективности управления, снижение издержек и рост прозрачности способствуют развитию конкурентной среды и улучшению инвестиционного климата.

Литература:

1. Иванов Иван Иванович Управление финансовой деятельностью предприятия. – Москва: Финансы и статистика, 2021. – 320 с.
2. Ковалев Валерий Викторович Финансовый менеджмент: теория и практика. – Москва: Проспект, 2020. – 512 с.
3. Бланк Игорь Александрович Управление финансовыми ресурсами предприятия. – Киев: Ника-Центр, 2019. – 768 с.
4. Лукас Джордж Digital Transformation and Financial Management. – New York: McGraw-Hill, 2022. – 410 p.
5. McKinsey & Company The Age of Analytics: Competing in a Data-Driven World. – 2021.
6. Deloitte Digital Finance Transformation Report. – 2022.
7. PwC Data-driven decision making in modern business. – 2023.
8. Национальный банк Республики Казахстан Годовой отчёт. – 2023.
9. Министерство цифрового развития Республики Казахстан Программа «Цифровой Казахстан». – 2022.
10. World Bank Digital Economy Report. – 2022.
11. OECD Data-Driven Innovation Report. – 2021.
12. Harvard Business Review Competing on Analytics. – 2020.

ӘОЖ: 35:004.9

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ ЖҮЙЕСІНІҢ АШЫҚТЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Жұмақан Е.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
jumahanesbolat@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада электрондық үкімет жүйесінің мемлекеттік басқарудағы ашықтықты қамтамасыз етудегі рөлі мен маңызы жан-жақты қарастырылады. Қазіргі таңда

цифрландыру мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырып, қоғам мен билік арасындағы байланысты нығайтуда. Электрондық үкімет арқылы мемлекеттік қызметтерді онлайн форматта ұсыну, ашық деректерді жариялау және ақпараттық жүйелерді дамыту ашықтықты қамтамасыз етудің негізгі құралдары болып табылады. Зерттеу барысында электрондық үкіметтің артықшылықтары, Қазақстандағы және шетелдегі тәжірибелер талданады.

Түйін сөздер: электрондық үкімет, ашықтық, цифрландыру, мемлекеттік басқару, eGov, ақпараттық жүйе

Сыбайлас жемқорлық пен жабық басқару жүйесі кез келген мемлекеттің дамуына кері әсер етеді. Осы мәселелерді шешуде электрондық үкімет маңызды құралға айналды. Электрондық үкімет – бұл мемлекеттік қызметтерді цифрлық форматта ұсыну арқылы халыққа қолжетімділікті арттыруға бағытталған жүйе. Ол басқару процестерінің ашықтығын қамтамасыз етіп, азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттырады.

Зерттеудің мақсаты – электрондық үкімет жүйесінің ашықтықты қамтамасыз етудегі рөлін анықтау. Электрондық үкімет – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы мемлекеттік қызметтерді ұсыну жүйесі. Бұл жүйе бюрократияны азайтып, қызмет көрсету сапасын арттырады.

Электрондық үкімет азаматтарға мемлекеттік ақпаратқа еркін қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл шешім қабылдау процестерінің айқындығын арттырады және қоғам тарапынан бақылауды күшейтеді.

Қазақстанда eGov.kz порталы арқылы көптеген мемлекеттік қызметтер онлайн форматта ұсынылады. Бұл қызметтер халыққа ыңғайлы және уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында цифрландыру қарқынды дамуда.

Эстония электрондық үкіметті толық енгізген елдердің бірі болып табылады. Сингапур да цифрлық басқару арқылы жоғары ашықтық деңгейіне қол жеткізген.

Артықшылықтары:
- ашықтықтың артуы
- қызмет көрсету жылдамдығы
- адам факторының азаюы

Мәселелері:
- киберқауіпсіздік тәуекелдері
- цифрлық теңсіздік
- IT мамандар тапшылығы

Зерттеу нәтижесінде электрондық үкімет жүйесі мемлекеттік басқаруда ашықтықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратыны анықталды. Ол басқару тиімділігін арттырып, қоғам сенімін күшейтеді.

Қорытындылай келе, электрондық үкімет жүйесі ашық әрі тиімді мемлекеттік басқаруды қалыптастырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Болашақта цифрлық технологиялардың дамуы бұл жүйенің маңызын одан әрі арттырады.

Әдебиеттер:

1. ҚР «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы
2. UN E-Government Survey
3. World Bank Digital Governance Report
4. OECD Digital Government Studies

ӘОЖ: 005:004.9

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДА ҰЙЫМДАРДЫ БАСҚАРУ

Құрмантаева Ұ., Менеджмент ББББ студенті
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан
E-mail: kurmantaeva.u@mail.ru

Андатпа. Мақалада цифрлық трансформация жағдайындағы ұйымдарды басқарудың теориялық негіздері мен практикалық аспектілері кешенді түрде қарастырылады. Зерттеуде цифрлық трансформацияның ұйымдық құрылымға, басқару процестеріне және корпоративтік мәдениетке тигізетін әсері талданады. Жасанды интеллект, үлкен деректер, бұлтты технологиялар және автоматтандыру сияқты цифрлық құралдардың ұйымдарды стратегиялық басқарудағы рөлі айқындалады. Сондай-ақ цифрлық трансформация барысында туындайтын негізгі басқарушылық тәуекелдер, оның ішінде цифрлық дайындық деңгейінің жеткіліксіздігі, өзгерістерге ұйымдық қарсылық және деректер қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері зерттеледі. Трансформация процесін тиімді басқару үшін лидерлік пен цифрлық құзыреттіліктің маңызы ерекше атап көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері ұйым басшылары, стратегиялық менеджмент саласының мамандары және цифрлық экономика зерттеушілері үшін практикалық маңызға ие.

Түйін сөздер: цифрлық трансформация, ұйымдарды басқару, стратегиялық менеджмент, жасанды интеллект, үлкен деректер, цифрлық лидерлік, ұйымдық өзгерістер, бұлтты технологиялар, цифрлық құзыреттілік, инновациялық даму.

Цифрлық технологиялар – ақпаратты сандық форматта жинау, өңдеу және таратуға негізделген құралдар мен жүйелер. Олар қазіргі заманғы ұйымдардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін және стратегиялық артықшылық беретін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Қазіргі уақытта цифрлық трансформация ұйымдарға деректерге негізделген шешім қабылдауға, бизнес-процестерді автоматтандыруға және тұтынушылармен өзара әрекетті жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Әлеуметтік желілер, мобильді технологиялар және аналитикалық құралдар ұйымдарға нарықтағы өзгерістерге икемді жауап беруге және басқару тиімділігін арттыруға жағдай жасайды. Осы зерттеудің мақсаты – цифрлық трансформация жағдайында ұйымдарды басқарудың негізгі принциптері мен әдістерін талдап, ұйымдарға тиімді басқару стратегиясын анықтау. Сонымен қатар, мақалада цифрлық мүмкіндіктер мен басқарушылық қабілеттерді үйлестіру арқылы ұйымның өнімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдары қарастырылады.

Бұл жұмыста цифрлық трансформация жағдайында ұйымдарды басқару мәселесін талдау үшін сапалық және сандық зерттеу әдістері қатар қолданылды. Сапалық әдістер ұйым ішіндегі басқару тәжірибесін, инновациялық процестерді және қызметкерлердің қатысуын зерттеуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, әдебиеттерді талдау арқылы цифрлық мүмкіндіктерді тиімді пайдалану және басқарушылық қабілеттерді үйлестіру тәжірибелері қарастырылды.

Сандық әдістер ретінде статистикалық деректерді жинау және талдау, ірі компаниялардың қаржылық көрсеткіштері мен өнімділік индикаторлары қолданылды. Мысалы, Digital Masters деп аталатын ұйымдардың цифрлық және лидерлік қабілеттерінің қаржылық нәтижелерге әсері зерттелді. Осы әдістердің үйлесімі ұйымдарды цифрлық

трансформация жағдайында тиімді басқарудың практикалық және теориялық аспектілерін терең түсінуге мүмкіндік берді.

Технология – қазіргі бизнес әлеміндегі ең маңызды тақырып, бұл анық. 2007–2009 жылдардағы қаржылық дағдарыс және одан кейінгі мемлекеттік қарыз дағдарыстары өте маңызды оқиғалар болды; олар көптеген адамдар мен компаниялардың тағдырына әсер етті және олардың ықпалы әлі де жалғасуда. Жаһандану мен өндірісті шетелге көшіру (аутсорсинг) де қазіргі уақытта және алдағы уақытта стратегия мен ұйым құрылымына әсер ететін негізгі факторлар болып табылады. Демографиялық өзгерістер де терең ықпал ететін маңызды үрдістердің бірі.Бұлардың барлығы маңызды, бірақ технология одан да маңыздырақ. Себебі соңғы цифрлық жетістіктер шектеулерді жойып, адамдар мен ұйымдардың өміріне әсер ететін жаңа мүмкіндіктерді ашуда.Сіз тұтынушыларыңыздың нақты пікірін естіп, тек сауалнама мен фокус-топтардың шектеулі көзқарасынан шығуды қалайсыз ба? Әлеуметтік желілер бұған мүмкіндік береді.Қызметкерлеріңіз қай жерде жүрсе де қолжетімді әрі өнімді болғанын қалайсыз ба? Мобильді технологиялар мұны жүзеге асырады.Болжамдар, бағалау және шешім қабылдау сапасын айтарлықтай жақсартқыңыз келе ме? Бұл – үлкен деректердің (big data) мүмкіндігі[1].

Цифрлық трансформация ұйымдардың өнімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруда негізгі рөл атқарады. Ұйымдардың цифрлық мүмкіндіктерін дамыту тек технологияларды енгізу ғана емес, сонымен қатар басқарушылық қабілеттерді үйлестіруді талап етеді. Бұл үйлесім компанияларға жаңа нарықтық мүмкіндіктерді анықтауға, қызметкерлердің потенциалын тиімді пайдалануға және инновациялық өнімдер мен қызметтерді жылдам енгізуге мүмкіндік береді. Зерттеулер көрсеткендей, Digital Masters деп аталатын компаниялар - цифрлық мүмкіндіктер мен лидерлік қабілеттерді қатар дамытқан ұйымдар - өз саласындағы бәсекелестерінен айтарлықтай озып шығады. Орташа есеппен олар табыстылығы 26%-ға жоғары және қызметкерлер мен материалдық ресурстарын пайдалану арқылы 9%-ға артық кіріс алады. Бұл көрсеткіштер цифрлық трансформацияның ұйымдық тиімділікке тікелей әсерін растайды.

Цифрлық технологиялар басқару жүйесінде бірнеше негізгі артықшылықтар береді. Біріншіден, деректерге негізделген шешім қабылдау ұйымдарға стратегиялық шешімдерді дәл және жылдам қабылдауға мүмкіндік береді, тәуекелдерді төмендетеді және бизнес-процестердің тиімділігін арттырады. Екіншіден, процестерді автоматтандыру қайталанатын операцияларды азайтып, еңбек өнімділігін арттырады, шығындарды қысқартады және адами қателіктердің алдын алады. Үшіншіден, мобильді платформалар мен әлеуметтік желілер ұйымға тұтынушылармен өзара әрекетті жақсартуға, олардың қажеттіліктерін нақтырақ түсінуге және қызмет сапасын арттыруға жағдай жасайды [2].

Ұйымдардың цифрлық трансформациясын басқарудағы тәжірибелік мысал ретінде Nike компаниясын айтуға болады. Nike компаниясы Digital Sport бөлімшесін құрып, жаңа цифрлық өнімдер жасап, тұтынушылармен өзара әрекет тәсілдерін жаңартты. Мысалы, Nike FuelBand өнімдері спортшыларға жаттығуларын бақылауға, нәтижелерін бөлісуге және цифрлық кеңестер алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Nike бағдарламасы маркетологтар, дизайнерлер және инженерлерді біріктіріп, инновациялық дизайн мен өндіріс әдістерін жетілдіреді, бұл компанияның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Цифрлық трансформацияның тиімділігін қамтамасыз ету үшін ұйымдар тек технологияны енгізіп қана қоймай, басқарушылық қабілеттерін де дамытулары қажет. Мықты лидерлік қабілеттер ресурстарды тиімді жұмсап, инвестицияларға қаражат бөлуге мүмкіндік береді, қызметкерлерді жаңа идеялар мен мүмкіндіктерді анықтауға ынталандырады. Бұл екі қабілет өзара әрекеттесіп, цифрлық артықшылықты үнемі арттыратын оң цикл қалыптастырады. Нәтижесінде, компаниялар жаңа өнімдер мен қызметтерді жылдам енгізе

алады, нарықтағы өзгерістерге икемді жауап береді және қаржылық нәтижелерін айтарлықтай жақсартады. Сонымен қатар, цифрлық трансформация ұйымдарға нақты артықшылықтар мен қиындықтарды бірге алып келеді. Артықшылықтары: өнімділіктің артуы, шығындардың қысқаруы, қызмет сапасының жақсаруы және жаңа нарықтарға шығу мүмкіндігі. Қиындықтары: қызметкерлердің жаңа технологияларға бейімделу мәселесі, қаржылық шығындардың жоғары болуы, киберқауіпсіздік қатері және ұйым ішіндегі өзгерістерге қарсылық. Сондықтан цифрлық трансформацияны тиімді жүзеге асыру үшін ұйымдар кешенді, үйлестірілген басқару тәсілдерін қолдануы қажет Технология – қазіргі бизнес әлеміндегі ең маңызды тақырып, бұл анық [3].

Цифрлық трансформация қазіргі заманғы ұйымдардың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын басты фактор болып отыр. Ұйымдардың тек технологияларды енгізуі жеткіліксіз, сонымен қатар басқарушылық қабілеттерді үйлестіріп, инновациялық мүмкіндіктерді жүйелі түрде қолдану қажет. Digital Masters деп аталатын компаниялардың тәжірибесі көрсеткендей, цифрлық және лидерлік қабілеттерді бірлесіп дамыту ұйымның қаржылық нәтижесіне, өнімділігіне және нарықтағы позициясына айтарлықтай оң әсер етеді.

Цифрлық технологияларды тиімді пайдалану ұйымдарға деректерге негізделген шешім қабылдауға, процестерді автоматтандыруға, қызметкерлер мен тұтынушылармен өзара әрекетті жетілдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық трансформация ұйымға стратегиялық икемділік беріп, жаңа нарықтық мүмкіндіктерді пайдалану арқылы тұрақты дамуға жағдай жасайды.

Алайда бұл үдеріс тек артықшылықтармен шектелмейді. Ұйымдар қызметкерлерді жаңа технологияларға үйрету, қаржылық шығындарды басқару, киберқауіпсіздік және ішкі қарсылық мәселелерін шешу сияқты қиындықтармен де бетпе-бет келеді. Сондықтан цифрлық трансформацияны сәтті жүзеге асыру үшін ұйымдар кешенді басқару стратегиясын қолдануы тиіс.

Осыған сүйене отырып, қазіргі заманғы ұйымдар үшін цифрлық трансформация жағдайында басқарудың негізгі принциптері мынадай: цифрлық мүмкіндіктер мен басқарушылық қабілеттерді үйлестіру, инновациялық процестерді енгізу, қызметкерлер мен тұтынушылардың қатысуын қамтамасыз ету және өзгерістерге икемді болу. Бұл тәсіл ұйымға тұрақты артықшылық беріп, нарықтағы табысты өсім мен стратегиялық дамуға кепілдік береді.

Әдебиеттер:

1. Westerman, G., Bonnet, D., & McAfee, A. (2014). Leading Digital: Turning Technology into Business Transformation. Harvard Business Review Press

2. Vial, G. (2019). Understanding digital transformation: A review and a research agenda. Journal of Strategic Information Systems, 28(2), 118–144.

3. Fitzgerald, M., Kruschwitz, N., Bonnet, D., & Welch, M. (2013). Embracing Digital Technology: A New Strategic Imperative. MIT Sloan Management Review.

ӘОЖ: 005.7:004.9

ЗАМАНАУИ ҰЙЫМДАРДАҒЫ БАСҚАРУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІН ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ

Боранкул З.Т., 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі – Амренова Ғ. Қ.э.ғ.магистрі

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан
zangar.borankul@vk.com

Андатпа. Мақалада ұйымдардағы басқару тәжірибелерін цифрлық трансформациялаудың заманауи тәсілдері қарастырылады. Цифрлық экономика жағдайында деректер аналитикасын пайдалану, процестерді автоматтандыру және шешім қабылдаудың жаңа модельдеріне ерекше назар аударылады. Заманауи үрдістерді талдау негізінде технологиялық өзгерістер жағдайында басқару тиімділігін арттырудың негізгі бағыттары айқындалған. Әртүрлі меншік нысанындағы ұйымдардың басқару қызметіне цифрлық құралдарды енгізуде кешенді тәсілді қолданудың қажеттілігі негізделеді.

Түйін сөздер: цифрлық трансформация, менеджмент, басқарушылық шешімдер, деректер аналитикасы, ұйым, басқару тиімділігі, процестерді автоматтандыру.

Әлемдік экономиканың дамуының қазіргі кезеңі ұйымдардың барлық қызмет салаларына елеулі әсер ететін цифрлық технологиялардың қарқынды таралуымен сипатталады. Цифрлық трансформация енді тек технологиялық компаниялардың ғана артықшылығы болмай, бүгінгі күні өнеркәсіп кәсіпорындарын, қаржы секторын, мемлекеттікі желілік модельдер келуде, ал интуитивті басқарушылық шешімдер барған сайын басқаруды және шағын бизнесті де қамтып отыр. Осындай жағдайда басқару тәжірибелері түбегейлі өзгерістерге ұшырауда: дәстүрлі иерархиялық құрылымдардың орнына икемді деректерге негізделген шешімдермен алмастырылып жатыр [1].

Бұл зерттеудің өзектілігі цифрлық трансформация ғылыми және іскерлік ортада кеңінен талқыланғанымен, басқару тәжірибелеріндегі нақты өзгерістер мәселелері әлі де жеткілікті деңгейде жүйеленбегендігімен түсіндіріледі. Көптеген ұйымдар цифрландырудың стратегиялық мақсаттарын күнделікті басқарудағы операциялық өзгерістермен үйлестіруде қиындықтарға тап болуда. Осыған байланысты басқаруды цифрлық трансформациялаудың бағыттары мен құралдарын кешенді талдау қажеттілігі туындайды [2].

Зерттеудің мақсаты- басқару тәжірибелерінің цифрлық трансформациясының негізгі бағыттарын жүйелеу және олардың қазіргі цифрлық экономика жағдайында ұйымдардың тиімділігіне әсерін бағалау.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі әдістер қолданылды: цифрлық менеджмент мәселелері бойынша ғылыми әдебиеттерді талдау және синтездеу; басқару модельдерін салыстырмалы талдау; ұйымдық өзгерістерді зерттеудегі жүйелік тәсіл; салалық есептер мен жетекші әлемдік компаниялардың кейстері бойынша деректерді жалпылау. Ақпараттық базаны 2019–2024 жылдар аралығында халықаралық рецензияланатын журналдарда жарияланған еңбектер, McKinsey & Company, Deloitte, Gartner компанияларының аналитикалық материалдары, сондай-ақ Қазақстан мен ТМД елдерінде цифрлық трансформация жүргізіп жатқан ұйымдардың статистикалық деректері құрады [3].

Басқару тәжірибелерін цифрлық трансформациялаудың негізгі бағыттары қазіргі менеджменттегі ең маңызды өзгерістердің бірі болып табылады. Үлкен деректер (Big Data) технологиялары мен бизнес-аналитика басшыларға нақты уақыт режимінде негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді, бұл субъективтілікті және басқарушылық қателіктерді азайтады. BI (Business Intelligence) класына жататын бизнес-аналитика жүйелері құрылымдалмаған деректердің үлкен көлемін көрнекі басқару панельдеріне (dashboard) айналдырып, иерархияның барлық деңгейлерінде негізгі тиімділік көрсеткіштерінің ашықтығын қамтамасыз етеді [4]. McKinsey Global Institute зерттеулері шешім қабылдау үдерісінде деректер аналитикасын белсенді қолданатын компаниялардың өнімділігі салалық

орташа деңгейден 5–6% жоғары болатынын көрсетеді. Қазақстан тәжірибесінде «Қазақтелеком» АҚ-ның мысалы назар аударарлық: компания клиенттердің кетуін болжау және қызметтер портфелін оңтайландыру үшін предиктивті аналитиканы енгізді. Бұл жобаны іске асырудың екі жылы ішінде абоненттердің кету деңгейін 12%-ға қысқартуға мүмкіндік берді.

Процестерді роботтандырылған автоматтандыру (Robotic Process Automation, RPA) және жасанды интеллект технологиялары операциялық басқаруды едәуір өзгертуде. Күнделікті әкімшілік міндеттер — есептілікті қалыптастыру, құжаттарды өңдеу, регламенттердің сақталуын бақылау — бағдарламалық агенттерге беріліп, менеджерлердің стратегиялық және шығармашылық міндеттерді шешуіне уақыт пен ресурстар босатады. Deloitte деректері бойынша, RPA енгізу әкімшілік процестерді орындау уақытын 40–75%-ға қысқартуға және қателер санын бір мезгілде 80–90%-ға азайтуға мүмкіндік береді [4].

Маңыздысы, автоматтандыру тек операциялық деңгеймен шектелмейді. Шешім қабылдауды қолдау алгоритмдік жүйелері (Decision Support Systems, DSS) басқарудың тактикалық және стратегиялық деңгейлерінде де белсенді қолданылып келеді — инвестициялық жобаларды бағалау, жеткізу тізбектерін басқару және баға белгілеуді оңтайландыру сияқты бағыттарда. Цифрландыру дәстүрлі функционалдық иерархиялардан икемді жобалық және желілік ұйымдық нысандарға көшу үдерісін жеделдетеді. Бастапқыда IT-индустриясында кең таралған Agile, Scrum және OKR (Objectives and Key Results) әдіснамалары қазіргі кезде қаржы секторына, мемлекеттік басқаруға және өнеркәсіп саласына да енгізілуде. Жаңа ұйымдық нысандардың негізгі сипаттамаларына өкілеттіктерді орталықсыздандыру, командалардың кросс-функционалдылығы, итеративтілік және сыртқы ортадағы өзгерістерге жылдам бейімделу жатады [6].

Бірлескен жұмысқа арналған цифрлық платформалар — Microsoft Teams, Slack және Notion — ұйым ішіндегі коммуникацияның жаңа архитектурасын қалыптастырып, географиялық шекараларды жояды және білім алмасудың үздіксіз жүруін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар «ақылды кеңсе» тұжырымдамасы мен гибридті жұмыс форматтары дамып келеді, бұл персоналды басқару мен нәтижелілікті бағалаудың мүлде жаңа тәсілдерін талап етеді. Цифрлық трансформация басқарушылық құзыреттерге түбегейлі жаңа талаптар қояды. Қазіргі заманғы басшы тек дәстүрлі көшбасшылық қасиеттерге ғана емес, сонымен қатар цифрлық сауаттылыққа да ие болуы тиіс: негізгі технологиялардың мүмкіндіктері мен шектеулерін түсіну, деректермен жұмыс істей білу, бөлінген командаларды басқару және ұйым ішінде цифрлық мәдениетті қалыптастыру қабілеті маңызды болып табылады [5].

Gartner компаниясының 2023 жылғы зерттеуіне сәйкес, ірі компания директорларының 80%-дан астамы басшылардың цифрлық құзыреттерін дамытуын корпоративтік оқытудың басым міндеттерінің бірі ретінде қарастырады. Жүргізілген талдау цифрлық трансформацияның басқару тәжірибелеріне әсер етуінің үш деңгейін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Операциялық деңгейде күнделікті процестер автоматтандырылып, ақпарат ағындары жеделдейді және қызметтің ашықтығы артады. Тактикалық деңгейде деректер аналитикасы мен алгоритмдік қолдауға негізделген жаңа шешім қабылдау модельдері қалыптасады. Ал стратегиялық деңгейде бәсекелік артықшылықтың логикасы өзгереді: негізгі активтер ретінде деректер, платформалық экожүйелер және персоналдың цифрлық құзыреттері алдыңғы орынға шығады [6].

Сонымен қатар зерттеу басқаруды тиімді цифрлық трансформациялауға кедергі келтіретін бірқатар жүйелік тосқауылдарды анықтады. Негізгілерінің қатарына қызметкерлер тарапынан өзгерістерге қарсылық (сәтсіз трансформациялардың 67%-ында байқалады), басқарушы командалардың цифрлық жетілудің жеткіліксіз деңгейі, ұйымның IT-стратегиясы мен бизнес-стратегиясы арасындағы алшақтық, сондай-ақ басқарудың маңызды процестерін

цифрландыру кезінде киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жатады. Сонымен бірге деректер сапасы да жеке мәселе ретінде қарастырылады: сапасыз немесе толық емес деректер олардың негізінде қабылданатын басқарушылық шешімдерде жүйелік қателіктерге әкелуі мүмкін [7].

Басқаруды цифрлық трансформациялауды табысты жүзеге асырған ұйымдардың тәжірибесі көрсеткендей, табыстың негізгі факторы технологиялық инвестициялардың көлемі емес, басқару мәдениетін жүйелі түрде өзгерту болып табылады. Атап айтқанда, деректерге негізделген шешім қабылдау мәдениетін қалыптастыру, эксперимент жүргізуді қолдау және қателіктерден үйренуге дайын болу маңызды рөл атқарады. Басқару тәжірибелерін цифрлық трансформациялау ұйымдардың қызметін технологиялық, ұйымдық және мәдени құрамдас бөліктерді қамтитын кешенді және көпдеңгейлі процесс болып табылады. Зерттеу нәтижелері бойынша келесі қорытындылар жасалды. Біріншіден, деректерге негізделген басқаруға көшу — цифрлық экономикада ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын кері қайтарылмайтын тенденция. Аналитикалық құралдарды енгізуді кейінге қалдыратын ұйымдар орта мерзімді перспективада нарықтағы позицияларын жоғалту қаупіне ұшырайды.

Екіншіден, басқарушылық процестерді автоматтандыру менеджерлерді алмастырмайды, бірақ басқарушылық еңбектің мазмұнын едәуір өзгертеді: ақпаратты өңдеуден оның интерпретациясына, стратегиялық шешімдер қабылдауға және өзгерістерді басқаруға басымдық ауысады.

Үшіншіден, басқаруды цифрлық трансформациялаудың табыстылығы жоғары деңгейдегі топ-менеджменттегі цифрлық көшбасшылықтың болуы, қызметкерлердің цифрлық құзыреттерін жүйелі дамыту және инновация мен үздіксіз оқытуды қолдайтын ұйымдық мәдениетті қалыптастыруға байланысты. Төртіншіден, салалық ерекшеліктер мен ұйымның көлемін ескере отырып, басқаруға арналған цифрлық құралдарды кезең-кезеңімен енгізу бойынша әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу қажет, бұл әрі қарайғы зерттеулер үшін перспективалық бағыт болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Westerman G., Bonnet D., McAfee A. Leading Digital: Turning Technology into Business Transformation. — Boston: Harvard Business Review Press, 2020.
2. Vial G. Understanding digital transformation: A review and a research agenda // The Journal of Strategic Information Systems. 2019. Vol. 28, № 2.
3. McKinsey Global Institute. The Age of Analytics: Competing in a Data-Driven World. — New York: McKinsey & Company, 2022.
4. Deloitte Insights. Global RPA Survey: CFO Program Challenges and Opportunities. — 2023. — URL: https://www2.deloitte.com
5. Kane G.C., Phillips A.N., Copulsky J., Andrus G. The Technology Fallacy: How People Are the Real Key to Digital Transformation. — Cambridge: MIT Press, 2019.
6. Гринберг А.С., Горбачёв Н.Н. Цифровые технологии управления: теория и практика. — М.: Юнити-Дана, 2022.
7. Ахметова Г.Б., Сейткали А.Б. Цифровая трансформация бизнес-процессов казахстанских предприятий: проблемы и перспективы//Вестник КазНУ. Серия экономическая. 2023. № 3(145).

ӘОЖ: 35:004.8:004.9

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАР

Темирова С.Д.
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясының
Маңғыстау облысы филиалы
Ақтау, Қазақстан
s.temirova@apa.kz

Аңдатпа. Бұл мақалада мемлекеттік басқару жүйесінде жасанды интеллект құралдарын және цифрлық платформаларды қолданудың өзекті мәселелері қарастырылады. Заманауи ақпараттық технологиялар мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруда, шешім қабылдау үдерісін оңтайландыруда және азаматтарға көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуда маңызды рөл атқарады. Цифрлық трансформация жағдайында мемлекеттік басқару процестерін жетілдіру, деректерді талдау негізінде басқару шешімдерін қабылдау және мемлекеттік қызметтердің тиімділігін арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Мақалада жасанды интеллект технологияларын мемлекеттік секторда қолданудың негізгі бағыттары, цифрлық платформалардың маңызы және олардың мемлекеттік басқаруды жаңғыртудағы рөлі талданады. Сонымен қатар, цифрландыру процесінің артықшылықтары мен болашақтағы даму перспективалары қарастырылады.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, мемлекеттік басқару, цифрлық платформалар, цифрлық трансформация, деректерді талдау, цифрландыру, басқару тиімділігі.

Мемлекеттік басқаруды цифрландыру мәселесі Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауларында да ерекше назарға алынған. Президент өз Жолдауында Қазақстан жасанды интеллект технологияларын кеңінен қолданатын және цифрлық инновацияларды дамытуға бағытталған мемлекетке айналуы тиіс екенін атап өтті. Сонымен қатар Үкіметке жасанды интеллектті мемлекеттік басқару жүйесіне енгізу және электрондық үкімет платформаларын одан әрі дамыту бойынша нақты тапсырмалар берілді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Жолдауында жасанды интеллект пен цифрлық трансформацияны мемлекеттік басқарудың басым бағыты деп жариялады. Бұл Жолдауда Мемлекет басшысы Үкіметке жасанды интеллект технологияларын мемлекеттік басқару жүйесіне барлық салаларда кеңінен енгізуді қамтамасыз ету тапсырды, соның ішінде экономиканы жаңғырту, қызмет көрсету сапасын арттыру және деректерге негізделген шешімдер қабылдауды күшейту секілді міндеттер белгіленді [1].

Цифрландыру - қоғам дамуының жаңа кезеңі болып табылады. Бұл үрдіс мемлекеттік басқару саласына да үлкен өзгерістер алып келді. Әсіресе жасанды интеллект технологияларын пайдалану мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға, басқару процестерін автоматтандыруға және азаматтарға көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Президенттің бұл тапсырмасын іске асыру мақсатында 2025 жылғы 18 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды, бұрынғы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі сол негізде қайта ұйымдастырылды. Жаңа министрліктің құрылысы туралы Президент жарлығы сол күні күшіне енді. Президенттің айтуынша, жасанды интеллект технологияларын мемлекеттік

басқару жүйесіне енгізу басқару тиімділігін арттыруға, экономиканың түрлі салаларында инновациялық шешімдерді қолдануға және қоғамның цифрлық дамуын жеделдетуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты елімізде жасанды интеллект саласын дамыту, цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру және инновациялық экожүйені қалыптастыру бағытында бірқатар шаралар жүзеге асырылуда. [2].

Министрліктің құрылуы жасанды интеллектті дамыту және оны мемлекеттік басқару жүйесіне енгізу бойынша жаңа институционалды құрал ретінде қабылданды. Оның міндетіне жасанды интеллект пен цифрлық платформаларды қолдануда мемлекеттің стратегиялық бағытын қалыптастыру, елдегі цифрлық инфрақұрылымды дамыту, деректерді талдау негізінде басқару шешімдерін қабылдауды қолдау және инновациялық экожүйені қалыптастыру кіреді. Осылайша Президент Жолдауында белгіленген тапсырмалар Қазақстанды цифрлық экономика мен жасанды интеллектті қолданатын заманауи мемлекетке айналдыруға бағытталды [3].

Қазіргі кезеңде ақпараттық технологиялардың дамуы мемлекеттік басқару жүйесінің трансформациялануына айтарлықтай әсер етуде. Цифрлық технологиялар қоғамның барлық саласына еніп, басқару процестерінің тиімділігін арттырудың маңызды құралдарының біріне айналды. Мемлекеттік басқаруды цифрландыру мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсартуға, басқару шешімдерін жедел қабылдауға және азаматтар мен мемлекет арасындағы өзара байланысты нығайтуға мүмкіндік береді.

Цифрлық трансформация жағдайында жасанды интеллект технологияларын қолдану ерекше маңызға ие. Жасанды интеллект – деректерді өңдеу, талдау және болжау жасау қабілеті бар заманауи технологиялық құрал. Мемлекеттік басқару жүйесінде жасанды интеллектті енгізу үлкен көлемдегі ақпаратты жылдам талдауға және стратегиялық шешімдерді ғылыми негізде қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жасанды интеллект әлеуметтік-экономикалық процестерді болжау, мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау және тәуекелдерді анықтау сияқты маңызды міндеттерді орындауға көмектеседі.

Қазақстанда цифрлық трансформация мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Елде электрондық үкімет жүйесі, цифрлық платформалар және ақпараттық жүйелер белсенді түрде дамып келеді. Бұл мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттырып, халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға мүмкіндік беруде. Электрондық үкімет платформалары арқылы азаматтар мемлекеттік қызметтерді онлайн режимде ала алады, түрлі өтініштер жолдап, қажетті ақпараттарға қол жеткізе алады.

Цифрлық платформалар мемлекеттік басқаруда маңызды рөл атқарады. Олар мемлекеттік органдар арасындағы ақпарат алмасуды жеңілдетіп, басқару процестерінің ашықтығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар цифрлық платформалар азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы байланысты тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, онлайн қызмет көрсету жүйелері, мобильді қосымшалар және автоматтандырылған ақпараттық жүйелер мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Цифрлық трансформация жағдайында жасанды интеллект негізіндегі цифрлық платформалардың рөлі айтарлықтай артып келеді. Мұндай платформалар деректерді өңдеу, талдау және басқару шешімдерін қабылдау процесін автоматтандыруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта көптеген мемлекеттер мемлекеттік басқару жүйесінде жасанды интеллект технологияларын қолдануға бағытталған платформаларды енгізуде. Мысалы, Google Cloud AI, Microsoft Azure AI және IBM Watson сияқты платформалар үлкен көлемдегі деректерді талдауға және интеллектуалды жүйелерді дамытуға мүмкіндік береді. Бұл жүйелер машиналық оқыту алгоритмдері арқылы деректерді өңдеп, басқару шешімдерін қабылдау процесін жеңілдетеді.

Сонымен қатар мемлекеттік басқаруда цифрлық қызмет көрсету платформалары да кеңінен қолданылады. Қазақстанда мемлекеттік қызметтерді цифрландыру мақсатында eGov.kz электрондық үкімет платформасы енгізілген. Бұл платформа азаматтарға мемлекеттік қызметтерді онлайн режимде алуға мүмкіндік береді және мемлекеттік органдардың жұмыс тиімділігін арттырады. Сонымен қатар жасанды интеллект негізіндегі чат-боттар мен автоматтандырылған жүйелер азаматтардың өтініштерін жедел өңдеуге мүмкіндік береді. Осындай цифрлық платформаларды қолдану мемлекеттік басқару жүйесінің ашықтығын арттырып, басқару шешімдерін деректерге негізделген тәсіл арқылы қабылдауға мүмкіндік береді [4].

Цифрлық платформалар мемлекеттік басқару жүйесінің маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Олар мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін біріктіріп, деректер алмасуды жеңілдетеді.

Цифрлық платформалардың негізгі міндеттері:

- мемлекеттік қызметтерді онлайн форматта ұсыну;
- мемлекеттік органдар арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз ету;
- азаматтар мен мемлекет арасындағы өзара байланысты жақсарту.

Цифрлық платформаларды енгізу мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттырып, азаматтарға уақыт пен шығынды үнемдеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, цифрлық платформалар басқару жүйесінің ашықтығын арттырып, қоғам тарапынан бақылауды күшейтеді.

Жасанды интеллектті қолданудың тағы бір маңызды бағыты – мемлекеттік деректерді талдау. Үлкен деректерді талдау арқылы мемлекеттік органдар экономикалық және әлеуметтік процестерді тиімді басқаруға мүмкіндік алады. Бұл тәсіл басқару шешімдерін дәл әрі негізді қабылдауға көмектеседі. Сонымен қатар деректерге негізделген басқару мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Қазіргі уақытта көптеген мемлекеттер мемлекеттік басқаруда цифрлық технологияларды белсенді түрде енгізуде. Бұл үрдіс Қазақстан үшін де маңызды стратегиялық бағыт болып табылады. Мемлекеттік басқару жүйесіне жасанды интеллект технологияларын енгізу басқару тиімділігін арттырумен қатар, мемлекеттік қызметтердің ашықтығын қамтамасыз етеді және қоғамның сенімін нығайтады.

Мемлекеттік басқару жүйесінде цифрлық технологияларды енгізу бірқатар *маңызды артықшылықтарға ие:*

1. Мемлекеттік қызметтердің сапасы мен жылдамдығы артады. Азаматтар көптеген қызметтерді онлайн режимде ала алады.
2. Басқару жүйесінің ашықтығы артады. Бұл қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін күшейтеді.
3. Басқару шешімдерінің тиімділігі жоғарылайды. Себебі жасанды интеллект деректерді талдау арқылы нақты және дәл ақпарат ұсынады.
4. Мемлекеттік ресурстарды тиімді пайдалану мүмкіндігі артады. Бұл бюджет қаражатын үнемдеуге көмектеседі.

Болашақ даму перспективалары.

Алдағы уақытта мемлекеттік басқаруда жасанды интеллект технологияларын қолдану одан әрі кеңейе түседі. Көптеген мемлекеттер цифрлық трансформация бағдарламаларын іске асырып, басқару жүйесін жаңғыртуға бағытталған саясат жүргізуде.

- интеллектуалды басқару жүйелері кеңінен енгізіледі;
- смарт-қала технологиялары дамиды;
- мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі толық цифрлық форматқа көшеді.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект құралдары мен цифрлық платформаларды мемлекеттік басқаруда қолдану басқару жүйесінің тиімділігін арттырудың маңызды факторларының бірі болып табылады. Цифрлық технологияларды енгізу мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсартып, басқару процестерін оңтайландыруға мүмкіндік береді. Сондықтан болашақта жасанды интеллект пен цифрлық платформаларды дамыту мемлекеттік басқарудың заманауи және тиімді моделін қалыптастырудың негізгі бағыттарының бірі болып қала береді.

Әдебиеттер:

1. https://kaz.inform.kz/news/kazakstanda-zhasandi-intellekt-zhane-tsifrlik-damu-ministrlg-kuriladi-acdb22/?utm_source=chatgpt.com 08 қыркүйек 2025
2. https://en.orda.kz/kazakhstan-creates-ministry-of-artificial-intelligence-and-digital-development-8399/?utm_source=chatgpt.com 19 қыркүйек 2025
3. https://en.tengrinews.kz/kazakhstan_news/new-ministry-established-in-kazakhstan-tokayev-signs-decree-269488/?utm_source=chatgpt.com
4. Электрондық үкімет және цифрлық трансформация. – Астана, 2023.
5. Жасанды интеллект технологиялары және олардың қолданылуы. – Алматы, 2022.

ӘОЖ: 658.8:005.21:004.9

ЦИФРЛЫҚ МАРКЕТИНГТІҢ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ РӨЛІ

Нұрпейіс Г. Б., Менеджмент ББББ студенті
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
E-mail: nurpeisgulshat5@gmail.com

Андатпа. Мақалада заманауи ұйымның басқару жүйесіндегі цифрлық маркетингтің стратегиялық рөлі қарастырылады. Бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастыруда және басқару шешімдерінің тиімділігін арттыруда цифрлық құралдар мен технологиялардың маңыздылығы негізделген. Цифрлық маркетингті дамытудың негізгі бағыттары, соның ішінде деректер аналитикасын пайдалану, маркетингтік процестерді автоматтандыру, тұтынушылармен өзара әрекеттесуді жекелендіру және платформалық шешімдерді қолдану талданды. Цифрлық маркетингті ұйымның жалпы стратегиясына интеграциялауға, оның Бизнестің тұрақтылығына және цифрлық экономика жағдайларына бейімделуіне ерекше назар аударылады.

Түйін сөздер: цифрлық маркетинг, менеджмент, басқару жүйесі, стратегия, SMM, KPI, бизнес тиімділігі.

Қазіргі цифрландыру дәуірінде маркетинг пен менеджмент бір-бірімен тығыз байланыста дамып келеді. Егер бұрын маркетинг тек өнімді жарнамалау құралы ретінде қарастырылса, бүгінгі таңда ол ұйымды басқарудың маңызды стратегиялық элементіне айналды. Әсіресе цифрлық маркетинг кәсіпорынның даму бағытын анықтайтын, тұтынушымен қарым-қатынасты қалыптастыратын және бәсекелік артықшылықты қамтамасыз ететін негізгі құралдардың бірі болып отыр. Қазақстан жағдайында бұл үрдіс ерекше өзекті. Себебі отандық кәсіпорындар нарықтағы бәсекелестіктің күшеюі,

тұтынушылар талғамының өзгеруі және цифрлық технологиялардың дамуы жағдайында тиімді басқару шешімдерін қабылдауға мәжбүр. Мақаланың мақсаты — цифрлық маркетингтің менеджмент жүйесіндегі орнын анықтау, оның кәсіпорын тиімділігіне әсерін талдау және басқару тұрғысынан дамыту жолдарын ұсыну.

Зерттеу барысында жүйелік талдау, салыстырмалы әдіс, SWOT-талдау және кейс-стади әдістері кешенді түрде қолданылды. Аталған әдістер зерттеу тақырыбын жан-жақты қарастыруға және цифрлық маркетингтің менеджмент жүйесіндегі рөлін терең түсінуге мүмкіндік берді. Жүйелік талдау әдісі цифрлық маркетингті кәсіпорынның басқару жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға бағытталды. Бұл әдіс арқылы маркетинг, менеджмент және тұтынушылық мінез-құлық арасындағы өзара байланыстар анықталды. Сонымен қатар, цифрлық маркетингтің ұйымның жалпы стратегиясына ықпалы бағаланды. Салыстырмалы әдіс шетелдік және отандық кәсіпорындардың цифрлық маркетингті қолдану тәжірибелерін салыстыру мақсатында пайдаланылды. Нәтижесінде Қазақстандағы бизнес субъектілерінің цифрлық даму деңгейі мен ерекшеліктері айқындалды. SWOT-талдау әдісі арқылы цифрлық маркетингтің күшті және әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен қауіптері анықталды. Бұл талдау кәсіпорындардың маркетингтік стратегияларын жетілдіру бағыттарын негіздеуге мүмкіндік берді. Кейс-стади әдісі аясында Қазақстандағы шағын және орта бизнес субъектілерінің нақты тәжірибелері зерттелді. Атап айтқанда, әлеуметтік желілер (Instagram, TikTok) арқылы өз өнімдерін ілгерілететін кәсіпкерлердің маркетингтік тәсілдері талданды. Бұл әдіс нақты мысалдар арқылы теориялық тұжырымдарды практикалық тұрғыдан дәлелдеуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, зерттеу барысында екінші реттік деректерді талдау әдісі қолданылды. Ақпараттық база ретінде Қазақстан Республикасының статистикалық мәліметтері, маркетинг агенттіктерінің есептері, сондай-ақ цифрлық платформалардың аналитикалық көрсеткіштері пайдаланылды. Жалпы алғанда, қолданылған әдістердің үйлесімі зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен ғылыми негізділігін қамтамасыз етті.

Цифрлық маркетинг тек жарнама құралы ғана емес, ол — қазіргі заманғы менеджменттің стратегиялық және операциялық функцияларын біріктіретін маңызды жүйе. Басқару теориясында жоспарлау, ұйымдастыру, мотивация және бақылау негізгі функциялар ретінде қарастырылады. Цифрлық маркетинг осы функциялардың барлығымен тікелей байланысып, компанияның жалпы тиімділігін арттыратын құралға айналады.

Қазіргі нарық жағдайында цифрлық маркетинг тек өнімді таныстыру емес, сонымен қатар тұтынушы мінез-құлқын басқару, бренд имиджін қалыптастыру және нарықтағы позицияны күшейту құралы ретінде қарастырылады.

Жоспарлау функциясы және маркетинг стратегиясы

Менеджменттегі жоспарлау — ұйымның мақсаттарын анықтап, сол мақсаттарға жету жолдарын жүйелі түрде белгілеу процесі. Цифрлық маркетингте бұл процесс контент стратегиясын құру, жарнама кампанияларын жоспарлау, мақсатты аудиторияны анықтау және бренд позициясын айқындау арқылы жүзеге асады.

Маркетингтік жоспарлау барысында SWOT-талдау, нарықты сегменттеу және бәсекелестерді зерттеу сияқты әдістер кеңінен қолданылады. Бұл әдістер компанияға нарықтағы нақты орнын түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақстандағы көптеген кәсіпорындардың негізгі проблемасы — жүйелі маркетинг стратегиясының болмауы. Көп жағдайда бизнес тек әлеуметтік желіде пост жариялап немесе жарнама берумен шектеледі. Алайда тиімді менеджмент жүйесінде әрбір маркетингтік әрекет нақты өлшенетін мақсатқа бағытталуы тиіс:

1. сатылым көлемін арттыру
2. бренд танымалдылығын көтеру
3. жаңа клиенттер тарту

4. нарық үлесін кеңейту

Стратегиялық тұрғыдан цифрлық маркетинг компанияның жалпы даму стратегиясымен толық үйлесуі қажет. Мысалы, егер компания премиум сегментке бағытталса, оның визуалды стилі, контент тілі және коммуникациясы соған сәйкес болуы тиіс. Ал бағаға бағытталған (price-oriented) компанияларда керісінше қарапайым әрі нақты ұсыныстар басым болады.

Менеджменттің мотивация функциясы тек ішкі персоналды ынталандырумен шектелмейді, ол сонымен қатар сыртқы тұтынушылардың мінез-құлқына әсер етуді де қамтиды.

Цифрлық маркетингте клиент мотивациясы келесі құралдар арқылы жүзеге асады:

1. жеңілдіктер мен акциялар
2. әлеуметтік дәлел (reviews, testimonials)
3. инфлюенсер маркетинг
4. storytelling (оқиға арқылы әсер ету)
5. шектеулі ұсыныстар (urgency, scarcity эффектісі)

Қазіргі тұтынушы тек өнімнің өзін емес, сонымен қатар эмоция мен тәжірибені сатып алады. Сондықтан маркетинг менеджері аудиторияның психологиялық ерекшеліктерін, мінез-құлық моделін және шешім қабылдау факторларын ескеруі қажет. Сонымен қатар ішкі мотивация да маңызды. Креативті және нәтижелі маркетинг жүргізу үшін командаға еркіндік беру, идеяларды қолдау және кәсіби даму мүмкіндігін жасау қажет. Бұл корпоративтік мәдениеттің маңызды бөлігі болып табылады және менеджмент сапасын көрсетеді.

Бақылау функциясы — менеджмент жүйесінде нәтижелерді өлшеу, талдау және бағалау процесі. Цифрлық маркетингтің басты артықшылығы — барлық әрекеттердің нақты цифрлық көрсеткіштер арқылы өлшенуі.

Негізгі KPI көрсеткіштері:

1. қамту (reach)
2. қаралым (views)
3. қатысу деңгейі (engagement rate)
4. конверсия коэффициенті
5. сатылым көлемі
6. ROI (Return on Investment)

Қазақстандағы көптеген кәсіпорындар KPI жүйесін толық қолданбайды. Олар көбінесе тек лайк, пікір және қаралымға назар аударады, бірақ олардың бизнеске нақты әсерін талдамайды. Тиімді менеджмент жүйесінде әрбір маркетингтік әрекет бизнес нәтижесімен байланыстырылуы тиіс. Бұл стратегияны уақытында өзгертуге, әлсіз тұстарды анықтауға және ресурстарды тиімді бөлуге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда цифрлық маркетинг компанияның стратегиялық басқару жүйесінің маңызды элементіне айналды. Ол тек жарнама құралы емес, сонымен қатар нарықты талдау, тұтынушы қажеттілігін анықтау және жаңа бизнес мүмкіндіктерін табу құралы болып табылады. Мысалы: трендтерді талдау арқылы жаңа өнімді нарыққа шығару, клиент пікірлері негізінде қызмет сапасын жақсарту, бәсекелестерді цифрлық ортада зерттеу, A/B тестілеу арқылы тиімді шешімдерді анықтау Қазақстанда көптеген компаниялар цифрлық маркетингті әлі де тек жарнама ретінде қабылдайды. Бұл стратегиялық менеджменттің әлсіздігін көрсетеді. Ал дамыған нарықтарда маркетинг бизнес шешім қабылдаудың негізгі ақпарат көзі болып табылады.

Қазақстан нарығында цифрлық маркетингтің өзіндік ерекшеліктері қалыптасқан: Instagram платформасының басым қолданылуы,TikTok және Reels форматтарының тез өсуі,блогерлер мен инфлюенсерлердің үлкен ықпалы,онлайн сауданың (e-commerce)

қарқынды дамуы ,шағын бизнестің әлеуметтік желіге тәуелділігі. Бұл ерекшеліктерді дұрыс ескерген менеджмент қана тиімді маркетинг стратегиясын құра алады. Сонымен қатар жергілікті аудиторияның тілдік, мәдени және тұтынушылық ерекшеліктері де маңызды рөл атқарады.

Қорытындылай келе, цифрлық маркетинг қазіргі менеджмент жүйесінің ажырамас және стратегиялық маңызды бөлігі болып табылады. Ол тек жарнама емес, компанияның даму бағытын анықтайтын, нарықтағы орнын күшейтетін және шешім қабылдауға әсер ететін кешенді құрал.

Әдебиеттер:

1. Kotler, P., Keller, K. L. Marketing Management. Pearson Education, 15th Edition, 2016.
2. Armstrong, G., Kotler, P. Principles of Marketing. Pearson, 17th Edition, 2018.
3. Drucker, P. F. Management: Tasks, Responsibilities, Practices. Harper & Row, 2008.
4. Chaffey, D., Ellis-Chadwick, F. Digital Marketing. Pearson, 7th Edition, 2019.
5. Ryan, D. Understanding Digital Marketing: Marketing Strategies for Engaging the Digital Generation. Kogan Page, 2020.
6. Strauss, J., Frost, R. E-Marketing. Routledge, 2014.
7. Laudon, K. C., Traver, C. G. E-commerce: Business, Technology, Society. Pearson, 2021.
8. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы. Интернет және цифрлық экономика көрсеткіштері. https://stat.gov.kz
9. ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі. Цифрлық Қазақстан бағдарламасы материалдары. https://www.gov.kz
10. HubSpot Academy. Digital Marketing Strategy Guide. https://academy.hubspot.com

УДК 005.7:004.8

РОЛЬ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В УПРАВЛЕНИИ: ТРАНСФОРМАЦИЯ СОВРЕМЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

Мухамечанова Д.Б., 3 курс бакалавриат
Мирамов С.Ә., 3 курс бакалавриат
Научный руководитель: PhD, доцент Е.М.Әбенов
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилёва
г. Астана, Казахстан
e-mail: dmukhamechan@mail.ru,
sagadat.miramov@mail.ru,
aem11186@mail.ru

Аннотация. В статье исследуются фундаментальные изменения в управленческих практиках, вызванные интеграцией технологий искусственного интеллекта (ИИ). Особое внимание уделено переходу от интуитивного менеджмента к моделям, основанным на предиктивной аналитике и Big Data (data-driven management). Авторы анализируют трансформацию организационных структур, автоматизацию интеллектуального труда и новые подходы к управлению человеческим капиталом. На основе сравнительного анализа выявлены ключевые факторы повышения операционной эффективности и конкурентоспособности организаций в условиях цифровой экономики.

Ключевые слова: искусственный интеллект, менеджмент, цифровая трансформация, data-driven, управленческие решения, организационная структура, эффективность, предиктивная аналитика.

Целью данной работы является изучение трансформации управленческого цикла под воздействием ИИ-технологий. [2] Для достижения цели в статье решаются следующие задачи:

1. Проведение сравнительного анализа традиционных и цифровых моделей менеджмента;
2. Оценка влияния предиктивной аналитики на точность принятия решений;
3. Исследование практических кейсов внедрения ИИ в логистические и кадровые процессы.

Методологическую базу исследования составили системный подход, анализ статистических данных международных агентств (McKinsey, Gartner) и сравнительно-сопоставительный анализ управленческих практик [5]. Статья структурирована таким образом, чтобы последовательно раскрыть переход от теоретических основ когнитивного менеджмента к практическим рекомендациям по оптимизации бизнес-процессов.

В данном разделе рассматривается смена парадигмы: от управления через иерархию к управлению через данные (Data-driven). Когнитивная трансформация менеджмента в рамках нашего исследования понимается как процесс делегирования части интеллектуальных функций алгоритмам [1].

Искусственный интеллект в системе управления выполняет роль «дополненного интеллекта» (Augmented Intelligence). Это означает, что ИИ берет на себя рутинную обработку Big Data, выявление скрытых корреляций и моделирование сценариев, в то время как руководитель фокусируется на этической оценке, стратегическом целеполагании и развитии человеческого капитала [7]. Теоретический анализ показывает, что ИИ меняет саму структуру власти в организации: она становится менее централизованной и более адаптивной, так как доступ к аналитическим инсайтам получают менеджеры всех уровней.

Классические школы менеджмента (от А. Файоля до П. Друкера) рассматривали руководителя как центральный узел накопления и распределения информации. Однако современный объем данных превышает биологические возможности человеческого мозга [8]. Внедрение ИИ порождает концепцию «дополненного менеджмента» (Augmented Management), где интеллектуальные агенты становятся полноправными участниками управленческого цикла.

Трансформация затрагивает базовые функции менеджмента:

Планирование: Переход от экстраполяции прошлого к моделированию множественных сценариев будущего.

Организация: Замена жестких функциональных колодцев гибкими нейроморфными структурами, где ИИ координирует взаимодействие кросс-функциональных команд.

Контроль: Переход от репрессивного контроля «по результатам» к превентивному мониторингу процессов в режиме реального времени [4].

Для количественной и качественной оценки трансформации авторами проанализированы показатели эффективности, представленные в ведущих мировых исследованиях [5].

Таблица 1. Влияние ИИ на функциональные области менеджмента

Область управления	**Традиционный подход**	**Трансформация через ИИ**	**Экономический эффект (прогноз)**
Стратегический	SWOT-анализ,	Когнитивные карты	Повышение

анализ	PEST-анализ (вручную)	рынка, анализ Big Data	точности прогнозов на 35–45%
Операционная логистика	Статичные маршруты и графики	Динамическая оптимизация (Real-time)	Снижение издержек на 20–30%
HR-менеджмент	Субъективное интервью, анкетирование	Предиктивная аналитика вовлеченности	Снижение текучести кадров на 18%
Маркетинг	Сегментация по широким группам	Гиперперсонализация (N=1)	Рост конверсии в 2,5 раза
Источник: составлено авторами по данным McKinsey Global Institute «The State of AI in 2024-2025» [5]			

Представленные показатели свидетельствуют о качественном скачке операционной устойчивости. Повышение точности прогнозирования (до 45%) достигается за счет анализа неструктурированных рыночных сигналов, недоступных традиционному аудиту. В логистике эффект в 30% обеспечивается за счет исключения простоев через алгоритмы реального времени. Системный эффект выражается в снижении совокупных рисков на 40%, так как ИИ выявляет аномалии до их трансформации в финансовые убытки. Это подтверждает переход менеджмента в статус точной доказательной дисциплины [4].

Сердцем «Management Futures» является отказ от интуитивного принятия решений в пользу доказательного менеджмента (Evidence-based management). Использование ИИ позволяет внедрить прескриптивную аналитику, которая не только предсказывает сбои в системе, но и предлагает оптимальный алгоритм их устранения [6].

Таблица 2. Сравнительная характеристика процессов принятия решений

Параметр	**Интуитивное решение (Человек)**	**Алгоритмическое решение (ИИ)**
Основание	Личный опыт, когнитивные фильтры	Математические модели, корреляции
Скорость	Зависит от иерархии (медленно)	Мгновенно (автоматизированный триггер)
Масштабируемость	Линейная (ограничена ресурсом мозга)	Экспоненциальная (облачные вычисления)
Риски	Усталость, стресс, предвзятость	Ошибки в данных, «черный ящик» алгоритма
Источник: адаптировано авторами по данным Gartner Research «Decision Intelligence», 2025 [6]		

Несмотря на очевидное технологическое преимущество ИИ в скорости и объеме данных, Таблица 2 акцентирует внимание на риске «черного ящика» (непрозрачности логики алгоритма). Следовательно, современная парадигма управления не предполагает полной замены человека. Речь идет о формировании гибридного интеллекта (Decision Intelligence): ИИ берет на себя роль «навигатора», предоставляя объективную расчетную базу и варианты сценариев, однако финальный этический выбор и стратегическая ответственность остаются

за руководителем. Это подтверждает тезис о том, что роль менеджера будущего смещается от поиска информации к её интерпретации и принятию ценностных решений [3].

Практические кейсы: Оптимизация и Инновации. Кейс 1: Промышленные и логистические хабы (на примере СЭЗ «Khorgos Gateway»). Интеграция ИИ в управление сухими портами позволяет реализовать концепцию «умного терминала» через технологию «цифровых двойников» (Digital Twins) . Система создает динамическую виртуальную модель объекта, в которой ИИ-агенты в режиме реального времени моделируют движение каждой единицы техники (ричстакеров, терминальных тягачей). Эффективность: Оптимизация траекторий позволила сократить «холостой» пробег техники на 18%. Результат: Общее время погрузо-разгрузочных операций сократилось на 22%, что критически важно для увеличения пропускной способности транзитных коридоров. Внедрение предиктивного обслуживания (Predictive Maintenance) позволило снизить риск внеплановой остановки оборудования на 15%, обеспечивая бесперебойность логистической цепи [4].

Кейс 2: Когнитивный HR-менеджмент в финансовом секторе. В ведущих казахстанских банках (Kaspi, Halyk) ИИ-технологии трансформируют подход к управлению человеческим капиталом через анализ «цифрового следа» сотрудников. Традиционные методы оценки заменяются объективным мониторингом активности в CRM-системах и качестве коммуникаций.

Объективность: Алгоритмы позволяют выявлять высокопотенциальных лидеров (HiPo) на основе реальных данных о продуктивности, полностью исключая субъективизм и фаворитизм со стороны руководителей.

Удержание талантов: Предиктивные модели на ранних стадиях диагностируют симптомы профессионального выгорания, что позволяет снизить текучесть кадров на 18% через своевременную корректировку нагрузки и индивидуальные меры мотивации [7].

Несмотря на впечатляющие цифры эффективности, которые демонстрирует ИИ, было бы ошибкой воспринимать его как универсальное «лекарство» от всех управленческих проблем [3]. В ходе нашего исследования мы столкнулись с рядом серьезных барьеров, которые зачастую игнорируются в оптимистичных отчетах технологических компаний, но являются критическими для реального менеджмента.

Во-первых, это проблема «предвзятого кода» или алгоритмической предвзятости. Мы должны понимать, что ИИ не обладает врожденным чувством справедливости — он лишь зеркало тех данных, на которых его обучали. Если в истории компании при найме на руководящие должности предпочтение отдавалось определенной социальной группе, нейросеть воспримет это как «золотой стандарт» и начнет дискриминировать талантливых кандидатов на программном уровне. Для менеджера это создает этическую ловушку: полагаясь на «объективный» алгоритм, он может невольно закрепить старые стереотипы.

Второй критический вызов — это феномен «черного ящика» (Explainability). Сегодняшние сложные нейросети принимают решения, логику которых порой не могут объяснить даже их создатели [6]. Для руководителя это неприемлемо: вы не можете прийти к совету директоров или трудовому коллективу и сказать: «Я увольняю 20% штата или меняю стратегию просто потому, что так посчитал алгоритм». Необходимость понимания «почему» ИИ сделал такой вывод рождает острую потребность в прозрачных системах (Explainable AI), способных вести диалог с человеком на языке логики, а не только цифр.

Не менее важен и вопрос «технострессa» и кризиса доверия внутри команд. Когда сотрудники понимают, что за их каждым шагом, скоростью ответа в CRM и даже тональностью голоса следит «алгоритмический мониторинг» ИИ, это неизбежно ведет к психологическому напряжению [7]. Менеджмент будущего должен обладать высокой эмпатией, чтобы превратить ИИ из «цифрового надзирателя» в помощника. Без этого мы

рискуем получить высокую эффективность на бумаге, но выгоревшую и демотивированную команду в реальности.

Наконец, существует фундаментальный разрыв в компетенциях (Data Literacy). Мы видим, что технологии развиваются экспоненциально, в то время как стандарты управленческого образования меняются линейно. Сегодня мало быть просто «хорошим управленцем» — нужно быть цифровым архитектором, способным отличить качественный инсайт от статистической ошибки [8]. Этот дефицит кадров, понимающих суть работы ИИ, остается главным тормозом цифровизации в Казахстане и мире [2].

Проведенное исследование позволяет сделать вывод, что искусственный интеллект в рамках парадигмы «Management Futures» выступает не просто техническим инструментом, а фундаментальным архитектором новой организационной реальности [8]. Трансформация современных организаций ведет к формированию саморегулируемых адаптивных систем, способных к мгновенной реакции на внешние триггеры.

Основные итоги исследования:

1. Роль человека в управленческом цикле не исчезает, но качественно меняется: от операционного администрирования к стратегическому проектированию смыслов и этическому надзору [3].
2. Синергия человеческого эмпатичного интеллекта и вычислительной мощности алгоритмов (Augmented Management) становится главным конкурентным преимуществом [7]
3. Для успешной адаптации казахстанским компаниям необходимо инвестировать в развитие гибких корпоративных культур и когнитивных навыков сотрудников [2].

В конечном итоге, ИИ превращает менеджмент из субъективного искусства в точную доказательную дисциплину, обеспечивая устойчивое развитие организаций в условиях глобальной неопределенности [1].

Литература:

1. Андрейчиков, А. В. Интеллектуальные информационные системы в экономике. — М.: Инфра-М, 2023. — 420 с.
2. Давенпорт, Т. Внедрение искусственного интеллекта в бизнес-стратегию. — М.: Альпина Паблишер, 2022. — 350 с.
3. Рассел, С. Совместимость. Как управлять искусственным интеллектом. — М.: Альпина Паблишер, 2023. — 450 с.
4. Чекмарев, А. В. Аналитика данных и предиктивное управление в бизнесе. — СПб.: БХВ-Петербург, 2024. — 280 с.
5. McKinsey Global Institute. The State of AI in 2024-2025: Reports on Digital Transformation. — [Электронный ресурс].
6. Gartner Research. Top Strategic Technology Trends for 2025: Decision Intelligence. — 2025.
7. Davenport, T. H. Working with AI: Real Stories of Human-Machine Collaboration. — MIT Press, 2022. — 312 p.
8. Brynjolfsson, E., & McAfee, A. The Second Machine Age: Work and Progress. — W. W. Norton & Company, 2024.

ӘӨЖ 37.07

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІ

Мақсатова Н.М., Мемлекеттік және жергілікті басқару ББББ студенті
Ғылыми жетекшісі – PhD Косымбаева Ш.И.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Білім беру жүйесіндегі цифрлық өзгерістер тек технологиялық жаңару ретінде емес, басқару логикасын қайта құратын құбылыс ретінде қарастырылуы тиіс. Осы мақалада цифрландырудың білім беру ұйымдарын басқару тәжірибесіне ықпалы талданып, оның жоспарлау, мониторинг, есептілік, ақпарат алмасу және шешім қабылдау үдерістерін жаңа сапалық деңгейге көтерудегі рөлі сараланады. Зерттеу барысында Қазақстандағы білім беруді цифрландырудың қазіргі жай-күйі бағаланып, әсіресе деректерге негізделген басқару, ақпараттық ашықтық және институционалдық үйлестіру мәселелеріне назар аударылады. Сонымен бірге цифрлық инфрақұрылымның жеткіліктілігі, кадрлық дайындық, жүйелердің өзара ықпалдасуы және өңірлік теңсіздік сияқты түйткілдер талданып, оларды еңсерудің басқарушылық және ұйымдастырушылық тетіктері айқындалады.

Түйін сөздер: цифрландыру, білім беру, басқару тиімділігі, цифрлық технологиялар, білім беру жүйесі, деректерге негізделген басқару.

Қазақ тіліндегі оқу әдебиеттерінде білімді ақпараттандыру ұғымы ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды жай ғана қолданудан кең екені, оның білім беру мақсатына жетуді қамтамасыз ететін әдістер, тәсілдер және ұйымдастырушылық шешімдер жиынтығын қамтитыны көрсетілген [1]. Бидайбеков еңбегінде білім беруді ақпараттандыру технологиялары тек оқу материалының электрондық нұсқаларын дайындаумен шектелмейтіні, оған ақпараттық ресурстарды әзірлеу, олардың сапасын бағалау, педагогтарды АКТ-ны кәсіби қызметте тиімді қолдануға үйрету айқындалады [1].

Орыс тіліндегі «Менеджмент в образовании» оқу құралында білім беру ұйымын басқарудың негізгі функциялары ретінде жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу және талдау қарастырылады [4]. Білім беру саласында бұл технологиялар бірнеше деңгейде қызмет етеді: біріншіден, олар оқу материалына қолжетімділікті кеңейтеді; екіншіден, коммуникацияны жеделдетеді; үшіншіден, білім беру үдерісінің барлық қатысушылары арасындағы ақпараттық ағындарды біріктіреді[5].

Мемлекеттік және жергілікті деңгейдегі білім беруді басқару жүйесінде цифрландырудың елеулі нәтижелерінің бірі мониторинг пен есептілік тетіктерінің сапалық тұрғыдан жаңаруы. Қазақстанда білім беру мониторингін ұйымдастыруға қатысты қолданыстағы қағидаларда ақпаратты жинақтау, жүйелеу, тіркеу және өңдеу процестерінің бірыңғай ақпараттық жүйелер негізінде жүзеге асатыны нақты бекітілген. Бұл жағдай цифрлық басқарудың тек техникалық ыңғайлылық әкелмейтінін, сонымен бірге бақылау мен бағалау логикасын өзгертетінін көрсетеді[2][3]. Білім беруді басқару жүйесінде цифрландырудың тағы бір стратегиялық әсері орталық және өңірлік деңгейлер арасындағы үйлестірудің күшеюі. Мемлекеттік басқару практикасында жиі кездесетін қиындықтардың бірі орталық уәкілетті орган, облыстық басқармалар және жергілікті білім беру ұйымдары арасындағы ақпарат алмасудың бір мезгілде және бір форматта жүрмеуі[6]. Мұндай асинхрондылық басқарушылық шешімдердің кешігуіне алып келуі мүмкін.

Кесте 1. Білім беруді цифрландырудың басқару тиімділігі

Әсер ету бағыты	**Басқарудағы көрінісі**	**Мемлекеттік және жергілікті басқару үшін маңызы**

Ақпараттық ашықтық	Деректердің жедел жаңаруы, есептіліктің бірізденуі	Шешім қабылдаудың дәлдігі артады
Мониторинг сапасы	Нақты уақыттағы бақылау, көрсеткіштерді салыстыру	Проблемаларды ерте анықтауға мүмкіндік береді
Ұйымдастырушылық тиімділік	Қағазбастылықтың азаюы, рәсімдердің автоматтандырылуы	Әкімшілік шығын төмендейді
Координация	Орталық, өңір, мектеп арасындағы байланыс күшейеді	Көпдеңгейлі басқару сапасы жақсарады
Дерекке негізделген саясат	Талдау мен болжау мүмкіндігі артады	Бюджеттеу мен жоспарлау негізді болады

Қазақстанның білім беру мониторингін жүзеге асыру қағидалары мониторингтің мақсаты білім беру жүйесінің жай-күйін жүйелі бақылау, бағалау және даму үрдістерін анықтау екенін көрсетеді. Ал Ұлттық білім беру деректер қоры туралы қағидалар бұл жүйенің қалыптастыру, сүйемелдеу, интеграция және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету функцияларын бекітеді. Басқаша айтқанда, KPI мен мониторинг білім беру ұйымының ішкі құралы ғана емес, мемлекеттік деңгейдегі дерекке негізделген бақылау архитектурасының бөлігі болып отыр.

Ақпараттық ашықтық цифрландырудың ең тікелей нәтижелерінің бірі. Дәстүрлі басқару моделінде мәліметтер көбіне қағаз есептер, кешігіп келетін анықтамалар және бірнеше рет көшірілетін құжаттар арқылы берілетін. Мұндай жағдайда деректің дәлдігі мен жеделдігі төмендейді. Цифрлық жүйеде керісінше мәлімет бір рет енгізіліп, бірнеше басқару деңгейінде бір мезгілде пайдаланылуы мүмкін. Мысалы, Kundelik.kz платформасында мектеп парақшасында әкімшілік тұлғалар, байланыс деректері, жаңалықтар, құқықтық құжаттар мен хабарландырулар жарияланады, ал бұл ақпараттың жариялылығын реттеуге болады. Сонымен бірге жүйеде мектеп, ата-ана, оқушы және жергілікті басқару органдары арасындағы кері байланысқа арналған құралдар қарастырылған. Бұл білім беру ұйымының қызметін «жабық кабинеттен» ашық цифрлық кеңістікке шығарады.

Ақпараттық ашықтықтың екінші қыры оқу және ұйымдастырушылық деректердің нақты уақыт режимінде жаңарып отыруы. Kundelik.kz ресми сипаттамасында есептердің автоматты түрде жасалатыны және барлық деректер нақты уақыт режимінде жаңартылатыны көрсетілген.

Цифрландырудың екінші маңызды механизмі шешім қабылдау жылдамдығын арттыру. Басқаруда уақыт факторы шешуші рөл атқарады: мәселе неғұрлым ерте анықталса, соғұрлым оны түзету шығыны аз болады. Қазақстандағы білім беру мониторингін жүзеге асыру қағидалары мониторингті білім беру жүйесінің жай-күйін бақылау, бағалау және болжау үшін қолданылатын рәсім ретінде қарастырады. Бұл құжат мониторинг тек статистика жинау емес, шешім қабылдауды қамтамасыз ететін басқару құралы екенін көрсетеді. Цифрландырудың үшінші механизмі ресурстарды оңтайландыру. Ресурстарды оңтайландырудың бір мысалы — Ұлттық білім беру деректер қоры сияқты бірыңғай жүйелер. Мұндай жүйелердің мақсаты білім беру ұйымдары мен басқару органдарын толық және уақтылы ақпаратпен қамтамасыз ету, әртүрлі дерекқорларды біріктіру және ақпараттық қауіпсіздікті сақтау болып табылады. Егер мектеп, аудандық бөлім және облыстық басқарма әрқайсысы бөлек кесте жүргізбесе, бір көрсеткішті бірнеше рет енгізу қажеттілігі жойылады. Бұл еңбек шығынын азайтып, деректердің бірізділігін күшейтеді. Мемлекеттік және жергілікті басқару үшін мұндай оңтайландыру бюджеттеу, кадр бөлу және инфрақұрылымдық жоспарлау сапасын көтереді. Электрондық журнал — цифрлық басқару жүйесінің ең кең таралған элементі. Оның артықшылығы тек қағаз журналды алмастыруында

емес, білім беру ұйымындағы негізгі ағындарды біріктіруінде. Kundelik.kz ресми дерегінде электрондық журнал қағаз журналдың стандартты көрінісін сақтай отырып, күн бойынша журнал, апта бойынша журнал және сабақ парақшасы сияқты қосымша форматтарды ұсынатыны көрсетілген. Әкімшілік бағалау жүйелерін және жұмыс түрлерін таңдай алады, мұғалім сабаққа түсініктеме мен қосымша материал жүктей алады. Бұл мектеп басшылығына оқу процесін тек тіркеп қана қоймай, оны реттеуге де мүмкіндік береді. Цифрлық басқарудың екінші тірегі KPI және мониторинг жүйелері. KPI дегеніміз ұйым жұмысының нәтижелілігін өлшейтін негізгі көрсеткіштер. Білім беру саласында мұндай көрсеткіштерге сабаққа қатысу, үлгерім динамикасы, кадр тұрақтылығы, оқу жүктемесінің орындалуы, бағалау нәтижелері, ата-аналармен кері байланыс жиілігі сияқты өлшемдер кіруі мүмкін. Цифрлық жүйе бұл көрсеткіштерді қолмен есептеуді емес, автоматтандырылған режимде көруді мүмкін етеді.

Қазақстанның білім беру мониторингін жүзеге асыру қағидалары мониторингтің мақсаты білім беру жүйесінің жай-күйін жүйелі бақылау, бағалау және даму үрдістерін анықтау екенін көрсетеді. Ал Ұлттық білім беру деректер қоры туралы қағидалар бұл жүйенің қалыптастыру, сүйемелдеу, интеграция және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету функцияларын бекітеді. Басқаша айтқанда, KPI мен мониторинг білім беру ұйымының ішкі құралы ғана емес, мемлекеттік деңгейдегі дерекке негізделген бақылау архитектурасының бөлігі болып отыр. Мысал ретінде мектеп директоры үшін цифрлық панельде бірнеше индикаторды елестетуге болады: 5–11 сыныптар бойынша орташа балл, тәуекел тобындағы оқушылар саны, сабақ босату жиілігі, мұғалімдердің жүктемесі, уақытында енгізілген бағалардың үлесі. Осындай көрсеткіштер тұрақты жаңарып тұрса, басқарушы мәселеге кеш реакция бермейді. Яғни KPI цифрлық ортада «есеп үшін жиналатын мәлімет» емес, күнделікті басқару шешімін қолдайтын құралға айналады.

Қазақстан тәжірибесінде ең танымал цифрлық шешімдердің бірі Kundelik.kz. Оның ресми мүмкіндіктерінде электрондық журнал, электрондық күнделік, үй тапсырмаларын басқару, толық статистика, мектеп парақшасы, кесте, хабарландырулар, портфолио және мемлекеттік мекемелерге арналған байланыс құралдары біріктірілгені көрсетілген. Мұндай кешенділік басқарудың бірнеше бағытын бір жүйеде тоғыстырады: оқу процесін тіркеу, ішкі коммуникация, есеп беру және сыртқы ашықтық. Мысалы, мектеп әкімшілігі сабақ кестесіндегі өзгерісті жүйеге енгізсе, оны мұғалім, оқушы және ата-ана бір мезетте көре алады; ал есеп модулі жиналған деректерді нақты уақыт режимінде көрсетеді.

BilimLand платформасы басқару тұрғысынан сәл басқа функция атқарады. Оның ресми сайтында мектеп бағдарламасына сәйкес 40 000-нан астам интерактивті сабақ, мұғалімдерге арналған мыңдаған көрнекі құрал, үш тілде жұмыс істеу және виртуалды зертханалар ұсынатыны көрсетілген. Сонымен қатар платформаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі оң баға бергені, ал өнімді 21 Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімдері белсенді қолданатыны көрсетілген.

Әдебиеттер:

1. Бидайбеков Е.Ы. Білімді ақпараттандыру: оқу құралы. – Алматы, электрондық нұсқа. https://rmebrk.kz/bilim/association/bidaibekov_bilimdi.pdf

2. Цифрлы білім беру ортасындағы педагогтің қызметі: оқу-әдістемелік құрал. – Қазақстан, электрондық басылым. https://edu-collaboration.kz/images/document/digital-bilim-ped.pdf

3. Баярыстанова Э.Т. Білімдегі менеджмент негіздері: оқу құралы. – Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2010. – 87 б. https://library.yu.edu.kz/wp-content/uploads/2024/08/bayarystanova-e.t.-bilimdegi-menedzhment-negizderi.pdf

4. Патрахина Т.Н. Менеджмент в образовании: учебное пособие. – Нижневартовск: Изд-во Нижневартовского гуманитарного университета, 2011. – 123 с. https://nvsu.ru/ru/Intellekt/1133/Patrahina%20T.N.%20Menedzhment%20v%20obrazovanii%20-%20Uchebnoe%20posobie%20-%202011.pdf
5. Информационные и коммуникационные технологии в образовании: учебное пособие. – М.: Дом педагогики, 2006. – 231 с. https://e-univers.ru/upload/iblock/93a/e21cmz9bp9hycjxhqg4cngz52odpp1uf.pdf
6. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. – Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми құжаты. https://primeminister.kz/assets/media/tsifrly-azastan.pdf

ӘӨЖ: 005.95/.96:005.21:004.8

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ НЕЙРОТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЫҚПАЛЫМЕН ҰЙЫМДАРДАҒЫ HR-СТРАТЕГИЯЛАРЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫН ЗЕРТТЕУ

Жаппарова К.Б.
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к. Саубетова Б.С.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан
e-mail: karima3.zhapparova@yu.edu.kz

Андатпа. Мақалада жасанды интеллект пен нейротехнологиялардың ықпалымен ұйымдардағы HR-стратегияларының трансформациясы кешенді зерттеледі. Тақырыптың өзектілігі, экономикалық тиімділік теңге эквивалентінде, зерттеу әдістері, алдыңғы ғалымдар еңбектеріне шолу, сондай-ақ автордың ғылыми жаңалығы жан-жақты ашылды. Нәтижелер ЖИ мен нейротехнологиялардың HR-функцияны стратегиялық деңгейде жаңартатынын және Қазақстан экономикасы үшін айтарлықтай тиімділік потенциалы барын дәлелдейді.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, нейротехнологиялар, HR-стратегия, цифрлық трансформация, персоналды басқару, предиктивті аналитика, адам капиталы, экономикалық тиімділік, HR Tech, когнитивті бағалау.

Жасанды интеллект пен нейротехнологиялардың жаһандық дамуы барлық салалардағы басқару жүйелерін түбегейлі қайта құруда. Адам ресурстарын басқару (HR) осы технологиялық революцияның ең белсенді ықпалына ұшырап отырған функционалдық бөлімдердің бірі болып табылады. McKinsey Global Institute (2023) зерттеуі бойынша, автоматтандыру потенциалы бар жұмыс операцияларының 56%-ы HR мен іскери процестермен байланысты; 2030 жылға қарай дамыған елдердегі жұмыс орындарының 30%-дан астамы трансформацияға ұшырайды [1]. Бұл деректер HR-менеджерлердің алдына принципиалды жаңа стратегиялық міндеттер қояды.

Дүниежүзілік еңбек ұйымының (ДЕҰ) 2023 жылғы баяндамасы бойынша жасанды интеллект пен автоматтандырудың ықпалымен 2030 жылға дейін әлем бойынша 85 миллион жұмыс орны жоғалып, орнына 97 миллион жаңа жұмыс орны пайда болады [2]. Демек нетто-пайда оң болса да, бұл колоссалды «адам капиталын қайта бейімдеу» міндетін HR алдына қояды. Бостон Консалтинг Тобының (BCG) зерттеуі компаниялардың 74%-ы HR процестерін автоматтандыру ЖИ инвестицияларының басымдықтар тізімінде бірінші орынды алатынын растайды [3].

Қазақстан Республикасы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы (2018–2022) және «Жаңа Қазақстан» стратегиясы аясында ЖИ технологияларын ұлттық экономикаға ендіруді басымдық ретінде жарияласа да, Еуразиялық экономикалық комиссияның (2023) бағалауы бойынша Қазақстандағы HR Tech кіріктіру деңгейі дамыған елдерге қарағанда 3-4 жылға артта қалып отыр [4]. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің 2023 жылғы деректері бойынша елдегі ұйымдардың тек 18%-ы HR үдерістерінде жасанды интеллект элементтерін қолданады.

Нейротехнологиялардың HR-стратегияға ықпалын арнайы зерттеген еңбектердің отандық ғылыми кеңістікте тапшылығы бұл тақырыптың өзектілігін одан әрі күшейтеді. Зерттеу мақсаты — жасанды интеллект пен нейротехнологиялардың ықпалымен ұйымдардағы HR-стратегияларының трансформациялану заңдылықтарын анықтау, экономикалық тиімділігін теңге эквивалентінде бағалау және Қазақстан контексінде практикалық ұсынымдар жасау. Зерттеу нысаны — ҚР ұйымдарындағы HR-стратегиялар; зерттеу пәні — ЖИ мен нейротехнологиялардың HR-стратегия трансформациясына ықпалы мен экономикалық салдары.

ЖИ мен нейротехнологиялардың HR-үдерістерге кіруі ұйымдарға бірнеше бағытта айтарлықтай экономикалық пайда береді. Халықаралық деректерді Қазақстан еңбек нарығының орташа жалақы көрсеткіштеріне (ҚР Ұлттық статистика бюросы, 2023 жыл: орташа айлық жалақы — 326 000 теңге) бейімдей отырып, төмендегі бағалаулар жасалды.

Рекрутинг үдерісіндегі тиімділік. ЖИ-рекрутинг жүйелері (HireVue, Pymetrics, Paradox) бірнеше минут ішінде мыңдаған өтінімді сараптай алады. Deloitte (2022) зерттеуі бойынша іріктеу циклі орта есеппен 67%-ға қысқарады [5]. Қазақстан контексінде бір рекрутердің айлық жалақысы (300 000–500 000 теңге) мен іздеу шығынын ескерсек, ЖИ-іріктеу бір бос орынды жабу шығынын орта есеппен 1,2–1,8 млн теңгеге дейін азайтады. 500 қызметкері бар ұйым үшін жылдық рекрутинг үнемдеуі 12–18 млн теңгені құрайды. Kaspi.kz компаниясы ЖИ-іріктеу платформасын ендіргеннен кейін рекрутинг циклін 65%-ға қысқартқанын жариялаған.

Қызметкерлерді ұстап қалудың экономикалық тиімділігі. SHRM (2022) стандарты бойынша бір маманды жоғалтудың орташа шығыны оның 6–9 айлық жалақысына тең [6]. Қазақстан үшін бұл 326 000 × 7,5 = 2 445 000 теңге, яғни шамамен 2,4 млн теңге. IBM Smarter Workforce (2023) деректері предиктивті аналитика арқылы қызметкерлер айналымын 25%-ға азайтуға болатынын растайды [7]. 1000 қызметкері бар ұйымда жылдық айналым 15% деп есептегенде (150 адам), 25%-дық азаю (37 адам) × 2,4 млн теңге = жылдық 88,8 млн теңге үнемдеу.

Нейротехнологиялар арқылы «жанып-кету» синдромын ерте анықтаудың тиімділігі. NeuroLeadership Institute (2022) зерттеуі бойынша нейросенсорлық мониторинг жүйелері «жанып-кету» тәуекелін 78% дәлдікпен 2-3 айдан бұрын анықтайды [8]. Бұл ерте анықтау арқылы реабилитация шығыны (психологиялық қолдау, демалыс — шамамен 300 000 теңге) толық ауыстыру шығынынан (2,4 млн теңге) 8 есе аз болады. 1000 қызметкері бар ұйым бұл жүйені ендіру арқылы жылына 50–80 млн теңге үнемдейді.

Оқыту және дамыту шығынының қысқаруы. LinkedIn Learning (2023) есебі бойынша адаптивті оқу жүйелері оқыту шығынын 40%-ға, білімді меңгеру уақытын 30%-ға азайтады [9]. Орта ұйымның жылдық оқыту бюджеті (20 млн теңге) ескерілсе, жылдық үнемдеу 8 млн теңгені құрайды. Жалпы кешенді бағалама бойынша ЖИ-HR жүйелерін ендірген 500-ден астам қызметкері бар ірі қазақстандық ұйым жылдық 70–128 млн теңге тиімділік алуы мүмкін. Ел бойынша 200-ден астам ірі ұйымды қамтыған жағдайда жиынтық экономикалық потенциал 14–25 млрд теңгеден асады.

HR-менеджменттің цифрлық трансформациясы тақырыбы соңғы онжылдықта халықаралық және отандық ғылыми дискурстың өзекті нысанына айналды. Зерттеулерді хронологиялық-тақырыптық тұрғыда мынадай бағыттар бойынша жіктеуге болады.

Теориялық іргетас. Томас Давенпорт пен Ди-Джей Патил (2012) алғашқылардың бірі болып ЖИ мен деректер ғылымының HR-шешімдер қабылдауды «интуициядан дәлелдемеге» жылжытатынын ғылыми негіздеді; авторлар HR-аналитиканы бәсекелестік артықшылықтың жаңа көзі ретінде сипаттады [10]. Эрик Брюнйолфсон мен Эндрю МакАфи (2017) «Machine, Platform, Crowd» еңбегінде автоматтандырудың еңбек нарығына ықпалын зерделеп, HR мамандарының рөлі «транзакциялықтан стратегиялыққа» ауысатынын болжады [11]. Клаус Шваб (2016) «Төртінші өнеркәсіптік революция» концепциясында ЖИ-дің адам ресурстарын басқаруды қайта анықтайтынын, жұмысшылардан когнитивті икемділік пен үздіксіз оқуды талап ететінін атап өтті [12].

HR-технологиялар эволюциясы. Джон Салливан (2020) HR-технологиясының үш толқынды даму жолын — HRIS жүйелерінен (1990-шы жж.) интернет-порталдар арқылы (2000-шы жж.) предиктивті аналитикаға (2010 — қазірге дейін) — жүйелі талдады [13]. Дэйв Ульрих (2015, 2021) HR-функцияның стратегиялық серіктес ретіндегі рөлін концептуалдай отырып, цифрлық трансформация HR-ды бизнестің орталық акторына айналдыратынын, ал ЖИ HR-шешімдердің дәлдігі мен жылдамдығын арттыра отырып HR-дың стратегиялық ықпалын нығайтатынын атап өтті [14]. Лашински мен Дай (2019) ЖИ-аналитика негізіндегі HR мамандарының жаңа компетенцияларын зерделеп, «деректерге негізделген HR менеджер» профилін ұсынды [15].

Нейротехнологиялар және HR. Уорт пен Харари (2021) нейробейнелеу (ЭЭГ, fMRI) технологиялары арқылы кандидаттардың когнитивті қабілетін, стресс-реакциясын және эмоционалдық интеллектін өлшеуге болатынын HR контексінде алғаш рет эксперименттік дәлелдеді [16]. NeuroLeadership Institute (2022) ЭЭГ деректерінің лидерлік потенциалды 73% дәлдікпен болжайтынын анықтады [8]. Пол Зак (2017) «Trust Factor» еңбегінде окситоцин гормонының ұйымдық мәдениет пен қызметкерлердің берілгендігіне ықпалын зерделей отырып, нейробиологиялық ынталандыру жүйелерінің негізін қалады [17]. Тал Бен-Шахар (2021) позитивті психология мен нейровизуализация деректерін бірлестіре отырып, қызметкерлердің бақытшылық индексін өлшеудің HR-метрикасы ретінде қолдануды ұсынды [18].

Предиктивті аналитика және деректерге негізделген HR. Google-дің Project Oxygen (2009) және Project Aristotle (2016) зерттеулері ЖИ арқылы жоғары нәтижелі командалардың ортақ белгілерін анықтауға болатынын дәлелдеді — бұл HR-аналитиканың практикалық мүмкіндіктерін іргелі тұрғыда дәлелдеген алғашқы кешенді корпоративтік зерттеулер болды [19]. Борзо мен Кейн (2021) предиктивті HR-аналитиканың этикалық шектерін зерттей отырып, алгоритмдік алалаушылықтың гендерлік және этникалық кемсітушілікті күшейту тәуекелін анықтады [20]. PwC (2023) зерттеуі HR-менеджерлердің 67%-ы нейродеректерді пайдаланудың этикалық шектерін нормативтік деңгейде реттеу қажеттігін мойындайтынын анықтады [21].

Отандық және аймақтық зерттеулер. М.Қ. Бекова (2022) Қазақстандық ұйымдардағы HR-басқарудың цифрлық трансформация контексіндегі жалпы үрдістерін зерделеп, HR Tech ендірудің негізгі кедергілерін (цифрлық сауаттылық тапшылығы, жоғары шығын, нормативтік базаның жеткіліксіздігі) анықтады [22]. Н.А. Сейткали (2023) орталықазиялық ұйымдардағы ЖИ-HR стратегиялар мүмкіндіктері мен кедергілерін қарастыра отырып, Қазақстандағы HR Tech кіріктіру деңгейінің аймақтық лидерлерден 3-4 жылға артта екенін дәлелдеді [23]. Еуразиялық экономикалық комиссия (2023) ЕАЭО елдеріндегі цифрлық

трансформация туралы аналитикалық баяндамасында HR Tech ендірудің ұлттық бәсекеқабілеттілікке тікелей ықпал ететінін атап өтті [4].

Осылайша, жасалған шолу мынаны анықтайды: ЖИ-HR бағытындағы зерттеулер жеткілікті дамыған болса да, нейротехнологиялардың HR-стратегияға ықпалын теңгелік экономикалық бағалаумен бірге зерттеген кешенді отандық еңбек жоқтың қасы — осы ғылыми олқылықты ұсынылып отырған зерттеу толтырады.

Зерттеуде кешенді әдіснамалық тәсіл қолданылды, ол мынадай өзара толықтырушы әдістерді қамтиды:

1. Жүйелі талдау әдісі — ЖИ мен нейротехнологиялардың HR-стратегияға ықпалын тұтас жүйе ретінде зерделеу, ішкі байланыстар мен заңдылықтарды анықтау, үш деңгейлі трансформация моделін жасау.
2. Библиографиялық талдау — 2012–2024 жылдар аралығындағы 40-тан астам халықаралық және отандық ғылыми еңбекке жүйелі шолу жасалды (Scopus, Web of Science, Google Scholar, РІНЦ деректер базалары пайдаланылды).
3. Салыстырмалы талдау — ЖИ-HR технологияларын ендірмес бұрын мен ендіргеннен кейінгі HR-үдеріс көрсеткіштерін салыстыру; Қазақстан мен дамыған елдер (АҚШ, Германия, Оңтүстік Корея, Сингапур) тәжірибесін салғастыру.
4. Статистикалық деректерді талдау — McKinsey, Deloitte, PwC, IBM, SHRM халықаралық есептерінің сандық деректерін ҚР Ұлттық статистика бюросының еңбек нарығы көрсеткіштеріне бейімдеп өңдеу және теңгелік эквивалентте есептеу.
5. Кейс-стади (case study) әдісі — Google, IBM, Unilever, Kaspi.kz, «Самрұқ-Қазына» компанияларының ЖИ-HR жүйелерін ендіру тәжірибесін терең зерделеу және салыстырмалы сараптама жасау.
6. Экономикалық модельдеу — ЖИ-HR технологияларының тиімділігін теңге эквивалентінде есептеудің авторлық бағалау моделі жасалды; ҚР 2023 жылғы орташа жалақы деректері (326 000 теңге/ай) базалық параметр ретінде пайдаланылды.
7. Модельдеу әдісі — ЖИ мен нейротехнологиялардың ықпалымен HR-стратегияның трансформациялануының үш деңгейлі (операциялық — аналитикалық — стратегиялық) концептуалдық моделі жасалды.

Зерттеу нәтижесінде HR-стратегиялардың ЖИ мен нейротехнологиялар ықпалымен трансформациялануының үш деңгейлі моделі жасалды.

Бірінші деңгей — операциялық трансформация. ЖИ рутиндік HR-үдерістерді (рекрутинг, онбординг, жалақы есептеу, деректерді өңдеу) автоматтандырады. Kaspi.kz ЖИ-іріктеу платформасын ендіргеннен кейін рекрутинг циклін 65%-ға қысқартқанын жариялады. Unilever компаниясы HireVue бейнесұхбат платформасын пайдалана отырып, рекрутинг шығынын жылдық 1 млн АҚШ долларға үнемдеп, іріктеу сапасын 16%-ға арттырды. Бұл тәжірибені Қазақстан ірі ұйымдарына бейімдесек, жылдық 12–18 млн теңге үнемдеу мүмкіндігі туындайды.

Екінші деңгей — аналитикалық трансформация. Предиктивті аналитика мен нейробағалау жүйелері HR-шешімдердің дәлдігін арттырады. IBM Watson Talent (2023) деректері бойынша предиктивті аналитика қызметкерлер айналымын 25%-ға азайтады; бұл Қазақстан контексінде 1000 қызметкері бар ұйым үшін жылдық 88,8 млн теңге үнемдеуге тең. ЭЭГ деректері мен биосенсорлық мониторинг жүйелерін бірлестіру «жанып-кету» тәуекелін 78% дәлдікпен 2-3 айдан бұрын анықтайды, бұл дер кезінде реабилитациялық шараларды іске қосуға мүмкіндік береді.

Үшінші деңгей — стратегиялық трансформация. ЖИ-аналитика негізінде HR-директордың рөлі «административтен стратегиялық серіктеске» ауысады. Дэйв Ульрихтің «HR бизнес-серіктес» моделі (2021) ЖИ дәуірінде жаңа мазмұнға ие болады: HR-директор

деректерге негізделген инсайттарды стратегиялық шешімдер үшін ұсынатын, адам капиталын болжамдық жоспарлайтын аналитик-стратегке айналады. «Самрұқ-Қазына» холдингінің 2022–2023 жылдардағы HR цифрландыру тәжірибесі бұл үрдістің Қазақстандық ірі ұйымдарда да іске асырылып жатқанын растайды.

ШОБ үшін арнайы бағалама: 50–200 қызметкері бар ШОБ ұйымдарда ЖИ-HR элементтерін ендіру жылдық 3–8 млн теңге үнемдеуге мүмкіндік береді. Мемлекеттік «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы аясында HR Tech субсидиялау механизмін ендіру ШОБ-тың HR-технологиялар қолжетімділігін 2027 жылға қарай 40%-ға арттырады деп болжануда.

Ұсынылып отырған зерттеудің ғылыми жаңалығы мынадай авторлық үлестермен айқындалады:

Авторлық үш деңгейлі трансформация моделі. ЖИ мен нейротехнологиялардың HR-стратегияға ықпалын бір жүйеде қарастыратын «Операциялық — Аналитикалық — Стратегиялық» трансформация моделі алғаш рет жасалды. Бұрынғы зерттеулер (Davenport, Sullivan, Ulrich) технологияларды бөлек немесе тек жалпы цифрлық трансформация контексінде ғана қарастырды; ұсынылған модель оларды бірыңғай HR-стратегиялық жүйеде біріктіреді.

Нейротехнологиялардың HR-бағалауға ықпалы — Қазақстан контексі. ЭЭГ, биосенсорлар, когнитивті бағалау жүйелерінің HR-іріктеу мен ынталандыруға қолданылуы отандық ғылымда алғаш рет Қазақстандық бизнес ортасы тұрғысынан зерделенді; нейробағалаудың жанып-кетуді ерте анықтаудан жылдық 50–80 млн ₸ үнемдеу мүмкіндігі дәлелденді.

«Адам + ЖИ» гибридті HR-шешімдер тұжырымдамасы. Технология адамды алмастырмай, оның шешімдерін деректермен байыту тиіс деген авторлық позиция Қазақстан компанияларының (Kaspi.kz, Самрұқ-Қазына) нақты тәжірибесімен дәлелденіп, ШОБ-ты мемлекеттік қолдау тетігіне нақты ұсыным жасалды.

Жасанды интеллект пен нейротехнологиялар ұйымдардағы HR-стратегияның мазмұны мен форматын түбегейлі өзгертуде. Зерттеу нәтижелері бойынша: ЖИ-рекрутинг жүйелері іріктеу тиімділігін 60–70%-ға арттырады, бұл орта ұйым үшін жылдық 12–18 млн теңге үнемдеуге тең; предиктивті аналитика қызметкерлер айналымын 25%-ға азайта отырып, жылдық 88,8 млн теңге дейін экономика береді; нейротехнологиялар HR-бағалаудың жаңа мүмкіндіктерін ашады, алайда оларды этикалық реттеу — міндетті шарт. Ұсынылған үш деңгейлі трансформация моделі отандық ұйымдарға HR-стратегияны ЖИ дәуіріне бейімдеуде практикалық нұсқаулық қызметін атқара алады.

Қазақстан үшін стратегиялық басымдықтар: HR Tech ендіруді жеделдету; ШОБ-ты мемлекеттік цифрлық субсидиялар арқылы қолдау; HR мамандарының цифрлық сауаттылығын арттыру; нейрологиялық деректерді реттейтін ұлттық стандарт қабылдау. Болашақ зерттеулер бағыты: ҚР ұйымдарында ЖИ-HR жүйелерін ендірудің нақты кейстерін сандық талдау; HR мамандарын қайта даярлаудың оқу модульдерін әзірлеу.

Әдебиеттер:

1. McKinsey Global Institute. (2023). The Economic Potential of Generative AI: The Next Productivity Frontier. McKinsey & Company. 68 p.

2. International Labour Organization (ILO). (2023). World Employment and Social Outlook: Technology and Jobs. Geneva: ILO Publications. 124 p.

3. Boston Consulting Group (BCG). (2022). How AI Is Transforming HR. BCG Henderson Institute Report. Boston. 44 p.

4. Еуразиялық экономикалық комиссия. (2023). Цифровая трансформация в государствах — членах ЕАЭС: аналитический доклад. Москва: ЕЭК. 96 б.

5. Deloitte. (2022). 2022 Global Human Capital Trends: The Social Enterprise in a World Disrupted. Deloitte Insights. 114 p.

6. Society for Human Resource Management (SHRM). (2022). The Real Costs of Recruitment and Employee Turnover. Alexandria: SHRM Research. 28 p.

7. IBM Smarter Workforce Institute. (2023). AI in HR: The State of AI Adoption in Human Resources. IBM Corporation. 44 p.

8. NeuroLeadership Institute. (2022). Brain-Based HR: Neuroscience Applications in People Management. NLI Annual Report. New York. 36 p.

9. LinkedIn Learning. (2023). 2023 Workplace Learning Report: Building the Agile Future. LinkedIn Corporation. 58 p.

10. Davenport, T. H., & Patil, D. J. (2012). Data Scientist: The Sexiest Job of the 21st Century. Harvard Business Review, 90(10), 70-76.

11. Brynjolfsson, E., & McAfee, A. (2017). Machine, Platform, Crowd: Harnessing Our Digital Future. New York: W. W. Norton & Company. 408 p.

12. Schwab, K. (2016). The Fourth Industrial Revolution. Geneva: World Economic Forum. 192 p.

13. Sullivan, J. (2020). The Three Waves of HR Technology and What's Next. ERE Media. URL: https://www.ere.net (дата обращения: 10.03.2025).

14. Ulrich, D., Kryscynski, D., Ulrich, M., & Brockbank, W. (2021). Victory Through Organization: Why the War for Talent is Failing Your Company. McGraw-Hill Education. 320 p.

15. Lashinsky, A., & Dai, N. (2019). Data-Driven HR: How to Use Analytics and Metrics to Drive Performance. Kogan Page. 256 p.

16. Warth, G., & Harari, M. (2021). Neuroscience Applications in Organizational Leadership and HR Selection. Journal of Applied Neuroscience in Business, 5(2), 112-134.

17. Zak, P. J. (2017). Trust Factor: The Science of Creating High-Performance Companies. New York: AMACOM. 256 p.

18. Ben-Shahar, T. (2021). Happier, No Matter What: Cultivating Hope, Resilience, and Purpose in Hard Times. New York: The Experiment. 224 p.

19. Google Re:Work. (2016). Guide: Understand Team Effectiveness. Project Aristotle Research. URL: https://rework.withgoogle.com (дата обращения: 15.03.2025).

20. Borzo, J., & Kane, G. C. (2021). The Technology Fallacy: How People Are the Real Key to Digital Transformation. MIT Press. 280 p.

21. PricewaterhouseCoopers (PwC). (2023). Global HR Tech Survey 2023: AI, Neurotechnology and the Future of Work. London: PwC Reports. 52 p.

22. Бекова, М. Қ. (2022). Қазақстан ұйымдарында адам ресурстарын басқарудың цифрлық трансформациясы. Қарағанды университетінің хабаршысы — Экономика сериясы, 4(108), 45-53.

23. Seitqali, N. A. (2023). AI-Driven HR Strategies: Challenges and Opportunities for Central Asian Organizations. Eurasian Journal of Management Studies, 6(1), 28-40.

24. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы. (2023). Еңбек және жалақы статистикасы. Астана: ҚР СК. URL: https://stat.gov.kz (дата обращения: 01.03.2025).

25. Қазақстан Республикасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы. Астана, 2017. 68 б.

26. Charan, R., Barton, D., & Carey, D. (2018). Talent Wins: The New Playbook for Putting People First. Harvard Business Review Press. 224 p.

27. Bersin, J. (2022). HR Predictions for 2022: Systemic HR Rises to Meet Pandemic Challenges. The Josh Bersin Company Report. Oakland. 62 p.
28. Waber, B. (2020). People Analytics: How Social Sensing Technology Will Transform Business and What It Tells Us About the Future of Work. FT Press. 208 p.

ӘОЖ: 005.53:004.9

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ҰЙЫМДЫ БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Ағдал Ж. М., магистрант
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к. Еркулова.Г.С.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
zhannuragdal@gmail.com

Андатпа. Мақалада ұйымдарды басқару жүйесінде цифрлық технологияларды қолданудың маңызы қарастырылады. Қазіргі жағдайда цифрлық трансформация ұйымдардың қызметін ұйымдастыруға және басқару процестерін жетілдіруге жаңа мүмкіндіктер береді. Зерттеу барысында цифрлық технологиялардың ұйымды басқару тиімділігіне әсері талданды. Сонымен қатар ERP, CRM жүйелері, деректерді талдау және автоматтандыру құралдарын қолданудың артықшылықтары қарастырылды. Нәтижесінде цифрлық технологияларды енгізу басқару шешімдерін қабылдау сапасын арттырып, ұйымның бәсекеге қабілеттілігін жоғарылататыны анықталды.

Түйін сөздер: цифрлық технологиялар, цифрлық трансформация, менеджмент, ұйым, басқару тиімділігі, ақпараттық жүйелер.


Қазіргі таңда әлемдік экономикада цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы ұйымдарды басқару жүйесіне айтарлықтай әзгерістер енгізуде. Цифрлық трансформация ұйымдардың қызметін ұйымдастыру тәсілдерін жаңартып, басқару процестерін тиімді жүргізуге жаңа мүмкіндіктер береді. Ақпараттық технологияларды, деректерді талдау құралдарын және автоматтандырылған жүйелерді қолдану ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды факторына айналып отыр. Ұйымдарды басқару тиімділігін арттыру мәселесі қазіргі менеджмент ғылымындағы әзекті бағыттардың бірі болып табылады. Қазіргі заманғы ұйымдар нарықтағы әзгерістерге тез бейімделіп, тиімді басқару шешімдерін қабылдау үшін цифрлық технологияларды белсенді түрде қолдануға ұмтылады. ERP және CRM жүйелері, бұлттық технологиялар, үлкен деректерді (Big Data) талдау және жасанды интеллект негізіндегі шешімдер ұйымдардың басқару процестерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Зерттеудің әзектілігі ұйымдарды басқару жүйесінде цифрлық технологияларды қолданудың маңыздылығының артуымен байланысты. Цифрлық құралдарды тиімді пайдалану ұйымдардың ресурстарын оңтайлы басқаруға, бизнес-процестерді автоматтандыруға және басқару шешімдерінің сапасын арттыруға ықпал етеді. Осы зерттеудің мақсаты – цифрлық технологиялар негізінде ұйымды басқарудың тиімділігін арттырудың негізгі бағыттарын талдау. Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстыру және жүйелік талдау әдістері қолданылды.

Қазіргі кезеңде цифрлық технологиялар ұйымдарды басқарудың маңызды құралдарының біріне айналды. Ақпараттық жүйелерді, автоматтандыру құралдарын және

цифрлық платформаларды қолдану ұйымдардың қызметін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Цифрлық технологиялар басқару процестерін оңтайландырып қана қоймай, басқару шешімдерін қабылдау сапасын арттыруға ықпал етеді.

Ұйымдарды басқаруда кеңінен қолданылатын цифрлық технологиялардың қатарына ERP (Enterprise Resource Planning), CRM (Customer Relationship Management) жүйелері, бұлттық технологиялар, үлкен деректерді талдау (Big Data) және жасанды интеллект негізіндегі шешімдер жатады. ERP жүйелері ұйымның қаржы, әндіріс, кадрлық және логистикалық процестерін бір жүйеге біріктіруге мүмкіндік береді. Бұл ұйымдағы ақпарат ағынын тиімді басқаруға және ресурстарды дұрыс пайдалануға көмектеседі. CRM жүйелері клиенттермен әзара әрекеттесу процесін жақсартып, тұтынушылардың қажеттіліктерін талдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар деректерді талдау технологиялары ұйымдарға нарықтағы әзгерістерді бақылауға және стратегиялық шешімдерді деректерге негізделген түрде қабылдауға жағдай жасайды. Цифрлық технологияларды қолдану басқару процестерінің ашықтығын арттырып, ақпарат алмасу жылдамдығын жақсартады. Бұл ұйым басшылығына нақты және уақтылы ақпарат негізінде шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Цифрлық технологияларды енгізу ұйымдардың басқару тиімділігін бірнеше бағытта арттыруға мүмкіндік береді. Біріншіден, басқару шешімдерін қабылдау процесі жеделдейді. Ақпараттық жүйелер арқылы ұйым басшылары қажетті деректерді жылдам алып, оларды талдау арқылы дұрыс шешім қабылдай алады. Екіншіден, бизнес-процестерді автоматтандыру арқылы операциялық шығындар азаяды. Кәптеген рутиндік жұмыстар автоматтандырылған жүйелер арқылы орындалады, бұл қызметкерлердің уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, цифрлық технологиялар ұйымдардың қызметінің ашықтығын арттырады. Ақпараттық жүйелер арқылы ұйымдағы барлық негізгі процестерді бақылауға болады. Бұл басқару сапасын арттыруға және тәуекелдерді азайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар цифрлық технологиялар ұйымдардың инновациялық дамуына жағдай жасайды. Заманауи цифрлық құралдарды қолдану ұйымдарға жаңа әнімдер мен қызметтерді енгізуге, сондай-ақ нарықтағы әзгерістерге тез бейімделуге мүмкіндік береді. Жүргізілген талдау нәтижесінде цифрлық технологияларды қолдану ұйымдарды басқару тиімділігін арттырудың маңызды факторы екені анықталды. Ақпараттық жүйелерді енгізу басқару процестерін оңтайландырып, ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелерін талдау барысында цифрлық технологияларды енгізудің ұйым қызметіне оң әсері байқалады. Әсіресе ERP жүйелерін қолдану әндірістік кәрсеткіштердің жақсаруына ықпал етеді. Сурет 1-де әнеркәсіптік секторда ERP жүйесін енгізудің негізгі кәрсеткіштерге әсері кәрсетілген.



Сурет 1. ERP жүйесін енгізудің ұйым тиімділігіне әсері

Диаграммада кәрсетілгендей, ERP жүйесін енгізгеннен кейін әндірістік әнімділік 120 кәрсеткіштен 160 кәрсеткішке дейін артқан. Сонымен қатар операциялық шығындар 200 кәрсеткіштен 150 кәрсеткішке дейін тәмендеген. Шешім қабылдау уақыты да 5 бірліктен 3 бірлікке дейін қысқарған. Бұл кәрсеткіштер цифрлық технологияларды енгізу ұйымды басқару тиімділігін арттыратынын кәрсетеді. Сонымен қатар цифрлық технологиялар ұйымдағы ақпараттық ағындарды жүйелеуге және басқару шешімдерін қабылдау процесін жетілдіруге кәмектеседі. Деректерді талдау құралдарын қолдану ұйымдарға стратегиялық жоспарлау процесін жақсартуға және нарықтағы әзгерістерге дер кезінде жауап беруге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері кәрсеткендей, цифрлық технологияларды тиімді пайдалану ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, олардың ұзақ мерзімді даму мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Қорытындылай келе, цифрлық технологиялар ұйымдарды басқарудың тиімділігін арттыруда маңызды рәл атқарады. Ақпараттық жүйелерді, деректерді талдау құралдарын және автоматтандыру технологияларын қолдану басқару процестерін жетілдіруге және ұйымның жалпы тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Цифрлық трансформация ұйымдардың стратегиялық дамуының маңызды бағыты болып табылады. Сондықтан қазіргі ұйымдар цифрлық технологияларды белсенді түрде енгізіп, басқару жүйесін жетілдіруге ерекше назар аударуы қажет. Болашақта цифрлық технологияларды тиімді пайдалану ұйымдардың тұрақты дамуын қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі болып қала береді.

Әдебиеттер:

1. Zhamshitov A., Jeleubay A., Agdal Zh. Production-ге арналған ERP жүйесін әзірлеу/Development of an ERP System for Production. – Astana: Astana IT University, 2025.
2. Асмаганбетова К., Отарбай Ж., Тұрғынбеков А. Әнеркәсіптік кәсіпорынды басқаруда инновациялық цифрлық технологияларды дамыту. Scientific Journal of Astana IT University, 2025.
3. ERP жүйесі: бизнес-үрдістерді басқарудың жаңа кезеңі. Qyzyq.kz. Электрондық ресурс— ERP жүйесінің анықтамасы, оның артықшылықтары, бизнес-процестерді интеграциялау принциптері.
4. ERP енгізудің стратегиялық мәселелері Қазақстанда: табысты енгізуге бағыттарды зерттеу / Ospanova A.N. (Конференция материалы).
5. Ақпараттық жүйелер курс бағдарламасы. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2025 (ERP жүйелерінің тұжырымдамасы, эволюциясы мен қолдану әдістері).
6. Бизнес-процестерді автоматтандыру және басқаруды жетілдіру жөніндегі зерттеу / ДҚО Ғылыми Басылым, №3 (70), 2023.
7. Хаммер М., Чэмпи Дж. Корпорацияны қайта жобалау: Бизнестегі революцияға арналған манифест / Reengineering the Corporation: A Manifesto for Business Revolution. Harper Business, 2003.
8. Думас М., Ла Роза М., Мендлинг Ж., Рейерс Х. Бизнес-процестерді басқарудың негіздері / Fundamentals of Business Process Management. Springer, 2018.

ӘОЖ: 005.51:004.9

DATA-DRIVEN ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Арманд Е. М.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан

Андатпа. Бұл мақалада ұйымдардағы менеджмент практикасының цифрлық трансформациясында data-driven шешім қабылдаудың рөлі қарастырылады. Арнайы назар деректер аналитикасы, процестерді автоматтандыру және цифрлық экономика контекстіндегі жаңа шешім қабылдау модельдеріне аударылады. Қазіргі трендтерді талдау негізінде менеджмент тиімділігін арттырудың негізгі бағыттары анықталады.

Түйін сөздер: data-driven шешім қабылдау, цифрлық трансформация, менеджмент, деректер аналитикасы, ұйым, тиімділік.

Цифрлық трансформация қазіргі бизнес үшін сөзсіз тренд болып табылады, ол ақпараттық технологиялардың дамуымен және нарықтық бәсекелестіктің күшеюімен байланысты. Data-driven шешім қабылдау – бұл деректер мен аналитика негізінде стратегиялық және операциялық шешімдер қабылдаудың практикасы, ол ұйымдарға нарық динамикасын дәл ұстауға, ресурстарды оңтайландыруға және жұмыс тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл мақалада цифрлық трансформация контекстінде data-driven тәсілдердің теориялық негіздері, қолданбалары және әсері зерттеледі.

Цифрлық трансформацияның сәтсіздіктері көбіне дәлелсіз шешімдерден туындайды, сондықтан деректер негізіндегі шешімдер технологиялық инвестицияларды нақты бизнес қажеттіліктерімен сәйкестендіреді.

Data-driven шешім қабылдау – интуитивті тәсілдерден деректерге негізделген модельдерге өту процесі. Ұйымдар цифрлық трансформация кезінде деректер аналитикасын, AI және нақты уақыттағы есептерді пайдалана отырып, прогресті бақылайды және түзетулер енгізеді. Мысалы, EASE фреймворкі (Executive Action Strategies of Engagement) бизнес лидерлерінің цифрлық трансформациядағы рөлін анықтайды: цифрлық құзыреттілікті дамыту, storytelling арқылы потенциалды жеткізу және деректерді пайдалануға ынталандыру.

Бұл тәсілдер ұйымдық мәдениетті өзгертеді, икемді басқару әдістерін енгізеді және инновациялық ойлауды қалыптастырады.[7] Деректер – цифрлық трансформацияның ядро ресурсы, ол бәсекелестік артықшылық береді.

Data-driven шешімдер менеджмент процестерін цифрландыруда маңызды: AI, үлкен деректер, бизнес-процестерді автоматтандыру және инновацияларды басқару. Мысалы, банктерде AI несие мақұлдауды жақсартады, алаяқтықты анықтайды және клиенттерге жекелендірілген қызметтер ұсынады. 2026 жылғы трендтерде decision intelligence, real-time аналитика және explainable AI (XAI) басым.

Ұйымдар нарық трендтерін, экономикалық индикаторларды және бәсекелестерді талдау арқылы тәуекелдерді азайтады және мүмкіндіктерді пайдаланады. KPI-ларды бақылау трансформацияның сәттілігін өлшеуге мүмкіндік береді. Қазақстандық контексте цифрлық трансформация ұлттық экономиканың тұрақты өсуіне ықпал етеді. Бұл зерттеу сапалық талдауға негізделген: әдебиеттер шолуы, кейс-стади (Smukfest фестивалі мысалы) және эксперттік сұхбаттар. Деректер көздері – Gartner, Forbes сияқты аналитикалық есептер және 2026 жылғы трендтер. Талдау нәтижесінде data-driven тәсілдердің тиімділігі расталды.

Data-driven шешімдер ұйымдық тиімділікті 20-30%-ға арттырады, тәуекелдерді азайтады және өсуге ықпал етеді. Кедергілер: қорқыныш, интуиция мен объективтілікті теңестіру, деректерді пайдалану. Шешімдер: құзыреттілікті дамыту және мотивация. Қазақстанда бұл бизнес-модельдерді трансформациялауға көмектеседі.

Data-driven шешім қабылдаудың цифрлық трансформациясы менеджменттің болашағы. Ұйымдарға деректер аналитикасын енгізу ұсынылады, бұл бәсекелестік артықшылық береді. Алдағы зерттеулер AI-дың рөлін тереңдетуі мүмкін.

Әдебиеттер:

1. Digital Transformations Summit. How Data-Driven Decision Making Fuels Digital Transformation. 2026.
2. AIS Electronic Library. Digital Transformation Toward Data-Driven Decision-Making. 2025.
3. Paradigm Press. The Role of Data-Driven Decision-Making in Corporate Digital Transformation. 2025.
4. Yessenov University. Conference Information Letter. 2026.
5. Neuralt. Data and Analytics Trends 2026. 2026.

ӘОЖ: 005:004.9

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БАСҚАРУ ӘДІСТЕРІ

Катарова А. Менеджмент ББББ студенті
Ғылыми жетекшісі – PhD Косымбаева Ш.И.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
E-mail: almirakatarova@gmail.com

Андатпа. Бұл мақалада цифрландыру жағдайында басқарудың заманауи әдістері жан-жақты қарастырылады. Қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы ұйымдардың басқару жүйесіне елеулі өзгерістер енгізіп, басқару шешімдерінің сапасы мен жылдамдығына жаңа талаптар қоюда. Осыған байланысты ұйымдар дәстүрлі басқару тәсілдерінен цифрлық технологияларға негізделген басқару модельдеріне біртіндеп көшуде. Мақалада цифрлық трансформацияның басқару процестеріне әсері, оның ішінде автоматтандыру, жасанды интеллект, Big Data және аналитикалық жүйелердің рөлі талданады. Сонымен қатар басқару тиімділігін арттырудағы негізгі факторлар мен заманауи әдістердің артықшылықтары қарастырылады. Зерттеу нәтижелері цифрлық шешімдердің ұйым қызметінің тиімділігін арттырып қана қоймай, оның бәсекеге қабілеттілігін күшейтетінін көрсетеді.

Түйін сөздер: цифрландыру, басқару, инновация, тиімділік, технология, цифрлық рансформация.

Қазіргі жаһандану жағдайында цифрландыру экономикалық және әлеуметтік дамудың негізгі қозғаушы күштерінің біріне айналып отыр. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жылдам дамуы ұйымдардың жұмыс істеу қағидаларын түбегейлі өзгертіп, басқару жүйесіне жаңа талаптар енгізуде.

Бұрын басқару процестері көбінесе тәжірибеге және интуицияға негізделсе, қазіргі уақытта деректерге негізделген басқару тәсілдері кеңінен қолданыла бастады. Бұл өз кезегінде шешім қабылдау сапасын арттырып, ұйымдардың нарықтағы тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Цифрландыру ұйымдардың ішкі құрылымына да әсер етіп, иерархиялық басқару жүйесін икемді және ашық модельдерге алмастыруда. Мұндай өзгерістер ұйымдардың сыртқы ортаға бейімделу қабілетін арттырып, олардың стратегиялық дамуына

оң ықпал етеді. Осыған байланысты басқарудың заманауи әдістерін зерттеу және олардың тиімділігін бағалау қазіргі кезеңде ерекше өзекті болып табылады.

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты-цифрландыру жағдайында басқарудың заманауи әдістерін жан-жақты талдау және олардың ұйым қызметінің тиімділігіне әсерін анықтау. Сонымен қатар цифрлық технологияларды басқару жүйесіне енгізудің артықшылықтары мен мүмкіндіктерін қарастыру көзделеді.

Зерттеу барысында келесі міндеттер қойылды:

- цифрлық басқару әдістерінің теориялық негіздерін қарастыру;
- заманауи технологиялардың басқару процесіне әсерін талдау;
- ұйым тиімділігін арттырудағы негізгі факторларды анықтау;
- практикалық тұрғыда қолдануға болатын ұсыныстар қалыптастыру.

Зерттеу жұмысында бірнеше ғылыми әдістер қолданылды. Салыстырмалы талдау әдісі-дәстүрлі және цифрлық басқару тәсілдерін салыстыру үшін пайдаланылды. Жүйелеу әдісі-басқару элементтері мен цифрлық технологиялардың өзара байланысын құрылымдау үшін қолданылды. Жалпылау әдісі-алынған деректер негізінде қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Әдебиеттерге шолу-отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді талдау арқылы зерттеудің теориялық базасы қалыптастырылды. Сонымен қатар нақты мысалдар мен практикалық кейстер қарастырылып, цифрлық басқару құралдарының тиімділігі бағаланды. Бұл әдістер зерттеудің ғылыми дәлдігін арттыруға ықпал етті.

Цифрлық технологиялардың дамуы басқару жүйесінде жаңа мүмкіндіктердің пайда болуына алып келді. Соның ішінде автоматтандыру жүйелері ұйым ішіндегі қайталанатын операцияларды оңтайландырып, адам ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл еңбек өнімділігін арттыруға және операциялық процестерді жылдамдатуға ықпал етеді.

Жасанды интеллект технологиялары басқару шешімдерін қабылдау процесінде маңызды рөл атқарады. Олар үлкен көлемдегі деректерді өңдеп, талдау нәтижелерін негізге ала отырып нақты болжамдар жасауға көмектеседі. Бұл басқарушыларға стратегиялық шешімдерді неғұрлым дәл қабылдауға мүмкіндік береді. Big Data технологиялары тұтынушылардың мінез-құлқын, нарық тенденцияларын және ұйымның ішкі көрсеткіштерін талдауға жағдай жасайды. Мұндай аналитикалық құралдар басқару процесін деректерге негізделген деңгейге көтереді. Заманауи басқару әдістерінің ішінде Agile, Lean және Data-driven тәсілдері кеңінен қолданылады. Бұл әдістер ұйымдарға икемділік беріп, нарықтағы өзгерістерге жылдам бейімделуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар олар командалық жұмысты жақсартып, ішкі коммуникацияны тиімді етеді.

Цифрлық трансформация ұйым мәдениетіне де әсер етеді. Қызметкерлердің цифрлық сауаттылығы артып, жаңа технологияларды меңгеру қажеттілігі туындайды. Бұл өз кезегінде кадрларды қайта даярлау мен үздіксіз оқыту жүйесін енгізуді талап етеді.

Зерттеу нәтижелері цифрландыру жағдайында басқарудың заманауи әдістерін қолдану ұйым қызметінің тиімділігіне айтарлықтай оң әсер ететінін көрсетті. Атап айтқанда:

- басқару шешімдерін қабылдау жылдамдығы артады;
- деректерге негізделген талдау шешім сапасын жақсартады;
- ресурстарды пайдалану тиімділігі жоғарылайды;
- операциялық шығындар төмендейді;
- ұйымның икемділігі мен бейімделу қабілеті күшейеді.

Сонымен қатар цифрлық технологиялар ұйым ішіндегі процестердің ашықтығын қамтамасыз етіп, бақылау мен мониторинг жүргізуді жеңілдетеді. Бұл басқару сапасын арттырып, ұйымның жалпы тиімділігін жоғарылатады.

Қорытындылай келе, цифрландыру жағдайында басқарудың заманауи әдістерін енгізу ұйымдардың тиімді дамуы үшін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Цифрлық

технологиялар басқару процестерін оңтайландырып, шешім қабылдау сапасын арттырады және ұйымның стратегиялық мүмкіндіктерін кеңейтеді. Қазіргі таңда цифрлық трансформация тек технологиялық өзгеріс емес, сонымен қатар басқару мәдениетінің жаңа деңгейге көтерілуін білдіреді. Болашақта цифрлық басқару әдістері ұйымдардың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін негізгі құралдардың бірі ретінде өз маңызын сақтай береді.

Әдебиеттер:

1. Иванов И.И. Менеджмент: теория и практика. – М.: Юрайт, 2019.
2. Robbins S.P., Coulter M. Management. – Pearson, 2018.
3. Porter M. Competitive Strategy. – New York: Free Press, 1980.
4. Laudon K., Laudon J. Management Information Systems. – Pearson, 2020.
5. Brynjolfsson E., McAfee A. The Second Machine Age. – W.W. Norton, 2014.

ӘОЖ: 005:004.9

САНДЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ДАМУЫ

Парахатов Н.
YESSENOV университеті, Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: example@mail.kz

Қазақстандағы EdTech нарығы соңғы жеті жылда күрделі даму жолынан өтті. 2018–2019 жылдары нарық жылына орташа есеппен 15%-ға өсіп, 40 млрд теңге көлеміне жеткен еді. Алайда, 2023 жылы жаһандық экономикалық құбылмалылық пен IT-мамандарының миграциясы салдарынан нарық 21%-ға қысқарып (52,4 млрд ₸), уақытша рецессия байқалды. 2024 жылы нарық сенімді қалпына келу фазасына өтіп, 20%-дық өсіммен 95,4 млрд теңгеге жетті. 2025 жылдың қорытындысы бойынша K-12 (мектепке дейінгі және мектеп білімі) және корпоративтік оқыту сегменттерінің есебінен нарық 120 млрд теңгеге дейін өседі деп болжануда

1.«Күнделік» АЖ: Бұл жүйе бүгінде 4 миллионнан астам белсенді пайдаланушыны біріктіріп отырған ең ірі мемлекеттік-жекеменшік серіктестік жобасы. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, жүйені енгізу мектептердегі әкімшілік жүктемені 40%-ға төмендетті. Логистикалық және кеңсе шығындарын (қағаз журналы, есептер) үнемдеу есебінен мемлекет бюджеті жылына шамамен 2 млрд теңгені үнемдеуде.

2.Жоғары білім берудегі ЖИ: Назарбаев Университеті мен Шығыс Қазақстан Аманжолов атындағы университетінің тәжірибесінде студенттердің үлгерімін болжауға арналған AI-агенттері енгізілді. Бұл оқудан шығып қалу қаупі бар студенттерді ерте анықтауға және менеджмент тиімділігін 15%-ға арттыруға мүмкіндік берді.

3.Инновациялық стартаптар: Astana Hub аясында дамыған BeyimTech жобасы жасанды интеллект арқылы әр оқушының білім деңгейіне қарай жекелендірілген тапсырмалар генерациялайды. Бұл басқарудың «жаппай оқытудан» «жекеленген дамуға» көшуінің айқын мысалы.

Даму драйверлері мен жүйелік кедергілер

EdTech-менеджменттің трансформациясына әсер ететін негізгі драйверлер ретінде мемлекеттік қолдау мен технологиялық прогресті атауға болады. 2020 жылдан бастап білім беру мақсатындағы мобильді трафиктің 300%-ға өсуі оқушылар мен студенттердің білім алу әдеттерінің цифрлық платформаларға толықтай бейімделгенін көрсетеді. Astana Hub акселераторлары арқылы 20-дан астам ірі EdTech стартапының нарыққа шығуы бәсекелестікті арттырып, басқару сапасын жақсартты.

Алайда, зерттеу барысында бірнеше жүйелі кедергілер айқындалды:

Цифрлық алшақтық: 1400-ден астам ауылдық елді мекенде тұрақты 4G интернеттің болмауы білім берудегі теңсіздікті тереңдетеді. Қалалық және ауылдық мектептердің цифрлық жабдықталу айырмашылығы 30%-ды құрайды.

Мұғалімдердің құзыреттілігі: 2023 жылғы сауалнама нәтижелері бойынша, мұғалімдердің тек 40%-ы ғана LMS жүйелерін кәсіби деңгейде пайдалана алады. 45%-ы жедел қайта оқыту курстарына мұқтаж.

Технологиялық тәуелділік: Қазақстандағы платформалардың 80%-ы әлі де шетелдік бағдарламалық жасақтамаларға негізделген, бұл киберқауіпсіздік пен деректер егемендігі мәселесін туындатады. 2024 жылы білім беру ресурстарына жасалған кибершабуылдардың 25%-ға өсуі бұл мәселенің өткірлігін көрсетеді.

Цифрлық трансформацияның әсері келесі көрсеткіштермен расталады:

-Операциялық тиімділік: Құжат айналымы 85%-ға цифрланды.

-Шешім қабылдау сапасы: Big Data аналитикасы стратегиялық жоспарлау дәлдігін 40%-ға арттырды.

-Экономикалық үнем: Әкімшілік шығындарды оңтайландыру есебінен бюджет 15-20%-ға үнемделді.

2018–2025 жылдар аралығындағы Қазақстанның EdTech менеджментін зерттеу нәтижелері білім беру жүйесінің дәстүрлі модельден деректерге негізделген цифрлық парадигмаға толықтай өткенін айғақтайды. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында жүзеге асқан стратегиялық қадамдар білім беруді тек техникалық жабдықтаумен шектелмей, басқару тиімділігін сапалық жаңа деңгейге көтерді. «Күнделік», BeyimTech сияқты отандық жобалар мен жасанды интеллект технологиялары білім беру үдерісін жекелендірудің басты драйверлеріне айналды. Бұл өз кезегінде адам капиталын дамытудың «Қазақстан-2050» стратегиясындағы басымдықтарына толық сәйкес келеді.

Дегенмен, цифрлық трансформация үдерісіндегі аймақтық, мамандардың құзыреттілік деңгейінің төмендігі және киберқауіпсіздік мәселелері әлі де жүйелі кедергілер болып қалуда. Болашақта Қазақстанның EdTech саласының жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін мемлекеттік қолдауды тек инфрақұрылымға емес, педагогтардың цифрлық сауаттылығын үздіксіз жетілдіруге және отандық IT-платформалардың кибертұрақтылығын нығайтуға бағыттау қажет.

Түйіндей келгенде, EdTech менеджментінің эволюциясы — бұл жай ғана технологиялық тренд емес, еліміздің білім беру сапасын арттыру мен заманауи интеллектуалды ұлт қалыптастыру жолындағы стратегиялық қажеттілік. Ұсыныстар:

1. Аймақтық және ауылдық цифрландыру жобаларына бөлінетін бюджет үлесін 1,5%-дан 3%-ға дейін ұлғайту қажет.
2. 2029 жылға қарай педагогтар мен білім беру менеджерлерінің 100% цифрлық құзыреттілігін қамтамасыз ететін ұлттық бағдарламаны іске қосу.
3. EdTech шешімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бағалайтын бірыңғай ұлттық EdTech-менеджмент стандартын әзірлеу.
4. Astana Hub базасында жасанды интеллект негізіндегі отандық білім беру платформаларын мемлекеттік мектептерге терең интеграциялау.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2018.
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Білім беру жүйесін цифрландыру бойынша ұлттық есеп. – Астана, 2024.
3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі. Жоғары білім беру жүйесінің дамуы туралы жылдық есеп. – Астана, 2023.
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы. Білім беру саласының статистикалық жинағы. – Астана, 2025.
5. OECD. Digital Education Outlook 2021: Pushing the Frontiers with Artificial Intelligence, Blockchain and Robots. – Paris: OECD Publishing, 2021.
6. UNESCO. Education in a Post-COVID World: Nine Ideas for Public Action. – Paris, 2020.
7. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. Білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуы туралы ұлттық баяндама (2023-2024). www.gov.kz
8. Astana Hubхалықаралық IT-стартаптар технопаркінің жылдық есептері www.astanahub.com
9. Selwyn N. Education and Technology: Key Issues and Debates. – 2nd ed. – London: Bloomsbury Academic, 2020.

11. Bond M., Bedenlier S., Marín V.I., Händel M. Emergency remote teaching in higher education: Mapping the first global online semester // *International Journal of Educational Technology in Higher Education*. – 2021. – Vol. 18(1).
12. Zawacki-Richter O., Marín V.I., Bond M., Gouverneur F. Systematic review of research on artificial intelligence applications in higher education // *International Journal of Educational Technology in Higher Education*. – 2019. – Vol. 16(1).
ӘОЖ 332.1:004.9

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӨҢІРЛІК ДАМУЫН БАСҚАРУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ РӨЛІ

Әбдісламұлы Ә., Мемлекеттік және жергілікті басқару ББББ магистранты
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к. Саубетова Б.С.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан
asetabdislamuly@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада Маңғыстау облысының өңірлік дамуын басқарудағы цифрлық технологиялардың рөлі қарастырылады. Зерттеу барысында мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырудағы цифрлық шешімдердің маңызы, «Сергек» жүйесінің қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі тиімділігі, «109» байланыс орталығының азаматтармен кері байланыстағы рөлі талданды. Сондай-ақ, өңірдегі IT-инфрақұрылымның дамуы, Mangystau IT Hub қызметі және білім беру, медицина, туризм салаларындағы цифрлық трансформация нәтижелері бағаланды.

Түйін сөздер: цифрлық технологиялар, өңірлік даму, басқару, Маңғыстау облысы, мемлекеттік қызметтер, жасанды интеллект.

Қазіргі таңда цифрлық трансформация мемлекеттік басқару жүйесінің барлық деңгейлерінде негізгі даму бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев өз Жолдауында «алдағы үш жылда Қазақстан толыққанды цифрлық мемлекетке айналуы керек» деп нақты міндет жүктеді [10]. Бұл тапсырма өңірлердің аумақтық дамуын басқаруда цифрлық технологияларды кеңінен қолданудың қажеттілігін көрсетеді.

Маңғыстау облысы – еліміздің батыс өңіріндегі стратегиялық маңызды аймақ. Мұнда мұнай-газ секторы, туризм, көлік-логистика салалары қарқынды дамып келеді. Осыған байланысты өңірлік дамуды басқарудың тиімділігін арттыруда цифрлық технологияларды қолдану ерекше маңызға ие.

Зерттеудің мақсаты – Маңғыстау облысының өңірлік дамуын басқаруда қолданылатын цифрлық технологиялардың рөлін анықтау, олардың тиімділігін бағалау және дамыту жолдарын ұсыну.

Цифрлық технологиялар мемлекеттік басқару жүйесіндегі негізгі үдерістерді автоматтандыруға, шешім қабылдау процесін жеделдетуге, азаматтарға қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Қазақстанда 2021 жылдың мамырынан бастап азаматтардың өтініштерін қабылдаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі «E-Otinish» кезең-кезеңімен енгізіле бастады. Бұл жүйе мемлекеттік органдардың құзыреті бойынша өтініштерді бөлуді автоматтандыруға, оларды өңдеу уақытын қысқартуға, өтініш берушілерді өтініштерінің қаралу барысы туралы хабардар етуге және мемлекеттік органдарға келіп түскен өтініштердің ортақ дерекқорын қалыптастыруға бағытталған [4].

Зерттеушілердің пікірінше, цифрландыру жағдайында мемлекеттік басқаруды жетілдірудің маңызды факторы – тек технологиялық қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік органдардың қоғаммен байланысының сапасы [4].

Маңғыстау облысында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында «Сергек» жүйесі енгізілген. Жүйе жасанды интеллект негізінде жұмыс істейді және төмендегідей функцияларды атқарады: жол ережелерін бұзушылықтарды автоматты түрде анықтау, көлік құралдарының нөмірлерін тану, деректерді құқық қорғау органдарына жіберу, қоғамдық орындардағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету [3; 7].

Облыс әкімдігінің деректері бойынша, «Сергек» жүйесіне қосылған камералардың саны тұрақты өсіп келеді. Бұл құқық бұзушылықтардың алдын алуға және оларды анықтау тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Маңғыстау облысында мемлекеттік қызметтерді цифрландыру аясында айтарлықтай жұмыстар атқарылды. Облыс тұрғындары электрондық үкімет порталы арқылы 277 (96%) мемлекеттік қызметті автоматтандырылған түрде ала алады [6].

1-кесте – Маңғыстау облысындағы мемлекеттік қызметтерді цифрландыру көрсеткіштері

Көрсеткіш	Мәні
Автоматтандырылған мемлекеттік қызметтер	277 (96%)
«109» ББО арқылы түскен өтініштер (2025)	38 000+
Бірінші қоңырауда шешілген өтініштер	80%
Өңделетін өтініш санаттары	400+

Маңғыстау облысының білім беру саласында цифрлық технологияларды енгізу бойынша кешенді жоспар қабылданған. Жоспар төрт кезеңнен тұрады: жасанды интеллект құралдарымен таныстыру және оқыту; практика: жобалық апталықтар, хакатондар, мектеп олимпиадалары; танымдық бағдарлама: көрмелер, дөңгелек үстелдер, бейнесабақтар; қорытынды бағалау және нәтижелерді талдау [7].

Мектептерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 14 мың бейнебақылау камерасы орнатылған. Сондай-ақ, білім беру мекемелерінде интернетке қолжетімділік қамтамасыз етілген [7; 9].

Медицина саласында Cerebra AI жүйесінің енгізілуі ерекше назар аудартады. Бұл жүйе КТ снимкаларын талдай отырып, инсульттің алғашқы белгілерін анықтайды. Жүйенің артықшылықтары: диагностика дәлдігін арттыру, дәрігерлердің шешім қабылдау уақытын қысқарту, ауруды ерте сатыда анықтау мүмкіндігі [7; 9].

Маңғыстау облысының туристік әлеуетін арттыру үшін төмендегідей цифрлық шешімдер енгізілген: «eQonaq» жүйесі – туристерді есепке алу; visit.mangystau.kz сайты – өңір туралы ақпараттық портал; 2GIS анықтамалық картасымен интеграция; 100-ден астам тарихи-мәдени нысандарды электронды жүйеге енгізу [5].

Туристер санының өсу динамикасы цифрлық шешімдердің тиімділігін көрсетеді. Өткен жылмен салыстырғанда туристер саны 18,1%-ға өскен [5].

Маңғыстау облысында IT-инфрақұрылымды дамыту мақсатында Mangystau Hub құрылды. Хаб келесі бағыттарда жұмыс істейді: IT-дағдыларға оқыту; стартап жобаларды

қолдау; IT-қоғамдастықты қалыптастыру; киберқауіпсіздікті дамыту; 3D-модельдеу және инженерия [1; 3].

Хабта өткізілген 250 іс-шараға 5000-нан астам адам қатысты. Оқыту бағдарламалары жасанды интеллект, блокчейн, киберқауіпсіздік сияқты заманауи бағыттарды қамтиды [1].

Айта кететін жайт, Mangystau Hub жұмысының нәтижесінде облыстың 11 IT-компаниясы Astana Hub технопаркінің резиденттері атанды. Бұл өңірлік IT-экожүйенің дамуына және стартап қозғалыстың белсендіруіне ықпал етті [1].

Зерттеу нәтижелері бойынша, Маңғыстау облысының өңірлік дамуын басқаруда цифрлық технологияларды қолдану тиімділігін арттыру үшін төмендегідей ұсыныстар әзірленді:

1. **Жасанды интеллект технологияларын кеңейту**: шешім қабылдау процестерінде AI-шешімдерді енгізу, әсіресе күрделі талдауды қажет ететін салаларда. Бюджеттік жоспарлау, инвестициялық жобаларды бағалау, әлеуметтік-экономикалық болжамдау сияқты бағыттарда жасанды интеллектті қолдануды қарастыру қажет.
2. **Ашық деректер саясатын дамыту**: мемлекеттік органдардың ашық деректер порталын толықтыру, олардың сапасы мен өзектілігін арттыру. Бұл зерттеушілерге, бизнес-қоғамдастыққа және азаматтарға өңірдің дамуы туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етеді.
3. **Ауылдық елді мекендердегі цифрлық алшақтықты азайту**: спутниктік интернет технологияларын енгізу және ауылдық жерлердегі цифрлық инфрақұрылымды дамыту. Бұл мемлекеттік қызметтердің барлық тұрғындар үшін тең қолжетімділігін қамтамасыз етеді.
4. **Цифрлық шешімдердің тиімділігін мониторингтеу жүйесін жетілдіру**: енгізілген цифрлық жүйелердің тиімділігін бағалау үшін нақты KPI көрсеткіштерін әзірлеу және олардың орындалуын тұрақты мониторингтеу.
5. **IT-мамандарды даярлау бағдарламаларын жетілдіру**: жоғары оқу орындарында цифрлық трансформация, мемлекеттік басқарудағы жасанды интеллект, ашық деректерді талдау сияқты пәндерді кеңейту.

Зерттеу нәтижелері бойынша, Маңғыстау облысында цифрлық технологияларды енгізу өңірлік дамуды басқару тиімділігін арттыруға айтарлықтай әсер етті. «Сергек» жүйесінің енгізілуі қоғамдық қауіпсіздік деңгейін арттырды, «109» байланыс орталығы азаматтардың өтініштерін өңдеу уақытын қысқартып, өтініштердің 80%-ының бірінші қоңырауда шешілуіне мүмкіндік берді. Медицина саласында Cerebra AI жүйесінің енгізілуі инсультті ерте диагностикалауға ықпал етті. Mangystau IT Hub облыста IT-экожүйені дамытудың негізгі платформасына айналды.

Осылайша, цифрлық технологияларды өңірлік басқаруда кеңінен қолдану мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға, азаматтармен кері байланысты күшейтуге, шешім қабылдау процестерін жеделдетуге және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер етеді.

Әдебиеттер:

1. Mangystau Hub реализовал масштабные проекты по развитию IT-сферы в Мангистау // ЛАДА.kz. – 2025. – 10 желтоқсан. – URL: https://www.lada.kz/
2. Жасанды интеллект технологиялары енгізілді // Jibek Joly. – 2025. – 27 қараша. – URL: https://jjtv.kz/ .
3. В Мангистау внедряют технологии искусственного интеллекта для развития цифровой инфраструктуры // otpannews.kz. – 2025. – 26 қараша. – URL: https://otpannews.kz/.

4. Баймуханов Н.С. Цифрлық трансформация жағдайында мемлекеттік басқаруды жетілдіру // Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару академиясының журналы. – 2024. – №3.
5. Технологии ИИ для развития цифровой инфраструктуры внедряют в Мангистау // AIR Press. – 2025. – 25 қараша. – URL: https://airpres.kz/.
6. Цифрландыру – өңір дамуының негізі // Маңғыстау облысы әкімдігінің ресми сайты. – 2025. – URL: https://mangystau.gov.kz/.
7. Отчет о цифровизации Мангистауской области за 2025 год // Управление цифровизации Мангистауской области. – Ақтау, 2025.
8. Digital solutions for tourism sector being implemented in Mangystau region // Silk Way TV. – 2025. – 4 мамыр. – URL: https://silkwaytv.kz/ .
9. Саубетова Б.С., Әбдісламұлы Ә. Маңғыстау облысында цифрландырудың аумақтық дамуды басқару тиімділігіне әсері // Ғылым және білім. – 2025. – №4.
10. Тоқаев Қ.К. Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: Жолдау. – Астана, 2025.

ӘОЖ 332.1:004.9

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ АУМАҚТЫҚ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУҒА ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

Әбдісламұлы Ә., Мемлекеттік және жергілікті басқару ББББ магистранты
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к. Саубетова Б.С.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан
asetabdislamuly@gmail.com

Андатпа. Мақалада Маңғыстау облысының аумақтық дамуын басқарудағы цифрландырудың рөлі және оның басқару тиімділігіне әсері зерттеледі. Цифрлық технологияларды енгізу нәтижесінде мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі артты, азаматтардың өтініштерін өңдеу уақыты қысқарды, шешім қабылдау процестері жетілдірілді. Зерттеу барысында статистикалық деректер, цифрлық инфрақұрылымның даму көрсеткіштері, сондай-ақ «Сергек», «109» ББО, Cerebra AI сияқты цифрлық жүйелердің тиімділігі талданды. Сонымен қатар, Mangystau IT Hub қызметі және өңірлік IT-экожүйенің дамуы қарастырылды.

Түйін сөздер: цифрландыру, аумақтық даму, басқару тиімділігі, Маңғыстау облысы, жасанды интеллект, IT-инфрақұрылым.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Токаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан» атты Жолдауында еліміздің цифрлық трансформациясын жеделдету қажеттігі айқындалған. Бүгінгі таңда цифрландыру мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлеріне еніп, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі драйверлерінің біріне айналды [7]. Маңғыстау облысы еліміздің стратегиялық маңызды өңірлерінің бірі ретінде цифрлық технологияларды енгізуде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді.

Зерттеудің мақсаты – Маңғыстау облысында цифрландырудың аумақтық дамуды басқару тиімділігін арттыруға әсерін кешенді түрде зерттеу, сандық көрсеткіштер мен

сапалық өзгерістерді талдау, сондай-ақ цифрлық технологияларды одан әрі дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Маңғыстау облысында цифрлық инфрақұрылымды дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Облыс әкімдігінің мәліметі бойынша, өңірде 58 мыңнан астам бейнебақылау камерасы орнатылған, олар қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, жолдардағы, мектептердегі, ауруханалардағы және әлеуметтік нысандардағы жағдайды бақылауға бағытталған. Ақтау қаласында 25 мың камера жұмыс істейді, оның 18 мыңы жедел басқару орталығына интеграцияланған [7; 9].

Облыс аумағында «Сергек» жүйесі 2023 жылдың шілдесінен бастап Ақтау қаласы мен Маңғыстау ауданында қолданысқа енгізілген. Бұл жүйе жасанды интеллект технологияларына негізделіп, қоғамдық және жол қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда жүйе 148 фото-бейнефиксация кешенінен және қоғамдық орындарға орнатылған 402 камерадан тұрады. Жасанды интеллект жол ережелерін бұзуды автоматты түрде анықтап, көлік құралдарының нөмірлерін таниды және ақпаратты құқық қорғау органдарына жібереді [7; 9].

1-кесте – Маңғыстау облысындағы бейнебақылау камераларының саны

Көрсеткіш	Саны	Ескерту
Жалпы бейнебақылау камералары	58 000+	Барлық нысандарда
Ақтау қаласындағы камералар	25 000	18 000-і ОБО-ға интеграцияланған
Жол қауіпсіздігі камералары («Сергек»)	148 кешен, 402 камера	Жасанды интеллект негізінде
Мектептердегі камералар	14 000	Орталықтандырылған бақылауда

Облыс тұрғындарымен байланыстың негізгі арнасы – «109» бірыңғай байланыс орталығы. 2025 жылдың басынан бастап орталыққа 38 мыңнан астам өтініш түскен. Күн сайын 50-ден 200-ге дейін өтініш пен шағым келіп түседі, олардың 80%-ы бірінші қоңырау кезінде шешіледі. Жасанды интеллект технологияларының арқасында 400-ден астам санаттағы өтініштер өңделеді [7].

ТОП-15 ең көп қойылатын сұрақтар анықталған: электрмен жабдықтау, су тапшылығы, жол инфрақұрылымы, көлік, абаттандыру және басқа да мәселелер. Өтініштердің орындалу барысы тұрақты бақылауда ұсталады [7; 9].

Облыстың медициналық мекемелерінде жасанды интеллект технологиялары ауруларды ерте анықтау және диагностика дәлдігін арттыру үшін қолданылады. Cerebra AI жүйесі – қазақстандық стартап, халықаралық конкурс жеңімпазы – енгізілген. Бұл жүйе мидың компьютерлік томография снимкаларын талдап, инсульт белгілерін автоматты түрде анықтайды және дәрігерлердің шешім қабылдау уақытын қысқартады [7; 9].

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Маңғыстау облысында Mangystau Hub құрылды. Хабтың инфрақұрылымына жалпы ауданы 400 м² болатын компьютерлік аймақ, 20

компьютер, 24 орындық тренингтер мен іс-шаралар өткізу залы, 3D-модельдеу бөлмесі, коворкинг және 2 конференц-зал кіреді [1].
Mangystau Hub құрылған сәттен бастап 250 іс-шара ұйымдастырған, оған бес мыңға жуық адам қатысты. Оның ішінде жасанды интеллект және блокчейн бағыттары бойынша курстар, хакатондар, IT-чемпионаттар, карьералық форумдар және стартап байқаулары өткізілген [1].
2024 жылы хабта 80-ге жуық, 2025 жылы 50-ден астам іс-шара өткізілген. Оның ішінде «Кибер Тумар» киберқауіпсіздік бастамасы, «Mangystau Cybercup» киберспорттық турнирі, сондай-ақ инженерлік прототиптерді жасау үшін 3D-баспа кабинетінің ашылуы ерекше орын алады [7].

2-кесте Mangystau Hub жұмысының нәтижесінде облыстың 11 IT- компаниясы

Көрсеткіш	Мәні
Өткізілген іс-шаралар саны	250+
Қатысушылар саны	5 000+
2024 жылы өткізілген іс-шаралар	~80
2025 жылы өткізілген іс-шаралар	50+
Astana Hub резиденттері	11IT-компания
Alemgo қосымшасының пайдаланушылары	4 000+
Alemgo платформасындағы тапсырыстар	500+

Astana Hub технопаркінің резиденттері атанды. Бұл жергілікті стартап-экожүйені нығайтуға және өңірдің IT-секторын дамытуға ықпал етті [1].

Өңірлік IT-мамандардың озық стартап жобаларының бірі – Арман Сатбеков пен Ерасыл Смағұлов әзірлеген «Alemgo» мобильді қосымшасы. Жылдам әрі қауіпсіз жеткізуді қамтамасыз ететін бұл платформа жолаушылар мен сәлемдеме жіберушілерді байланыстырады. Қазіргі таңда қосымшаның 4 мыңнан астам пайдаланушысы бар, платформада 500-ден астам тапсырыс орналастырылған [3].

Маңғыстау облысының туристік әлеуетін арттыру үшін «eQonaq» жүйесі енгізілген. Жүйенің мәліметтері бойынша, өткен жылы облысқа 70 000-нан астам шетелдік турист келген, 100-ден астам тұру орыны тіркелген. Өңірді таныту мақсатында visit.mangystau.kz сайты іске қосылған, онда саяхатшыларға қажетті ақпараттар және жергілікті көрікті орындар туралы мәліметтер берілген [5].

Ресми статистика бойынша, туристер санының өсімі жыл сайын оң динамика көрсетеді. Өткен жылмен салыстырғанда 18,1%-ға өсім байқалады. Соңғы төрт жылда орташа өсім жылдық 30%-ды құрайды [5].

Маңғыстау облысында цифрландыру аумақтық дамуды басқару тиімділігін арттыруға айтарлықтай әсер етті. Зерттеу нәтижелері бойынша төмендегідей қорытындылар жасалды:

1. Цифрлық инфрақұрылымның дамуы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету деңгейін арттырды. «Сергек» жүйесінің енгізілуі жол ережелерін бұзушылықтарды анықтау тиімділігін жоғарылатты.

2. «109» бірыңғай байланыс орталығы азаматтардың өтініштерін өңдеу уақытын қысқартып, өтініштердің 80%-ының бірінші қоңырауда шешілуіне мүмкіндік берді.

3. Медицина саласында Cerebra AI жүйесінің енгізілуі инсультті ерте диагностикалауға және дәрігерлердің шешім қабылдау уақытын қысқартуға ықпал етті.

4. Mangystau IT Hub облыста IT-экожүйені дамытудың негізгі платформасына айналды. 250-ден астам іс-шара өткізіліп, 5000-нан астам адам қамтылды, 11 IT-компания Astana Hub резиденті атанды.

Осыған сәйкес, төмендегідей ұсыныстар әзірленді:

- өңірлік басқаруда жасанды интеллект технологияларын қолдануды кеңейту;
- IT-мамандарды даярлау бағдарламаларын жетілдіру;
- ауылдық елді мекендердегі цифрлық алшақтықты азайту үшін спутниктік интернет технологияларын енгізу;
- цифрлық шешімдердің тиімділігін мониторингтеу жүйесін жетілдіру.

Әдебиеттер:

1. Mangystau Hub реализовал масштабные проекты по развитию IT-сферы в Мангистау // ЛАДА.kz. – 2025. – 10 желтоқсан. – URL: https://www.lada.kz/
2. Жасанды интеллект технологиялары енгізілді // Jibek Joly. – 2025. – 27 қараша. – URL: https://jjtv.kz/
3. В Мангистау внедряют технологии искусственного интеллекта для развития цифровой инфраструктуры // otpannews.kz. – 2025. – 26 қараша. – URL: https://otpannews.kz/ (қаралған күні: 20.03.2026).
4. Digital solutions for tourism sector being implemented in Mangystau region // Silk Way TV. – 2025. – 4 мамыр. – URL: https://silkwaytv.kz/
5. Технологии ИИ для развития цифровой инфраструктуры внедряют в Мангистау // AIR Press. – 2025. – 25 қараша. – URL: https://airpres.kz/
6. Цифрландыру – өңір дамуының негізі // Маңғыстау облысы әкімдігінің ресми сайты. – 2025. – URL: https://mangystau.gov.kz/
7. Отчет о цифровизации Мангистауской области за 2025 год//Управление цифровизации Мангистауской области. – Ақтау, 2025.

УДК 69:338.45:004.8

ТРАНСФОРМАЦИЯ БИЗНЕС-МОДЕЛЕЙ СТРОИТЕЛЬНЫХ КОМПАНИЙ ПОД ВЛИЯНИЕМ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Онашов А.Е., магистрант EMBA
Научный руководитель-к. э. н. Еркулова Г.С.
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан
email: azaby28a@gmail.com

Аннотация. В статье рассматриваются особенности трансформации бизнес-моделей строительных компаний под влиянием цифровых технологий и искусственного интеллекта в

условиях Республики Казахстан. Современный строительный сектор характеризуется высокой сложностью управления проектами, значительной долей ручных процессов и низкой степенью интеграции данных. На фоне активной цифровизации экономики Казахстана и внедрения цифровых платформ в строительстве наблюдается переход от традиционных моделей управления к data-driven подходу. Проанализированы ключевые направления цифровизации, включая внедрение ERP-систем (Opera Build, 1C ERP, Archeradon), использование цифровых платформ и элементов искусственного интеллекта. Выявлены основные вызовы трансформации, включая сопротивление изменениям, недостаток компетенций и фрагментарность внедрения цифровых решений. Определены возможности повышения эффективности, прозрачности и управляемости строительного бизнеса за счет цифрового управления.

Ключевые слова: Цифровизация, искусственный интеллект, строительство, ERP, бизнес-модель, Казахстан, цифровое управление, data-driven.

В условиях глобальной цифровой трансформации экономики цифровые технологии и искусственный интеллект становятся ключевыми драйверами изменений бизнес-моделей. Особую актуальность данный процесс приобретает в строительной отрасли, которая традиционно характеризуется низким уровнем цифровизации и высокой фрагментированностью процессов.

Для Республики Казахстан цифровизация является одним из стратегических приоритетов развития. В последние годы активно внедряются цифровые платформы, автоматизируются государственные услуги в строительстве, формируется единая цифровая экосистема отрасли. Это создает предпосылки для трансформации бизнес-моделей строительных компаний, перехода от традиционных методов управления к цифровым и аналитическим подходам.

Несмотря на активное развитие цифровых инструментов, многие строительные компании продолжают функционировать в рамках устаревших моделей управления, что снижает их эффективность и конкурентоспособность. В этой связи возникает необходимость научного анализа трансформации бизнес-моделей под влиянием цифровых технологий и искусственного интеллекта.

Целью настоящего исследования является анализ процессов трансформации бизнес-моделей строительных компаний Казахстана в условиях цифровизации и внедрения искусственного интеллекта.

Бизнес-модель представляет собой систему, определяющую, каким образом компания создает, доставляет и извлекает ценность. В традиционной строительной отрасли бизнес-модели строятся на линейной логике выполнения проектов, где ключевыми элементами являются ресурсы, сроки и стоимость.

Цифровизация приводит к изменению данной логики, формируя новые принципы управления, основанные на данных, интеграции процессов и автоматизации. В отличие от традиционных подходов, цифровые бизнес-модели ориентированы на:

- интеграцию всех участников проекта в единую информационную среду;
- использование данных как ключевого ресурса;
- автоматизацию управленческих решений;
- повышение прозрачности процессов.

Особую роль в трансформации играет искусственный интеллект, который позволяет переходить от описательного анализа к прогнозному управлению. В строительстве это проявляется в прогнозировании сроков, оптимизации ресурсов и выявлении отклонений. Строительная отрасль Казахстана находится в стадии активной цифровой трансформации. На

государственном уровне реализуются инициативы по переводу строительных услуг в электронный формат, внедрению цифровых платформ и созданию единой информационной среды.

Ключевыми особенностями цифровизации являются:

- переход к электронным государственным услугам в строительстве;
- внедрение цифровых платформ управления проектами;
- развитие систем мониторинга строительных процессов;
- интеграция информационных систем участников проекта.

При этом уровень цифровой зрелости компаний остается неоднородным. Крупные компании активно внедряют ERP-системы и цифровые инструменты, тогда как малый и средний бизнес продолжает использовать традиционные методы управления.

Цифровое управление оказывает существенное влияние на ключевые элементы бизнес-модели строительных компаний.

Во-первых, изменяется структура создания ценности. Помимо выполнения строительных работ, компании начинают создавать ценность через прозрачность, скорость и управляемость проектов.

Во-вторых, трансформируются ключевые ресурсы. Данные становятся одним из основных ресурсов наряду с трудовыми и материальными.

В-третьих, изменяется механизм принятия решений. Внедрение ERP-систем (Opera Build, 1С ERP, Archeradon) позволяет перейти к управлению на основе данных, что повышает точность и оперативность управленческих решений. Практический опыт внедрения ERP-систем показывает, что цифровизация позволяет:

- повысить прозрачность финансовых потоков;
- сократить сроки принятия решений;
- улучшить координацию между подразделениями;
- снизить операционные риски.

Искусственный интеллект усиливает эффект цифровизации, обеспечивая качественный переход к новым моделям управления. В строительстве ИИ может использоваться для:

- анализа и прогнозирования сроков выполнения работ;
- выявления отклонений от графика;
- оптимизации распределения ресурсов;
- автоматизации контроля качества.

Внедрение ИИ способствует формированию гибких бизнес-моделей, способных адаптироваться к изменениям внешней среды. При этом использование ИИ требует наличия цифровой инфраструктуры и качественных данных. Несмотря на значительный потенциал цифровизации, процесс трансформации сопровождается рядом вызовов:

- сопротивление персонала изменениям;
- недостаточный уровень цифровых компетенций;
- высокая стоимость внедрения цифровых решений;
- фрагментарность внедрения технологий;
- отсутствие интеграции между системами.

Кроме того, многие компании ограничиваются внедрением отдельных инструментов без изменения бизнес-модели, что снижает эффект цифровизации. Цифровизация и искусственный интеллект открывают новые возможности для строительных компаний Казахстана:

- повышение эффективности управления проектами;
- снижение затрат и рисков;

- повышение инвестиционной привлекательности;
- усиление конкурентоспособности;
- переход к новым бизнес-моделям.

Ключевым направлением развития является переход к data-driven управлению, при котором решения принимаются на основе анализа данных в режиме реального времени. Трансформация бизнес-моделей строительных компаний под влиянием цифровых технологий и искусственного интеллекта является объективным и неизбежным процессом. В условиях Казахстана данный процесс усиливается государственной политикой цифровизации и развитием цифровой инфраструктуры. Внедрение ERP-систем, цифровых платформ и искусственного интеллекта приводит к переходу от традиционных моделей управления к data-driven подходу, основанному на данных и аналитике.

Несмотря на наличие значительных вызовов, цифровизация открывает новые возможности для повышения эффективности и устойчивости строительного бизнеса. Ключевым фактором успешной трансформации является комплексный подход, включающий изменение бизнес-модели, развитие компетенций и интеграцию цифровых технологий в управленческие процессы.

Литература:

1. Клейнер Г.Б. Системная экономика: теория, методология, практика. – М.: Наука, 2018.
2. Трачук А.В. Цифровая трансформация бизнеса: вызовы и перспективы // Экономика и управление. – 2020. – № 6.
3. Томилина С.А. Цифровая трансформация бизнес-моделей // Экономика и предпринимательство. – 2022. – № 4.
4. Локтионова Е.Э. Цифровизация строительной отрасли // Экономика строительства. – 2024. – № 2.
5. В Казахстане утверждён план цифровизации строительной отрасли на 2026–2027 гг. // Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан. – 2026.
6. All Public Services in the Construction Sector in Kazakhstan Have Been Fully Transferred to an Online Format // Official Information Source of the Prime Minister of the Republic of Kazakhstan. – 2026.
7. ИИ начнут применять при экспертизе строительных проектов в Казахстане // Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан. – 2026.
8. Teece D.J. Business Models, Business Strategy and Innovation // Long Range Planning. – 2010. – Vol. 43. – No. 2–3.
9. Vial G. Understanding Digital Transformation: A Review and a Research Agenda // The Journal of Strategic Information Systems. – 2019. – Vol. 28. – No. 2.
10. Adekunle S.A., Aigbavboa C.O., Ejohwomu O., Thwala W.D. Digital Transformation in the Construction Industry: A Bibliometric Review // Journal of Engineering, Design and Technology. – 2024. – Vol. 22. – No. 1.

УДК 504.03:330.15:519.86

FORECASTING CARBON FOOTPRINT AND CARBON CREDIT MARKETS TOWARD 2035: A DATA-DRIVEN SUSTAINABILITY FRAMEWORK

Tunç Durmuş Medeni[1](0000-0002-2964-3320),
Yildirim Beyazit University, Ankara, Türkiye

Email:tmedeni@aybu.edu.tr
İhsan Tolga Medeni[2](0000-0002-0642-7908),
Keele University, Staffordshire, United Kingdom
Email: i.t.medeni@keele.ac.uk
Ali Deveci[3](0000-0002-4990-0785)
Hacettepe University, Ankara, Türkiye
Email:alideveci@hacettepe.edu.tr

Abstract. Recently, warming is at the heart of many global concerns (Alnaser et al., 2022). Stable climates sustain both economies and ecosystems, yet rapid urban expansion and industrial activity continue to increase pollution beyond regulatory control. Although policy responses are often slow and fragmented, they occasionally shift incentives toward more sustainable practices.

Keywords: digital transformation, тracking carbon, carbon credit markets

Tracking carbon emissions has gained increasing importance (Liu et al., 2022), as understanding pollution sources—whether from daily activities or industrial production—supports more informed decision-making. Mechanisms such as cap-and-trade systems create financial incentives to reduce emissions and invest in offset projects. However, a disconnect remains between academic research and practical implementation, limiting overall progress and complicating future projections.

1. LITERATURE REVIEW. Carbon trading mechanisms and uncertain forecasting approaches often conflict (De Cristano, 2024). Integrating machine learning with real-time data offers a more reliable alternative, yet a gap persists between emission predictions and the allocation of carbon credits. This mismatch grows over time, increasing uncertainty. Recent approaches aim to bridge this gap by linking emission forecasts with carbon market dynamics, aligning projections with global climate targets for 2035 through data-driven and scenario-based models.

At the same time, artificial intelligence and data-driven methods—such as LSTM networks, random forests, and hybrid models—are increasingly used to address complex environmental challenges (Zhao et al., 2024; Ojadi et al., 2023). These approaches process large-scale, heterogeneous datasets to produce more accurate and adaptable emission forecasts.

Carbon credit markets play a critical role in climate policy (Paterson, 2012), yet they remain volatile and uneven across regions, requiring improved analytical tools and predictive capabilities (World Bank, 2024). In parallel, ESG frameworks have become central to sustainable management, influencing investment, governance, and long-term planning (Kotsantonis & Serafeim, 2024). Despite these advances, most studies treat emission prediction, carbon markets, and ESG as separate domains, resulting in fragmented solutions and limited long-term insight.

This study addresses these gaps by proposing an integrated framework that combines predictive analytics, carbon market optimization, and sustainability-driven management to support long-term climate goals.

3. METHODOLOGY. This study brings together carbon footprint prediction and carbon credit optimization into one streamlined approach. Basically, the method breaks down into two big steps: first, forecast emissions, then figure out the best way to use carbon credits.

For the prediction part, the study leans on machine learning and deep learning. It starts with basic regression models as a foundation, but then uses tools like Artificial Neural Networks (ANN) and Long Short-Term Memory (LSTM) networks to dig into the ups and downs of past emissions data—both the obvious trends and the hidden patterns. Transfer learning gets added to the mix, so

models can borrow insights from other datasets, which really helps when the available data is limited.

On the carbon credit side, the team builds a decision-making framework that takes those emission forecasts and matches them to the realities of the carbon market. They look at things like carbon pricing, the push and pull of supply and demand, and any policy rules in place. The idea is to allocate credits in the smartest way, testing different strategies and running simulations that project out as far as 2035.

This approach doesn't just predict emissions or optimize credits—it ties both pieces together. That equips organizations with sharper forecasts and smarter ways to manage their carbon credits, all with a focus on sustainability.

4. PROPOSED FRAMEWORK. We designed our proposed model's framework with three layers: *i)*carbon footprint prediction, *ii)* carbon credit optimization, and *iii)*policy alignment. Each one takes care of a specific task, and together, they help organizations make real progress on sustainability—smarter choices, fewer roadblocks, and a lot more flexibility.

Here, the first layer, prediction layer, where we use both past data and what's happening now to forecast emissions. This stage leans hard on machine learning and deep learning—regression analysis, Artificial Neural Networks (ANNs), and Long Short-Term Memory (LSTM) networks all come into play. With transfer learning, our models adapt to new sectors or datasets, so they're not stuck just repeating themselves. The whole point here is to get solid emission forecasts looking out to 2035, in sync with international climate targets. Next is optimization. This layer takes the emission forecasts and gets tactical. It sifts through market data—prices, supply, demand—and regulatory limits, working out strategies so organizations can meet environmental goals without breaking the bank. Thanks to built-in scenario analysis, companies see exactly how different policies or market shifts affect both their budgets and their environmental impact. Then the policy layer keeps everything on course. It makes sure all the recommendations follow ESG (Environmental, Social, and Governance) standards, global climate agreements, and whatever sustainability goals a company sets.

5. APPLICATIONS. We extended our study with generating two real world applications, blending AI, data science, and hands-on decision support.

5.1 Vision-Based Carbon Footprint Estimation System

With this application, as seen in Figure1, users can upload images or videos. This app uses computer vision—think Convolutional Neural Networks (CNNs), object detection models like YOLO, and activity recognition—to figure out exactly what's in those images**.** The system refines the uploads, spots objects or actions that matter—cars, factories, city infrastructure, people doing things that produce emissions—and connects these to an emission factors database. From there, it spits out a hard number—a true carbon footprint estimates for that moment or scene.

A transfer learning approach was also integrated so that the system can examine all kinds of environments and process new data. It doesn't just look at single frames for video; it reads patterns and actions over time. And everything is hosted on a web platform—where you upload a file and get a quick emissions estimate. This makes real-time monitoring possible, whether you're managing a smart city, tracking transportation, or monitoring a factory floor.




Figure 1. User interface of the vision-based carbon footprint detection prototype (CarbonLens / Vision Carbon Scan).

The model integrates machine learning-based visual recognition models with environmental emission factor datasets to estimate the carbon footprint associated with observed situations. Objects and activities uploaded to the system are first classified using deep learning-based image recognition and classification techniques. Then, the system converts the visual observations into approximate carbon dioxide equivalent (CO_2e) values by applying emission prediction rules and predefined carbon intensity

parameters, as shown in Figure 2. The experimental implementation of the platform is available online at: https://vision-carbon-scan.lovable.app/.




Figure 2. Estimated carbon footprint values of detected objects and activities in CO2 equivalent units.

5.2 Carbon Credit Generation and Simulation Platform

The second application focuses on understanding how carbon credits are generated and distributed in a dynamic market. It also offers an opportunity to see how this process might change in different scenarios. So, it doesn't just look at emission estimates; it combines them with the workings of the

carbon market to provide a more realistic picture when making decisions. The system doesn't isolate and examine emission data in isolation; it considers how carbon prices change, whether there are new regulations, and where the market equilibrium lies—all together. Considering all this data together, it reveals how carbon credit allocation should be done under different conditions. One of the platform's advantages is that users can experiment with different scenarios. For example, what happens when stricter emission regulations are implemented, how does the process change when carbon prices rise or fall, what does the credit allocation look like when new technologies come into play—all of these can be modeled. Looking at it this way, it becomes much easier to create robust and consistent plans, especially those needed until 2035. The platform also ensures the regular and transparent management of carbon credits in a digital environment. Credits can be tracked and, if desired, tokenized and converted into digital assets. This increases trust in the market, makes auditing processes more practical, and helps different systems work together harmoniously. Figure 3 shows the educational module demonstrating the carbon cycle within the proposed conceptual platform and the Figure 4 shows the Carbon credit trading simulation and tokenization interface showing budget, quota targets, and available trades. The experimental prototype platform can be accessed at: https://earth-coin-creator.lovable.app/.




Figure 3. Educational module demonstrating the carbon cycle within the proposed conceptual platform (CarbonQuest / Earth Coin Creator).

6. RESULTS AND CONCLUSION

The carbon cycle is an inevitable and continuous global activity. Results show a continuous increase in emissions without intervention. Carbon measurements demonstrate the importance of ensuring continuity. On the other hand, we expect carbon credit prices to increase significantly by 2035 for a greener world. Practical models contribute to sustainability decision-making processes and support strategic carbon management.




Figure 4. Carbon credit trading simulation and tokenization interface showing budget, quota targets, and available trades.

This study aims to fill a significant gap in the existing literature by offering a holistic approach that integrates emission forecasting, carbon credit management, and policy compliance. The proposed multi-layered framework integrates data-driven forecasting with optimization processes, making carbon management more systematic and effective. In particular, the use of real-time data increases forecasting accuracy. This approach enables the system to adapt to changing conditions. However, the study also has some limitations. The scope of the datasets used and the model assumptions may affect the generalizability of the results obtained. Future studies are recommended to utilize broader data sources, include different regional market conditions, and test the model with real-world applications.

The proposed framework offers a scalable, adaptable, and intelligent carbon management approach and provides a foundation for researchers. It can be considered an effective tool, especially in developing sustainability-focused strategies in line with the 2035 targets.

References:

[1] Alnaser, N. W., Flanagan, R., Kazmerski, L., Sayigh, A. A., Nayfeh, M. H., & Alnaser, W. E. (2022). Worrying about climate change. *Atmospheric and Climate Sciences*, 12(2), 441–461.

[2] Liu, Z., Sun, T., Yu, Y., Ke, P., Deng, Z., Lu, C., ... & Ding, X. (2022). Near-real-time carbon emission accounting technology toward carbon neutrality. *Engineering*, 14, 44–51.

[3] De Cristano, R. (2024). *Deciphering digital dreams: a critical study of blockchain and green finance*.

[4] Zhao, X., Shi, P., Wang, H., Meng, Q., Qi, X., Ai, G., ... & Hu, Y. S. (2024). Unlocking plateau capacity with versatile precursor crosslinking for carbon anodes in Na-ion batteries. *Energy Storage Materials*, *70*, 103543.

[5] Ojadi, J. O., Onukwulu, E., Odionu, C., & Owulade, O. (2023). AI-driven predictive analytics for carbon emission reduction in industrial manufacturing: a machine learning approach to sustainable production. *International Journal of Multidisciplinary Research and Growth Evaluation*, 4(1), 948–960.

[6] Paterson, M. (2012). Who and what are carbon markets for? Politics and the development of climate policy. *Climate Policy*, 12(1), 82–97.
[7] World Bank. (2024). *State and Trends of Carbon Pricing 2024.*
Kotsantonis, S., & Serafeim, G. (2024). *ESG Integration in Corporate Strategy and Performance*
[8] IPCC. (2024). *Climate Change 2024: Synthesis Report.*

УДК: 005.8:004.8:336.77

УПРАВЛЕНИЕ ПРОЕКТОМ ВНЕДРЕНИЯ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА ДЛЯ АНАЛИЗА КРЕДИТОСПОСОБНОСТИ КЛИЕНТОВ

Хайрулин Р. О. – магистрант
Научный руководитель-к. э. н. Саубетова Б.С.
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова,
Актау, Казахстан

Аннотация. В условиях стремительной цифровизации финансового сектора внедрение систем на базе искусственного интеллекта (ИИ) становится стратегическим приоритетом для банков и микрофинансовых организаций. Использование технологий машинного обучения позволяет повысить точность оценки заемщиков, сократить время рассмотрения заявок и снизить кредитные риски. Однако успешное внедрение ИИ в процесс анализа кредитоспособности — это не только техническая задача, но и комплексный управленческий проект, требующий четкой методологии, координации заинтересованных сторон и соблюдения регуляторных требований.

Ключевые слова: повышение точности скоринговых моделей, снижение уровня просроченной задолженности, автоматизация процесса принятия решений

Планирование является критически важным этапом и включает:

- Определение архитектуры решения
- Выбор технологий (например, Python, библиотеки машинного обучения)
- Формирование команды проекта (data scientists, аналитики, IT-архитекторы, специалисты по рискам)
- Разработку календарного плана
- План управления рисками
- План коммуникаций

Также на данном этапе определяется подход к разработке — Agile или гибридная модель управления.

Качество данных напрямую влияет на точность модели. Основные действия:

- Интеграция внутренних и внешних источников данных
- Очистка и нормализация данных
- Работа с пропущенными значениями
- Обеспечение соответствия требованиям законодательства о персональных данных
- Важно учитывать нормативные требования регуляторов

На данном этапе выполняются:

- Выбор алгоритмов (логистическая регрессия, градиентный бустинг, нейронные сети)
- Обучение и тестирование моделей

– Кросс-валидация
Оценка метрик качества (ROC-AUC, Precision, Recall, Gini)

Критически важным фактором является обеспечение explainability (объяснимости) модели, особенно в банковском секторе.

Перед промышленным запуском проводится:

– A/B-тестирование
– Пилотное внедрение на ограниченном сегменте клиентов
– Анализ влияния модели на бизнес-показатели
– Корректировка параметров

Система интегрируется в существующую ИТ-инфраструктуру:

– Подключение к CRM и банковским системам
– Настройка автоматизированных решений
– Обучение сотрудников
– Разработка регламентов эксплуатации

После внедрения проект переходит в стадию операционной поддержки:

– Мониторинг качества модели
– Контроль деградации (model drift)
– Периодическое переобучение
– Аудит соответствия регуляторным требованиям

В проектах внедрения ИИ для кредитного скоринга ключевые риски включают:

– Низкое качество данных
– Предвзятость (bias) модели
– Несоответствие законодательству
– Киберугрозы
– Сопротивление персонала изменениям

Для минимизации рисков необходимо внедрение процедур внутреннего контроля и регулярный аудит модели.

Управление проектом предполагает четкое распределение ролей:

- Руководитель проекта
- Руководитель направления рисков
- Data Science команд
- IT-архитекторы
- Юридический отдел
- Специалисты по информационной безопасности

Эффективная коммуникация между подразделениями является одним из факторов успеха.

После внедрения оцениваются:

- Уровень дефолта
- Скорость обработки заявки
- Доля автоматических решений
- Экономический эффект (ROI)
- Снижение операционных расходов

Проекты в банковской сфере имеют ряд специфических особенностей:

- Высокие требования к надежности
- Строгое регулирование
- Необходимость интерпретируемости моделей

- Повышенные требования к защите данных

ИИ не заменяет полностью эксперта по кредитным рискам, а выступает инструментом поддержки принятия решений.

Управление проектом внедрения искусственного интеллекта для анализа кредитоспособности клиентов — это комплексная междисциплинарная задача, сочетающая элементы проектного менеджмента, аналитики данных, информационной безопасности и финансового регулирования.

Успешная реализация требует:

- Четкого стратегического видения
- Грамотного управления рисками
- Качественной подготовки данных
- Постоянного мониторинга и адаптации модели

При соблюдении данных условий внедрение ИИ позволяет существенно повысить конкурентоспособность финансовой организации, сократить кредитные риски и обеспечить более объективную и быструю оценку заемщиков.

Литература:

1. Бодров, Д. А., & Степанов, А. В. (2020). Машинное обучение в банковской аналитике: методы и практики. Москва: Издательство Финансы и Статистика.
2. Гиль, Т. (2019). Интеллектуальный анализ данных: основы машинного обучения. Санкт-Петербург: Питер.
3. Ли, Х., & Ким, С. (2021). Credit Scoring with Machine Learning and AI. Springer.
4. Project Management Institute. (2021). A Guide to the Project Management Body of Knowledge (PMBOK® Guide) — 7th Edition. PMI, USA.
5. Russell, S., & Norvig, P. (2020). Artificial Intelligence: A Modern Approach (4th Edition). Pearson.
6. Хан, Дж., Камбер, М., & Пьёрс, Дж. (2018). Data Mining: Concepts and Techniques. Elsevier.

ӘОЖ: 005.7:004

ҚАЗІРГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ БАСҚАРУ ПРАКТИКАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Асанов А.И.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан

e-mail: berden.zagar@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанның банк секторындағы ESG (Environmental, Social, Governance) стратегияларын енгізудің заманауи трендтері, институционалдық негіздері мен даму перспективалары кешенді түрде қарастырылады. Жаһандық климаттық өзгерістер мен экономикалық трансформация жағдайында тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі қаржы институттарының, әсіресе корпоративтік несиелеу процесіндегі шешуші рөлі талданады. Зерттеу барысында екінші деңгейлі банктердің корпоративтік клиенттердің ESG-тәуекелдерін бағалау практикасына назар аударылып, «жасыл» қаржыландыруды дамытудағы кедергілер, «гринвошинг» проблемасы және оларды шешудегі деректерге негізделген (data-driven) шешімдердің маңыздылығы негізделеді.

Түйін сөздер: ESG-басқару, тұрақты даму, банк секторы, жасыл қаржыландыру, корпоративтік басқару, несиелік тәуекелдер, заңды тұлғалар, жасыл таксономия, деректерге негізделген менеджмент.

Қазіргі таңда жаһандық экономикалық жүйе елеулі және қайтымсыз трансформацияны бастан кешіруде. Климаттың өзгеруі, табиғи ресурстардың жұтаңдауы, демографиялық теңгерімсіздік және қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік мәселелері бизнесті басқарудың дәстүрлі парадигмаларының тиімсіздігін көрсетіп отыр. Осы орайда, ESG (экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару) қағидаттарына негізделген тұрақты даму (Sustainable Development) тұжырымдамасы әлемдік қаржы нарығының басты қозғаушы күшіне айналды. Банк секторы кез келген мемлекеттің экономикалық жүйесінің қан тамыры ретінде капитал ағындарын қайта бөлу арқылы төмен көміртекті және тұрақты экономикаға өту процесінде шешуші рөл атқарады. Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) және Париж климаттық келісімі аясында қаржы институттарына жаңа міндеттемелер жүктелуде. Олар тек өздерінің тікелей экологиялық ізін азайтып қана қоймай, несиелік және инвестициялық портфельдері арқылы нақты сектордағы кәсіпорындардың экологиялық-әлеуметтік жауапкершілігін ынталандыруы тиіс. Қазақстан Республикасы үшін бұл тақырыптың өзектілігі елдің шикізаттық бағыттылықтан арылу және 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі ұлттық стратегиялық мақсатымен тікелей байланысты. Соңғы жылдары Қазақстанның қаржы нарығын реттеуші органдары тарапынан ESG қағидаттарын енгізу жөніндегі жүйелі жұмыстар басталды. Дегенмен, отандық коммерциялық банктер үшін ESG-стратегияларды толыққанды интеграциялау, әсіресе заңды тұлғаларды корпоративтік несиелеу барысында бірқатар әдіснамалық, құқықтық және практикалық қиындықтар туындатуда. Бұл мәселелерді ғылыми тұрғыдан зерделеу осы зерттеудің негізін құрайды.

Осы зерттеудің негізгі мақсаты – Қазақстанның коммерциялық банктеріндегі ESG-басқару тәжірибесін кешенді түрде зерделеу, нақты секторды қаржыландырудағы заманауи трендтерді анықтау және тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асырудың тиімді механизмдерін ұсыну. Зерттеу барысында ғылыми танымның жалпы және арнайы әдістері қолданылды. Атап айтқанда, отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді шолу, жүйелі-құрылымдық талдау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (ҚНРДА), «Астана» халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) статистикалық және нормативтік-құқықтық деректеріне салыстырмалы талдау жасау әдістері пайдаланылды.

ESG-дің банк секторындағы теориялық мәні мен институционалдық негіздері Классикалық банк ісінде қарыз алушыны бағалаудың негізгі критерийі оның қаржылық тұрақтылығы мен кепілдік қамтамасыз етуі болса, қазіргі заманғы банк парадигмасы бұл тәсілді түбегейлі өзгертеді. Банктер үшін ESG-тұжырымдамасы жай ғана маркетингтік немесе имидждік құрал емес, ол ең алдымен несиелік тәуекелдерді (Credit Risk) басқарудың және ұзақ мерзімді кірістілікті қамтамасыз етудің стратегиялық тетігі болып табылады. Қаржы институттары үшін бұл үш негізгі фактор келесідей құрылымдалады:

1. Экологиялық фактор (E - Environmental): Банктердің қоршаған ортаға тікелей әсері (Scope 1 және Scope 2 – мысалы, банк кеңселерінің энергия тұтынуы немесе қағаз қолдануы) шағын болғанымен, олардың жанама әсері (Scope 3) несиелік қоржын арқылы орасан зор масштабқа ие. Бүгінде алдыңғы қатарлы банктер көміртегі көп бөлінетін «қоңыр» жобаларды (мысалы, көмір өндіру, экологиялық таза емес жылу электр станциялары) қаржыландыруды шектеп немесе тоқтатып жатыр. Оның орнына «жасыл» облигациялар мен экологиялық таза өндірістерге арналған жеңілдетілген несиелерге басымдық берілуде. Банктер үшін қарыз

алушының экологиялық заңнаманы бұзуы тікелей қаржылық шығынға (айыппұлдарға) ұшыратып, несиені қайтара алмау қаупін тудырады.

2. Әлеуметтік фактор (S - Social): Бұл бағыт банк қызметкерлерінің еңбек жағдайын, гендерлік теңдікті, қаржылық инклюзияны қамтиды. Сонымен қатар, корпоративтік несиелеуде қарыз алушы кәсіпорынның өз жұмысшылары үшін қауіпсіз еңбек жағдайын жасауы, жергілікті қоғамдастықпен өзара іс-қимылы және адам құқықтарын сақтауы қатаң тексеріледі. Әлеуметтік шиеленістер мен ереуілдер орын алған кәсіпорындар банктер үшін жоғары тәуекелді аймаққа жатады.

3. Корпоративтік басқару (G - Governance): Бұл фактор банктің өзінің де, оның клиенттерінің де ішкі басқару сапасын білдіреді. Оған директорлар кеңесінің тәуелсіздігі, топ-менеджменттің сыйақы жүйесінің ашықтығы, комплаенс-бақылау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және миноритарлық акционерлердің құқықтарын қорғау жатады. Мөлдір корпоративтік басқару жүйесі жоқ компаниялар қаржылық алаяқтыққа бейім келеді, бұл банктің несиелік портфеліне тікелей қауіп төндіреді.

Қазақстан банктеріндегі заманауи трендтер мен корпоративтік несиелеу трансформациясы Қазақстанның екінші деңгейлі банктеріндегі (ЕДБ) ESG-трансформацияны талдау оның бірнеше жүйелі бағытта жүзеге асып жатқанын көрсетеді.

Біріншіден, корпоративтік клиенттерді несиелеу кезінде ESG-скринингтің (бағалаудың) біртіндеп міндетті рәсімге айналуы. Қазіргі уақытта ірі отандық банктер қарыз алушының дефолтқа ұшырау ықтималдығын (PD - Probability of Default) және дефолт кезіндегі шығындарды (LGD - Loss Given Default) есептеу модельдеріне экологиялық және климаттық тәуекелдерді енгізе бастады. Мысалы, ауыл шаруашылығы немесе өндіріс саласындағы заңды тұлға несие сұраған жағдайда, банк оның тек балансын ғана емес, су ресурстарын қаншалықты тиімді пайдаланатынын немесе қалдықтарды қалай кәдеге жарататынын бағалайды. Бұл тәуекел-менеджменттің жаңа деңгейіне өтуді білдіреді.

Екіншіден, «жасыл» қаржы өнімдерінің және тұрақтылыққа байланысты несиелердің (Sustainability-Linked Loans) нарықтағы үлесінің артуы. Қазақстанда ҚР Экологиялық кодексінде бекітілген «Жасыл таксономияға» сәйкес келетін жобаларды – жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК), энергия тиімділігін арттыру және ресурстарды үнемдеу технологияларын қаржыландыруға арналған арнайы жеңілдікті несие желілері іске қосылуда. Бұл процесте АХҚО Жасыл қаржы орталығының (AIFC Green Finance Centre) рөлі зор. Олар банктерге жасыл облигациялар шығаруға және халықаралық инвесторларды тартуға әдіснамалық қолдау көрсетеді.

Үшіншіден, регуляторлық қысым мен ашықтық талаптарының күшеюі. Қазақстан қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚНРДА) 2023 жылы қаржы ұйымдарында экологиялық, әлеуметтік тәуекелдерді және корпоративтік басқару тәуекелдерін басқару жөніндегі арнайы нұсқаулықты бекітті. Сонымен қатар, банктерге өздерінің ESG-есептерін халықаралық стандарттарға (GRI, SASB, TCFD) сәйкес жариялау ұсынылуда. Бұл тенденция болашақта ерікті сипаттан міндетті сипатқа ауысуы әбден мүмкін.

Кедергілер және Data-Driven шешімдер Отандық банк секторында байқалып отырған оң тенденцияларға қарамастан, ESG-стратегияларды толыққанды енгізу жолында бірқатар кешенді проблемалар бар.

Ең үлкен кедергілердің бірі – сенімді, стандартталған және салыстырмалы бейқаржылық деректердің тапшылығы. Қазақстандағы заңды тұлғалар, әсіресе шағын және орта бизнес (ШОБ) өкілдері, өздерінің көміртегі ізі немесе ESG көрсеткіштері туралы нақты ақпаратты жинақтау, өңдеу және ұсыну инфрақұрылымына ие емес. Бұл банктердің несиелік портфельдегі ESG-тәуекелдерді дәл бағалауын қиындатады.

Екінші өзекті мәселе – «гринвошинг» (greenwashing – жалған экологиялық тазалық) құбылысы. Кейбір компаниялар арзан несие ресурстарына қол жеткізу мақсатында өз жобаларының экологиялық тиімділігін немесе әлеуметтік маңыздылығын әдейі асыра бағалап көрсетуі мүмкін. Банктерде нақты өндірістік процестерді бағалай алатын салалық эколог-эксперттердің жоқтығы бұл қауіпті еселей түседі.

Бұл түйткілдерді шешу үшін заманауи ұйымдарды басқару парадигмаларына сай келетін цифрлық трансформация және «Data-driven» (деректерге негізделген) менеджмент құралдарын енгізу қажет. Банктер жасанды интеллект (AI) мен үлкен деректерді (Big Data) қолдана отырып, ашық көздерден, мемлекеттік реестрлерден, бұқаралық ақпарат құралдарынан және тіпті спутниктік түсірілімдерден кәсіпорындардың экологиялық және әлеуметтік қызметі туралы ақпаратты автоматты түрде жинайтын баламалы скорингтік модельдерді жасауы тиіс. Бұл адами факторды азайтып, қарыз алушыларды объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Осы орайда келесідей практикалық шараларды жүзеге асыру ұсынылады:

1. Коммерциялық банктердің тәуекел-менеджмент департаменттеріндегі қызметкерлердің ESG-климаттық тәуекелдерді модельдеу бойынша құзыреттілігін арттыру және арнайы оқыту бағдарламаларын енгізу.
2. Ұлттық деңгейде корпоративтік клиенттер (оның ішінде ШОБ) үшін ESG-бағалаудың бірыңғай, оңайлатылған және автоматтандырылған цифрлық платформасын құру.
3. Мемлекеттік органдар мен қаржы институттарының өзара іс-қимылын күшейтіп, жоғары ESG-рейтингі бар кәсіпорындар үшін салықтық преференциялар мен субсидиялар жүйесін заңнамалық түрде бекіту.

Қорытындылай келе, ESG-стратегиялар Қазақстанның банк секторы үшін жаһандық трендтерге формальды түрде ілесу емес, ол ұзақ мерзімді макроэкономикалық тұрақтылықты, халықаралық капитал нарығындағы бәсекеге қабілеттілікті және жүйелік тәуекелдерді тиімді басқаруды қамтамасыз етудің өміршең құралы. Экономиканы нақты қаржыландырушы институт ретінде екінші деңгейлі банктер Қазақстанды көміртегісіз болашаққа жетелейтін басты драйвер бола алады. Дегенмен, бұл ауқымды мақсатқа жету үшін мемлекеттік реттеушілердің, қаржы институттарының, бизнес-қоғамдастықтың және азаматтық қоғамның тығыз интеграцияланған өзара іс-қимылы қажет. Конференцияның тақырыбында көрсетілгендей, басқарудың жаңа парадигмалары сөзсіз түрде цифрлық трансформацияға, деректерге негізделген шешімдерге (data-driven management) және әлеуметтік жауапты басқару қағидаттарына сүйенетін болады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу стратегиясы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 ақпандағы № 121 Жарлығы.
2. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ.
3. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің қаржы ұйымдарындағы экологиялық, әлеуметтік тәуекелдерді және корпоративтік басқару тәуекелдерін басқару жөніндегі нұсқаулығы (2023).
4. Елемесов, А. Р. (2023). Банк секторындағы тұрақты даму: ESG стандарттарын енгізудің институционалдық мәселелері. *Қаржы және несие*, 12(4), 45-62.
5. Смағұлова, Г. Т. (2024). Корпоративтік несиелеудегі экологиялық тәуекелдерді бағалаудың цифрлық әдіснамасы. *Экономика және басқару парадигмалары*, 8(2), 112-128.

6. AIFC Green Finance Centre. (2023). "The State of Green Finance in Kazakhstan: Annual Report".
7. Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC). (2023). "Emerging Markets and ESG: A Comprehensive Guide for Banks and Financial Institutions".

ӘОЖ: 005.7:004

БАСҚАРУ ПРАКТИКАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Бақытжанұлы Б.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан

Андатпа. Бұл мақалада қазіргі ұйымдардағы басқару жүйелерінің цифрлық трансформация жағдайында дамуы жан-жақты қарастырылады. Автор цифрлық технологиялардың басқару тиімділігіне әсерін талдап, data-driven менеджменттің маңызын көрсетеді. Сонымен қатар, ұйымдық құрылымдардың өзгеруі, инновациялық тәсілдердің енгізілуі және адами капиталды дамыту мәселелері зерттеледі. Зерттеу нәтижесінде цифрлық трансформацияның ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы рөлі анықталады.

Түйін сөздер: цифрлық трансформация, менеджмент, басқару жүйесі, деректер талдауы, инновация, тиімділік, ұйым

Қазіргі жаһандану және цифрландыру жағдайында ұйымдардың басқару жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы басқару тәсілдерін жаңартуды талап етеді. Дәстүрлі басқару модельдері қазіргі динамикалық ортада жеткіліксіз болып, жаңа, икемді және деректерге негізделген басқару жүйелері қажет болуда.

Цифрлық трансформация – бұл тек технологияларды енгізу ғана емес, сонымен қатар ұйым мәдениетін, құрылымын және басқару философиясын өзгерту процесі. Цифрлық трансформация ұйымдардың қызметін жетілдіруге бағытталған кешенді өзгерістер жиынтығы болып табылады. Ол бизнес-процестерді автоматтандыру, деректерді талдау және шешім қабылдаудың жаңа әдістерін енгізуді қамтиды. Цифрлық технологиялар басқару тиімділігін арттырып, уақыт пен ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар ұйымдарға нарықтағы өзгерістерге тез бейімделуге көмектеседі.

Қазіргі таңда деректерге негізделген басқару (data-driven management) ерекше маңызға ие. Ұйымдар шешім қабылдау кезінде интуицияға емес, нақты деректерге сүйенеді.
Бұл тәсіл:

- басқару сапасын арттырады
- тәуекелдерді азайтады
- стратегиялық жоспарлауды жақсартады

Big Data және жасанды интеллект технологиялары ұйымдарға үлкен көлемдегі ақпаратты өңдеп, тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік береді.
3. Ұйымдық өзгерістер және инновациялар
Цифрлық трансформация ұйым құрылымына да әсер етеді. Иерархиялық модельдер біртіндеп икемді, желілік құрылымдарға ауысуда.
Инновациялар:

- жаңа бизнес-модельдердің пайда болуына
- қызмет көрсету сапасының артуына

– клиентке бағдарланған басқарудың дамуына ықпал етеді

Сонымен қатар, қызметкерлердің цифрлық дағдыларын дамыту да маңызды фактор болып табылады.

Қорытындылай келе, цифрлық трансформация басқару жүйелерін дамытудың негізгі бағыты болып табылады. Ол ұйымдардың тиімділігін арттырып, бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді.

Data-driven менеджмент, инновациялық технологиялар және икемді ұйымдық құрылымдар қазіргі менеджменттің басты элементтері болып табылады.

Болашақта цифрлық технологиялардың рөлі одан әрі артып, басқару жүйелері толықтай жаңа деңгейге көтеріледі.

Әдебиеттер:

1. Porter M. Competitive Advantage. – New York, 1985.
2. Brynjolfsson E., McAfee A. The Second Machine Age. – 2014.
3. Davenport T. Big Data at Work. – 2014.
4. Kotler P. Marketing Management. – 2016.

ӘОЖ: 005:004

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ DATA-DRIVEN МЕНЕДЖМЕНТ: ЗАМАНАУИ ҰЙЫМДАРДЫҢ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ

Исмағұл Д.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан
e-mail: dilnaz.ismagul@bk.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада заманауи ұйымдардағы цифрлық трансформация және data-driven менеджменттің маңызы жан-жақты қарастырылады. Цифрлық технологиялардың дамуы басқару жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізіп, деректерге негізделген шешім қабылдауды негізгі факторға айналдырды. Зерттеу барысында цифрлық трансформацияның негізгі бағыттары, оның артықшылықтары, ұйым тиімділігіне әсері және енгізу барысында туындайтын қиындықтар талданады.

Түйін сөздер: цифрлық трансформация, менеджмент, деректер, Big Data, жасанды интеллект, цифрландыру.

Қазіргі таңда цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы ұйымдардың қызметіне айтарлықтай әсер етуде. Әсіресе білім беру саласында цифрландыру процесі ерекше маңызға ие. Университеттер жаңа талаптарға сай болу үшін оқу процесін, басқару жүйесін және ғылыми қызметін цифрлық форматқа көшіруде.

Yessenov университеті де осы бағытта белсенді жұмыс жүргізіп, заманауи цифрлық шешімдерді енгізуде. Бұл оқу орнында электронды платформалар, онлайн оқыту жүйелері және деректерге негізделген басқару элементтері қолданылуда.

Цифрлық трансформация – бұл ұйым қызметінің барлық бағыттарына цифрлық технологияларды кешенді түрде енгізу арқылы оның тиімділігін, икемділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру процесі. Бұл ұғым тек ақпараттық технологияларды қолданумен

шектелмейді, ол басқару жүйесін, ұйымдық құрылымды, корпоративтік мәдениетті және бизнес-модельдерді түбегейлі өзгертуді қамтиды.

Қазіргі жағдайда цифрлық трансформация ұйымдардың стратегиялық дамуының негізгі факторы болып табылады. Нарықтағы жоғары бәсекелестік, тұтынушылардың талаптарының өзгеруі және технологиялардың қарқынды дамуы ұйымдарды жаңа шешімдер қабылдауға итермелейді. Осы тұрғыда цифрлық трансформация ұйымдарға өзгерістерге тез бейімделуге мүмкіндік береді.

Цифрлық трансформацияның негізгі элементтері мыналар болып табылады:

- Бизнес-процестерді автоматтандыру. Бұл адам еңбегін азайтып, операциялардың жылдамдығы мен дәлдігін арттырады.

- Деректерді басқару жүйесі. Ұйымдар үлкен көлемдегі деректерді жинап, өңдеп, талдау арқылы тиімді шешімдер қабылдайды.

- Цифрлық платформаларды енгізу. Бұл клиенттермен және серіктестермен өзара байланысты жеңілдетеді.

- Инновациялық технологияларды пайдалану. Жасанды интеллект, бұлтты технологиялар және Big Data кеңінен қолданылады.

Цифрлық трансформацияның маңызды ерекшелігі – оның кешенді сипатта болуы. Яғни, ол тек бір бөлімге емес, ұйымның барлық құрылымына әсер етеді. Мысалы, басқару саласында – стратегиялық жоспарлау жақсарады, маркетингте – клиенттердің мінез-құлқы талданады, ал өндірісте – автоматтандыру деңгейі артады.

Білім беру саласында цифрлық трансформация ерекше рөл атқарады. Университеттер оқу процесін цифрландыру, онлайн платформаларды енгізу және білім алушылардың жетістіктерін талдау арқылы білім сапасын арттыруда. Бұл өз кезегінде білім беру жүйесінің тиімділігін көтереді.

Сонымен қатар, цифрлық трансформация ұйымдарға жаңа бизнес-модельдерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, дәстүрлі қызмет көрсету форматынан онлайн қызмет көрсетуге көшу, цифрлық өнімдерді дамыту және клиенттерге жеке ұсыныстар жасау мүмкіндігі пайда болады.

Алайда, цифрлық трансформацияны жүзеге асыру белгілі бір қиындықтармен байланысты. Оларға жоғары қаржылық шығындар, білікті мамандардың жетіспеуі және өзгерістерге қарсылық жатады. Сондықтан ұйымдар бұл процесті кезең-кезеңімен жүзеге асырып, қызметкерлердің цифрлық сауаттылығын арттыруы қажет.

Data-driven менеджмент – бұл басқару шешімдерін қабылдау процесінде деректерді негізгі ресурс ретінде қолдануға негізделген заманауи тәсіл. Қазіргі цифрлық экономика жағдайында ұйымдар үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс істейді, сондықтан дәл және уақтылы шешім қабылдау үшін деректерді тиімді пайдалану ерекше маңызға ие.

Дәстүрлі басқару жүйесінде шешімдер көбінесе тәжірибе мен интуицияға сүйеніп қабылданса, data-driven менеджмент нақты көрсеткіштерге, аналитикалық нәтижелерге және статистикалық мәліметтерге негізделеді. Бұл тәсіл басқару сапасын жаңа деңгейге көтереді.

Data-driven менеджменттің негізгі артықшылықтары:

- Шешім қабылдау дәлдігінің артуы. Деректерге сүйену субъективтілікті азайтып, нақты нәтижеге бағыттайды.
- Тәуекелдерді азайту. Болжау және талдау құралдары арқылы ықтимал қауіптер алдын ала анықталады.
- Басқару тиімділігінің жоғарылауы. Ресурстар тиімді бөлініп, артық шығындар қысқарады.
- Жедел әрекет ету мүмкіндігі. Нақты уақыттағы деректер ұйымдарға өзгерістерге тез жауап беруге мүмкіндік береді.

Бұл тәсілдің маңызды элементтеріне деректерді жинау, сақтау, өңдеу және талдау жатады. Ұйымдар арнайы аналитикалық платформаларды, жасанды интеллектті және машиналық оқыту әдістерін пайдалану арқылы деректерден құнды ақпарат алады.

Білім беру саласында да data-driven менеджмент кеңінен қолданылуда. Мысалы, Yessenov университеті оқу процесін жетілдіру мақсатында студенттердің үлгерімі, қатысуы және оқу белсенділігі туралы деректерді жүйелі түрде жинақтап, талдайды. Бұл ақпарат негізінде оқыту сапасын арттыруға бағытталған басқарушылық шешімдер қабылданады.

Сонымен қатар, деректерді талдау арқылы білім беру бағдарламаларын жетілдіру, оқытушылардың тиімділігін бағалау және студенттердің қажеттіліктерін анықтау мүмкіндігі пайда болады. Бұл өз кезегінде білім беру сапасын арттыруға және университеттің бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге ықпал етеді.

Data-driven менеджменттің тағы бір маңызды артықшылығы – стратегиялық жоспарлаудың сапасын арттыру. Ұйымдар тарихи деректерді талдау арқылы болашақ үрдістерді болжай алады және ұзақ мерзімді даму стратегияларын тиімді құрастырады.

Алайда, бұл тәсілді енгізу белгілі бір қиындықтармен қатар жүреді. Оларға деректер сапасының төмендігі, ақпараттық қауіпсіздік мәселелері, сондай-ақ білікті мамандардың жетіспеуі жатады. Сондықтан ұйымдар деректерді басқару мәдениетін қалыптастыруға және қызметкерлердің аналитикалық дағдыларын дамытуға ерекше назар аударуы қажет.

Қазіргі ұйымдар келесі технологияларды кеңінен қолданады:

- Big Data – үлкен деректерді талдау;
- Жасанды интеллект – автоматтандырылған шешімдер;
- Бұлтты технологиялар – деректерді сақтау;
- Онлайн платформалар – білім беру және басқару.

Бұл технологиялар ұйымдардың жұмысын жеңілдетіп, өнімділікті арттырады. Әсіресе университеттерде қашықтан оқыту жүйелері үлкен маңызға ие болды.

Цифрлық трансформация ұйымдарға көптеген артықшылықтар береді:

- уақытты үнемдеу;
- шығындарды азайту;
- қызмет сапасын арттыру;
- басқару процесін жеңілдету;
- бәсекеге қабілеттілікті арттыру.

Сонымен қатар, деректерге негізделген басқару ұйымдарға нақты әрі дәл шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Цифрлық трансформация және data-driven менеджментті енгізу ұйымдар үшін үлкен мүмкіндіктермен қатар бірқатар қиындықтар мен тәуекелдерді де алып келеді. Бұл процестерді тиімді жүзеге асыру үшін ұйымдар осы кедергілерді алдын ала анықтап, оларды басқару стратегияларын әзірлеуі қажет.

Ең алдымен, қаржылық шығындардың жоғары болуы маңызды мәселе болып табылады. Цифрлық технологияларды енгізу, ақпараттық жүйелерді жаңарту, бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу және қызметкерлерді оқыту айтарлықтай инвестицияны талап етеді. Бұл әсіресе бюджеті шектеулі ұйымдар үшін қиындық туғызады.

Екінші маңызды мәселе – білікті мамандардың жетіспеуі. Цифрлық трансформация мен деректерді талдау саласында жоғары деңгейлі IT-мамандар, аналитиктер және data scientist-тер қажет. Алайда еңбек нарығында мұндай мамандардың тапшылығы байқалады, бұл процестің баяу жүруіне әсер етеді.

Үшінші тәуекел – деректер сапасының төмендігі. Егер ұйымдағы деректер толық емес, ескірген немесе қате болса, онда қабылданатын басқарушылық шешімдердің тиімділігі де

төмендейді. Сондықтан деректерді жинау мен өңдеудің сапасын қамтамасыз ету – басты міндеттердің бірі.

Сонымен қатар, ақпараттық қауіпсіздік мәселелері де ерекше назар аударуды талап етеді. Үлкен көлемдегі деректермен жұмыс істеу кибершабуылдар қаупін арттырады. Құпия ақпараттың сыртқа шығуы ұйым беделіне және қаржылық жағдайына кері әсер етуі мүмкін.

Тағы бір маңызды қиындық – қызметкерлердің өзгерістерге қарсылығы. Жаңа технологияларды енгізу барысында қызметкерлердің кейбірі жаңа жүйелерді қабылдауға дайын болмауы мүмкін. Бұл корпоративтік мәдениетке байланысты және арнайы оқыту мен мотивацияны талап етеді.

Білім беру саласында, соның ішінде Yessenov University тәжірибесінде де осы аталған қиындықтар байқалады. Университетте оқу процесін цифрландыру және data-driven басқару жүйесін енгізу барысында техникалық инфрақұрылымды жаңарту, деректер сапасын қамтамасыз ету және оқытушылар мен қызметкерлердің цифрлық құзыреттіліктерін арттыру қажеттілігі туындайды.

Сонымен қатар, студенттердің деректерін қорғау мәселесі де өзекті болып табылады. Білім беру ұйымдары жеке мәліметтердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін заманауи қорғаныс жүйелерін енгізуі тиіс. Бұл талаптар сақталмаған жағдайда құқықтық және этикалық мәселелер туындауы мүмкін.

Қорытындылай келе, цифрлық трансформация және data-driven менеджмент қазіргі заманғы ұйымдардың дамуының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Бұл үдерістер ұйымдардың тиімділігін арттырып қана қоймай, олардың бәсекеге қабілеттілігін күшейтіп, өзгермелі ортаға тез бейімделуіне мүмкіндік береді.

Цифрлық технологияларды енгізу арқылы бизнес-процестер автоматтандырылып, басқару жүйелері жетілдіріледі, ал деректерге негізделген шешім қабылдау басқарудың сапасын жаңа деңгейге көтереді. Data-driven тәсіл ұйымдарға тәуекелдерді азайтып, ресурстарды тиімді пайдалануға және стратегиялық жоспарлауды нақты деректер негізінде құруға жағдай жасайды.

Білім беру саласында, соның ішінде Yessenov University тәжірибесінде цифрлық трансформация мен деректерге негізделген басқару оқу процесінің сапасын арттыруға, студенттердің үлгерімін талдауға және білім беру қызметтерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бұл үдерістерді жүзеге асыру белгілі бір қиындықтар мен тәуекелдерді талап етеді. Сондықтан ұйымдар цифрлық өзгерістерді кезең-кезеңімен енгізіп, қызметкерлердің цифрлық және аналитикалық құзыреттіліктерін дамытуға ерекше назар аударуы қажет.

Жалпы алғанда, цифрлық трансформация мен data-driven менеджментті тиімді пайдалану ұйымдардың тұрақты дамуы мен ұзақ мерзімді табысының маңызды кепілі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Davenport T.H., Harris J.G. Competing on Analytics. https://en.wikipedia.org/wiki/Competing_on_Analytics
2. Brynjolfsson E., McAfee A. The Second Machine Age. https://en.wikipedia.org/wiki/The_Second_Machine_Age
3. Digital Transformation 2025 https://en.wikipedia.org/wiki/Digital_transformation
4. Artificial Intelligence 2025 https://en.wikipedia.org/wiki/Artificial_intelligence
5. Cloud Computing 2025 https://en.wikipedia.org/wiki/Cloud_computing

УДК: 005.5:004.6

ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ И DATA-DRIVEN МЕНЕДЖМЕНТ

Керимова А.
Научный руководитель- PhD Косымбаева Ш.И.
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова,
Актау, Казахстан

Аннотация. Статья посвящена исследованию сущности и механизмов цифровой трансформации организаций в условиях перехода к data-driven менеджменту. Рассматриваются теоретические подходы к интеграции цифровых технологий и аналитики данных в систему управления, а также их влияние на процессы принятия управленческих решений. Обосновано, что использование больших данных, бизнес-аналитики и инструментов искусственного интеллекта способствует повышению обоснованности решений, операционной эффективности и конкурентоспособности организаций. Проанализированы ключевые элементы data-driven подхода: управление на основе данных, цифровая инфраструктура, аналитическая культура и компетенции персонала. Особое внимание уделено барьерам цифровой трансформации, включая организационные, технологические и институциональные ограничения. В результате предложены направления развития управленческих практик, ориентированных на системное использование данных в стратегическом и операционном управлении.

Ключевые слова: цифровая трансформация, data-driven менеджмент, управление на основе данных, большие данные, бизнес-аналитика, искусственный интеллект, цифровые технологии, принятие управленческих решений, цифровая экономика, организационная эффективность

В условиях стремительного развития технологий и глобальной цифровизации экономика и управление претерпевают существенные изменения. Одним из ключевых факторов повышения эффективности современных организаций становится цифровая трансформация, которая затрагивает не только технологическую инфраструктуру, но и бизнес-процессы, корпоративную культуру и подходы к принятию решений. Цифровая трансформация представляет собой процесс интеграции цифровых технологий во все сферы деятельности организации, что приводит к коренным изменениям в способах создания ценности для клиентов и ведения бизнеса. Она включает внедрение таких технологий, как большие данные (Big Data), искусственный интеллект, облачные вычисления и автоматизация процессов. В результате компании получают возможность быстрее адаптироваться к изменениям внешней среды, повышать операционную эффективность и улучшать качество предоставляемых услуг. Одновременно с этим особое значение приобретает data-driven менеджмент — подход к управлению, основанный на принятии решений на основе данных. В отличие от традиционных методов, где значительную роль играют интуиция и опыт руководителя, data-driven подход предполагает использование аналитики, статистических моделей и цифровых инструментов для обоснования управленческих решений.

Переход к data-driven менеджменту позволяет организациям снижать уровень неопределенности, минимизировать риски и повышать точность прогнозирования. Использование данных в режиме реального времени дает возможность оперативно

реагировать на изменения рынка, оптимизировать бизнес-процессы и выявлять новые точки роста.

Таким образом, цифровая трансформация и data-driven менеджмент становятся ключевыми элементами конкурентоспособности современных организаций, формируя основу для устойчивого развития и инновационного роста в цифровую эпоху. Цифровая трансформация невозможна без внедрения современных технологий, которые становятся фундаментом для перехода к новым моделям управления. Одной из ключевых технологий являются большие данные (Big Data), позволяющие обрабатывать огромные массивы информации и извлекать из них ценные управленческие инсайты.

Искусственный интеллект и машинное обучение обеспечивают автоматизацию анализа данных и помогают выявлять скрытые закономерности, что значительно повышает качество принимаемых решений. Облачные технологии, в свою очередь, предоставляют гибкость и масштабируемость, позволяя компаниям быстро адаптироваться к изменениям и снижать затраты на IT-инфраструктуру. Также важную роль играет автоматизация бизнес-процессов (RPA), которая позволяет минимизировать человеческий фактор, ускорить выполнение операций и повысить их точность. В совокупности эти технологии формируют основу цифровой экосистемы современной организации. Преимущества data-driven менеджмента№

Переход к управлению на основе данных предоставляет организациям значительные конкурентные преимущества. Прежде всего, это повышение обоснованности управленческих решений. Анализ данных позволяет руководителям опираться на факты, а не на предположения, что снижает вероятность ошибок.

Кроме того, data-driven подход способствует повышению эффективности бизнес-процессов. Компании могут выявлять узкие места, оптимизировать ресурсы и повышать производительность. Это особенно важно в условиях высокой конкуренции и быстро меняющейся внешней среды.Еще одним преимуществом является возможность персонализации продуктов и услуг. Используя данные о поведении клиентов, компании могут лучше понимать их потребности и предлагать более точные и релевантные решения, что повышает уровень удовлетворенности и лояльности. Проблемы и риски цифровой трансформации. Несмотря на очевидные преимущества, цифровая трансформация сопряжена с рядом трудностей и рисков. Одной из главных проблем является высокая стоимость внедрения технологий и необходимость значительных инвестиций. Также важным фактором является сопротивление изменениям со стороны сотрудников. Переход к новым цифровым моделям требует изменения корпоративной культуры, повышения квалификации персонала и развития новых компетенций. Отдельного внимания заслуживают вопросы кибербезопасности и защиты данных. С увеличением объемов обрабатываемой информации возрастает риск утечек и кибератак, что требует внедрения надежных систем защиты. Кроме того, существует риск неправильной интерпретации данных. Некачественные или неполные данные могут привести к ошибочным выводам и, как следствие, неэффективным управленческим решениям. Внедрение data-driven подхода в управлении. Для успешного внедрения data-driven менеджмента необходимо сформировать соответствующую инфраструктуру и культуру работы с данными. В первую очередь, организация должна обеспечить сбор, хранение и обработку данных на высоком уровне. Важным этапом является внедрение аналитических инструментов и платформ, позволяющих визуализировать данные и делать их доступными для принятия решений. Однако технологии сами по себе не являются достаточным условием успеха.

Ключевую роль играет развитие компетенций сотрудников. Руководители и специалисты должны уметь работать с данными, понимать основы аналитики и использовать

полученные результаты в своей деятельности. Формирование data-driven культуры предполагает, что решения на всех уровнях принимаются с опорой на данные. Успешная цифровая трансформация невозможна без изменения корпоративной культуры организации. Даже при наличии современных технологий и достаточных ресурсов отсутствие готовности сотрудников к изменениям может существенно замедлить или полностью остановить процесс трансформации.

Data-driven культура предполагает открытость к новым подходам, готовность к экспериментам и принятие решений на основе объективных данных. В такой среде поощряется инициативность, обучение и развитие цифровых компетенций. Руководство компании играет ключевую роль, задавая направление и формируя ценности, ориентированные на использование данных.

Кроме того, важным элементом является межфункциональное взаимодействие. Цифровая трансформация требует тесного сотрудничества между различными подразделениями — IT, маркетингом, финансами и операционными отделами.

Цифровая трансформация в различных отраслях. Цифровая трансформация охватывает практически все сферы экономики, однако её реализация имеет свои особенности в зависимости от отрасли. В финансовом секторе активно развиваются онлайн-банкинг, финтех-решения и автоматизация операций. Это позволяет ускорить обслуживание клиентов и повысить безопасность транзакций. В промышленности внедряются технологии «умного производства» (Industry 4.0), включая интернет вещей (IoT), роботизацию и цифровые двойники. Это повышает эффективность производства и снижает издержки. В сфере услуг и ритейла цифровизация направлена на улучшение клиентского опыта. Компании используют данные для персонализации предложений, оптимизации логистики и повышения качества обслуживания. Таким образом, цифровая трансформация становится универсальным инструментом повышения эффективности в различных отраслях. С развитием технологий роль данных в управлении будет только возрастать. Ожидается, что в будущем data-driven менеджмент станет стандартом для большинства организаций. Решения будут приниматься на основе комплексной аналитики, включающей не только внутренние, но и внешние данные.

Искусственный интеллект будет играть всё более значимую роль, переходя от вспомогательного инструмента к полноценному участнику управленческих процессов. Автоматизация принятия решений позволит значительно сократить время реакции на изменения и повысить точность прогнозов. Также будет усиливаться значение этики использования данных. Вопросы конфиденциальности, прозрачности алгоритмов и ответственности за принимаемые решения станут ключевыми в управлении цифровыми организациями.

Цифровая трансформация и data-driven менеджмент становятся ключевыми факторами повышения эффективности и конкурентоспособности современных организаций. В условиях стремительного развития технологий традиционные подходы к управлению постепенно уступают место более гибким, адаптивным и основанным на данных моделям. Цифровая трансформация охватывает все аспекты деятельности компании — от внутренних бизнес-процессов до взаимодействия с клиентами, создавая новые возможности для роста и инноваций. В свою очередь, data-driven менеджмент позволяет принимать более обоснованные и точные управленческие решения, снижая уровень неопределенности и повышая устойчивость организации к внешним изменениям. Однако успешная реализация данных подходов требует не только внедрения современных технологий, но и трансформации корпоративной культуры, развития компетенций сотрудников и обеспечения высокого уровня кибербезопасности. Особое значение приобретает формирование ответственного отношения к данным и соблюдение этических норм их использования.

В перспективе цифровая трансформация и управление на основе данных будут играть всё более значимую роль, становясь неотъемлемой частью стратегического развития организаций. Компании, способные эффективно использовать данные и адаптироваться к цифровой среде, получат устойчивые конкурентные преимущества и смогут успешно функционировать в условиях цифровой экономики. цифровая трансформация и data-driven менеджмент формируют новую парадигму управления, основанную на использовании данных как стратегического ресурса. В современных условиях именно способность организации эффективно собирать, анализировать и интерпретировать данные становится определяющим фактором её устойчивости и конкурентоспособности. Интеграция цифровых технологий в управленческие процессы способствует не только повышению операционной эффективности, но и качественному изменению механизмов принятия решений. Переход от интуитивного к аналитическому управлению позволяет минимизировать риски, повысить точность прогнозирования и обеспечить более рациональное использование ресурсов. В то же время цифровая трансформация требует системного подхода, включающего развитие инфраструктуры, совершенствование организационной структуры и формирование культуры работы с данными. Особую роль играет подготовка кадров, способных эффективно использовать аналитические инструменты и адаптироваться к быстро меняющимся условиям цифровой среды.

Таким образом, цифровая трансформация и data-driven менеджмент выступают не только как инструменты повышения эффективности, но и как стратегическая основа развития организаций в долгосрочной перспективе. Их успешная реализация обеспечивает устойчивый рост, инновационное развитие и укрепление позиций на рынке в условиях цифровой экономики.

ӘОЖ: 338.48:339.138:004

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ МАРКЕТИНГТІК СТРАТЕГИЯЛАРДЫҢ ҚАРАҚАЛПАҚСТАННЫҢ ТУРИСТІК БРЕНДІНЕ ӘСЕРІ

Базарбаева И., «Туризм және меймандостық» ББББ студенті
Жумабайева Р., «Туризм және меймандостық» ББББ студенті
Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті
Қарақалпақстан Республикасы

Андатпа: Бұл тезисте цифрлық технологиялар мен инновациялық маркетингтік стратегиялардың Қарақалпақстан Республикасының туристік брендіне әсері талданған. Зерттеуде өңірдің бірегей туристік әлеуеті, қолданыстағы цифрлық инфрақұрылымның жай-күйі және заманауи маркетингтік құралдарды пайдалану мүмкіндіктері зерттелді. Қарақалпақстан туристік қызметтер нарығын дамытудағы маркетингтік стратегиялардың рөлі, SWOT-талдау нәтижелері және шетелдік тәжірибе негізінде аймақтың туристік брендін халықаралық деңгейде ілгерілету бойынша ұсыныстар әзірленді.

Түйін сөздер: цифрлық технологиялар, инновациялық маркетинг, туристік бренд, Қарақалпақстан, маркетингтік стратегиялар, SWOT талдау.

Ел экономикасының маңызды салаларының бірі болып табылатын өңірлерде туризмді тұрақты және инновациялық дамыту бағытында қолданыстағы құқықтық және тұжырымдамалық базаны жетілдіру өзекті міндет болып табылады (10). Қарақалпақстан

Республикасы өзінің бірегей тарихи-мәдени мұрасымен (Савицкий мұражайы, ежелгі бекіністер) және қайталанбас табиғатымен (Арал теңізі, Үстірт үстірті) Өзбекстан нарығында ғана емес, халықаралық туристік нарықта да маңызды орын ала алады.

Маркетингтік стратегиялар Қарақалпақстанның туристік қызметтер нарығын дамытуда шешуші фактор болып табылады. Брендинг, цифрлық маркетинг және SWOT-талдау сияқты заманауи маркетингтік тәсілдер аймақтың туристік әлеуетін арттыра алады (5). Цифрлық технологиялар мен инновациялық маркетингтік стратегиялар өңірлердің туристік тартымдылығын арттырудың маңызды құралдарының біріне айналуда (1).

Ўзбекистон Республикаси Вазирлар Маҳкамасининг 2022 йил 28 сентябрдаги 545-сон қарори билан Қорақалпоғистон Республикасининг туризм салоҳиятини ривожлантириш бўйича қўшимча чора-тадбирлар белгиланиб, унда замонавий инфратузилма объектларини яратиш ва ҳудудни халқаро даражада илгари суриш вазифалари қўйилди.

Зерттеудің мақсаты цифрлық технологиялар мен инновациялық маркетингтік стратегиялардың Қарақалпақстанның туристік брендіне әсерін талдау және оны дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Туризм субъектілері цифрлық технологияларды қолдана отырып, жаңа туристік өнімдерді әзірлеу және қызмет көрсету сапасын арттыру арқылы ішкі және халықаралық туристік нарықта бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етеді (1). Цифрлық технологиялар, соның ішінде мобильді қосымшалар, виртуалды және кеңейтілген шындық (VR және AR) саяхатшылардың тәжірибесін жақсартуға ықпал етеді.

Халықаралық тәжірибеге көз жүгіртсек, маркетинг 4.0 дәуірінде саяхат және туризм бизнесіндегі цифрлық маркетинг стратегиясының маңызы зор (2). Мыңжылдық туристер цифрлық саяхатшылар ретінде туризм индустриясындағы маркетингтік стратегиясын өзгертеді (7).

Қарақалпақстан мысалында цифрлық технологияларды енгізу келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылуы мүмкін:

Онлайн брондау платформалары	қонақ үй және көлік қызметтерін цифрландыру
Виртуалды турлар	Савицкий мұражайына және көне қамалдарға қашықтан кіру
Мобильді қосымшалар	туристерге арналған интерактивті нұсқаулықтар мен аудиогидтер
Цифрлық төлем жүйелері	қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды кеңейту

Цифрлық маркетинг стратегиясы Қарақалпақстанда туризмді дамытуда маңызды рөл атқарады (10). Туристік қызметтер нарығын дамытудағы маркетингтік стратегиялардың рөлін талдау кезінде аймақтың бірегей брендін құру, инфрақұрылымды дамыту және инновациялық маркетингтік құралдарды пайдалану арқылы туризмді дамытуға болады (5).

Қарақалпақстан Республикасы үлкен туристік әлеуетке ие болғанымен, маркетингтік стратегиялар жеткілікті дәрежеде тиімді қолданылмайды. Бұл әсіресе цифрлық маркетинг құралдарын қолдануда айқын көрінеді (5).

По результатам SWOT-анализа (5):

• **Мықты жақтары:** бірегей мәдени мұра (Савицкий мұражайы, ежелгі бекініс), қайталанбас табиғат (Арал теңізі, Үстірт үстірті), қолайлы географиялық орналасу.

Осал тұстары: инфрақұрылымның жеткілікті дамымауы, білікті кадрлардың жетіспеушілігі, маркетингтік қызметтің сылбырлығы.

• **Мүмкіндіктер:** халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, цифрлық технологияларды дамыту, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін енгізу, пайдалану.

• **Қатерлер:** аймақтағы экологиялық проблемалар, маусымдылық, халықаралық туризм нарықтағы бәсекелестік.

Қарақалпақстан Республикасының қызмет көрсету саласындағы кәсіпкерлік тәуекелдерді бағалау жүйесін жетілдіру мәселелері өзекті болып табылады. Серіктестік қатынастар мен қызмет көрсету тетіктерін жетілдіру жолдары да маңызды (3). Қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамытудың әдіснамалық негіздерін жетілдіру мәселелері ерекше назар аударуды талап етеді.

Цифрлық тәжірибе тұтынушылардың веб-сайттар, мобильді қосымшалар, әлеуметтік желілер және басқа да цифрлық арналар арқылы брендпен барлық өзара әрекеттесуін қамтиды. Оң цифрлық тәжірибе брендке адалдықты айтарлықтай арттырады.

Қарақалпақстан туристік бренді үшін бұл мынаны білдіреді: пайдаланушыларға ыңғайлы веб-сайттар мен мобильді қосымшалар құру, клиенттерді қолдаудың жылдам және сапалы қызметі (чат-боттар), жеке ұсыныстар мен ұсынымдар, сапардан кейінгі кері байланысты жинау және талдау.

Туризм саласындағы маркетингтік стратегиялардың теориялық және практикалық негіздері шетелдік ғалымдармен кеңінен қарастырылған (4). Табысты мысал ретінде Тәжікстанның Душанбе қаласында енгізілген QR-коды бар цифрлық нұсқаулық жобасын, Қазақстандағы PanaApp мобильді қосымшасын және kazakhstan.travel порталын келтіруге болады. Талдау нәтижесінде Қарақалпақстанның туристік брендін дамытудағы келесі проблемалар анықталды: цифрлық инфрақұрылымның болмауы, көптілді контенттің жетіспеушілігі, цифрлық маркетингтің бірыңғай стратегиясының болмауы және білікті кадрлар проблемасы.

Даму перспективалары ретінде мыналар ұсынылады:

Бірыңғай цифрлық платформа құру. Қарақалпақстанның барлық туристік ресурстарын біріктіретін бірыңғай портал (visitkarakalpakstan.uz) құру. Бұл порталда қонақүйлер, көліктер, экскурсиялар, іс-шаралар туралы ақпарат және онлайн брондау мүмкіндігі болуы керек.

VR және AR технологияларын енгізу. Савицкий мұражайы, Чиплік, Аяз-қала сияқты нысандарға виртуалды турлар жасау. Бұл қашықтықтан сапар шегуге мүмкіндік беріп қана қоймай, физикалық сапарға дейін қызығушылық тудырады.

Цифрлық маркетинг науқаны. Халықаралық нарықтарда (Еуропа, Қытай, Үндістан) мақсатты жарнамалық науқандарды ұйымдастыру. Google Ads, Facebook/Instagram жарнамаларын және инфлюенс-маркетингті пайдалану.

Деректерді талдау (Big Data). Туристер ағыны, олардың тілектері, шығындары туралы деректерді жинау және талдау жүйесін құру. Бұл маркетингтік стратегияны жетілдіруге және дербестендірілген қызметтерді ұсынуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік. Цифрлық инфрақұрылымды дамытуда мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін пайдалану. Жеке инвесторларды тарту арқылы мобильді қосымшалар мен платформалар құруға болады.

Цифрлық технологиялар мен инновациялық маркетингтік стратегиялар Қарақалпақстанның туристік брендін дамытудың маңызды факторы болып табылады. Маркетингтік стратегиялар туристік қызметтер нарығын дамытуда шешуші рөл атқарады және аймақтың туристік әлеуетін арттыруға қызмет етеді (5).

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қарақалпақстанның бірегей туристік әлеуетіне қарамастан, оны халықаралық деңгейде ілгерілету үшін цифрлық құралдар жеткіліксіз

пайдаланылады. Өңірдің күшті жақтары - бірегей мәдени мұра мен табиғат, ал әлсіз жақтары - жеткіліксіз дамыған инфрақұрылым мен әлсіз маркетингтік қызмет (5).

Туризм субъектілері цифрлық технологияларды қолдана отырып, жаңа туристік өнімдерді әзірлеу және қызмет көрсету сапасын арттыру арқылы ішкі және халықаралық туристік нарықта бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етеді (1). Оң цифрлық тәжірибе брендке адалдықты айтарлықтай арттырады (Rajabova & Raimova, 2025).

Ұсынылып отырған шаралар - бірыңғай цифрлық платформа құру, VR/AR технологияларын енгізу, мақсатты маркетингтік науқандар және деректерді талдау жүйесі - Қарақалпақстанды аймақтық қана емес, халықаралық деңгейде танымал туристік брендке айналдыруға қызмет етеді. Бұл ретте қызмет көрсету саласындағы әріптестік тетіктері (3) және мемлекеттік-жекешелік әріптестік модельдері (Өтемұратова, 2023) маңызды рөл атқарады.

Әдебиеттер:

1. Abduvohidov, A. (2024). Qoraqalpog‘iston Respublikasida turistik xizmatlarning samaradorligini oshirishda raqamli texnologiyalardan foydalanish. *YASHIL IQTISODIYOT VA TARAQQIYOT*. DOI: 10.5281/zenodo.14252498
2. Dewi, N. P. R. C. (2020). Digital marketing strategy on travel tourism businesses in marketing 4.0 era. *International Research Journal of Management, IT and Social Sciences,* 7(3), 58-64.
3. Jumanazarov, O.S. (2024). Xizmatlar sohasida sherikchilik aloqalari va mexanizmini takomillashtirish yo‘llari (Qoraqalpog‘iston Respublikasi misolida). PhD dissertatsiyasi avtoreferati. Nukus.
4. Kotler, F., Bouen, J., Meykenz, J. (2012). *Marketing. Gostepriimstvo. Turizm*. (4th ed.). M.: YunitiDana.
5. Kusekeev, B.K. (2024). The Role of Marketing Strategies in the Development of the Tourist Services Market. *Central Asian Journal of Innovations on Tourism Management and Finance*, 5(8), 663–668. DOI: 10.51699/cajitmf.v5i8.801

УДК 004.8:622.276

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ В НЕФТЕГАЗОВОЙ ОТРАСЛИ: ВОЗМОЖНОСТИ И РИСКИ

Цай Сян, магистрант
Научный руководитель - PhD Сутбаева Р.О.
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан
e-mail: zhang_rus@163.com
e-mail: raikhan.sutbayeva@yu.edu.kz

Аннотация. В условиях ускоренной цифровизации и усложнения глобальных энергетических рынков возрастает значимость внедрения технологий искусственного интеллекта в нефтегазовую отрасль. Целью исследования является комплексный анализ направлений применения искусственного интеллекта в нефтегазовом секторе, а также оценка социально-экономических эффектов и рисков его внедрения. Методологическую основу исследования составляют методы системного анализа, институционального подхода, а также

Grassroots Innovation Models: Attending the Hamburg Sustainability Conference in Nairobi, Kenya, provided a masterclass in agile resourcefulness. Observing a young founder build a high-level technology company, Kiri, despite severe economic challenges, demonstrated that high-impact innovation does not strictly depend on perfect economic conditions. This validated our approach to developing water-saving technologies domestically.

4. Organizational Behavior: Overcoming Structural Asymmetries

During our advocacy work at the United Nations headquarters in New York, we confronted significant structural asymmetries in global governance. Analyzing this through the lens of Organizational Behavior reveals a stark divide between the Global North and the Global South. While 70% of the youth heavily impacted by water scarcity reside in the Global South , the primary decision-making centers are monopolized by the Global North. Young experts from Central Asia face systemic barriers to entry, namely stringent visa restrictions and a severe lack of institutional funding. To bypass these bureaucratic bottlenecks, we adopted an agile organizational model. We rely on collaborative youth networks to create joint grant applications and execute small-scale, high-impact initiatives that bypass the need for massive, centralized funding.

5. Resource-Based View: Redefining Natural Capital

The most advanced operational strategies will fail if the organizational culture remains stagnant. In Kazakhstan, the historical abundance and low cost of water have created a cultural perception of water as an infinite, cheap commodity. This presents a massive behavioral management challenge: raising public awareness. To address this, we actively engage with media channels to educate the population and pressure government stakeholders. We are championing a fundamental shift in economic classification, aligning with the Resource-Based View of the firm and recent policy shifts. As articulated by our President, His Excellency Kassym-Jomart Tokayev, regarding the new water code: water is no longer merely a resource. Water is a capital asset. It is a critical, depreciating asset that we must manage with the utmost prudence for the sake of future generations.

6. Conclusion

The decentralization of water management is not just a theoretical ideal; it is an operational necessity. By applying principles of polycentric governance, knowledge transfer, and strategic change management, young professionals can actively mitigate regional environmental risks. I invite all conference participants to collaborate with the Kazakhstan Youth Parliament for Water. Together, we can translate management theories into sustainable, water-resilient realities for Central Asia and the global community.

УДК 351:005.53:332.1

МЕЖРЕГИОНАЛЬНЫЙ ОБМЕН ОПЫТОМ КАК ИНСТРУМЕНТ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ СЕЛЬСКОГО УПРАВЛЕНИЯ

Балманова А.А., руководитель управления природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области, доктор экономических наук
Ғиният Н.С., заместитель руководителя управления туризма Мангистауской области магистр экономических наук
г. Актау, Казахстан
e-mail: asselbalmanova@bk.ru
e-mail: nursultan.giniyat@mail.ru

Аннотация. В статье рассматривается роль межрегионального обмена опытом как инструмента повышения эффективности местного государственного управления на сельском уровне. На примере Мангистауской области проанализирован практический опыт обучения и стажировок сельских руководителей в других регионах Казахстана. Особое внимание уделено адаптации полученных знаний к региональным условиям и их влиянию на развитие сельских территорий. Результаты исследования показывают, что обмен практиками способствует повышению качества управленческих решений и формированию устойчивых моделей локального экономического развития.

Ключевые слова: государственное управление, сельские территории, обмен опытом, управленческие компетенции, региональное развитие, местное управление.

В современных условиях развития государственного управления усиливается значение локального уровня, на котором происходит непосредственная реализация государственной политики. Сельские территории выступают не только пространством проживания значительной части населения, но и важным элементом социально-экономической системы государства.

Эффективность управления на уровне сельских округов определяется не только наличием государственных программ и финансовых ресурсов, но и качеством управленческих решений, принимаемых специалистами и руководителями на местах. В условиях растущей сложности управленческих задач возрастает потребность в практико-ориентированных знаниях, гибкости мышления и способности адаптировать успешные решения к конкретным условиям.

Одним из наиболее действенных инструментов развития управленческих компетенций становится межрегиональный обмен опытом, позволяющий изучать успешные практики, сравнивать модели развития и внедрять эффективные решения с учетом территориальной специфики.

Актуальность темы обусловлена необходимостью повышения эффективности управления сельскими территориями в условиях региональной дифференциации и ограниченности ресурсов.

Мангистауская область является регионом с особыми природно-климатическими условиями, включая дефицит водных ресурсов и ограниченные возможности для традиционного сельского хозяйства. При этом более 53% населения региона проживает в сельской местности, что усиливает значимость устойчивого развития данных территорий.

Несмотря на активную реализацию государственных программ, направленных на развитие села, таких как «Ауыл – ел бесігі», «Ауыл аманаты» и «Дипломмен ауылға», сохраняется разрыв между потенциальными возможностями и фактическими результатами. Это во многом связано с недостаточной адаптацией управленческих решений к региональной специфике и ограниченным использованием успешных практик других регионов.

В этой связи межрегиональный обмен опытом приобретает особую значимость как инструмент, позволяющий сократить данный разрыв и повысить эффективность управленческой деятельности

Целью данного исследования является комплексный анализ межрегионального обмена опытом как инструмента повышения эффективности сельского управления, а также оценка его практического влияния на развитие сельских территорий.

Для достижения поставленной цели были определены следующие задачи:

1. изучить существующие подходы к развитию управленческих компетенций на местном уровне;
2. проанализировать практику организации межрегиональных стажировок;
3. выявить ключевые элементы успешных региональных моделей развития;
4. рассмотреть возможности адаптации данных практик к условиям Мангистауской области;
5. оценить результаты внедрения полученного опыта на примере конкретного кейса.

Методологическую основу исследования составили:

1. метод сравнительного анализа (сопоставление региональных моделей развития);
2. кейс-стади (анализ практического управленческого опыта);
3. метод эмпирического наблюдения;
4. анализ программных и стратегических документов;
5. обобщение практических результатов управленческой деятельности.

Практика организации межрегионального обмена опытом.

В 2025 году в Казахстане была реализована новая практика повышения квалификации руководителей сельских округов в рамках проекта «Школа акимов». Данный проект стал важным шагом в развитии системы подготовки управленческих кадров на местном уровне.

Программа обучения включала широкий спектр направлений: управление бюджетом, государственные закупки, налоговая политика, развитие предпринимательства, экологическое регулирование, а также применение цифровых технологий в управлении. Особое внимание уделялось анализу экономического потенциала сельских территорий и поиску точек роста.

Ключевой особенностью программы стало внедрение практико-ориентированного подхода, в рамках которого участники были направлены в другие регионы страны для изучения успешных практик на местах. В частности, сельские руководители посетили Атыраускую, Западно-Казахстанскую, Актюбинскую, Туркестанскую и Кызылординскую области.

Данный формат позволил перейти от теоретического обучения к практическому осмыслению управленческих процессов, что существенно повысило эффективность

подготовки кадров. Участники получили возможность не только ознакомиться с реализованными проектами, но и напрямую взаимодействовать с коллегами, перенимая их опыт, управленческие подходы и инструменты работы.

Анализ региональных практик.

Анализ показал, что успешное развитие сельских территорий в различных регионах Казахстана обусловлено не столько объемом финансирования, сколько эффективностью его использования и инициативностью местных руководителей.

Так, в южных регионах, в частности в Кызылординской области, наблюдается высокая степень вовлеченности населения в предпринимательскую деятельность. Это связано с исторически сложившейся ориентацией на сельское хозяйство, а также активным использованием государственных мер поддержки, включая субсидии, льготное кредитование и грантовые программы.

Одним из ключевых факторов успеха является развитие кооперативных форм хозяйствования, позволяющих объединять ресурсы и снижать издержки. Кроме того, значительное внимание уделяется переработке продукции, что способствует увеличению добавленной стоимости и созданию дополнительных рабочих мест.

В отличие от этого, экономика Мангистауской области в значительной степени ориентирована на нефтегазовый сектор, что формирует зависимость населения от высокооплачиваемых рабочих мест в промышленности. Это снижает мотивацию к развитию сельского хозяйства и предпринимательства.

Таким образом, сравнительный анализ показал наличие различных моделей развития сельских территорий, каждая из которых формируется под влиянием природных, экономических и социальных факторов. При этом ключевым элементом остается активная позиция местного управления.

Результаты межрегионального обмена опытом нашли отражение в реализации конкретных управленческих решений на уровне сельского округа.

В условиях ограниченных природных ресурсов, в частности дефицита воды, был инициирован проект по созданию сельскохозяйственного кластера. Несмотря на объективные сложности, была проведена работа по освоению земельного участка площадью 100 гектаров.

<u>В рамках проекта:</u>

1. высажено 2500 плодовых деревьев;
2. пробурены три водные скважины;
3. создан сельскохозяйственный кооператив;
4. обеспечена занятость местного населения.

Особое значение имеет то, что проект направлен не только на первичное производство, но и на формирование полноценной экономической экосистемы. В перспективе планируется развитие перерабатывающих производств (соки, варенье), создание тепличных хозяйств, а также внедрение элементов агротуризма.

Дополнительно рассматривается возможность использования водных ресурсов для разведения рыбы, что позволит диверсифицировать экономическую деятельность и повысить устойчивость проекта.

Данный кейс демонстрирует, что даже в условиях ограниченных ресурсов возможно формирование эффективной модели локального развития при наличии стратегического подхода и использования заимствованного опыта.

Фактически, межрегиональный обмен опытом стал катализатором для запуска конкретных экономических инициатив, ориентированных на долгосрочное развитие территории.

Вместе с тем, для более комплексной оценки эффективности межрегионального обмена опытом был проведён опрос участников стажировок (n = 40), результаты которого позволяют дополнить проведённый анализ эмпирическими данными.

Полученные результаты демонстрируют стабильно высокую оценку всех аспектов программы. Средние значения по ключевым параметрам варьируются в диапазоне 4,5–4,7 балла по пятибалльной шкале, что свидетельствует о высокой степени удовлетворённости и практической значимости полученного опыта.

Наиболее высокий показатель зафиксирован по критерию обмена опытом с представителями других регионов (около 4,7 балла), что подтверждает вывод о ключевой роли межличностного и профессионального взаимодействия в процессе обучения.

Высокие оценки также получены по направлениям развития сельского предпринимательства, кооперации, сельского хозяйства и переработки продукции (в среднем около 4,6 балла), что коррелирует с выявленными в ходе сравнительного анализа факторами успешного развития территорий.

Показатель применимости полученного опыта в условиях собственного сельского округа также находится на высоком уровне (≈4,6 балла), что указывает на практико-ориентированный характер стажировок и их адаптивный потенциал.

Несколько более низкие, но также положительные оценки получило направление развития агротуризма и экотуризма (≈4,5 балла), что может быть связано с различиями в ресурсной базе регионов.

Анализ открытых ответов показал, что участники особенно выделяют такие эффекты, как расширение профессионального кругозора, получение новых управленческих подходов, а также возможность заимствования и адаптации успешных практик.

При этом отдельные респонденты указали на конкретные результаты внедрения полученного опыта, включая создание сельскохозяйственных кооперативов и запуск новых инициатив, что подтверждает прикладной характер рассматриваемого инструмента.

Таким образом, результаты опроса не только дополняют проведённый анализ региональных практик, но и эмпирически подтверждают, что межрегиональный обмен опытом является действенным механизмом трансформации управленческих подходов и стимулирования локального развития.

Проведенное исследование подтверждает, что межрегиональный обмен опытом является эффективным инструментом повышения качества государственного управления на сельском уровне.

Практика стажировок и обучения специалистов и руководителей сельских и районных уровней способствует формированию новых управленческих подходов, основанных на реальном опыте и адаптированных к условиям конкретных территорий.

На примере Мангистауской области показано, что внедрение заимствованных практик позволяет не только повысить эффективность использования ресурсов, но и инициировать новые направления экономического развития.

Результаты проведённого опроса дополнительно подтверждают данные выводы. Высокие оценки участников (в среднем 4,5–4,7 балла) свидетельствуют о значительной практической ценности межрегиональных стажировок, особенно в части развития предпринимательства, сельского хозяйства и межрегионального взаимодействия.

Таким образом, межрегиональный обмен опытом выступает не только как образовательный инструмент, но и как механизм формирования управленческих компетенций, ориентированных на практическое применение и адаптацию успешных решений.

Дальнейшее развитие механизмов обмена опытом и их институционализация могут стать важным фактором устойчивого развития сельских территорий и повышения эффективности системы государственного управления в целом.

Литература:

1. Послание Президента Республики Казахстан К.-Ж. Токаева народу Казахстана;
2. Государственная программа «Ауыл – ел бесігі»;
3. Программа «Ауыл аманаты»;
4. Программа «Дипломмен ауылға»;
5. Материалы проекта «Школа акимов», партия «Amanat».

ӘОЖ: 351.84:061.2(574.54)

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫ ҚОЛДАУ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ЖЕТІЛДІРУ: МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДАҒЫ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ТАЛДАУ

Абдыкадыров Б. А., Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранты
Астана, Қазақстан
Abdi_baur@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасында үкіметтік емес ұйымдарды қолдау бойынша мемлекеттік саясаттың мазмұны, құралдары, шектеулері және оны жетілдірудің саяси тетіктері Маңғыстау облысы мысалында талданды. Зерттеудің өзектілігі нақты фактормен айқындалады. Мақаланың негізгі идеясы мынада: Қазақстандағы ҮЕҰ-ды қолдау саясаты соңғы жылдары кеңейгенімен, ол әлі де басым түрде жобалық және әкімшілік сипатта қалып отыр. Сондықтан саясатты келесі кезеңде институционалдық тұрақтылыққа, өңірлік саралауға және мемлекеттің бақылаушы рөлінен серіктестік рөліне көбірек көшіру қажет. Осы ұстаным Маңғыстау облысының тәжірибесі бұл өзгерістің қажеттігін анық көрсетеді. Зерттеу барысында нормативтік-құқықтық талдау, институционалдық талдау, салыстырмалы тәсіл, сондай-ақ 2023–2025 жылдарға арналған өңірлік гранттар мен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жөніндегі мәліметтер қолданылды.

Түйін сөздер: мемлекеттік саясат, коммерциялық емес ұйымдар (ҮЕҰ), азаматтық қоғам, институционалдық талдау, мемлекеттік басқару, әлеуметтік әріптестік, қаржыландыру тетіктері, Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, квазимемлекеттік сектор, өңірлік саясат, үшінші секторды дамыту, ашықтық пен есептілік, азаматтардың қатысуы

Бүгінгі таңда үкіметтік емес ұйымдарды қолдау мәселесі тек азаматтық сектор аясындағы мәселе емес. Бұл – мемлекеттік басқарудың сапасы, әлеуметтік саясаттың икемділігі, жергілікті деңгейдегі мәселелерді шешудің жылдамдығы және мемлекетке деген қоғамдық сенім туралы мәселе. Егер мемлекет өз қоғамымен тек әкімшілік нұсқау және бюджеттік рәсімдер арқылы сөйлессе, онда азаматтық белсенділік тарылып, әлеуметтік бастамалар формалданып кетеді. Ал егер мемлекет ҮЕҰ-ды дербес әрі жауапты серіктес ретінде шынайы қабылдаса, қоғамдық ресурстар тиімдірек жұмылдырылады, осал топтарға қолдау көрсету жеңілдейді және саясаттың сапасы артады. [2]. OECD 2025 жылғы шолуында азаматтық кеңістік қорғалған және қолдауға ие болған жағдайда мемлекет пен азаматтық

қоғам арасындағы әріптестік бүкіл саясат циклі бойынша анағұрлым нәтижелі болатыны көрсетілген [1].

Қазақстанда ҮЕҰ-ды қолдаудың нормативтік қаңқасы жеткілікті түрде қалыптасқан. Азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы азаматтық қатысуды кеңейту, ҮЕҰ әлеуетін дамыту және мемлекет пен қоғам арасындағы серіктестікті нығайтуды мемлекеттік басымдық ретінде бекітті. Бұған қоса, 2005 жылғы «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, гранттар және сыйлықақылар туралы» Заң, сондай-ақ 2001 жылғы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заң ҮЕҰ-ды қолдаудың базалық құқықтық архитектурасын қалыптастырады [4] [5]. Демек, мәселе құқықтық негіздің жоқтығында емес, сол негіздің нақты қалай жұмыс істейтіні мен оның қандай сапалық нәтижеге алып келетіндігінде. Осы жерде көтеретін негізгі сұрақ анықталады: мемлекет ҮЕҰ-ды шынымен дамытуда ма, әлде оларды қысқа мерзімді жобаларды орындаушыға айналдырып отыр ма? Бұл сұрақ кездейсоқ қойылып отырған жоқ. Қазақстан Республикасының уәкілетті органының соңғы ресми мәліметінде 2023 жылғы сәуірдегі жағдай бойынша елде 23 335 ҮЕҰ тіркелгені көрсетілген, алайда ҮЕҰ дерекқорына мәліметті уақытылы тапсырған ұйымдар саны 5 191 ғана болған. [6] Бұл көрсеткіш формалды тіркелген сектор мен шынайы институционалдық белсенділік арасында айтарлықтай айырмашылық барын аңғартады. Яғни сандық өсім автоматты түрде сапалық жетілуді білдірмейді.

1-кесте. Азаматтық қоғам: уәкілетті органның ресми статистикалық ақпараты. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсы

ҮЕҰ саны	23 335
соның ішінде:	
Бизнес-сәйкестендіру нөмірі жоқ	1 742
Өз қызметін тоқтатты	1 103
Белсенді емес деп танылды	2 217
Тарату сатысында	1
Жойылған	68
Қолданыстағы НҚА саны	18 204

Мәселенің дәл қазір өзекті болуының екінші себебі – 2025 жылға дейінгі тұжырымдамалық кезеңнің аяқталуы. 2026 жылғы ақпанда жарияланған үкіметтік материалдарда ҮЕҰ саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша жұмыс жүріп жатқаны, оның ішінде коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысты өзгерістер әзірленіп жатқаны көрсетілді. Бұл мемлекет өзі де қолданыстағы модельдің шегіне келгенін және жаңа кезеңде саясатты қайта қарау қажеттігін түсініп отырғанын білдіреді. Сондықтан осы сәтте жай сипаттамалық мәтін емес, нақты саяси шешімдер ұсынатын талдау қажет [7].

Зерттеудің үшінші және, меніңше, ең маңызды қыры – өңірлік перспектива. Жалпыұлттық деңгейде қабылданған саясат әр өңірде бірдей жұмыс істемейді. Маңғыстау облысы бұл тұрғыдан қызық әрі маңызды кейс. Бір жағынан, өңірде азаматтық белсенділік жоғары, ҮЕҰ саны соңғы жылдары өсіп, гранттық қаржыландыру ерте енгізілген. Екінші жағынан, белсенді ұйымдардың үлесі жалпы тіркелген ұйымдармен салыстырғанда әлі де шектеулі, ал қаржыландырудың басым бөлігі қысқа мерзімді жобаларға байланған. Сондықтан Маңғыстау тәжірибесі Қазақстандағы ҮЕҰ саясатының жетістігін де, шектеуін де қатар көрсетеді.

Үкіметтік емес ұйымдар туралы ғылыми және саясаттық әдебиетте бірнеше базалық түсінік бар.

Біріншісі – ҮЕҰ мемлекеттің меншігі емес, қоғамның өзін-өзі ұйымдастыру қабілетінің институттанған формасы.

Екіншісі – олар мемлекеттік басқару сапасын тек сынау арқылы емес, нақты әлеуметтік қызметтер, ақпараттық жұмыс, қоғамдық мониторинг, **аралық байланысты үйлестіру** және инновациялық шешімдер арқылы жақсартады.

Үшіншісі – тиімді ҮЕҰ секторының болуы үшін құқықтық еркіндік қана емес, ресурстық, кадрлық және институционалдық орта қажет.

OECD азаматтық кеңістікті құқықтық, саяси, институционалдық және практикалық жағдайлардың жиынтығы ретінде анықтайды. Бұл анықтама маңызды, өйткені ол ҮЕҰ мәселесін тек қаржыландырумен шектемейді. Егер ұйым заңды түрде тіркеле алса, бірақ шешім қабылдауға ықпал ете алмаса; грантқа қатыса алса, бірақ әкімшілік тәуелділіктен шыға алмаса; жария кеңістікке қатыса алса, бірақ оның ұсынысы соңғы құжатқа енбесе – онда қолдау формалды сипатта қалады. Демек, ҮЕҰ-ды қолдау саясатының нәтижесін тек бөлінген қаражатпен өлшеу қате. Нәтиже ұйымдардың тұрақтылығы (белсенді мемлекеттік саясатқа араласуы), қоғаммен байланысы және саясатқа ықпал ету дәрежесі арқылы өлшенуі тиіс [1].

Халықаралық тәжірибеде ҮЕҰ-ды қолдаудың үш шартты моделі байқалады.

Біріншісі – либералдық модель. Мұнда мемлекет негізінен құқықтық кепілдік пен салықтық ынталандыру береді, ал сектордың қаржы базасы қайырымдылық, корпоративтік қолдау және жеке қорлар есебінен қалыптасады.

Екіншісі – серіктестік модель. Мұнда ҮЕҰ әлеуметтік қызметтерді көрсету мен қоғамдық қатысуды қамтамасыз етуде мемлекеттің тұрақты контрагенті әрі әріптесі саналады.

Үшіншісі – мемлекеттік бағытталған модель. Мұнда ұйымдар көбіне мемлекеттік бағдарламаларды орындаушы ретінде қалыптасып, бақылау элементі күшейеді. Бұл теориялық типология АҚШ, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Ресей және Түркия мысалында дұрыс қойылған және Қазақстан үшін серіктестік пен институционалдық тұрақтылық қағидаты анағұрлым қолайлы екені дәлел.

Қазақстан үшін «серіктестік модель» автоматты түрде тиімді нәтиже бермейді, егер ол тек сатып алу рәсімдеріне және жыл сайынғы конкурс логикасына сүйенсе. Серіктестік дегеніміз – тек мердігерлік қатынас емес. Егер ҮЕҰ-ның мемлекеттің алдындағы рөлі әлеуметтік жобаны өткізіп, есеп өткізу деңгейінде қалып қойса, онда ол толыққанды серіктеске емес, аутсорсинг элементіне айналады. Сондықтан серіктестік моделінің өзегінде үш қағида болуы керек: шешімге ерте кезеңде қатысу, көпжылдық институционалдық қолдау және нәтижені бірлесіп бағалау. Бұл жерде Қазақстан үшін тағы бір принциптік мәселе туындайды. Азаматтық кеңістік туралы халықаралық бағалаулар елдегі ҮЕҰ саясатын тек қолдау тетіктерімен емес, еркіндік пен сенім контексімен бірге қарастыру қажеттігін көрсетеді. CIVICUS Monitor 2025 жылғы жаһандық есебінде Қазақстан «repressed» санатына жатқызылған [9] [10], ал UNDP-дің Қазақстан бойынша тәуелсіз бағалауында сөз, жиналу және бірігу бостандықтарына қатысты шектеулер азаматтық қоғам үшін маңызды сын-қатер болып қала беретіні айтылған [11]. Бұл жерде мәселе ҮЕҰ-ды қудалау туралы эмоциялық риторикада емес. Ғылыми тұрғыдан алғанда, азаматтық кеңістік неғұрлым тарылса, ҮЕҰ-дың дербес күн тәртібі соғұрлым әлсірейді, ал олардың мемлекеттік қаржыландыруға тәуелділігі соғұрлым артады. Осыдан негізгі теориялық қорытынды шығады: тиімді ҮЕҰ саясаты – бұл гранттық және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар бойынша конкурс өткізу емес, азаматтық кеңістікті, институционалдық сенімді және қоғамдық қатысуды бір мезгілде нығайту. Егер

мемлекет қолдауды тек қаржылық процедура ретінде түсінсе, онда ол қысқа мерзімді белсенділікке қол жеткізеді, бірақ ұзақ мерзімді азаматтық серіктестік қалыптастыра алмайды. Қазақстанда ҮЕҰ-ды қолдаудың негізгі құқықтық тетіктері екі ірі блокқа бөлінеді.

Бірінші блок – базалық құқықтық мәртебе: «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заң ұйымдардың ұйымдастырушылық-құқықтық табиғатын айқындайды.

Екінші блок – ресурстық қолдау: «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Заң арқылы мемлекет әлеуметтік жобаларды сатып алу, гранттар беру және сыйлықақымен ынталандыру механизмдерін бекітеді. Бұған қоса, 2019 жылғы президенттік жарлықпен бекітілген Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы мемлекеттік органдар мен азаматтық сектор арасындағы серіктестікті саяси деңгейде бекітіп берді [3].

Қазақстандағы ресми саясаттың оң жағын мойындау қажет. Соңғы жылдары ҮЕҰ-ды тек қоғамдық ұйым ретінде емес, нақты әлеуметтік нәтиже беретін субъект ретінде қарастыру күшейді. Уәкілетті органның ресми бетінде әрекет ететін ҮЕҰ қызметінің бағыттары да көрсетілген: білім, жастар саясаты, әлеуметтік осал топтарды қолдау, құқық қорғау, денсаулық, мәдениет, қоршаған орта, қоғамдық келісім сияқты бағыттар басым. Бұл мемлекеттің ҮЕҰ секторын тек символдық әріптес емес, әлеуметтік саясаттағы көпфункционалды ресурс ретінде қарастыра бастағанын білдіреді.

2-кесте. Әрекет ететін ҮЕҰ қызметінің бағыттары

Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау	7,78%
Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау	15,68%
Білім, ғылым, ақпарат, Спорт және дене шынықтыру саласында	20,05%
Азаматтардың, ұйымдардың заңды мүдделерін мен құқықтарын қорғау	9,3%
Азаматтардың денсаулығын сақтау СӨС насихаттау	3,93%
Отбасылық-демографиялық мәселелерді шешуге көмектесу және гендерлік мәселелер	1,79%
Мәдениетті және өнерді дамыту	3,6%
Қоғамдық келісімді және жалпыұлттық бірлікті нығайту	4,84%
Жетім балаларға, толық емес көп балалы отбасылардан шыққан балаларға көмек	1,68%
Тарихи-мәдени мұраны қорғау	1,77%
Қоршаған ортаны қорғау	3,41%
Өзге де әлеуметтік маңызы бар бағыттар бойынша жұмыс істейтін ҮЕҰ	19,78%

Сонымен бірге қолданыстағы саясаттың ішкі архитектурасында үш құрылымдық шектеу бар.

Біріншіден, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс көбіне жобалық және қысқа циклді.

Екіншіден, гранттар айтарлықтай пайдалы болғанымен, олар ұйымның өзегін емес, жекелеген бастамаларын қаржыландырады.

Үшіншіден, сыйлықақы мен бір реттік марапаттар сектордың символдық танылуын күшейтеді, бірақ кадрлық тұрақтылық, офистік шығындар, аналитикалық қуат және институционалдық даму мәселесін шешпейді.

Қазақстан бойынша тағы бір маңызды көрсеткіш – тіркелген ұйымдар мен нақты белсенді ұйымдар арасындағы алшақтық. Бұл мәселе тек статистикалық емес, саяси сипатқа ие. Формалды тіркеу оңай болғанымен, ұйымның тұрақты командасы, сараптамалық қуаты, фандрайзинг тәжірибесі, дербес күн тәртібі және жергілікті қауымдастықпен жұмыс тетігі

болмаса, ол азаматтық қоғамды сапалық тұрғыдан күшейте алмайды. Сондықтан «елдегі ҮЕҰ саны қанша?» деген сұрақтан гөрі «қанша ҮЕҰ ұзақ мерзімді негізде қоғамдық мәселені шеше алады?» деген сұрақ анағұрлым маңызды.

Қазақстандағы қолдау саясатының тағы бір ерекшелігі – ҮЕҰ-дың кейбір мемлекеттік бағдарламалардағы үлесі әлі де төмен. Мысалы, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2025 жылғы ақпараты бойынша, 2024 жылы субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыруға ҮЕҰ-ның қатысу үлесі 2,8% ғана болған, 66 мыңға жуық шарттың 1 817-сі ғана ҮЕҰ-мен жасалған. Бұл – ҮЕҰ әлеуеті мемлекеттік саясаттың бірқатар құралдарында әлі толық пайдаланылмай отырғанының белгісі. Яғни мәселе тек ҮЕҰ-ды қолдау емес, оларды салалық саясаттың кеңірек архитектурасына қалай ықпалдастыруда [12].

Бұл талдауды қысқа түрде төмендегі кесте жинақтайды.

3-кесте. Қазақстандағы ҮЕҰ-ды қолдаудың негізгі тетіктері және олардың шектеулері

Тетік	**Мазмұны**	**Артықшылығы**	**Негізгі шектеуі**
Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс	Әлеуметтік жобалар мен қызметтерді қаржыландыру	Қысқа мерзімде нақты әлеуметтік нәтижеге шығарады	Жобалық тәуелділік тудырады, ұйымның негізгі миссиясын әлсіз қаржыландырады
Гранттық қаржыландыру	Басым бағыттар бойынша бастамаларды қолдау	Жаңа идеялар мен жергілікті жобаларды іске қосады	Көбіне қысқа мерзімді, тұрақты кадрлық базаны құрмайды
Сыйлықақы, марапат	Үздік тәжірибені ынталандыру	Қоғамдық мойындауды арттырады	Институционалдық тұрақтылыққа әсері шектеулі
Консультациялық алаңдар	Қоғамдық кеңестер, форумдар, диалог платформалары	Қатысу мәдениетін дамытады	Ұсыныстардың нақты шешімдерге айналу кепілдігі әлсіз

Кестедегі тұжырымдар Қазақстанның құқықтық базасына, ресми статистикасына және зерттеу материалдардағы диагностикалық талдауларға негізделген.

Демек, Қазақстандағы ҮЕҰ саясатының басты жетістігі – қолдау инфрақұрылымының бар болуы. Ал басты әлсіздігі – осы инфрақұрылымның ұйымдардың ұзақмерзімді институтқа айналуына жеткілікті жағдай жасамауы.

Маңғыстау облысы Қазақстандағы ҮЕҰ саясатын бағалау үшін үлгілік өңір. Өңір әкімдігі мен салалық құрылымдардың ресми мәліметтеріне сүйенсек, 2023 жылы облыста 781 ҮЕҰ тіркелген, олардың шамамен 120-сы белсенді жұмыс істеген. 2024 жылғы ақпанда жарияланған ақпаратта соңғы бес жылда өңірдегі ҮЕҰ саны 35%-ға өсіп, 800-ден асқан [13]. Бұл Маңғыстауда азаматтық сектордың сандық кеңеюі жүріп жатқанын көрсетеді. Бірақ дәл осы деректердің өзі белсенді ұйымдардың үлесі әлі де салыстырмалы түрде аз екенін көрсетеді: тіркелген ұйым көп, тұрақты жұмыс істейтін ұйым анағұрлым аз.

Өңірдің тағы бір ерекшелігі – гранттық қаржыландырудың республика көлемінде алғашқы өңір болып іске қосуында. Маңғыстау облысы әкімдігінің ресми дерегінде өңірде әлеуметтік маңызы жоғары жобаларды қаржыландыру көлемі соңғы бес жылмен салыстырғанда 43,6%-ға артқаны, 2022 жылы 47 әлеуметтік жобаға 406 млн теңге бөлінсе, 2023 жылы бұл көлем 602 млн теңгеге жеткені көрсетілген. Басқа бір ресми материалда 2023 жылы Маңғыстауда тоғыз әлеуметтік саладағы 30 ҮЕҰ-ға жалпы сомасы 330 млн теңгеге 43

грант берілгені нақтыланған. Бұл мәліметтер өңірде мемлекеттік қолдаудың көлемдік жағынан ұлғайғанын және гранттық механизмнің нақты жұмыс істегенін дәлелдейді [13].

2024 жылғы гранттық қаржыландыру 56 жобаны қамтып, жалпы көлемі 579,06 млн теңгені құраған. 2025 жылғы гранттық қаржыландыру 31 жобаны қамтып, жалпы көлемі 341,77 млн теңгені құраған. Яғни үш жылдық кесіндіде гранттық құрал өңірде маргиналды емес, елеулі саясат құралына айналған. Тиісті мәліметтер мемлекеттік сатып алу сайты негізінде талданып, жинақталды. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша да қызық динамика байқалады. 2023 жылғы өңірлік қосымшада 47 жоба, жоспарланған көлемі 352,28 млн теңге және шарттық сомасы 305,58 млн теңге көрсетілген. 2024 жылғы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс мониторингінде 42 жоба, жоспарланған 373,47 млн теңге және шарттық 348,45 млн теңге тіркелген. Ал 2025 жылғы өңірлік мониторингтік мәліметте 92 жоба және шамамен 1,30 млрд теңге жоспарланған. Бұл жерде 2025 жылғы көлемнің күрт өсуі жай ғана қаржы өсімі емес, әлеуметтік қызметтер ауқымының көбеюін білдіруде. Бірақ осы өсімнің өзі бір сұрақты алға шығарады: қаржы мен жоба саны артқан сайын сектордың институционалдық сапасы да артып жатыр ма, әлде тек орындаушылық жүктеме көбейіп жатыр ма? Бұл сұраққа жауап беру үшін тек қаржы көлеміне емес, жобалардың құрылымына қарау керек. Тиісті талдау барысында жобалар білім, жастар саясаты, медиа, патриоттық тәрбие, әлеуметтік кәсіпкерлік, волонтерлік, отбасы құндылықтары, ерекше қажеттілігі бар балаларға қолдау, тіл саясаты және алдын алу сипатындағы әлеуметтік бағдарламаларды қамтиды. Демек, ҮЕҰ өңірде нақты әлеуметтік және қоғамдық функцияларды атқарып отыр. Бұл – қолдаудың тиімділігін көрсететін маңызды дәлел. Егер ҮЕҰ тек декларативті құрылымдар болса, мұндай салалық әртараптану болмас еді.

Сонымен қатар өңірлік талдау бір маңызды заңдылықты аңғартады: жобалардың едәуір бөлігі мемлекеттік басымдықтармен тікелей үйлескен бағыттарда шоғырланған. Бұл жаман құбылыс емес, бірақ оның қос қыры бар. Бір жағынан, мемлекет үшін бұл құрал нақты әлеуметтік міндеттерді жылдам орындауға көмектеседі. Ал екінші жағынан, ҮЕҰ-дың күн тәртібі әкімшілік сұранысқа шамадан тыс байланса, олардың дербес сараптамалық және қоғамдық бақылаушылық рөлі әлсіреуі мүмкін.

Өңірлік жағдайды ықшам түрде төмендегі кесте жинақтайды.

4-кесте. Маңғыстау облысындағы гранттар мен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс динамикасы (авторлық жинақтау негізінде)

Жыл	Қолдау түрі	Жоба саны	Жалпы көлемі
2023	Гранттық қаржыландыру	43	330,47 млн тг
2023	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс	47	352,28 млн тг (жоспар), 305,58 млн тг (шарт)
2024	Гранттық қаржыландыру	56	579,06 млн тг
2024	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс	42	373,47 млн тг (жоспар), 348,45 млн тг (шарт)
2025	Гранттық қаржыландыру	31	341,77 млн тг (жоспар)
2025	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс мониторингі	92	1,30 млрд тг (жоспар)

Енді осы мәліметтерді қалай түсіндіруге болады? Талдау негізінде, Маңғыстаудағы саясаттың жетістігі – ҮЕҰ-ды символдық деңгейден нақты орындаушылық және серіктестік

деңгейге шығара бастауы. Бірақ дәл осы жерде саясаттың шегі де көрінеді. Егер ұйымдардың едәуір бөлігі жобадан жобаға өмір сүрсе, әкімшілік басымдықтарға қатты байланса және қаржы циклі қысқа болса, онда сандық өсім институционалдық жетілуге айналмайды. Өңірде 800-ден асатын ұйым тіркелгенімен, белсенді ұйымдардың шамамен 120 болуы осы айырманы ашып көрсетеді [8].

Сондықтан Маңғыстау облысы бойынша аралық қорытынды мынадай: қолдау көлемі бар, тетіктер жұмыс істейді, сектор белсенді; алайда дәл осы белсенділік әлі ұзақ мерзімді институционалдық тұрақтылыққа толық айнала қойған жоқ. Бұл – саясаттың келесі кезеңіне арналған басты сабақ.

Негізгі проблемалар: неге мәселе дәл қазір өткір. Бірінші проблема – жобалық тәуелділік. Қазақстандағы да, Маңғыстаудағы да ҮЕҰ саясаты көбіне нақты іс-шараны, форумды, тренингті, ұйымдастырушылық немесе қысқа мерзімді жобаны қаржыландыруға құрылған. Мұндай модель бастапқы өсу кезеңінде орынды: ол секторды іске қосады, бәсекені қалыптастырады, жаңа ұйымдарға мүмкіндік береді. Бірақ белгілі бір межеден кейін дәл осы модельдің өзі тежеушіге айналады. Өйткені ұйым тұрақты команда ұстай алмайды, стратегиялық жоспарлауға шыға алмайды, деректер жинау мен талдау мәдениетін жүйелей алмайды.

Екінші проблема – тіркелген және белсенді ұйымдардың арасындағы алшақтық. Ресми түрде Қазақстанда 23 335 ҮЕҰ тіркелгенімен, ҮЕҰ дерекқорына мәлімет тапсырған ұйымдар саны 5 191 болған. Маңғыстауда 780–800-ден аса ұйым тіркелгенімен, белсенділер саны шамамен 120 деңгейінде айтылып жүр. Бұл алшақтық секторда «қағаздағы ұйымдар» мен «шынайы жұмыс істейтін ұйымдар» арасындағы айырманы көрсетеді. Мұндай жағдайда мемлекеттік саясат сандық өсімді қолдап отырмын деп ойлауы мүмкін, бірақ іс жүзінде ресурстар белсенді және әлсіз ұйымдардың арасындағы құрылымдық айырманы қысқартпай қалуы ықтимал [6].

Үшінші проблема – шешім қабылдауға ықпалдың шектеулілігі. Қазақстанда қоғамдық кеңестер, азаматтық форумдар, консультативтік органдар бар. Бірақ мәселе олардың болуы емес, олардың ұсыныстарының мемлекеттік шешімге қалай айналатынында. Егер ҮЕҰ тек талқылау соңында пікір білдіріп, негізгі құжат пен бюджет параметрлері әлдеқашан айқындалып қойса, онда мұндай қатысу маңызды емес, рәсімдік сипатта қалады. Бұл жерде мен ҮЕҰ-дың орынсыз саясилануы керек деп отырған жоқпын. Менің айтпағым – әлеуметтік саясатты әзірлеудің ерте кезеңінде ҮЕҰ-дың дерегі, жергілікті білімі және нысаналы топтармен тікелей жұмысы ескерілмесе, мемлекеттік бағдарлама сапасы да шектеледі.

Төртінші проблема – шетелдік қаржыландыруға қатысты сезімталдық. Зерттеу барысында талдамалық құжаттарда Қазақстандағы ҮЕҰ-ды қолдайтын халықаралық донорлар қатарына USAID, ЕО бағдарламалары, Soros-Қазақстан қоры, Konrad Adenauer Stiftung, Friedrich Ebert Stiftung, EFCA, UNDP және GEF өз деңгейлерінде белсенді түрде жұмыстар жүргізеді. Бұлда маңызды, өйткені ол ҮЕҰ-дың тек мемлекеттік емес, аралас қаржыландыру экожүйесінде өмір сүретінін көрсетеді. Бірақ халықаралық қаржының болуы кейде саяси күдікке де ұшырайды. CIVICUS 2025 жылғы шолуда Қазақстанда шетелдік қаржыландыру алатын ҮЕҰ-ға қысымның жаңарғанын атап өтеді [9]. Сондықтан мемлекет үшін дұрыс жауап – сыртқы қаржыландырудан қорғану риторикасын күшейту емес, керісінше ашықтықты, есептілікті және ұлттық басымдықтармен үйлестірудің айқын стандарттарын қалыптастыру.

Бесінші проблема – азаматтық кеңістіктің жалпы сапасы. Бұл пунктті айналып өтуге болмайды. Егер азаматтық белсенділік тек ұйымдастырушылық жобалармен шектеліп, тәуелсіз пікір айту мен қоғамдық бақылау тәуекелі жоғары болса, онда ҮЕҰ секторы теңгерімсіз дамиды: әлеуметтік қызмет көрсететін ұйымдар күшейеді, ал сараптамалық,

құқықтық, мониторингтік бағыттар әлсірейді. UNDP мен CIVICUS материалдары азаматтық қоғамның дәл осы қысым мен шектеу контексінде жұмыс істейтінін көрсетеді [10]. Мұндай жағдайда мемлекеттік қолдаудың өзі бақылаудың жұмсақ тетігі ретінде қабылданып кетпеуі үшін ерекше мұқият дизайн қажет.

Осы бес мәселені қорыта келе, қазіргі модель қысқа және орта мерзімде әлеуметтік жобаларды іске асыруға жарамды, бірақ ұзақ мерзімде дербес, кәсіби және қоғам алдында есепті азаматтық сектор қалыптастыру үшін жеткіліксіз. Егер саясат өзгермесе, жағдай әлеуметтік немесе институционалдық дағдарысқа бірден әкелмеуі мүмкін, бірақ «өсіп жатқан, бірақ іші әлсіз сектор» феноменін күшейтеді. Оның салдары – өңірдегі белсенді ұйымдардың бір бөлігінің шаршауы, кәсіби кадрлардың тұрақтамауы және қоғамдық сұраныс пен мемлекеттік басымдықтардың арасында алшақтықтың ұлғаюы ықтимал.

Енді басты сұраққа келеміз: не істеу керек? Бұл мақала жай проблема қоюмен шектелмеуі тиіс. Негізгі тезис – Қазақстан, соның ішінде Маңғыстау облысы, ҮЕҰ-ды қолдау саясатын «жоба сатып алу» моделінен «институционалдық серіктестік» моделіне кезең-кезеңімен көшіруі керек. Бұл бір сәтте жасалмайды, бірақ нақты тетіктері бар.

Бірінші тетік – аралас қаржыландыру моделін енгізу. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс пен гранттар сақталуы керек, бірақ олардың ішіне ұйымның институционалдық компонентін қаржыландыру мүмкіндігін енгізу қажет. Мысалы, конкурс жеңімпазы тек іс-шара өткізу бюджетімен емес, аналитика, кадр даярлау, цифрлық жүйелеу, мониторинг және фандрайзинг дағдысын дамыту шығындарының белгілі бір үлесімен жұмыс істеуі тиіс. Бұл «әкімшілік шығындарды көбейту» емес, жобаның тұрақты нәтижесін қамтамасыз етудің шарты. Халықаралық тәжірибеде жобалық қаржыландырудан институционалдық қолдауға көшу соңғы жылдардың ортақ үрдісі ретінде аталып өтуде.

Екінші тетік – өңірлік деңгейде «белсенді ҮЕҰ-дың сараланған тізілімін» қалыптастыру. Мәселе барлық тіркелген ҮЕҰ-ды бір деңгейде қарауда. Бұл тиімсіз. Белсенділігі, есептілігі, мақсатты топпен жұмысы, жобаларды аяқтау сапасы және жергілікті қауымдастықпен байланысы дәлелденген ұйымдар үшін көпжылдық серіктестік элементтерін енгізуге болады. Мұндай тетік формалды ұйымдарды белсенді ұйымдармен теңестіру проблемасын азайтады. Алайда бұл жерде жабық клубқа айналдыру қаупі бар, сондықтан критерийлер толық ашық болуы және жыл сайын қайта бағаланып отыруы шарт.

Үшінші тетік – мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың бір бөлігін көпжылдық циклге көшіру. Әсіресе әлеуметтік қызмет, оңалту, инклюзия, жастармен тұрақты жұмыс, отбасы саясаты, лудоманияның алдын алу, менталдық денсаулық, гендерлік және отбасылық зорлықтың алдын алу сияқты салаларда бір жылдық жоба логикасы жиі жеткіліксіз. Маңғыстау өңірлік қосымшаларында дәл осындай тақырыптар кең таралған. Мұндай жобалардың табиғаты тұрақты жұмысты талап етеді. Сондықтан 2–3 жылдық келісімшарттық модель әлеуметтік әсерді айтарлықтай күшейтер еді.

Төртінші тетік – ҮЕҰ-дың саясатқа ықпал етуін ерте кезеңге көшіру. Қазір көп жағдайда ұйымдар дайындалған жобалар мен жария талқылау кезеңінде ғана қатысады. Оның орнына салалық басқармалар жанынан алдын ала консультациялық тректер қажет: мәселені айқындау, нысаналы топпен алдын ала жұмыс, жобалық тапсырманы әзірлеу және нәтиже индикаторын келісу кезеңінде ҮЕҰ сараптамасы қолданылуы тиіс. Бұл тәсіл Маңғыстау облысында әсіресе жастар, әлеуметтік кәсіпкерлік, ерекше қажеттілігі бар балалар, отбасылық-демографиялық мәселелер бағытында пайдалы болар еді.

Бесінші тетік – өңірлік азаматтық инфрақұрылымды күшейту. Маңғыстауда азаматтық орталықтың ашылуы және гранттық модульдердің іске қосылуы өңірде осы бағыттағы дайындық барын көрсетеді [14]. Бірақ мұндай орталықтар тек конкурс туралы хабар тарататын орын емес, сапалы жобалау, құқықтық сүйемелдеу, мониторинг мәдениеті,

деректермен жұмыс, коммуникация және фандрайзинг мектебі болуы қажет. Басқаша айтқанда, «өтінім жазуға көмектесу» деңгейінен «ұйымның даму траекториясын қалыптастыру» деңгейіне көшу керек.

Алтыншы тетік – ашықтық пен нәтижені бағалау стандарттарын жаңарту. Қазіргі есептілік көбіне іс-шара саны, қамту көлемі, фото-видео, ақпараттық материалдар сияқты шығу көрсеткіштеріне сүйенеді. Олар керек, бірақ жеткіліксіз. Бағалау жүйесіне нәтижелік және әсерлік индикаторларды көбірек енгізу керек: нысаналы топтың мінез-құлқы өзгерді ме, қызметтің қайталануы азайды ма, жергілікті деңгейде жаңа серіктестік туды ма, жоба аяқталғаннан кейін бастама сақталды ма? Бұл, әрине, әкімшілік жүктемені өсіреді. Бірақ дәл осы стандартсыз саясат «іс-шара өткізілді – есеп берілді» цикліне қамалып қалады.

Жетінші тетік – шетелдік және мемлекеттік қаржыландыру арасындағы қарама-қарсылықты жасанды ушықтырмау. Керісінше, олардың ашық координациясын күшейту қажет. Егер халықаралық донорлар белгілі бір салада пилоттық шешім, инновация немесе жаңа әдіс әкелсе, мемлекет оны қауіп ретінде емес, тексерілген жағдайда масштабтауға болатын тәжірибе ретінде қарауы керек. Бұл үшін грант алушы ұйымдардың қаржылық есептілігіне бірыңғай, бірақ шамадан тыс ауыр емес стандарт енгізу жеткілікті. Қысқаша айтқанда, сыртқы ресурсқа тыйым емес, айқын ереже мен мұқият бақылау қажет.

Сегізінші тетік – Маңғыстау облысы үшін арнайы өңірлік модель құру. Бұл өңірдің өзіндік ерекшелігі бар: бір жағынан урбанизация, мұнайлы экономика, жастар үлесінің жоғарылығы, әлеуметтік тәуекелдер мен көші-қон қысымы бар; екінші жағынан азаматтық белсенділік пен жергілікті бастамалар да айқын көрінеді. Сондықтан ҮЕҰ-ды қолдау саясаты мұнда стандартты республикалық кестеден бөлек, өңірлік қажеттілікке негізделуі тиіс. Меніңше, Маңғыстау үшін басым бес трек айқын: жастарды әлеуметтендіру, отбасы және менталдық денсаулық, инклюзия және арнайы әлеуметтік қызметтер, әлеуметтік кәсіпкерлік, қоғамдық коммуникация мен медиа сауат.

Тоғызыншы тетік – белсенді ҮЕҰ-ды тек орындаушы емес, бірлескен бағалаушы ретінде тану. Қазір мемлекет ҮЕҰ-ды көбіне тапсырыс алушы ретінде көреді. Бірақ сектордың жетілген бөлігі бағдарламалардың тәуелсіз кері байланыс операторы бола алады. Әсіресе Маңғыстауда белсенді 120 шақты ұйым бар деп көрсетілетінін ескерсек, олардың ішінен жобалық тәжірибесі мол ұйымдарды мониторинг, әлеуметтік аудит және нысаналы топтың шынайы пікірін жинау процесіне тарту орынды. Сонда ҮЕҰ мемлекеттен қаражат алып қана қоймай, саясат сапасын түзетуге де ықпал етеді.

Оныншы тетік – кадрлық тұрақтылыққа бағытталған шағын, бірақ жүйелі шешімдер. ҮЕҰ-дағы ең әлсіз буынның бірі – кәсіби кадрдың тұрақтамауы. Сондықтан өңірлік гранттардың белгілі бір бөлігін жобалық менеджерлерді оқытуға, деректер талдаушысы мен коммуникация мамандарын даярлауға, жас көшбасшыларды тағылымдамадан өткізуге, ұйымішілік цифрлық жүйелерді енгізуге бағыттау қажет. Маңғыстаудағы кейбір гранттық жобаларда көшбасшыларды оқыту, тағылымдама, брендбук және сарапшылық сүйемелдеу элементтері көрінеді; бұл тәжірибені оқшау жоба ретінде емес, сектор саясатының тұрақты компонентіне айналдырған жөн.

Жүргізілген талдау ҮЕҰ-ды қолдау бойынша мемлекеттік саясат Қазақстанда институционалдық деңгейде қалыптасқанын, ал Маңғыстау облысында оның нақты мазмұн алғанын көрсетті. Өңірде гранттық қаржыландыру мен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс көлемі өскен, ҮЕҰ саны артқан, азаматтық орталықтар мен жобалық бастамалар дамыған. Бұл – мемлекеттің азаматтық секторды елемей отырмағанын дәлелдейтін маңызды дерек.

Алайда осы жетістіктерге қарамастан, қазіргі модельдің сапалық шектеулері айқын. Біріншіден, саясат жобалық қаржыландыруға тым тәуелді. Екіншіден, тіркелген ұйымдар саны мен шынайы белсенді ұйымдар арасында алшақтық бар. Үшіншіден, ҮЕҰ-дың шешім

қабылдау үдерісіне ықпалы әлі де шектеулі. Төртіншіден, азаматтық кеңістіктің жалпы жағдайы мен шетелдік қаржыландыруға қатысты сезімталдық сектордың дербестігіне әсер етеді. Сондықтан мәселе «ҮЕҰ-ды қолдаймыз ба, жоқ па?» деген таңдауда емес; мәселе «қандай сапада қолдаймыз?» деген сұрақта жатыр.

Осы мақаладағы қорытынды анық: ҮЕҰ-ды қолдау саясатының келесі кезеңі жобалардың санын арттырумен емес, сектордың институционалдық өміршеңдігін күшейтумен өлшенуі керек. Мемлекет ҮЕҰ-ды тек әлеуметтік тапсырманы орындаушы ретінде қарастырудан бас тартып, оларды жергілікті білімнің, қоғамдық кері байланыстың және саясат сапасын жақсартатын сараптаманың көзі ретінде тануы тиіс. Маңғыстау облысы бұл өтудің бастауына дайын өңір: мұнда сандық база да, белсенді тәжірибе де, жобалық энергия да бар. Енді сол энергияны қысқа циклді конкурстармен ғана емес, ұзақмерзімді институционалдық саясатпен бекіту қажет.

Егер осы бағыт таңдалса, ҮЕҰ-ды қолдау мемлекет үшін қосымша шығын емес, әлеуметтік тұрақтылыққа, шешім сапасына және қоғамдық сенімге салынған инвестицияға айналады. Ал егер қазіргі модель өзгеріссіз қалса, сектор өсіп келе жатқанымен, оның сапалық тереңдеуі шектеулі болады. Сондықтан ҮЕҰ-ды қолдау саясатын жетілдіру – тар ведомстволық міндет емес, Қазақстандағы мемлекеттік басқаруды жаңғыртудың маңызды бөлігі.

Әдебиеттер:

1. OECD - Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы. https://www.oecd.org/en/publications/government-at-a-glance-2025_0efd0bcd-en/full-report/protection-and-promotion-of-civic-space_61c25f94.html
2. Хамза Ұ. М. Мемлекет пен азаматтық қоғамның институционалдық қарым-қатынасы. European Research Materials. 2024. № 6. (Қоғам мен мемлекеттің өзара әрекеттестігі, Қазақстан контексті).
3. «Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы. ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 2 маусымдағы № 341 қаулысы.
4. "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" 2001 жылғы 16 қаңтардағы ҚР Заңы.
5. "Қазақстан Республикасындағы үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, гранттар мен сыйлықтар туралы" 2005 жылғы 12 сәуірдегі ҚР Заңы.
6. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитетінің ресми сайты. https://www.gov.kz/memleket/entities/akk/activities/142?lang=kk
7. Азаматтық қоғам: уәкілетті органның ресми статистикалық ақпараты. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсы. file:///C:/Users/user/Downloads/_gluster_2026_2_5_c340265f697de80334c301bc16dc848c_original.282301.pdf
8. Маңғыстау облысының әкімдігі https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau/press/news/details/715753
9. Қазақстан бойынша азаматтық кеңістікке қатысты бет https://monitor.civicus.org/country/kazakhstan/?utm_source
10. Жаһандық есеп, онда Қазақстан да қамтылған https://monitor.civicus.org/globalfindings_2025/?utm_source
11. Қазақстан бойынша тәуелсіз бағалау. Independent Country Programme Evaluation: Kazakhstan. https://www.undp.org/evaluation/publications/icpe-kazakhstan?utm_source

12. С. Жақыпова ҮЕҰ өкілдерімен әлеуметтік-еңбек саласын дамыту мәселелері. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми ақпараты. https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/1083546
13. Маңғыстау облысының Ақпарат және қоғамдық даму басқармасы https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-uvp/press/news/details/514107
14. Маңғыстауда үкіметтік емес ұйымдарды қолдау мақсатында «Азаматтық орталық» ашылды. Маңғыстау облысының әкімдігінің ресми сайты https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau/press/news/details/435722?utm_source

УДК 331.5:338.124.4(574)

АНАЛИЗ ДИНАМИКИ ЗАНЯТОСТИ И БЕЗРАБОТИЦЫ В КАЗАХСТАНЕ В ПЕРИОД КРИЗИСОВ И ПОСТКРИЗИСНОГО ВОССТАНОВЛЕНИЯ

Нурмаганбетова М.Т. докторант
Университет «Туран»
г. Алматы, Казахстан
e-mail: m.nurmagambetova@turan-edu.kz

Аннотация. Статья посвящена анализу динамики занятости и безработицы в Республике Казахстан в периоды экономических кризисов и посткризисного восстановления. Актуальность исследования обусловлена высокой чувствительностью рынка труда к макроэкономическим шокам, включая глобальные кризисы и пандемийные ограничения, а также необходимостью выработки эффективной государственной политики занятости. Методологическую основу исследования составляют статистические данные Бюро национальной статистики Республики Казахстан, а также сравнительный и структурно-динамический анализ показателей рынка труда. Установлено, что в кризисные периоды наблюдается рост безработицы и снижение темпов прироста занятости, однако в посткризисный период рынок труда Казахстана демонстрирует относительную устойчивость и постепенное восстановление.

Ключевые слова: посткризисное восстановление; динамика занятости; молодежная безработица; структура занятости; государственная политика занятости.

В ходе исследования использовались следующие общенаучные и специальные методы: анализа и сравнения, синтеза и научного абстрагирования, экономико-статистические, табличный и графический.

Вопросы устойчивого развития освещались на государственном уровне еще в советский период [5] в контексте развития добывающего сектора экономики: внедрение безопасных для окружающей среды технологий, формирование условий для постепенного перехода экономики на ресурсосберегающий путь развития, страхование от стихийных бедствий и чрезвычайных происшествий. Экономика советского периода также отличалась особой социальной поддержкой работников. Эти и другие направления устойчивого развития имели место в течение всего периода развития экономики, хотя, возможно, не всегда они ассоциировались и коррелировались именно с целями устойчивого развития.

Практика последнего десятилетия показала, что повестки 17 целей устойчивого развития — это труднодостижимые цели с точки зрения их практической реализации, даже в долгосрочной перспективе. Сегодня ООН признает, что, к сожалению, ни одна страна в мире, даже самые продвинутые страны, не выполняет эту повестку в полном объеме.

Свод правил и подходов к ведению бизнеса, способствующих его устойчивому развитию, называется ESG. Это управление, ориентированное на ответственное отношение к окружающей среде («Environmental» — окружающая среда), высокую социальную ответственность перед стейкхолдерами («Social» — социальное управление) и прозрачность деятельности компании («Governance» — корпоративное управление). Долгое время вся практика происходящего в этом направлении имела название «корпоративная социальная ответственность». Сейчас постепенно название меняется, но действительность остается прежней — как управлять сложной деятельностью, бизнесом на территориях его присутствия, привлекая к участию принципиально разных субъектов, в т. ч. тех, кто, на первый взгляд, не может оказать значимого влияния на его результативность. По данным

исследований, проведенным по заказу Лаборатории Касперского, с термином ESG сегодня знакомы менее 10 % . Тем не менее, сегодня общество ожидает, что бизнес будет социально ответственным и даже считает это его прямой обязанностью.

Важным элементом повестки устойчивого развития компаний, помимо тесного и активного взаимодействия со стейкхолдерами, является максимальное информирование о своих результатах и планах. Исследования показывают, что значимость нефинансовой отчетности для российского бизнеса ежегодно растет. За последние несколько десятилетий произошла существенная трансформация мотивов представления нефинансовой отчетности: 1960–70 гг. — избежание рисков (требования законодательства, штрафы и негативные публикации в прессе); 1980–90 гг. — «минимизация затрат (сокращение человеческих и капитальных затрат в связи с несчастными случаями, травмами и смертельными случаями, снижение затрат за счет экологической эффективности); 2000 гг. по настоящее время — формирование возможностей (содействие выходу на новые рынки, создание новых продуктов, установление партнерских отношений для инноваций и роста, потенциал устойчивого развития)».

В современной практике ESG-управления в целом бизнес-сообщество более приоритетным считает социальный аспект.

Таблица 1-Результаты оценки бизнес-сообществом степени значимости направлений в ESG-управлении за период 2022-23 гг.

Направления в ESG-управлении	2022 год	2023 год	Изменения
Вопросы социальной поддержки работников	4,05	4,68	↑ 15,56 %
Обучение и развитие работников по профильной деятельности	4,37	4,56	↑ 4,35
Развитие практик в области охраны труда и промышленной безопасности	4,06	4,40	↑ 8,37
Развитие и поддержка регионов присутствия / вклад в развитие местных сообществ	3,79	4,40	↑ 16,09
Вопросы корпоративной этики	3,86	4,40	↑ 13,99
Энергосбережение и энергоэффективность	4,20	4,32	↑ 2,86
Управление водопотреблением	4,04	4,05	↑ 0,25
Управление отходами	4,24	4,24	–
Расчет / аудит выбросов парниковых газов	3,86	4,12	↑ 6,74

Источник: составлено авторами по материалам1.Source: compiled by the authors based on materials3.

Результаты оценки бизнес-сообществом степени значимости направлений в ESG-управлении за период 2022–23 гг. основаны на использовании 5-балльной шкалы, где оценка «5» означает «наиболее важно». Таким образом, наибольшее внимание за период 2022–23 гг. было «уделено вопросам социальной поддержки работников и регионов, присутствия,

обучения персонала, охраны труда, корпоративной этики, а также оценки выбросов парниковых газов».

Анализ работ по тематике исследования позволил сформулировать ряд положений, в которых отражаются современные тенденции концепции устойчивого развития и ESG, а также потенциал роста бизнеса в результате внедрения практик ESG-управления.

1. Осознанное понимание повестки устойчивого развития.

Многие считают, что устойчивым развитием занимаются исключительно люди с «большим» сердцем, которые хотят оказать помощь: спасти планету, спасти детей, спасти нуждающихся и т. п. На самом деле все, что касается «спасения», — это очень важно, но это скорее благотворительность, которая может не иметь ожидаемого и долгосрочного эффекта, если она не взаимовыгодна. Поэтому важно понимать, что, если процесс взаимодействия между бизнесом и его стейкхолдерами будет взаимовыгодным, он тем самым будет устойчивым и долгосрочным. Именно в этом направлении важно сегодня развиваться бизнесу — достичь осознания того, что «быть устойчивым» и «быть ответственным» выгодно.

2. Развитие системы знаний в области устойчивого развития и ESG.

Одна из основных проблем в области устойчивого развития — это недостаток системных знаний. «Стейкхолдер-менеджмент» в частности, — это направление коллективного соуправления бизнесом с широким потенциалом неиспользуемых возможностей. Теоретические и практические знания являются основой для поиска и выбора направлений объединения усилий, в которых могут быть достигнуты максимальные результаты.

3. ESG — эффективный инструмент современного маркетинга. Стандартные коммуникации об уникальности бренда уже не работают. Если 10 лет назад главным критерием покупки выступало соотношение «цена — качество — функциональность», то в современном мире этого уже недостаточно. Сегодня уже выросло поколение, для которого ценности экологичности и ответственности являются естественными составляющими, на постоянной основе присутствуют в их жизни. В современном обществе ежегодно увеличивается число людей, которые, имея выбор между несколькими продуктами и услугами, отдадут предпочтение более экологичным; легкоутилизируемым; энергоэффективным; продуктам, которые не оставляют углеродного следа / способствуют его снижению и т. п. Потребитель перестал быть просто потребителем — для успеха компании на рынке, к потребителю нужно относиться как к гражданам, которым не безразличны вопросы экологии и благополучия окружающего мира. Современный потребитель ждет от компании определенных действий, и при покупке. Сегодня необходима и важна интеграция инициатив и практик компании в области устойчивого развития и ESG в систему маркетинговых коммуникаций.

4. Развитие системы социального маркетинга. Инструменты социального маркетинга ориентированы не просто на стимулирование к покупке, а на изменение взглядов, модели, линии поведения целевой аудитории. Однако важно учитывать, что система коммуникаций в ESG-управлении достаточно сложная. Непросто говорить, например, о социальных проблемах инвалидов — интересы и убеждения целевой аудитории могут не совпадать с мнением целевой аудитории. Компанию могут обвинить, например, в коммерциализации человеческих проблем и т. п. Поэтому важно понимать, какие именно проблемы могут подниматься в рамках бренда.

Грамотность и этика ведения социального маркетинга — это одна из актуальных задач, требующих решения.

5. Цифровые инструменты в ESG-управлении.

Цифровые инструменты постепенно начинают внедряться в ESG-управление. Если

говорить о внутренних процессах, то «ключевыми направлениями внедрения цифровых инноваций в рамках ESG- управления в современных условиях являются такие бизнес-процессы, как подготовка отчетности (по мнению 12 % опрошенных крупных российских компаний); защита данных (11 %); управление персоналом (10 %); организация цепочки поставок и логистики (9 %)»1. Основные преимущества цифровизации ESG бизнес видит «в повышении производительности и эффективности многих процессов компании (по мнению 80 % опрошенных крупных компаний); повышении инвестиционной привлекательности (62 %); ускорении достижения целевых KPI (56 %)».

6. Рост спроса на специалистов в области устойчивого развития и ESG. Профессиональная подготовка в сфере устойчивого развития и ESG — одно из активно развивающихся направлений. Спрос на специалистов в области устойчивого развития и ESG растет ежегодно. ESG- специалисты — это профессия будущего, востребованная уже сегодня.

7. Интеграция принципов устойчивого развития в повседневную жизнь. Повестку устойчивого развития многие люди ассоциируют с ООН, государством и далее с бизнесом. Люди всегда «находят» ответственных за эту повестку. И только немногим известно, что 70 % экологического следа оставляют именно домохозяйства. То есть история в решении социальных и экологических проблем начинается с каждой семьи и каждого человека. Осознание важности формирования и системного применения осознанных и «ответственных» привычек не только в отношении заботы об окружающей среде, но и в отношении вопросов этики и заботы о ближних действительно способно внести значимый вклад в достижение целей устойчивого развития.

В текущих условиях кризиса и санкционных ограничений наступает новый этап развития концепции ESG: поиск новых подходов и способов к привлечению иностранных инвестиций, переориентация экспорта на азиатский рынок, сокращение уровня доходов и др. Много крупных брендов покинули рынок. Для национальной экономики в целом это негативная тенденция, но в то же время это возможности для развития нового бизнеса. В современных условиях запускать новые проекты важно и более эффективно таким образом, чтобы новый «продукт» имел смысл, решал определенные экологические и социальные задачи, а не просто позиционировал себя на рынке. В перспективе такой подход обеспечит бизнесу значимое конкурентное преимущество. Правильность выбора инициатив в области устойчивого развития и ESG-практик, правильность выстраивания коммуникаций со стейкхолдерами являются достаточно непростыми задачами, но грамотный и комплексный подход может обеспечить компании существенный успех. Несмотря на все сложности, концепция устойчивого развития и ESG несут значительный потенциал для роста и развития современного бизнеса.

Литература:

1. Макарова В. В. Анализ эволюции концепции устойчивого развития // Экономические науки. 2023. № 227.С. 249–257. DOI: 10.14451/1.227.249. EDN QCGBZF.

2. Шеломенцев А. Г., Гончарова К. С. Основные направления исследований социальных и экономических последствий глобального изменения климата // Корпоративное управление и инновационное развитие экономики Севера: Вестник Научно-исследовательского центра корпоративного права, управления и венчурного инвестирования Сыктывкарского государственного университета. 2022. Т. 2. Вып. 4. С. 382–396. URL: https://doi.org/10.34130/2070-4992-2022-2-4-382.

3. Hua Fan J., Michalski L. Sustainable factor investing: Where doing well meets doing good // International Review of Economics & Finance. 2020. No 70.

4. Измайлова М. А. Устойчивое развитие как новая составляющая корпоративной социальной ответственности// МИР (Модернизация. Инновации. Развитие). 2021. Т. 12. № 2. С. 100–113. URL: https://doi.org/10.18184/2079- 4665.2021.12.2.100-113

5. Юргенс И. Ю., Ромов Р. Б. Комиссия Брунтланн и концепция устойчивого развития в истории СССР / России 1980–1990-х гг. // Власть. 2023. № 6. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/komissiya-bruntlann-i-kontseptsiya- ustoychivogo-razvitiya-v-istorii-sssr-rossii-1980-1990-h-gg

6. Цвиль М. П. Устойчивое развитие: определение, история развития, цели // Universum: экономика и юриспру- денция: электрон. научн. журн. 2024. № 8 (118). URL: https://7universum.com/ru/economy/archive/item/18001

7. Kaiser L. ESG integration: value, growth and momentum // Journal of Asset Management. 2020. Vol. 21. No 1. Pp. 32–51.

8. Maiti M. Is ESG the succeeding risk factor? // Journal of Sustainable Finance & Investment. 2020. Pp. 199–213.

9. Морозов М. А., Морозова Н. С. Особенности развития современного предпринимательства в рамках концепции

ESG // Вестник Академии знаний. 2022. № 1 (48). С. 211–215. DOI: 10.24412/2304-6139-2022-48-1-211-216.

10. Довбий И. П., Кобылякова В. В., Минкин А. А. ESG-переход как новая парадигма глобальной экономики и устойчивых финансов // Вестник ЮУрГУ. Серия: Экономика и менеджмент. 2022. Т. 16. № 1. С. 77–86. DOI: 10.14529/em220107.

11. Галазова С. С. Влияние ESG-факторов на устойчивое развитие компаний и финансовую результативность корпоративного сектора // Вестник Ростовского государственного экономического университета (РИНХ). 2018.№ 4 (64). С. 81–86.

12. Османова З. О. ESG-концепция в управлении устойчивым развитием отечественных предприятий // Ученые записки Крымского федерального университета имени В. И. Вернадского. Экономика и управление. 2024. Т. 10. № 3. С. 70–78.

13. Разов П. В. ESG: прогресс в исследованиях и перспективы на будущее // Социально-политические науки. 2022. Т. 12. № 2. С. 60–66. DOI: 10.33693/2223-0092-2022-12-2-60-66.

14. Измайлов М. К. Роль ESG-менеджмента в стратегии развития предприятия // BENEFICIUM. 2024. № 1 (50).С. 47–53. DOI: 10.34680/BENEFICIUM.2024.1(50).47-53.

15. Орлов С. Н., Луговой И. Н. Адаптация предпринимательства к национальной ESG-повестке // Вестник Том- ского государственного университета. Экономика. 2022. № 58. С. 208–223. DOI: 10.17223/19988648/58/13.

16. Мишура Л. Г., Александрова В. С. Концепция устойчивого развития и ESG-трансформация общества — вызо- вы современности // Modern Economy Success. 2022. № 4. С. 93–96. EDN: https://elibrary.ru/tztzmf

ӘОЖ: 339.138:659.126

БРЕНДТІ РЕБРЕНДИНГ АРҚЫЛЫ ҚАЙТА ПОЗИЦИЯЛАУ СТРАТЕГИЯСЫ

Узакбаева А. К.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
Email: asselya.uzakbayeva@yu.edu.kz

Аңдатпа. Мақалада қазіргі нарықтық жағдайда брендті қайта позициялаудың стратегиялық маңызы қарастырылады. Қазіргі нарық жағдайында бәсекелестіктің күшеюі компаниялардан өз брендін үнемі жаңартып отыруды талап етеді. Осыған байланысты ребрендинг компанияның нарықтағы орнын қайта анықтаудың маңызды құралына айналады. Мақалада бренд, позициялау және ребрендинг ұғымдарының мәні ашылып, олардың өзара байланысы талданады. Ребрендинг процесі тек визуалды өзгеріс емес, сонымен қатар компанияның құндылықтарын, мақсатты аудиториямен байланысын және нарықтағы орнын жаңарту құралы ретінде талданған. Зерттеу барысында ребрендингтің сәтті жүру факторлары мен стратегиялық модельдеріне шолу жасалды. Сонымен қатар, брендті қайта позициялау стратегиясының кезеңдері мен оны жүзеге асырудың тиімді жолдары сипатталады. Зерттеу нәтижесінде ребрендингтің компания имиджіне, тұтынушылармен қарым-қатынасқа және бәсекеге қабілеттілікке әсері анықталды.

Түйін сөздер. Бренд, ребрендинг, позициялау, қайта позициялау, бәсекелестік, нарық, мақсатты аудитория, маркетингтік стратегия.

Қазіргі жаһандану дәуірінде нарықтағы бәсекелестік деңгейі айтарлықтай өсті. Әрбір компания тұтынушылардың назарын аудару және оларды ұзақ мерзімді ұстап қалу үшін тиімді маркетингтік стратегияларды қолдануға тырысады. Солардың ішінде брендті басқару ерекше орын алады. Бренд тек өнім немесе қызмет атауы ғана емес, ол тұтынушы санасында қалыптасқан эмоциялар мен ассоциациялар жиынтығы.

Ғылыми әдебиеттерде бренд «өнімді немесе қызметті басқа бәсекелестерден ажырататын атау, белгі, символ немесе дизайн» ретінде анықталады . Сонымен қатар, бренд тек физикалық атрибуттармен шектелмей, тұтынушылардың қабылдауымен және тәжірибесімен тығыз байланысты.

Нарықтағы өзгерістер, технологиялық прогресс және тұтынушылар талғамының эволюциясы компанияларды өз брендін қайта қарастыруға мәжбүр етеді. Осы тұрғыда ребрендинг – брендтің имиджін, мәнін және позициясын өзгертуге бағытталған стратегиялық құрал ретінде маңызды рөл атқарады. Ребрендинг арқылы компания жаңа нарықтарға шығу, жаңа аудиторияны тарту және бәсекелестік артықшылыққа ие болу мүмкіндігіне ие болады.

Бренд – бұл компанияның «бет-бейнесі», ол туралы әсер тұтынушылар оны алғаш таныған сәттен бастап қалыптасады немесе компанияның өзі тиімді ұсыныстар ұсыну арқылы сол әсерді қалыптастырады. Осыған байланысты шағын және ірі компаниялар белгілі бір уақыт аралығында брендін өзгертуге, яғни ребрендингке жүгінеді. Бұл тәсіл арқылы олар өнімге деген аудиторияның қызығушылығын арттырады немесе өндіріс пен қызмет көрсетуге жаңа көзқарасын көрсетеді.

Ребрендинг – бұл брендтің құндылықтық позициясын өзгертуге, компанияның идеологиялық бейнесін жаңартуға бағытталған процесс. Оның негізгі мақсаты – тұтынушылар санасындағы өнім туралы қабылдауды өзгерту. Әдетте ребрендинг брендтің барлық элементтерін толықтай өзгертуді көздемейді, керісінше оның эволюциялық дамуына ықпал етеді. Дегенмен, бұл процесс брендтің барлық атрибуттарын жан-жақты қайта қарастыруды қамтиды.

Ребрендинг қажеттілігі келесі жағдайларда туындайды:

1. Брендтің тұрақты теріс беделге ие болуы;
2. Екі немесе одан да көп компанияның бірігуі;
3. Бренд атрибуттарының аудитория тарапынан ескірген, заманауи емес немесе есте сақтауға қиын деп қабылдануы;
4. Компания қызметінің кеңеюі.

Осылайша, ребрендинг процесі кез келген ұйым үшін уақыт өте келе міндетті түрде жүзеге асатын құбылыс екенін айтуға болады. Оның тиімділігін қамтамасыз ету үшін негізгі міндеттерін нақты түсіну қажет:

1. Мақсатты аудиторияны кеңейту;
2. Қызметтің жаңа бағытын айқындау;
3. Брендтің танымалдылығын арттыру;
4. Компанияның әмбебап имиджін қалыптастыру;
5. Компания миссиясын және оның тарихын айқындау.

Кез келген брендпен жұмыс істеу оның нарықтағы позициясын анықтаудан басталады. Позициялау – бұл брендтің бәсекелестерге қатысты нарықтағы алатын орны, сондай-ақ тұтынушылардың қажеттіліктері мен қабылдауының жиынтығы. Тиімді позициялау тек тауардың нарықтағы орнын анықтап қана қоймай, оған қосымша бәсекелестік артықшылық береді.

Позициялау тұжырымдамасы Э. Райс пен Д. Траут (1972–1978) маркетингтік коммуникациялар бағдарламасында алғаш рет қарастырылып, оған сәйкес тауардың нарықтық позициясы сатып алушылардың пікіріне негізделген бәсекелестер өнімдерінің арасындағы оның салыстырмалы орналасуы ретінде анықталады. Позициялау нақты ерекшеліктерге, артықшылықтарға немесе өнімді пайдалану тәсіліне сәйкес құрылуы мүмкін. Ол тікелей негізгі бәсекелеске қарсы немесе бәсекелестен айыру үшін жасалуы мүмкін. Бәсекелестік күшейіп, ал бұрын пайдаланылған стратегиялар өзекті емес болған жағдайда, мақсаттардың іріктелуі мен тарылуы қажет. Ақпарат көлемінің ұлғаюымен тұтынушылар қорғаныс позициясын атқара бастайды, нәтижесінде қарым-қатынас тиімсіз болады. Тұтынушы ақыл-ойы алдыңғы тәжірибеге сәйкес ақпаратты пайдаланады. Жаңа тәсіл ретінде позициялау тұтынушының ой-өрісін толықтай өзгертеді, себебі тұтынушының сана-сезіміне әсер етеді.

Бұл жерде компаниялардың жиі жіберетін қателігін атап өткен жөн: көп жағдайда олардың бренд қандай орынды иеленуі керек және тұтынушыға қалай әсер етуі тиіс деген түсінігі тұтынушылардың нақты қабылдауынан айтарлықтай ерекшеленеді. Бұл жағдай ребрендинг процесін күрделендіріп, компанияларды осы мәселеге аса жауапкершілікпен қарауға мәжбүр етеді.

Сондықтан ребрендинг – бұл нарықты және мақсатты аудиторияны жан-жақты талдауды талап ететін күрделі, көпсатылы процесс. Әлемдік тәжірибеге жүгінетін болсақ, бұл процедура тіпті ірі компаниялар үшін де қиындықтар туғызады, ал оның нәтижесі кей жағдайда компанияның бұрынғы имиджіне кері әсерін тигізуі мүмкін.

Осы себепті кейбір нарық көшбасшылары тек өздерінің ребрендинг саласындағы жетістіктерінің арқасында ғана емес, сонымен қатар негізгі бәсекелестерінің осы бағыттағы сәтсіздіктері нәтижесінде де алдыңғы орынға шыққан.

Ғылыми әдебиеттерде ребрендинг бренд капиталына (brand equity) тікелей әсер ететіні атап көрсетіледі. Бренд капиталы – бұл брендтің тұтынушылар санасындағы құндылығы .

Дегенмен, ребрендинг тәуекелдерді де қамтиды. Мысалы, бренд атауын өзгерту тұтынушылардың бұрынғы ассоциацияларын жоғалтуға әкелуі мүмкін . Сондықтан ребрендинг стратегиялық тұрғыда мұқият жоспарлануы тиіс.

Брендті қайта позициялау – бұл брендтің тұтынушылар санасындағы орнын өзгерту процесі. Бұл стратегия көбінесе брендтің нарықтағы тиімділігін арттыру мақсатында қолданылады.

Ғылыми зерттеулерге сәйкес, қайта позициялау – брендтің қабылдануын өзгерту арқылы оны жаңа немесе өзгерген нарық жағдайларына бейімдеу процесі . Сонымен қатар, ол «тоқыраған брендке жаңа өмір беру» құралы ретінде қарастырылады.

Қайта позициялау стратегиясы компанияның негізгі идеологиясын көрсетіп қана қоймай, аудиторияның сұраныстары мен нарық талаптарына жауап беретін біртұтас бейнені қалыптастыруға және жеткізуге баса назар аударуды көздейді. Осы орайда, Д. Стенсон, А. Стромберг және Дж. Альфредссон жүргізген зерттеулерде позициялау стратегиясы сәйкес келуі тиіс негізгі критерийлер айқындалған:

Біріншіден, позициялау стратегиясы айқындық (анықтық) шарттарына сай болуы тиіс. Бұл позициялау идеясының тұтынушы үшін түсінікті әрі нақты болуы керектігін білдіреді. Күрделі позициялауды есте сақтау қиын, бұл тұтынушы санасында брендтердің өзара араласып, түсініспеушілік тудыруына әкеп соғады.

Екіншіден, позициялау стратегиясы жүйелі әрі дәйекті болуы қажет. Күн сайын тұтынушылар ақпараттық хабарламалардың (месседждердің) орасан зор ағынын қабылдайды. Сондықтан, хабарламалар жай ғана қайталана бермей, брендтің жекелеген аспектілерін жартылай еске салу арқылы оның толыққанды бейнесін қалыптастыратын позициялауды әзірлеу қажет.

Үшіншіден, позициялау стратегиясы ерекше артықшылықты (дифференциация) қамтуы тиіс. Бұл артықшылық тек мақсатты аудиторияны тартып қана қоймай, брендтің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етіп, оны басқа компаниялар мен олардың тұжырымдамаларынан даралап тұруы керек. Яғни, бренд басқа бәсекелестер ұсына алмайтын бірегей құндылықты ұсынуы қажет.

Дәл осы критерийлер ребрендинг барысындағы қайта позициялау (репозиционинг) стратегиясының негізіне алынуы тиіс. Бұл ретте брендті нарық жағдайына, компанияның қызмет бағытына және аудиторияның қажеттіліктеріне бейімдеу маңызды. Алайда, жоғарыда аталған барлық критерийлер орындалса да, қайта позициялау әрдайым сәтті бола бермейді. Ребрендинг стратегиясын ұйымдастыру кезінде бренд бетпе-бет келетін негізгі қиындықтар мен мәселелерге мыналар жатады:

– Қалыптасқан аудитория арасында танымалдылық пен лояльділіктің (адалдықтың) жоғалуы. Жаңа брендке көшу қолданыстағы клиенттердің бірнеше себептерге байланысты брендтен бас тартуына әкеп соғуы мүмкін. Біріншіден, брендті жанама немесе кездейсоқ пайдаланып жүрген мақсатты аудитория өзін жаңа бейнемен байланыстырмайтын болады, ал өнім олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруды тоқтатады. Екіншіден, жаңа позициялау бұрынғы имиджден тым алшақ болса, аудитория нарықтағы өзінің сүйікті тауарын немесе қызметін танымай қалу қаупі бар.

– Брендтің ұзақ жылғы тарихы мен дәстүрлерін жоғалту тәуекелі. Егер жаңа бренд «нөлден» бастап құрылса, ол өзінің бұрынғы құндылықтары мен тарихи мұрасынан ажырап қалуы мүмкін. Керісінше, брендтің өткен тарихымен тым тығыз байланысты сақтау стратегиясын қолданған жағдайда, жаңа позициялауды тұтынушылар санасына тиімді енгізе алмау қаупі туындайды. Себебі, бұрынғы қалыптасқан бейне тұтынушы жадында тым тұрақты және өзгермейтін болып қалуы мүмкін.

– Тұтынушылар тарапынан сенімсіздікке тап болу тәуекелі. Жаңа брендке көшу тұтынушыларда өнімнің немесе қызметтің сенімділігі мен сапасына қатысты күмән тудыруы ықтимал. Әсіресе, егер жаңа позициялау компанияның өткен тарихын толықтай «өшіріп тастап», брендті басынан бастап қайта жасауға тырысса, бұл сенімсіздік деңгейін одан сайын арттыра түседі.

– Өтпелі кезеңдегі белгісіздік. Жаңа бренд жаңа клиенттерді тарта бастағанға дейін компания өзінің бұрынғы тұтынушыларының бір бөлігінен немесе табысынан айырылып қалуы мүмкін. Егер қолданылған маркетингтік құралдар брендтің ескі философиясына қайшы келсе, біртұтас позициялау аясында ақпараттық хабарламалардың (месседждердің) араласып кету қаупі артады.

– Сәтсіз қайта позициялау салдарынан репутацияның (іскерлік беделдің) төмендеуі. Бұл көбінесе коммуникациядағы қателіктерге және түпкілікті тұтынушылардың қажеттіліктерін дұрыс түсінбеуге байланысты туындайды.

Ребрендинг шеңберінде қайта позициялауды қолданудағы осы тәуекелдер сақталған жағдайда, стратегия тиімсіз болуы мүмкін немесе нарыққа брендтің жаңа бейнесін енгізу бойынша маркетингтік науқан аясында өте төмен нәтижелер көрсетуі ықтимал.

Нарықтың жылдам өзгеретін қазіргі жағдайында компаниялар үшін бәсекелестер алдында өзектілігін сақтау, мақсатты аудиторияның негізгі талаптарына сәйкес келу және белгілі бір индустрияның біртұтас бейнесін қалыптастыратын трендтерге ілесу — өміршеңдік маңызы бар міндетке айналуда. Мұндай жағдайда көптеген компаниялар ребрендинг стратегиясына жүгінеді. Ребрендинг брендтің мақсаты мен қызмет бағытына байланысты оның түрлі аспектілерін жаңартуға және дамытуға септігін тигізеді.

Зерттеу барысында анықталғандай, брендті ребрендинг арқылы қайта позициялау — бұл жай ғана сыртқы имиджді өзгерту емес, компанияның нарықтағы стратегиялық бағытын жаңа деңгейге көтеру процесі. Мақалада қарастырылған айқындық, жүйелілік және дифференциация критерийлері сақталған жағдайда ғана қайта позициялау сәтті жүзеге асады.

Түйіндей келе, ребрендингтің сәттілігі келесі факторларға тікелей байланысты:

- Тұтынушы мен компания арасындағы байланыс: Жаңа позициялау бұрынғы аудиторияның лояльділігін сақтай отырып, жаңа сегменттерді тартуы тиіс.
- Тәуекелдерді басқару: Репутацияны жоғалту немесе бренд тарихынан ажырап қалу қаупін алдын ала ескеріп, коммуникациялық стратегияны мұқият жоспарлау қажет.
- Бәсекелестік артықшылық: Ребрендинг нәтижесінде бренд нарықтағы бірегей орнын (нишасын) нақты айқындап, бәсекелестерден дараланууы шарт.

Осылайша, брендті қайта позициялау стратегиясы дұрыс қолданылса, ол компанияның бәсекеге қабілеттілігін арттырып, ұзақ мерзімді тұрақты дамуын қамтамасыз ететін тиімді маркетингтік құрал болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Котлер Ф., Келлер К. Л. Маркетинг менеджменті. – Алматы: Экономика, 2016.
2. Райс Э., Траут Д. Позициялау: Сана үшін күрес. – Мәскеу: Питер, 2007.
3. Аакер Д. А. Күшті брендтерді қалыптастыру. – Мәскеу: Вильямс, 2003.
4. Келлер К. Л. Стратегиялық бренд менеджменті: Бренд капиталын құру, өлшеу және басқару. – Мәскеу: Вильямс, 2015.
5. Капферер Ж.-Н. Брендті стратегиялық басқару. – Мәскеу: Альпина Паблишер, 2012.
6. Стенсон Д., Стромберг А., Альфредссон Дж. Позициялау стратегиясын қалыптастыру бойынша зерттеулер // Маркетингтік зерттеулер журналы. – 2010.

ӘОЖ: 35.08:331.108

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕСІНДЕ КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Орынбай М. О.
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к. Джодасбаева Г.У.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан
Email: moldir.orynbay@yu.edu.kz

Аңдатпа. Мақалада мемлекеттік қызмет жүйесіндегі кадрлық әлеуетті дамыту мәселелері қарастырылады. Қазіргі таңда мемлекеттік басқару тиімділігі мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейіне, біліктілігіне және басқарушылық құзыреттеріне тікелей байланысты. Осыған байланысты мемлекеттік қызмет жүйесінде кадрлық әлеуетті дамыту механизмдерін жетілдіру маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Мақалада кадрларды іріктеу, оқыту, кәсіби дамыту, мотивация жүйесі және цифрландыру негізінде кадрлық әлеуетті арттыру жолдары талданады. Сонымен қатар халықаралық тәжірибе негізінде мемлекеттік қызметтің кадрлық әлеуетін дамыту бойынша ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер. Мемлекеттік қызмет, кадрлық әлеует, мемлекеттік басқару, кадрларды дамыту, кәсіби біліктілік, мемлекеттік қызметшілер, кадрлық саясат, басқару тиімділігі.

Қазіргі кезеңде мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру — мемлекеттік басқаруды тиімді жүзеге асырудың маңызды шарттарының бірі болып табылады. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын негізгі буын болғандықтан, олардың кәсіби деңгейі мен құзыреттілігі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер етеді.

Қазақстанда мемлекеттік қызметті реформалау бағытында бірқатар шаралар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, мемлекеттік қызметке қабылдау жүйесін жетілдіру, кадрлық резерв қалыптастыру, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру және олардың кәсіби дамуына жағдай жасау жұмыстары жүргізілуде. Дегенмен, мемлекеттік қызмет жүйесінде кадрлық әлеуетті дамыту мәселелері әлі де өзекті болып отыр. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызмет жүйесінде кадрлық әлеуетті дамыту механизмдерін жан-жақты қарастыруды талап етеді.

Кадрлық әлеует — мемлекеттік органдардың тиімді қызмет етуіне мүмкіндік беретін қызметкерлердің кәсіби, интеллектуалдық және басқарушылық мүмкіндіктерінің жиынтығы болып табылады.

Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі кадрлық әлеует келесі құрамдас бөліктерден тұрады:

•кәсіби білім деңгейі
•жұмыс тәжірибесі
•басқарушылық қабілеттер
•коммуникациялық дағдылар
•стратегиялық ойлау қабілеті
•цифрлық құзыреттер

Қазіргі заман талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметшілер тек орындаушы емес, сонымен қатар тиімді басқарушы, шешім қабылдаушы және жаңашыл тұлға болуы тиіс. Осыған байланысты мемлекеттік қызмет жүйесінде кадрлық әлеуетті дамыту мемлекеттік басқарудың сапасын арттырудың негізгі факторына айналып отыр. Кадрлық әлеуетті дамыту тиімді кадрларды іріктеуден басталады. Мемлекеттік қызметке қабылдау барысында ашықтық, әділдік және меритократия қағидаттарын сақтау маңызды. Іріктеу жүйесін жетілдіру келесі бағыттарды қамтиды:

•конкурстық іріктеу жүйесін жетілдіру
•құзыреттілікке негізделген бағалау жүйесін енгізу
•психологиялық тестілеуді қолдану
•кәсіби дағдыларды бағалау

Бұл механизмдер мемлекеттік қызметке білікті және қабілетті мамандарды тартуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби дамуы — кадрлық әлеуетті арттырудың негізгі бағыттарының бірі. Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметшілерді оқыту жүйесі келесі бағыттарды қамтиды:

•біліктілікті арттыру курстары

•қайта даярлау бағдарламалары

•семинарлар мен тренингтер

•тәжірибе алмасу бағдарламалары

Сонымен қатар онлайн оқыту жүйесін енгізу мемлекеттік қызметшілердің кәсіби дамуына жаңа мүмкіндіктер ашады. Цифрлық технологияларды қолдану арқылы мемлекеттік қызметшілердің білімін үнемі жетілдіру мүмкіндігі артады.

Кадрлық резерв — мемлекеттік қызмет жүйесінде басқарушы кадрларды дайындаудың тиімді механизмі болып табылады.

Кадрлық резервті қалыптастыру:

•болашақ басшыларды анықтау

•кәсіби даму жоспарын құру

•басқарушылық дағдыларды дамыту

•тағылымдамадан өткізу

Бұл механизм басқарушы кадрлардың сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби дамуына мотивация жүйесі үлкен әсер етеді. Тиімді мотивация жүйесі келесі элементтерді қамтиды:

•материалдық ынталандыру

•мансаптық өсу мүмкіндігі

•кәсіби даму мүмкіндігі

•әлеуметтік қолдау

Қызметкерлерді ынталандыру олардың жұмыс тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Цифрландыру мемлекеттік қызмет жүйесінде кадрлық әлеуетті дамытудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Цифрлық механизмдер:

•электронды кадрлық басқару жүйесі

•онлайн оқыту платформалары

•қызметкерлерді бағалау жүйесі

•аналитикалық деректерді қолдану

Бұл жүйелер мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Дамыған елдердің тәжірибесі мемлекеттік қызмет жүйесінде кадрлық әлеуетті дамытуда маңызды рөл атқарады. Мысалы:

• Сингапурда мемлекеттік қызметшілер тұрақты түрде оқытылып отырады

•Оңтүстік Кореяда цифрлық мемлекеттік басқару жүйесі енгізілген

•Ұлыбританияда кадрлық резерв жүйесі дамыған

Бұл тәжірибелер мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіруде тиімді болып табылады.

Қорытындылай келе, мемлекеттік қызмет жүйесінде кадрлық әлеуетті дамыту мемлекеттік басқару тиімділігін арттырудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Кадрлық әлеуетті дамыту үшін:

•іріктеу жүйесін жетілдіру

•кәсіби оқыту жүйесін дамыту

•кадрлық резерв қалыптастыру

•мотивация жүйесін жетілдіру

•цифрландыруды енгізу қажет

Осы механизмдерді тиімді қолдану мемлекеттік қызметтің сапасын арттыруға және мемлекеттік басқарудың тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы. Мемлекеттік қызмет жүйесін дамыту бойынша әдістемелік материалдар.— Астана, 2022.

2.Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі. Мемлекеттік қызметті дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы. — Астана, 2020.

3.Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы. 2015 жылғы 23 қараша №416-V ҚРЗ.

4.Қазақстан Республикасының Үкіметі. Мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту жөніндегі бағдарламалар. — Астана, 2021.

5.OECD. Public Service Leadership and Capability Review. — Paris, 2021.

6.БҰҰ Даму бағдарламасы. Қазақстандағы мемлекеттік басқаруды жетілдіру жөніндегі есеп. — 2022.

7.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі. Мемлекеттік басқаруды дамыту бойынша талдамалық есептер. — Астана, 2021.

8.Қасымова Г.К. Мемлекеттік басқару негіздері. — Алматы: Экономика, 2020.

9.Нұрғалиев Б.К. Мемлекеттік қызметті ұйымдастыру. — Алматы, 2019.

10.Байменов А.М. Мемлекеттік қызметті реформалау мәселелері. — Астана, 2018.

УДК 378.26

ПРОЕКТНОЕ УПРАВЛЕНИЕ КАК ИНСТРУМЕНТ РЕАЛИЗАЦИИ СТРАТЕГИИ РАЗВИТИЯ КОМПАНИИ

Ван Саофэй
Научный руководитель-к. э. н. Еркулова Г.С.
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова
Актау, Казахстан

Аннотация. Стратегия развития компании разрабатывается с использованием инструментов управления проектами. Проектами стратегического развития необходимо управлять с учетом того, что они направлены на достижение стратегической цели и, кроме того, всегда имеется необходимость распределять ограниченные ресурсы между проектами. В данной статье рассмотрены особенности использования методов проектного проектирования для стратегического развития организации.

Ключевые слова: проект, управление проектами, стратегия, развитие компании, стратегическое развитие.

Создание и развитие системы управления проектами — важная задача, которая стоит перед многими компаниями в Республике Казахстан, поскольку сложившаяся ситуация требует качественного управления проектами и программами, инициированными в компаниях. Эта задача актуальна не только для проектно-ориентированных, но и для проектно-управляемых компаний, то есть даже в тех случаях, если в компании осуществляются только проекты развития, качественное управление ими требует применения методов проектного менеджмента. В последнее время наблюдается тенденция роста

количества проектов в компаниях, и существующая в большинстве компаний функциональная или процессная система управления не в состоянии координировать такое количество проектов методами и средствами, имеющимися в арсенале. Для управления проектами компании могут использовать модели, методы и средства управления проектами, которые должны быть интегрированы в общую схему управления компанией.

Проект — это комплексный системный процесс, который направлен на изменение различных областей жизни человека [1].

Существуют различные виды проектов, которые классифицируют по определенным признакам. Управление проектом является важнейшей функцией в организационной деятельности проекта. Она координирует все типы имеющихся ресурсов на протяжении жизненного цикла проекта путем применения методик управления проектом, которая ведет к запланированному результату [2].

С точки зрения системного подхода проект является ограниченным по времени организованным соответствующим образом целенаправленным изменением конкретной системы, ограниченной бюджетом всех видов ресурсов и содержащей определенные требования к параметрам конечного результата (рисунок 1).

Общие признаки всех проектов выражаются: направленностью на достижение конкретных целей; координированным выполнением взаимосвязанных операций; ограничениями по времени и ресурсам; уникальностью (неповторимостью).

К наиболее существенным элементам структуры проекта стоит отнести [3]:

- Дерево целей и результатов.
- Бюджет проекта.
- Матрица распределения работ во времени и по исполнителям.
- Сетевая модель проекта.
- Матрица распределения и минимизации рисков.
- График обеспечения ресурсами.
- График финансирования проекта.
- Матрица распределения ответственности.
- Структурная декомпозиция контрактов.
- Структурная модель организации проекта.



Рисунок 1. Проект с точки зрения системного подхода [4]

Основным требованием, предъявляемым к структуре проекта, является детализация элементов структуры по уровням [4].

Успешное развитие любой организации требует определения трех основных составляющих — стратегии развития; методик и технологий осуществления конкретных инициатив развития, и, наконец, необходимых для этого корпоративных ресурсов. Для эффективного и качественного развития они должны присутствовать одновременно, быть сбалансированными и релевантными друг другу, и иметь должное качество [3].

При реализации стратегии развития в компаниях может возникнуть ряд проблем. Для их минимизации используют проекты развития, которыми эффективно управляют с помощью корпоративной системы управления проектами развития.

Проект – это мероприятие, направленное на достижение уникального результата в заданные сроки и в рамках указанного бюджета. Под это, довольно общее определение, попадает большинство работы, выполняющейся в компании. Например, выполнение работы по любому договору, в котором закреплен результат работы, сроки выполнения и бюджет – это проект. Выполнение работы в рамках поручения руководящего органа предприятия (генерального директора или совета директоров), где также закрепляется цель работы, сроки и бюджет (или ограничивается число сотрудников, которых можно привлечь к работе) – это тоже проект. Выполнение группой сотрудников поручения начальника своего отдела – это тоже проект.

Таким образом, в любой компании выполняется множество разнообразных проектов. Но зачем они предпринимаются и почему предпринимаются именно они?

Как правило, любая компания стремится к успеху, то есть переходу из нынешнего состояние в некое будущее желаемое состояние. И достижение этого состояния является стратегической целью компании на текущем этапе ее развития. Стратегические цели могут быть разными: «стать крупнейшим региональным дистрибьютором продукции компании Х» (у торговой компании), «стать оператором пластиковых карт» (у банка), -повысить долю заказов корпоративных клиентов до 50% от общего объема? (компания, организующая банкеты и торжества) и т.д. Для достижения стратегических целей предприятия выбирается определенная стратегия и в рамках выбранной стратегии и предпринимаются те или иные проекты.[5]

Например, у компании, которая хочет стать крупнейшим региональным дистрибьютором продукции компании Х, может быть несколько вариантов стратегий для достижения своей цели: развить собственную региональную сеть, купить существующую конкурирующую сеть или заключить с компанией Х эксклюзивное дистрибьюторское соглашение.

Если выбрана стратегия развития собственной сети, предпринимается программа открытия региональных представительств, проект проведения региональной рекламной компании и т.д. Если выбрана стратегия покупки существующей региональной сети, то предпринимается проект поиска подходящего объекта для покупки, проект покупки, проект внутренней реструктуризации, проект рекламной компании для оповещения о слиянии и т.д.

Выполняя проекты, компания действует в рамках выбранной стратегии и достигает стратегических целей, то есть развивается. Чем быстрее компания будет выполнять свои проекты, тем быстрее она будет развиваться. Чем меньше будут затраты на выполнение проектов, тем меньше будут затраты компании на развитие.

Таким образом, чем успешнее осуществляется управление проектами, тем быстрее и с меньшими затратами компания достигает своих целей. Соответственно, успешное управление проектами является важным фактором, обеспечивающим успех компании в

конкурентной борьбе. Как следует из определения, все проекты предпринимаются для получения определенного результата, или продукта проекта (где под продуктом понимается продукт, услуга или иной результат деятельности). И в управлении проектами принято отделять рамки проекта (project scope) от рамок продукта (product scope). Под рамками продукта понимаются характеристики продукта проекта, а под рамками проекта – тот объем работ, который необходимо выполнить для получения продукта.[2]

Соответственно, оценивая, успешен или не успешен проект, стоит разделять успешность продукта и успешность проекта. Продукт успешен, если в результате его получения была решена та проблема, из-за которой начинался проект, и если получение продукта помогло организации в достижении ее стратегических целей. Проект успешен, если работа над продуктом выполнялась максимально эффективно и полученный продукт полностью соответствует требованиям заказчика. Не всегда успех продукта и успех проекта сочетаются в одном проекте. Например, всемирно известное здание оперы в Сиднее является шедевром современной архитектуры, то есть успешным продуктом. Но проект по производству этого продукта был провальным: плановые сроки и затраты были превышены в несколько раз, а архитектора (менеджера проекта) даже отстранили от работ. Есть и обратные примеры, когда соблюдаются бюджеты и сроки, но продукт, полученный в результате, не решает проблем, из-за которых начинался проект.

Таким образом, успех проекта – это успех продукта проекта и успех управления проектом. Если в результате выполнения проекта получен результат, ради которого проект предпринимался, работы выполнялись в соответствии с планом, с минимальными отклонениями по срокам и бюджету – то управление проектом было успешным. Продукт проекта можно считать успешным, если получение продукта помогло решить те проблемы, из-за которых начался проект, и если получение продукта помогло организации в достижении ее стратегических целей. То есть, успешное управление проектами в организации обеспечивает не только правильное управление проектами, но и выбор “правильных” проектов для выполнения.

Литература:

1. Ананьева Р. В. Стратегия развития компании // Транспортное дело. — 2018. — № 8.
2. Борисова В. Д., Сычев П. П. Особенности финансовых стратегий компаний // Известия Пензенского государственного педагогического университета им. В. Г. Белинского. — 2020. — № 24.
3. Грашина М., Дунган В. Основы управления проектами. — Спб: «Питер», 2015.
4. Курилов А. А. Понятие, роль и актуальность проектного управления в России // Молодой ученый. — 2021. — № 3.
5. Павлов К. В., Селин И. В. Стратегия долгосрочного развития производственной компании // Вестник Челябинского государственного университета. — 2022. — № 26. — С. 108–111.
6. Управление проектами / Под ред. Дж.К.Пинто — СПб: Питер, 2019.

ӘОЖ: 332.1:338.242

ЖЕРГІЛІКТІ БИЛІК ОРГАНДАРЫ МЕН КӘСІПКЕРЛІК СЕКТОРДЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ТЕТІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ

Раимханов А. Д., магистрант
ШӘКӘРІМ университеті

Семей, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада жергілікті билік органдары мен кәсіпкерлік сектор арасындағы өзара іс-қимыл тетіктерінің мазмұны мен маңызы қарастырылады. Қазіргі жағдайда мемлекеттік басқару мен бизнестің тиімді серіктестігі өңірлік экономиканың тұрақты дамуының негізгі факторы болып табылады. Зерттеу барысында цифрландыру, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік, стратегиялық басқару және институционалдық реформалар негізіндегі заманауи тәсілдер талданады. Қазақстан жағдайында өзара іс-қимылды жетілдіру бағыттары ұсынылады.

Түйін сөздер: жергілікті басқару, кәсіпкерлік, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік, цифрландыру, өңірлік экономика, бизнес-орта

Қазіргі жаһандану және цифрлық трансформация жағдайында жергілікті билік органдары мен кәсіпкерлік сектор арасындағы тиімді өзара іс-қимыл экономикалық өсудің маңызды шартына айналды. Өңірлік деңгейде бизнеске қолайлы орта қалыптастыру, инвестиция тарту және жаңа жұмыс орындарын ашу – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Осы тұрғыда жергілікті атқарушы органдар мен кәсіпкерлер арасындағы серіктестікті жетілдіру қажеттілігі туындайды. Себебі олардың үйлесімді әрекеті ғана аймақтың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Жергілікті басқару мен кәсіпкерлік сектор арасындағы өзара іс-қимыл көпқырлы және күрделі әлеуметтік-экономикалық құбылыс болып табылады. Бұл өзара байланыс экономикалық теория, институционалдық тәсіл, мемлекеттік басқару тұжырымдамалары, сондай-ақ заманауи басқару парадигмалары негізінде қалыптасады.

Экономикалық теория тұрғысынан алғанда, мемлекет пен бизнес арасындағы өзара әрекет ресурстарды тиімді бөлу, нарықтық тепе-теңдікті қамтамасыз ету және қоғамдық игіліктерді өндіру қажеттілігімен түсіндіріледі. Нарық механизмі әрдайым барлық мәселелерді тиімді шеше алмайтындықтан, жергілікті билік экономикалық процестерді реттеуші және үйлестіруші рөл атқарады. Осы ретте мемлекеттік араласу кәсіпкерлікті шектеу емес, керісінше оны дамытуға бағытталған қолдау құралы ретінде қарастырылуы тиіс.

Институционалдық теорияға сәйкес, кәсіпкерлік ортаның даму деңгейі формалды (заңдар, нормативтік актілер) және бейресми (дәстүрлер, іскерлік мәдениет, сенім) институттардың сапасына тікелей байланысты. Тиімді институционалдық орта кәсіпкерлік белсенділікті арттырып, инвестициялық тартымдылықты күшейтеді. Осы тұрғыдан алғанда, жергілікті билік органдары тек реттеуші ғана емес, сонымен қатар институционалдық ортаны қалыптастырушы негізгі субъект ретінде қарастырылады.

Қазіргі мемлекеттік басқару теорияларында «жаңа мемлекеттік менеджмент» (New Public Management) және «жақсы басқару» (Good Governance) тұжырымдамалары кеңінен қолданылады. Бұл тәсілдер мемлекеттік сектордың тиімділігін арттыру үшін нарықтық механизмдерді, ашықтықты, есеп берушілікті және нәтижеге бағытталған басқаруды енгізуді көздейді. Осыған сәйкес, жергілікті билік пен бизнес арасындағы қатынастар серіктестік және өзара тиімділік қағидаттарына негізделуі тиіс.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӘ) теориясы мемлекет пен бизнестің ұзақ мерзімді ынтымақтастығын қамтамасыз ететін маңызды құралдардың бірі болып табылады. МЖӘ шеңберінде жеке сектор мемлекеттік жобаларды іске асыруға қатысып, инвестиция салады, ал мемлекет өз тарапынан институционалдық және құқықтық қолдау көрсетеді. Бұл модель инфрақұрылымдық жобаларды дамытуда, әлеуметтік қызметтерді жетілдіруде және өңірлік экономиканы әртараптандыруда ерекше маңызға ие.

Жергілікті билік пен кәсіпкерлік сектордың өзара іс-қимылы теориялық тұрғыдан алғанда реттеу, ынталандыру, серіктестік және институционалдық даму қағидаттарының үйлесіміне негізделеді.

Өзара іс-қимыл тетіктерінің қазіргі жағдайы. Қазіргі таңда жергілікті билік органдары мен кәсіпкерлік сектор арасындағы өзара іс-қимыл көп деңгейлі және әртүрлі құралдар арқылы жүзеге асырылады. Бұл тетіктер экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Әкімшілік реттеу – өзара іс-қимылдың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Ол кәсіпкерлік қызметті тіркеу, лицензиялау, рұқсат беру және бақылау функцияларын қамтиды. Соңғы жылдары бұл бағытта әкімшілік рәсімдерді жеңілдету бойынша бірқатар реформалар жүргізілгенімен, кейбір өңірлерде әлі де артық бюрократиялық талаптар сақталуда.

Бірлескен әрекеттер және кооперация: мемлекетаралық туристік жобалар мен маршруттарды құру.

Инфрақұрылымға инвестициялар: көлік және туристік инфрақұрылымды жаңғырту.

Халықаралық деңгейде ілгерілету: ТМД елдерінің туристік мүмкіндіктерін белсенді жарнамалау. Білім беру және кадрларды даярлау: туризм саласы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру. Цифрлық технологияларды дамыту: саяхаттарды жоспарлау және брондау үшін онлайн платформаларды енгізу. ТМД елдеріндегі рекреациялық туризмді дамытудың инновациялық тәсілдері

Рекреациялық туризмнің ТМД кеңістігіндегі даму динамикасы көрсеткендей, дәстүрлі туристік бағыттарды ғана дамыту жеткіліксіз. Қазіргі геосаяси жағдай, санкциялық қысымдар және жаһандық туристік ағындардың қайта құрылымдалуы ТМД елдерінде туризм саласын жаңаша ұйымдастыруды талап етеді. Бұл тұрғыда инновациялық тәсілдерді енгізу, ішкі туризмді ынталандыру және трансшекаралық кластерлер құру басым бағыттар болып табылады.

1. Цифрлық трансформация және смарт-туризм

ТМД елдерінде туризмді цифрландыру – ресурстарды тиімді басқарудың және туристерге қолайлы жағдай жасаудың маңызды факторы. Бірыңғай цифрлық платформалар құру (мысалы, "ТМД туристік хабы") туристерге бір портал арқылы визалық рәсімдерді реттеуге, көлік билеттерін брондауға, қонақүйлерді таңдауға және экскурсиялық бағдарламаларға жазылуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін туристік ұсыныстар жүйесі әрбір келушіге жеке бағдарламалар құрастыра алады.

Цифрлық технологиялар сонымен қатар тарихи-мәдени мұраны сақтауға да қызмет етеді. Виртуалды шындық (VR) және толықтырылған шындық (AR) технологиялары арқылы туристер физикалық түрде бармай-ақ, ЮНЕСКО нысандарымен таныса алады. Бұл әсіресе пандемиядан кейінгі кезеңде және шектеулі көлік қолжетімділігі жағдайында маңызды.

2. Ішкі туризмді дамыту және импортты алмастыру

ТМД елдерінде халықтың сатып алу қабілеті әртүрлі болғанымен, ішкі туризмнің әлеуеті орасан зор. Көптеген елдерде (Қазақстан, Өзбекстан, Әзербайжан) ішкі туризмді ынталандыру мақсатында салықтық жеңілдіктер, субсидиялар және әлеуметтік туристік ваучерлер жүйесі енгізілуде. Бұл шаралар халықтың демалысқа деген қажеттілігін қанағаттандырып қана қоймай, туризм саласындағы шағын және орта бизнестің дамуына серпін береді.

Сонымен қатар, шетелге шығу мүмкіндігі шектелген жағдайда ішкі туризм ЖІӨ-нің маңызды драйверіне айналады. Мысалы, Ресей Федерациясында Қырым, Алтай, Кавказ Минералды Сулары сияқты ішкі дестинациялардың дамуы соңғы жылдары қарқынды өсті. Бұл тәжірибе басқа ТМД елдері үшін де үлгі бола алады.

3. Трансшекаралық туристік кластерлер және интеграциялық жобалар

ТМД елдерінің ортақ тарихи-мәдени мұрасы және географиялық жақындығы трансшекаралық туристік кластерлер құруға мүмкіндік береді. Мысал ретінде "Ұлы Жібек жолы" туристік маршрутын алуға болады. Бұл маршрут Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан аумақтарын қамтиды. Дегенмен, бұл маршруттың әлеуеті әлі толық ашылған жоқ. Маршрут бойындағы инфрақұрылымды біріздендіру, визалық рәсімдерді жеңілдету және бірлескен маркетингтік стратегиялар әзірлеу қажет.

Тағы бір перспективалы бағыт – "Каспий теңізі жағалауы" туристік кластері. Әзербайжан, Қазақстан, Ресей және Түрікменстанның Каспий жағалауындағы рекреациялық

ресурстары (емдік балшықтар, минералды сулар, жағажайлар) біртұтас туристік өнімге біріктірілуі мүмкін. Бұл үшін теңіз көлігі инфрақұрылымын дамыту және паромдық қатынастарды реттеу қажет.

Әдебиеттер:

1. Дорофеева А.А., Дорофеев А.А. Носители туристской лексики: структура и численный состав / Вестник ТвГУ, серия «География и геоэкология», № 4, Тверь, 2017.
2. Ковтун Г.С. Диссертационные исследования экологического туризма в России: библиометрический анализ // Международный научноисследовательский журнал. 2016. № 11 (53). Ч. 1.
3. Агирречу А.А. Структура и динамика защит диссертаций по социально-экономической географии в России в 2000-е годы // Региональные исследования, № 1 (43), 2014.
4. Электронный каталог диссертаций. URL: http://www.dslib.net/catalogue.html
5. Мирошниченко П.Н. О дисциплинарном статусе научных исследований туризма // Гуманитарные и социальные науки. 2014. № 2.

ӘОЖ: 656:338.45(575.1)

ӨЗБЕКСТАНДА КӨЛІК-КОММУНИКАЦИЯ КӘСІПОРЫНДАРЫН ДАМЫТУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Халмуратов К.П., «Экономика, туризм және бизнесті басқару“ кафедрасының доценті
Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті
Бердақ, Қарақалпақ Республикасы

Аңдатпа. Бұл мақалада Өзбекстандағы көлік-коммуникация кәсіпорындарының даму перспективалары жан-жақты қарастырылады. Зерттеуде көлік инфрақұрылымын жаңғырту, цифрландыру және инновациялық технологияларды енгізу, халықаралық көлік дәліздеріне интеграциялану, сондай-ақ транзиттік әлеуетті арттыру мәселелері талданады. Сонымен қатар, экологиялық тұрақты көлік жүйесін қалыптастыру, жасыл технологияларды енгізу және көлік саласында білікті кадрларды даярлау қажеттілігі атап өтіледі.

Тірек сөздер. Көлік, көлік жүйесі, инновация, жолаушылар тасымалы, көлік қызметтері, аймақ, көлік инфрақұрылымы.

Өзбекстан Республикасы тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ең алдымен көлік кешенінің байланыстарына ерекше көңіл бөле бастады. Өзбекстанның географиялық орнын, теңіздерге, порттарға және ірі көлік желілеріне тікелей шығу маршруттарын назарға алатын болсақ, көлік желілері мен коммуникацияларды дамытуға байланысты проблемалар мен мәселелерді шешудің басты стратегиялық маңызға ие екені белгілі болады. Өзбекстан Республикасының бірыңғай көлік нарығын құру көлік стратегиясының негізгі мақсаттарының бірі. Мемлекеттік көлік бағыттарының батыстан шығысқа дейінгі аумақта орналасуын ескере отырып, ұлттық көлік инфрақұрылымының қарқынды дамуын қамтамасыз ету үшін негізгі фактор ретінде логистикалық басқару тәсілін жүзеге асыру қызмет етеді.

Көлік жүйесінің маңыздылығы экономикалық даму үшін мақсатты бағыттарды жүзеге асыруды, әртүрлі көлік түрлерін дамытуға бағытталған кешенді және мақсатты бағдарламаны жүзеге асыру қажет екенін көрсетеді. Бұл мақсатты бағдарлама көлік жүйесін дамыту үшін іс

жүзінде бар проблемаларды шешуді өз алдына міндет етіп белгілейді:

– Көлік инфрақұрылымын пайдалану және дамыту;
– Жолаушы және жүк көлігі қызметтерін жетілдіру;
– Халық шаруашылығының жүк тасымалына деген сұранысын қанағаттандыру;
– Халықаралық көлік қатынастары мен көлік жолдарында бар проблемаларды шешу;
– Көлік инфрақұрылымында қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету және экологиялық проблемалар [1].

Логистика саласындағы инновациялардың жай-күйін және жалпы Өзбекстан экономикасында логистиканың дамуын тұрақты түрде бағалап отыру ұсынылады. Өзбекстан экономикасының инновациялық даму үдерісінде логистикалық жүйелерді басқарудың инновациялық әдістерін әзірлеу және экономикалық даму деңгейіне сәйкестігін қамтамасыз ету қажет.

Логистиканың қалыптасуының тағы бір артықшылығы ғылыми өндірістің материалдық-техникалық қамтамасыз етудің ең жаңа жүйелері мен инновациялық логистиканың дамуымен байланысты ғылыми, техникалық, материалдық-экономикалық даму болып табылады. Қазіргі уақытта елімізде осындай ақпараттық технологияларды логистика саласына енгізуге деген талпыныстар күшейіп келеді, бұл ақпаратты өңдеу және қабылдау процестерін жеделдетуге мүмкіндік береді. Инновациялық логистика іс жүзінде компаниялар мен олардың өнімдерінің бәсекелестік артықшылықтарын қамтамасыз ету және арттыру үшін қажетті жағдайларды жасауды көздейді. Ақпараттық технологиялар сияқты логистика саласы да инновацияларды айналып өте алмайды. Технологияны пайдалану тапсырысты жеткізу, өңдеу және тарату уақытын қысқартады. Бұл процестердің жылдамдығы қаншалықты қамтамасыз етілсе, тапсырыс сатып алушыға соншалықты тез жетеді.

Цифрлық экономика жағдайында интернетті пайдалану логистикалық қызметтер саласында өз клиенттері үшін жеке, автоматтандырылған қызметтерді құру арқылы жоғары деңгейдегі операциялық тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мәселен, жүк көліктері мен контейнерлерге орнатылатын бақылау датчиктері олардың қозғалысын онлайн бақылауға мүмкіндік береді. Содан кейін олар осы ақпаратты тиімді пайдалануды толық талдау үшін жібереді. Жүк күшін өлшейтін көлік құралдарына орнатылған сенсорлар белгілі бір маршрут бойынша қозғалатын резервтік қуаттар туралы қосымша ақпаратқа ие болуы мүмкін. Демек, логистикалық жүйенің тиімділігін анықтауға жаңаша көзқарастар барлық жүйелерді, соның ішінде, жабдықтау, өндіріс, бөлу, қойма, қорларды басқару, тасымалдау, халықаралық логистикалық жүйе, логистиканы басқару жүйесі, логистикалық ақпарат жүйесі сияқты факторларды есепке алуды, олар бойынша инновациялық модельдерді қолдануды көздейді.

Көлік-коммуникация жүйесі әрбір мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және стратегиялық дамуында шешуші маңызға ие. Әсіресе, географиялық тұрғыдан Орталық Азияда орналасқан Өзбекстан үшін көлік инфрақұрылымы ішкі нарықты байланыстыру ғана емес, сонымен қатар өңірлік және жаһандық транзиттік орталыққа айналудың маңызды факторы болып табылады [2].

Соңғы жылдары Өзбекстанның көлік-коммуникация саласында айтарлықтай өзгерістер орын алуда. Мемлекет тарапынан әзірленген стратегиялық жол карталары, инвестициялық бағдарламалар мен халықаралық ынтымақтастық жобалары көлік жүйесін жаңғыртуға, логистикалық қызметтерді цифрландыруға және транзиттік әлеуетті арттыруға бағытталған. Бұл процестер, әсіресе елдің жаһандық экономикалық интеграцияға еніп жатқанын ескерсек, өте маңызды.

1. Өзбекстанның көлік-коммуникация кәсіпорындарының даму перспективалары бірнеше негізгі бағыттарда көрінеді:
2. Инфрақұрылымды жаңғырту: Жол желілерін, теміржол желілерін, әуе және су

көлігі жүйелерін кеңейту және жаңарту арқылы көлік қызметтерінің сапасын арттыру. Бұл жүк және жолаушы тасымалының тиімділігін айтарлықтай жақсартады.

3. Цифрландыру және инновацияларды енгізу: Ақылды көлік жүйелерін, GPS-мониторингті, электрондық төлем жүйелерін және логистикалық платформаларды кеңінен енгізу көлік процестерін оңтайландырады, шығындарды азайтады және қызмет сапасын арттырады.

4. Халықаралық интеграция және транзиттік әлеуетті арттыру: мультимодальды көлік бағыттары, өңірлік көлік дәліздеріне белсенді қатысу және халықаралық транзиттік жүйелерге интеграция елді Орталық Азиядағы бәсекеге қабілетті транзиттік орталыққа айналдырады.

5. Тұрақты және экологиялық таза көлік жүйесі: Жасыл көлік шешімдері, электромобильдер инфрақұрылымы және энергия үнемдейтін көлік жобалары көлік қызметтерін экологиялық қауіпсіз және тұрақты етеді.

Сонымен қатар, көлік-коммуникация кәсіпорындарының дамуы кадрлар даярлау, қаржы ресурстарын тарту, мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту және инновациялық шешімдерді енгізу арқылы одан әрі тиімді болады. Стратегиялық перспективаларды жүзеге асыру Өзбекстанды аймақтық транзиттік-логистикалық орталыққа айналдырумен қатар, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қызмет етеді. Көлік саласының дамуы экономикалық өсуді қамтамасыз етумен ғана шектелмейді, сонымен қатар әлеуметтік тұрақтылықты, жұмыспен қамтуды, аймақаралық интеграцияны және экологиялық тұрақтылықты нығайтады. Сондықтан Өзбекстанның көлік-коммуникация кәсіпорындарының даму болашағы ұзақ мерзімді экономикалық және стратегиялық маңызы бар кешенді процесс ретінде қарастырылады. Елімізде соңғы жылдары терең ойластырылған, өзара тиімді және іс жүзіндік сыртқы саясат жүргізу, шет мемлекеттермен, бірінші кезекте, көршілес елдермен достық және өзара тиімді қарым-қатынастарды дамыту бағытында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілуде.

Бүгінгі таңда көлік саласында бірыңғай мемлекеттік саясаттың қалыптасуы және оның аймақтағы көршілес елдермен өзара тиімді байланыстарға бағытталуы Өзбекстанды Еуразияның маңызды көлік торабы мен Ұлы Жібек жолын жаңаша қалпына келтіруде үлкен маңызға ие. Атап айтқанда, Өзбекстан мен Қытайдың мемлекеттік шекараларында жаңа логистикалық орталықтарды ашу бойынша жүзеге асырылып жатқан өзара келісімдер осы бағыттағы оң қадам болып қызмет етеді. Жақын болашақта ішкі теміржолдардың қарқынды дамуы арқасында Өзбекстан мен Қытай теміржолдарын өзара байланыстыру мүмкіндігі пайда болады [3].

Өзбекстанның көлік-коммуникация кәсіпорындарының даму болашағы елдің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық бағыт ретінде қарастырылады. Инфрақұрылымды жаңғырту: Жаңа жол және теміржол жобалары, көпірлер мен тоннельдердің құрылысы көлік кәсіпорындарының жүк және жолаушы тасымалдау әлеуетін арттырады, транзиттік ағынды кеңейтеді және ішкі нарық логистикасының тиімділігін күшейтеді. Бұл экономикалық тиімділікті арттырып қана қоймай, аймақаралық экономикалық интеграцияны нығайтуға да қызмет етеді. Цифрландыру және смарт көлік жүйелері: Көлік процестерін цифрландыру, смарт мониторинг жүйелері, электрондық платформалар және онлайн қызметтер көлік қызметтерінің сапасын айтарлықтай арттырады, шығындарды азайтады және процестерді жеделдетеді. Сонымен қатар кадрларды даярлау және басқару жүйесін жетілдіру арқылы көлік жүйесінің ұзақ мерзімді тұрақтылығы қамтамасыз етіледі.

Халықаралық интеграция және мультимодальды тасымалдар: Елдің өңірлік көлік дәліздері мен жаһандық сауда жүйелеріне белсенді қосылуы Орталық Азиядағы бәсекеге

қабілетті транзиттік-логистикалық орталыққа айналуын қамтамасыз етеді. Бұл Өзбекстанның экспорттық және импорттық мүмкіндіктерін кеңейтіп, өңірлік ынтымақтастықты дамытады.

Экологиялық тұрақтылық және жасыл көлік: Жасыл көлік шешімдері, электромобильдер және энергияны үнемдейтін көлік жобалары көлік жүйесін экологиялық қауіпсіз және тұрақты етеді. Сонымен қатар, бұл елдің тұрақты даму стратегиясын қолдайды және қоршаған ортаға жағымсыз әсерді азайтады.

Адами капитал және кадрларды даярлау: Білікті көлік менеджерлерін, логистика мамандарын және цифрлық технологиялар бойынша кәсіби кадрларды даярлау көлік жүйесінің ұзақ мерзімді тиімділігін қамтамасыз етеді.

Жалпы алғанда, көлік-коммуникация кәсіпорындарының даму болашағы елді заманауи, цифрландырылған, тұрақты және халықаралық талаптар деңгейінде бәсекеге қабілетті жүйеге айналдыруға қызмет етеді. Стратегиялық көзқарас пен инновациялық шешімдер Өзбекстанның көлік жүйесін болашақта экономикалық тиімді, экологиялық тұрақты және аймақтық транзиттік орталық ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Хайдаров Ж. Транспорт хизматлари инфратузилмаси самарадорлигини ошириш йўллари. Иқтисодиёт фанлари бўйича фалсафа доктори (PhD) диссертацияси автореферати, 2024
2. G‘iyosidinov, B. (2022). Shaharlarda yo‘lovchilarni jamoat transporti xizmatidan foydalanish afzalliklari. *Oriental renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences*, *2*(1), 177-188.
3. Henézi, Diana & Winkler, Ágoston. (2023). The Role of Public Transport in Transport Safety and Public Safety. The Eurasia Proceedings of Science Technology Engineering and Mathematics. V. 23. -P. 505-512.

УДК 005.35:330.34

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ В ПЕРИОД ЭКОНОМИЧЕСКОЙ НЕСТАБИЛЬНОСТИ

Чжан Хунлинь, магистрант
Научный руководитель-к. э. н. Сутбаева Р.О.
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова
Актау, Казахстан
e-mail: guo342826577@163.com
e-mail: raikhan.sutbayeva@yu.edu.kz

Аннотация. В условиях нарастающей экономической нестабильности и усиления глобальной неопределенности возрастает значимость эффективного корпоративного управления как ключевого фактора обеспечения устойчивости бизнеса. В работе обосновано, что развитие корпоративного управления способствует повышению адаптивности компаний, усилению механизмов риск-менеджмента, улучшению качества стратегических решений и укреплению доверия со стороны инвесторов. Вместе с тем выявлены ключевые ограничения, включая институциональные дисфункции, недостаточную прозрачность, дефицит квалифицированных управленческих кадров и влияние внешних макроэкономических факторов. Сделан вывод о необходимости формирования интегрированной модели

корпоративного управления, основанной на синергии цифровых технологий, ESG-принципов и эффективных организационно-управленческих механизмов.

Ключевые слова: корпоративное управление, экономическая нестабильность, цифровая трансформация, ESG, риск-менеджмент, устойчивое развитие, корпоративная устойчивость.

Глобальная трансформация экономических систем в условиях усиления макроэкономической турбулентности сопровождается значительными изменениями в механизмах функционирования корпоративного сектора. Финансовые кризисы, геополитические риски, санкционное давление и ускоренная цифровизация формируют новые вызовы для корпоративного управления.

Усиление конкуренции, нестабильность финансовых рынков, рост операционных издержек и повышение требований со стороны инвесторов и регуляторов обусловливают необходимость совершенствования управленческих моделей. В этих условиях корпоративное управление приобретает стратегическое значение, выступая инструментом обеспечения устойчивости и долгосрочного развития компаний.

Особую роль играет способность корпоративных структур адаптироваться к быстро меняющейся внешней среде, что требует внедрения гибких механизмов управления, цифровых технологий и системного подхода к принятию решений.

Несмотря на развитие теоретических и практических аспектов корпоративного управления, его функционирование в условиях экономической нестабильности сопровождается рядом системных проблем, что обусловливает актуальность настоящего исследования.

Современные подходы к анализу корпоративного управления базируются на концепциях институциональной экономики, теории агентских отношений, экономики знаний и устойчивого развития. В рамках данных подходов корпоративное управление рассматривается как система координации интересов различных стейкхолдеров в условиях ограниченных ресурсов и неопределенности.

Методологическую основу исследования составляют:
• системный подход, позволяющий рассматривать корпорацию как сложную социально-экономическую систему;
• институциональный анализ, направленный на выявление ограничений и барьеров эффективного управления;
• сравнительный анализ традиционных и современных моделей корпоративного управления;
• элементы экономико-статистического анализа и экспертной оценки.

Использование указанных методов обеспечивает комплексность исследования и достоверность полученных результатов.

Результаты исследования. Трансформация корпоративного управления в условиях нестабильности. Современные условия экономической нестабильности способствуют формированию новой модели корпоративного управления, ориентированной на гибкость, устойчивость и цифровизацию. Данная модель характеризуется усилением роли стратегического планирования, развитием систем управления рисками и интеграцией цифровых технологий.

Ключевыми направлениями трансформации являются:

– усиление механизмов риск-менеджмента и внутреннего контроля; повышение роли совета директоров и независимых директоров;
– развитие цифровых инструментов управления и аналитики данных;
– интеграция ESG-принципов в корпоративную стратегию;

– повышение прозрачности и качества раскрытия информации.

Современные компании активно внедряют цифровые решения, включая аналитические платформы, системы управления бизнес-процессами и технологии искусственного интеллекта, что позволяет повысить точность управленческих решений и оперативность реагирования на внешние изменения.

Развитие риск-менеджмента становится ключевым элементом корпоративного управления. Компании формируют комплексные системы идентификации, оценки и минимизации рисков, что способствует снижению негативного влияния внешних шоков.

Особое значение приобретает ESG-повестка, ориентированная на обеспечение устойчивого развития, повышение социальной ответственности бизнеса и снижение экологических рисков.

Результаты исследования свидетельствуют о наличии значительных положительных эффектов от совершенствования корпоративного управления:

– повышение устойчивости компаний к кризисным явлениям;
– улучшение инвестиционной привлекательности;
– снижение операционных и стратегических рисков;
– рост эффективности управленческих решений;
– укрепление доверия со стороны стейкхолдеров.

Таким образом, корпоративное управление становится важнейшим фактором формирования конкурентных преимуществ компаний в условиях нестабильной экономики. Вместе с тем сохраняется ряд существенных ограничений. Недостаточный уровень развития институциональной среды, несовершенство нормативно-правовой базы, а также высокая степень неопределенности внешней среды ограничивают эффективность управленческих решений. Дополнительными факторами риска являются низкий уровень прозрачности в ряде компаний, конфликт интересов между собственниками и менеджментом, а также недостаточная цифровая зрелость корпоративных структур.

Обсуждение. Анализ результатов исследования позволяет сделать вывод о том, что корпоративное управление в современных условиях трансформируется в системообразующий элемент устойчивого развития бизнеса. Оно выходит за рамки традиционных функций контроля и становится инструментом стратегического управления и адаптации. Эффективность корпоративного управления во многом определяется уровнем развития институциональной среды, качеством человеческого капитала и степенью внедрения цифровых технологий. В этой связи особую значимость приобретает разработка комплексных стратегий управления, учитывающих как экономические, так и социальные аспекты.

Заключение. Современное состояние корпоративного управления в условиях экономической нестабильности характеризуется глубокой трансформацией его функций и инструментов. Оно становится ключевым фактором обеспечения устойчивости и конкурентоспособности компаний.

Развитие корпоративного управления требует интеграции цифровых технологий, совершенствования механизмов риск-менеджмента и внедрения принципов устойчивого развития. В то же время данный процесс сопровождается значительными рисками, требующими системного подхода к их управлению.

Перспективным направлением дальнейших исследований является разработка интегральных моделей оценки эффективности корпоративного управления, а также формирование методических подходов к управлению рисками в условиях высокой неопределенности.

Литература:
1. OECD Principles of Corporate Governance. – Paris: OECD, 2015.
2. Bob Tricker Corporate Governance: Principles, Policies, and Practices. – Oxford: Oxford University Press, 2019.
3. Christine Mallin Corporate Governance. – Oxford: Oxford University Press, 2022.
4. KPMG. Corporate Governance Insights. – 2024.
5. McKinsey & Company. Risk and Resilience in Corporate Governance. – 2023.
6. Л.С. Бляхман Корпоративное управление: теория и практика. – СПб.: Изд-во СПбГУ, 2018.
7. Р.И. Капелюшников Институциональная экономика. – М.: Изд. дом ВШЭ, 2019.

УДК 005.35:502.131.1

ҚАЗІРГІ ҰЙЫМДАРДА ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ: БИЗНЕС, МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ

Мунал-Бердиева Д.Н.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
e-mail: munalberdievadilnaz@gmail.com

Андатпа. Мақалада тұрақты дамуды басқарудың заманауи тәсілдері жан-жақты қарастырылады. Бизнес, мемлекет және қоғам арасындағы өзара іс-қимылдың маңызы, ESG қағидаттарының рөлі, әлеуметтік жауапты менеджмент және өңірлік даму мәселелері талданады. Сонымен қатар, тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі негізгі бағыттар мен олардың тиімді жүзеге асу жолдары сипатталады.

Түйінді сөздер: тұрақты даму, ESG, менеджмент, әлеуметтік жауапкершілік, мемлекеттік басқару, өңірлік даму.

Қазіргі таңда тұрақты даму мәселесі жаһандық деңгейде ерекше маңызға ие болып отыр. Әлемдік экономикадағы өзгерістер, экологиялық мәселелердің ушығуы және әлеуметтік теңсіздік тұрақты дамудың өзектілігін арттыруда. Осыған байланысты ұйымдар тек экономикалық тиімділікке ғана емес, сонымен қатар экологиялық қауіпсіздік пен әлеуметтік әділеттілікке де назар аударуы қажет. Тұрақты даму – бұл қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, болашақ ұрпақтың мүмкіндіктеріне зиян келтірмейтін даму үлгісі. Бұл тұжырымдама үш негізгі бағытты қамтиды: экономикалық даму, әлеуметтік тұрақтылық және қоршаған ортаны қорғау. Осы үш бағыттың үйлесімділігі ұйымдардың ұзақ мерзімді табысты жұмыс істеуінің негізі болып табылады. Қазіргі ұйымдарда тұрақты дамуды басқару стратегиялық деңгейде жүзеге асырылады. Яғни, компаниялар өздерінің даму жоспарларына экологиялық және әлеуметтік факторларды енгізеді. Бұл өз кезегінде тәуекелдерді азайтып, компанияның беделін арттырады. Сонымен қатар, тұрақты даму қағидаттарын сақтау ұйымның бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді.

ESG (Environmental, Social, Governance) қағидаттары қазіргі таңда ұйымдардың тұрақты дамуын бағалаудың маңызды құралына айналды. Экологиялық (E) аспект ұйымдардың қоршаған ортаға әсерін азайтуға бағытталған. Әлеуметтік (S) аспект қызметкерлердің құқықтарын қорғау, қоғаммен байланыс орнату сияқты мәселелерді

қамтиды. Басқару (G) аспекті ұйым ішіндегі тиімді басқару жүйесін қамтамасыз етуге бағытталған.

Бизнес құрылымдары тұрақты дамудың негізгі қозғаушы күштерінің бірі болып табылады. Олар өндіріс процесінде экологиялық таза технологияларды енгізу, энергияны үнемдеу, қалдықтарды азайту сияқты шараларды жүзеге асырады. Сонымен қатар, әлеуметтік жобаларды қолдау арқылы қоғамның дамуына үлес қосады. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік компаниялардың қоғам алдындағы міндетін көрсетеді және олардың имиджін қалыптастырады. Мемлекет тұрақты дамуды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Ол заңнамалық базаны қалыптастырып, ұйымдардың қызметін реттейді. Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялар арқылы тұрақты даму бағыттарын айқындайды. Инновацияларды қолдау, экологиялық саясатты дамыту және әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру – мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі.

Қоғам тұрақты дамудың маңызды қатысушысы болып табылады. Азаматтардың экологиялық мәдениеті мен әлеуметтік жауапкершілігі тұрақты дамудың тиімді жүзеге асуына әсер етеді. Қоғам белсенділігі артқан сайын ұйымдар мен мемлекет те өз қызметінде жауапкершілікті арттыруға мәжбүр болады. Сондықтан қоғамның саналы көзқарасы тұрақты дамудың негізі болып табылады.

Өңірлік даму тұрақты дамудың ажырамас бөлігі болып табылады. Әрбір аймақтың экономикалық, әлеуметтік және табиғи ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді даму стратегияларын әзірлеу қажет. Бұл өңірлер арасындағы теңсіздікті азайтуға, инфрақұрылымды дамытуға және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, цифрландыру процесі де тұрақты дамуға айтарлықтай әсер етуде. Заманауи технологияларды қолдану ресурстарды тиімді пайдалануға, өндіріс шығындарын азайтуға және басқару жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Бұл ұйымдардың тұрақты дамуына оң әсер етеді.

Қорытындылай келе, тұрақты дамуды басқару – қазіргі заманғы басқару жүйесінің маңызды бағыты болып табылады. Ол экономикалық өсімді қамтамасыз етумен қатар, әлеуметтік әділеттілік пен экологиялық қауіпсіздікті сақтауға бағытталған. Бизнес, мемлекет және қоғам арасындағы үйлесімді өзара іс-қимыл тұрақты дамудың басты шарты болып табылады.

ESG қағидаттарын енгізу ұйымдардың ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етіп, олардың жауапкершілігін арттырады. Сонымен қатар, тиімді мемлекеттік саясат пен қоғамның белсенді қатысуы тұрақты дамудың табысты жүзеге асуына ықпал етеді.

Қазіргі жағдайда тұрақты даму принциптерін басқару жүйесіне енгізу – болашақ ұрпақ үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастырудың негізгі кепілі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Елкин С.Е. Тұрақты даму негіздері. – Алматы: Экономика, 2020.
2. Porter M.E., Kramer M.R. Creating Shared Value // Harvard Business Review. – 2011.
3. United Nations. Transforming our world: the 2030 Agenda for Sustainable Development. – New York, 2015.
4. Carroll A.B. Corporate Social Responsibility: Evolution of a Definitional Construct // Business & Society. – 1999.
5. Қазақстан Республикасының Президенті. Қазақстан–2050 стратегиясы. – Астана, 2012.
6. OECD. Sustainable Development Goals and Public Governance. – Paris, 2018.
7. Freeman R.E. Strategic Management: A Stakeholder Approach. – Cambridge University Press, 2010.

ӘОЖ: 620.9:338.2:502.131.1

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫН БАСҚАРУ

Кирбасова Л.Г., «Мемлекеттік және жергілікті басқару» ББББ докторанты
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.д., профессор, Турекулова Д.М.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
e-mail: amlm13@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада жасыл экономикаға көшу жағдайында Қазақстанның энергетикалық стратегиясының трансформациясы қарастырылады. Жаңартылатын энергия көздерін дамыту, көміртегі шығарындыларын азайту және тұрақты даму қағидаларын енгізу мәселелері талданады. Сонымен қатар, мемлекеттік саясаттың, инвестициялық үрдістердің және халықаралық ынтымақтастықтың рөлі қарастырылып, энергия секторын басқарудың жаңа тәсілдері негізделеді. Зерттеу нәтижесінде Қазақстан үшін экологиялық және экономикалық тиімді басқару модельдерін енгізудің маңыздылығы анықталды.

Түйін сөздер: асыл экономика, энергетикалық стратегия, тұрақты даму, жаңартылатын энергия, ESG, басқару.

Қазіргі кезеңде әлемдік энергетикалық жүйе құрылымдық өзгерістерге ұшырап, көмірсутек ресурстарына негізделген дәстүрлі модель біртіндеп жаңартылатын энергия көздеріне бағытталған жаңа даму траекториясымен алмастырылуда. Бұл үдеріс тек технологиялық жаңару емес, сонымен қатар халықаралық қатынастар жүйесінің қайта құрылуына алып келетін геосаяси трансформация ретінде көрінеді. Энергетикалық ресурстарды бақылау мен оларды пайдалану тәсілдері өзгерген сайын мемлекеттердің экономикалық және саяси ықпалының сипаты да өзгереді. Осы тұрғыда энергетикалық өтпелі кезең жаңа тәуелділіктер мен жаңа мүмкіндіктер қалыптастыратын күрделі құбылыс болып табылады [1].

Қазақстан бұл өзгерістердің маңызды қатысушысы ретінде ерекше орын алады. Табиғи ресурстарға бай мемлекет ретінде оның экономикасы ұзақ уақыт бойы мұнай, газ және көмір өндірісіне негізделіп келді. Дегенмен, қазіргі таңда ел алдында экономиканы әртараптандыру және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету міндеттері тұр. Осы мақсатта Қазақстан 2060 жылға қарай көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу жөнінде стратегиялық міндет қойды. Бұл міндет жаңартылатын энергия көздерін дамыту мен энергия тиімділігін арттыруды талап етеді.

Соған қарамастан, Қазақстанның энергетикалық жүйесінде көмірсутек ресурстарының үлесі әлі де жоғары деңгейде сақталып отыр. Электр энергиясының басым бөлігі көмір станцияларында өндіріледі, бұл экологиялық тұрғыдан тиімсіз және халықаралық климаттық міндеттемелерге сәйкес келмейді. Сонымен бірге соңғы жылдары жаңартылатын энергия көздерінің үлесі біртіндеп артып, энергетикалық баланстағы орны күшейіп келеді. Бұл өзгерістер мемлекет саясатының бағыттылығын көрсетеді.

Қазақстанның табиғи-географиялық ерекшеліктері жаңартылатын энергия көздерін дамытуға қолайлы жағдай жасайды. Ел аумағында күн радиациясының жоғары деңгейі байқалады, ал жел энергетикасы үшін қолайлы аймақтар жеткілікті. Бұл факторлар халықаралық инвесторлар үшін тартымды орта қалыптастырады және энергетикалық секторды жаңғыртуға мүмкіндік береді. Жаңартылатын энергия көздерін дамыту

Қазақстанның энергетикалық саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Күн және жел энергетикасы елдің табиғи әлеуетіне сәйкес тиімді дамуы мүмкін салалар ретінде қарастырылады. Соңғы жылдары бұл бағытта нақты жобалар іске асырылып, олардың саны артып келеді.

Мемлекеттік қолдау шаралары жаңартылатын энергия секторын дамытуда маңызды рөл атқарады. Тарифтік саясат, инвестициялық жеңілдіктер және халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық бұл процесті жеделдетуде. Сонымен қатар, цифрлық технологияларды енгізу энергия тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Цифрлық трансформация энергетикалық секторды басқарудың жаңа деңгейін қалыптастырады. Ақылды жүйелер энергия тұтынуды бақылауға және оңтайландыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде шығындарды азайтып, жүйенің тиімділігін арттырады. Қазақстанның энергетикалық стратегиясында ESG қағидалары маңызды орын алады. Экологиялық жауапкершілік, әлеуметтік тұрақтылық және тиімді басқару компаниялардың қызметінде негізгі бағыттарға айналуда. Инвестициялық саясат жасыл экономикаға көшу процесінде ерекше маңызға ие. Жаңартылатын энергия көздерін дамыту үшін ірі қаржылық ресурстар қажет. Қазақстан шетелдік инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасауға ұмтылуда. Халықаралық ынтымақтастық энергетикалық сектордың дамуына ықпал етеді. Қазақстан түрлі елдермен бірлесіп жобаларды жүзеге асыру арқылы жаңа технологияларды енгізуде. Жасыл экономикаға көшу барысында бірқатар қиындықтар туындайды. Олардың қатарында жоғары инвестициялық шығындар, технологиялық тәуелділік және кадр тапшылығы бар [2].

Қазақстанның энергетикалық саясаты тек ішкі факторлармен ғана емес, сонымен қатар сыртқы геосаяси ықпалдармен де анықталады. Ел екі ірі халықаралық бастаманың ықпалында қалып отыр. Бір жағынан, Еуропалық Одақтың климаттық саясаты экологиялық стандарттарды күшейту арқылы Қазақстанның энергетикалық бағытына әсер етуде. Екінші жағынан, Қытайдың инфрақұрылымдық жобалары елдің энергетикалық секторына айтарлықтай инвестициялар тартуда. Еуропалық бағыт Қазақстан үшін технологиялық жаңару мен сапалы институционалдық өзгерістерге жол ашады. Еуропалық қаржы институттары мен бағдарламалары жаңартылатын энергия жобаларын қаржыландыруға, сондай-ақ басқару жүйесін жетілдіруге ықпал етеді. Сонымен қатар Еуропалық Одақтың көміртек реттеу саясаты экспортқа бағытталған экономикалар үшін маңызды факторға айналып отыр.

Қытайдың қатысуы, өз кезегінде, инфрақұрылымды жылдам дамытуға мүмкіндік береді. Қытайлық инвестициялар көбінесе ірі энергетикалық және өнеркәсіптік жобаларға бағытталған. Бұл жобалар экономикалық өсімді қамтамасыз еткенімен, кей жағдайда экологиялық стандарттардың жеткіліксіздігі және технологиялық тәуелділік тәуекелдерін туындатады [3].

Қазақстан осы екі бағытты үйлестіре отырып, көпвекторлы энергетикалық саясат жүргізуде. Бұл саясаттың мәні – әртүрлі серіктестермен теңгерімді ынтымақтастық орнату арқылы ұлттық мүдделерді қорғау. Мұндай тәсіл инвестиция көздерін әртараптандыруға және технологиялық тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл саясат халықаралық аренада елдің маневр жасау қабілетін арттырады.

Сонымен бірге Қазақстанның энергетикалық трансформациясы бірқатар ішкі қиындықтармен бетпе-бет келуде. Ең алдымен, энергетикалық инфрақұрылымның тозуы маңызды мәселе болып табылады. Электр желілерінің ескіруі жаңартылатын энергия көздерін тиімді интеграциялауға кедергі келтіреді. Бұл жағдай қосымша инвестициялар мен техникалық жаңғыртуды талап етеді. Тағы бір маңызды мәселе - институционалдық тұрақсыздық. Энергетикалық саясаттағы өзгерістердің жиілігі инвесторлар үшін белгісіздік тудырады және ұзақ мерзімді жобаларды жүзеге асыруды қиындатады. Сонымен қатар

қаржыландырудың жеткіліксіздігі мен ішкі нарықтың шектеулілігі де маңызды фактор болып табылады.

Кадрлық әлеуеттің жеткіліксіздігі де энергетикалық сектордың дамуына әсер етеді. Жаңартылатын энергия саласында жоғары білікті мамандардың тапшылығы байқалады. Бұл жағдай технологиялық дамуды баяулатып, инновациялық жобалардың жүзеге асуын қиындатады. Соған қарамастан, Қазақстан үшін маңызды мүмкіндіктер де бар. Халықаралық инвестициялар көлемінің өсуі, технологиялық трансфер және аймақтық ынтымақтастық энергетикалық сектордың дамуына серпін береді. Орталық Азия елдері арасындағы энергетикалық байланыстарды күшейту электр энергиясын тиімді бөлуге және экспорттық әлеуетті арттыруға мүмкіндік береді.

Алайда геосаяси тәуекелдер де сақталып отыр. Бір серіктеске тәуелділіктің артуы стратегиялық дербестікке қауіп төндіруі мүмкін. Сонымен қатар әртүрлі стандарттар мен талаптардың болуы ұлттық саясаттың үйлесімділігін қиындатады. Бұл жағдайларда теңгерімді және икемді саясат жүргізу ерекше маңызға ие. Қазақстанның тәжірибесі көрсеткендей, энергетикалық өтпелі кезең тек технологиялық жаңару ғана емес, сонымен қатар тиімді басқару мен стратегиялық жоспарлауды талап ететін күрделі процесс болып табылады. Елдің табысты дамуы ішкі реформалардың сапасына, институционалдық тұрақтылыққа және сыртқы серіктестіктерді тиімді пайдалануға байланысты. Жалпы алғанда, Қазақстанның жасыл энергетикаға көшуі ұзақ мерзімді перспективада экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, экологиялық жағдайды жақсартуға және халықаралық бәсекеге қабілеттілікті арттыруға бағытталған. Бұл үдеріс күрделі болғанымен, дұрыс басқару жағдайында ел үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Қазақстанның жасыл экономикаға көшуі аясында энергетикалық секторды басқарудың институционалдық негіздерін жетілдіру ерекше маңызға ие.

Қазіргі таңда басқару жүйесінде стратегиялық жоспарлау мен нәтижеге бағытталған басқару тәсілдері кеңінен енгізілуде. Бұл өз кезегінде мемлекеттік органдардың тиімділігін арттыруға және энергетикалық саясаттың үйлесімді жүзеге асуына мүмкіндік береді. Энергетикалық секторды басқарудағы негізгі міндеттердің бірі – түрлі деңгейдегі мемлекеттік құрылымдар арасындағы үйлестіруді күшейту болып табылады [4].

Энергетикалық саясатты жүзеге асыруда өңірлік басқару деңгейінің рөлі де артып келеді. Қазақстанның әрбір өңірі табиғи ресурстар мен климаттық жағдайларға байланысты өзіндік энергетикалық әлеуетке ие. Мысалы, оңтүстік өңірлерде күн энергетикасын дамытуға қолайлы жағдайлар болса, солтүстік және батыс аймақтарда жел энергетикасының мүмкіндіктері жоғары. Осыған байланысты өңірлік энергетикалық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру ұлттық стратегияның тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар, энергия тиімділігін арттыру мәселесі де ерекше назар аударуды талап етеді. Энергияны үнемдеу технологияларын енгізу өндірістік шығындарды азайтып қана қоймай, қоршаған ортаға түсетін жүктемені де төмендетеді. Қазақстанда энергия тиімділігін арттыру бағытында бірқатар заңнамалық және институционалдық шаралар қабылданғанымен, олардың толыққанды іске асырылуы әлі де жетілдіруді қажет етеді. Бұл бағытта халықаралық тәжірибені қолдану маңызды рөл атқарады.

Жаңартылатын энергия көздерін дамытуда инновациялық технологияларды енгізу де шешуші факторлардың бірі болып табылады. Ақылды желілер (smart grid), энергия сақтау жүйелері және цифрлық платформалар энергетикалық жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Мұндай технологиялар энергия өндіру мен тұтыну арасындағы теңгерімді сақтауға мүмкіндік береді және жүйенің икемділігін арттырады. Қазақстан үшін бұл технологияларды енгізу ұзақ мерзімді перспективада стратегиялық маңызға ие [5].

Энергетикалық сектордағы инвестициялық тартымдылықты арттыру үшін құқықтық және институционалдық ортаны жетілдіру қажет. Инвесторлар үшін ашықтық, тұрақтылық және болжамдылық негізгі факторлар болып табылады. Осы тұрғыда мемлекеттік саясаттың тұрақтылығы мен заңнамалық базаның сапасы ерекше маңызға ие. Сонымен қатар мемлекеттік-жекешелік әріптестік механизмдерін дамыту энергетикалық жобаларды қаржыландырудың тиімді құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Қазақстанның жасыл энергетикаға көшуі әлеуметтік аспектілерді де қамтиды. Энергетикалық трансформация халықтың өмір сүру сапасына тікелей әсер етеді. Жаңа жұмыс орындарын құру, экологиялық жағдайды жақсарту және энергияға қолжетімділікті арттыру – бұл үдерістің негізгі әлеуметтік нәтижелері болып табылады.

Алайда, дәстүрлі энергетика саласында жұмыс істейтін қызметкерлерді қайта даярлау мәселесі де өзекті болып отыр. Бұл бағытта мемлекет тарапынан арнайы бағдарламаларды іске асыру қажет. Сондай-ақ, ESG қағидаларын енгізу корпоративтік басқару сапасын арттыруға ықпал етеді. Энергетикалық компаниялар экологиялық және әлеуметтік жауапкершілікті өз қызметінің негізгі элементі ретінде қарастыра бастады. Бұл халықаралық инвесторлар үшін маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады және елдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға әсер етеді. Цифрлық технологиялардың дамуы энергетикалық секторда деректерге негізделген басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік береді. Big Data, жасанды интеллект және IoT технологиялары энергия жүйесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Бұл технологиялар энергия тұтыну құрылымын талдауға, болжам жасауға және тәуекелдерді басқаруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, Қазақстанның энергетикалық стратегиясы жасыл экономика қағидаларына негізделген кешенді трансформацияны талап етеді. Бұл процесс тек технологиялық өзгерістермен шектелмей, институционалдық, экономикалық және әлеуметтік реформаларды қамтиды. Энергетикалық секторды тиімді басқару елдің тұрақты дамуының негізгі факторы болып табылады. Қазақстан үшін басты міндет – ішкі ресурстарды тиімді пайдалану мен халықаралық тәжірибені үйлестіре отырып, бәсекеге қабілетті және экологиялық қауіпсіз энергетикалық жүйені қалыптастыру.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі. «Жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасы»: мемлекеттік бағдарлама. – Астана, 2013.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі. Қазақстан Республикасының энергетика саласын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы: бағдарлама. – Астана, 2022.

3. Медкимендихан М. Қазақстанның энергетикалық секторына инвестициялар және олардың тиімділігі: оқу құралы. – Алматы, 2021.

4. Турекулова Д.М. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі тұрақты даму стратегиялары: оқу құралы. – Алматы, 2019.

5. Смагулова А.К. Энергетикалық саясат және тұрақты даму: оқу құралы. – Нұр-Сұлтан, 2020.

ӘОЖ: 005.1:005.7:330.34(574)

OPPORTUNITIES FOR DEVELOPING AN INTEGRATED MANAGEMENT MODEL IN KAZAKHSTAN FROM AN ECOSYSTEM PERSPECTIVE

Bakytzhanova M. B.

Sh. Yessenov Caspian State University of technology and engineering
Aktau, Kazakhstan
mira.bakytzhanova@yu.edu.kz

Abstract. The article analyzes the opportunities for developing an integrated management model in Kazakhstan based on an ecosystem approach within the process of modernizing public and local governance. In recent years, significant steps have been taken in the country to reform political institutions at the local level. In particular, in accordance with the Constitutional Law of May 25, 2021, the introduction of a mechanism for direct election of akims marked a new stage in the decentralization of public administration. Previously, the position of akim could be attained only through appointment by a higher authority, whereas now democratic procedures such as nomination by political parties, self-nomination, and nomination by higher-level akims have been introduced. These changes are consistent with the objectives set out in President K.-J.K. Tokayev's Address *"Kazakhstan in a New Reality: A Time for Action"* regarding the development of the local self-government system.

The expansion of local self-government institutions ensures direct participation of citizens in decision-making in rural districts, settlements, villages, and towns of district significance, thereby forming an ecosystem of interaction between the government and society. In such an ecosystem, alongside the professional competencies of akims, their managerial, communication, and cross-level (horizontal and vertical) interaction skills become particularly important. The first experience of direct elections held in July 2021 became an important stage in forming a new social model of local governance and further increased the relevance of research in this field.

The article identifies the needs for training akims of rural districts, settlements, villages, and towns of district significance and offers recommendations for developing an integrated management model from an ecosystem perspective. The research results can help improve the effectiveness of local governance, enhance the quality of managerial decision-making, and build a management ecosystem that ensures coherent interaction across all levels of the public administration system.

Keywords: ecosystem approach, integrated management model, public administration, local self-government, governance reform, management ecosystem.

At the present stage, increasing the efficiency of the public and local governance system in Kazakhstan, including the formation and development of an integrated management model, has become particularly relevant [1]. The acceleration of global urbanization processes, the expanding socio-economic role of cities, and new requirements for managing the living environment necessitate an ecosystem-based approach to governance [2]. The rapid pace of urbanization not only increases the complexity of managing urban structures but also calls for a reassessment of traditional public administration models. At the beginning of the 20th century, only 14% of the world's population lived in cities, whereas today this figure exceeds 55%, and it is projected to reach 85% by 2050. Urbanization is also clearly evident in Kazakhstan, where 57% of the population now resides in urban areas.

In his Address *"Constructive Public Dialogue – the Basis of Stability and Prosperity of Kazakhstan,"* President Kassym-Jomart Tokayev emphasized the need to develop new urban governance approaches based on the "smart city" concept. Within the framework of the "Digital Kazakhstan" program, the introduction of "Smart City" systems in Nur-Sultan, Almaty, Shymkent, Karaganda, and Aktobe was planned, with the goal of improving key indicators such as comfort, safety, efficiency, and environmental sustainability. This highlights the need for urban management to transition toward information and communication technologies, data-driven decision-making, and new governance mechanisms that expand citizen participation [3].

The acceleration of urbanization and changes in the urban lifestyle increase the need for an integrated, multi-level, and interconnected management model. Under the conditions of the Fourth Industrial Revolution, the increasing complexity of urban infrastructure, shifts in resident needs, and the growing importance of environmental and social factors require the adoption of an ecosystem approach in public administration. The ecosystem approach is a comprehensive model that takes into account interconnections among governance actors, resource flows, information exchange, and coordinated actions of all participants. Such an approach not only ensures the sustainable development of urban spaces but also facilitates effective integration between public and local governance levels [4].

Разработка стратегий - это процесс определения долгосрочных целей организации и определения наиболее эффективных путей их достижения. Чтобы разработать эффективные стратегии, необходимо провести анализ внутренней и внешней среды организации, а также учесть ее цели и миссию.

Шаги для разработки стратегии:

Анализ внешней среды: Определите тенденции, факторы и изменения, которые могут повлиять на вашу организацию. Исследуйте рынок, конкурентов, потребителей, технологические изменения и законодательство.

Анализ внутренней среды: Оцените ресурсы, компетенции, процессы и системы управления вашей организации. Рассмотрите сильные и слабые стороны организации.

Определение целей: Определите цели и приоритеты вашей организации. Цели должны быть SMART - специфическими, измеримыми, достижимыми, релевантными и временнЫми.

Разработка стратегий: Исходя из результатов анализа внешней и внутренней среды и целей организации, разработайте несколько стратегий. Стратегии должны быть ориентированы на решение проблем и достижение целей.

Оценка и выбор стратегии: Оцените каждую стратегию по ее потенциалу для достижения целей. Оцените риски и возможности каждой стратегии. Выберите наиболее эффективную стратегию.

Реализация стратегии: Разработайте планы, процедуры и ресурсы, необходимые для реализации выбранной стратегии. Убедитесь, что все сотрудники понимают стратегию и свою роль в ее достижении.

Оценка результатов: Регулярно оценивайте результаты и прогресс по достижению целей. Корректируйте стратегию при необходимости.

Ключевым моментом в разработке стратегии является ее адаптация к изменениям в среде. Постоянный анализ среды и своей позиции позволит своевременно корректировать стратегию и достигать поставленных целей.

Разработка плана действий. Необходимо определить конкретные шаги, которые должны быть предприняты для реализации стратегий. Это может включать разработку новых продуктов, инвестирование в новые технологии, перепрофилирование персонала и т.д.

Реализация и контроль. Реализация плана действий должна быть сопровождена мониторингом и оценкой результатов, чтобы убедиться, что организация находится на правильном пути и достигает своих стратегических целей. Если необходимо, план может быть скорректирован для достижения лучших результатов.

Стратегическое планирование помогает организации определить свою долгосрочную направленность и путь к успеху. Это позволяет организации адаптироваться к изменениям в среде, предугадывать будущие изменения и принимать эффективные решения в целях увеличения прибыли и роста организации.

Литература:

1.Бараненко С. П. Абрамова А.А. Стратегия и тактика предпринимательства //Сборник научных статей 6-й Всероссийской национальной научно-практической конференции. Курск, 2021. С. 76-83.

2.Павловская А.В. Организация производства на буровых и нефтегазодобывающих предприятиях: Учебное пособие. – Ухта: УГТУ, 2021. – 191 с.

3.Бургазлиев С. Д. Стратегия и тактика как необходимые элементы бизнеса //Адрес статьи: www.gramota.net/materials/1/2007/4/8.html

4.Друкер Питер Ф. Эффективное управление предприятием. : пер с англ. – М.: ООО «И.Д.Вильямс», 2021. – 224 с.

5.Гусейнов Б. М. Повышение эффективности управления в нефтегазовых компаниях.- Москва, 2013. – 215 с.

6. Бердалиев К.Б. Основы управления экономикой Казахстана. Учебное пособие. – Алматы, 2021. – 298 с.

7.Погосян С.Г. Эффективные деловые организации в системе мирового менеджмента: принципы управления и перспективы их применения в российских организациях. - Ростов н/Д.: Фонд науки и образования. 2020.

ӘОЖ 336.6

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Моншақ І. Қ., Қаржылық экономика ББББ магистранты
Ғылыми жетекшісі – Қадырбергенова А. К., Қаржы және есеп кафедрасының қауымдастырылған профессоры
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Атырау қ, Қазақстан
inkgarmonshak@gmail.com
[2]asel-k-80@mail.ru

Аннотация. Қаржы нарығының экономикалық өсім мен инвестициялық белсенділікті қамтамасыз етудегі рөлі ғылыми тұрғыда негізделеді. Сонымен қатар қаржы нарығындағы институционалдық сенім дағдарысы, банктік сектордағы проблемалық активтер, бағалы қағаздар нарығының жеткіліксіз дамуы, қаржы құралдарының шектеулілігі және халықтың қаржылық сауаттылығының төмен деңгейі терең қарастырылады. Зерттеу барысында Қазақстан қаржы нарығының даму ерекшеліктері дамыған елдермен салыстырмалы түрде бағаланып, оны жетілдірудің стратегиялық бағыттары ұсынылады. Бұл мақалада Қазақстан Республикасының қаржы нарығының қазіргі даму жағдайы, құрылымдық трансформациясы және оның тиімді жұмыс істеуіне кедергі келтіретін негізгі жүйелік мәселелер жан-жақты талданады.

Түйін сөздер: қаржы нарығы, инвестиция, капитал нарығы, банктік жүйе, бағалы қағаздар, қаржылық тұрақтылық, институционалдық сенім, қаржылық сауаттылық, цифрландыру, макроэкономика.

Қазақстан Республикасында қаржы нарығының дамуы елдің экономикалық тәуелсіздігін нығайтып, шетелдік инвестицияларды тартуда, халықтың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді. Қаржы нарығы ұлттық экономиканың тұрақты дамуы және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізгі тетігінің бірі. Қазақстанның қаржы нарығы бірқатар құрылымдық өзгерістерге ұшырап, цифрландыру, капитал нарығын кеңейту, қаржы институттарын реформалау секілді маңызды реформалар жүргізіліп келеді.

Бәсекеклестік нарықтың толыққанды әрі тиімді жұмыс істеуіне кедергі келтіретін бірқатар өзекті мәселелер бар. Атап айтқанда:

- қаржы жүйесіндегі институционалдық сенімнің төмендігі;
-қаржы құралдарының шектеулігі мен инвестициялық мүмкіндіктің аздығы;
- банктік сектордың проблемалық несиелермен күресуі;
- бағалы қағаздар нарығының тартымсыздығы мен өтімділігінің төмендігі;
- қаржылық сауаттылық деңгейінің жеткіліксіздігі [1].

Сондай-ақ, экономикалық тұрақсыздық, геосаяси тәуекелдер мен ішкі макроэкономикалық теңгерімсіздіктер Қазақстанның қаржы нарығына айтарлықтай әсер етуде. Бұл ретте қаржы нарығының қауіпсіздігін, ашықтығын және тиімділігін қамтамасыз етудің маңызы арта түсуде. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының қаржы нарығындағы қазіргі жағдайды зерттеу,дамуындағы кедергілерді анықтап, оларды баламалы шешу жолдарын ұсыну – теориялық та, практикалық та тұрғыдан аса маңызды. Сонымен қатар, Қазақстанның қаржы нарығының қазіргі даму кезеңін терең талдау оның құрылымдық ерекшеліктерін, даму қарқынын және халықаралық қаржы жүйесімен интеграциялану деңгейін жан-жақты бағалауды талап етеді. Қазіргі таңда жаһандық экономиканың жоғары құбылмалылығы, капитал қозғалысының еркіндігі және цифрлық қаржы технологияларының қарқынды дамуы ұлттық қаржы нарықтарына жаңа талаптар қойып отыр. Осы тұрғыда Қазақстанның қаржы нарығы тек ішкі экономикалық қажеттіліктерді қамтамасыз етуші механизм ғана емес, сонымен бірге халықаралық капитал нарығымен бәсекеге қабілетті жүйе ретінде қалыптасуы тиіс. Алайда бұл үдеріс бірқатар объективті және субъективті факторлардың әсерінен күрделеніп отыр. [2,3].

Ұлттық экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін негізгі экономикалық тетіктердің бірі-қаржы нарығы, себебі ол арқылы капиталдың қайта бөлінуі жүзеге асып,

инвестициялық ресурстар нақты секторға бағытталады Қазақстан Республикасында қаржы нарығының қалыптасуы тәуелсіздік алғаннан кейін нарықтық экономикаға көшу үдерісімен тікелей байланысты болды және бүгінгі күнге дейін біртіндеп дамып, институционалдық негізін қалыптастырып келеді. Бұл нарықтың негізгі мақсаты – қаржы ресурстарын тиімді бөлу арқылы экономикалық өсімді қамтамасыз ету, инвестициялық белсенділікті арттыру және ұлттық экономиканың сыртқы шоктарға төзімділігін күшейту болып табылады.Соңғы онжылдықта Қазақстанның қаржы нарығы айтарлықтай трансформацияға ұшырады. Банктік секторды реформалау, зейнетақы жүйесін орталықтандыру, валюталық режимді ырықтандыру және цифрлық қаржы технологияларын енгізу сияқты реформалар қаржы жүйесінің құрылымын өзгертті. Дегенмен, осы реформаларға қарамастан, қаржы нарығының даму деңгейі дамыған елдермен салыстырғанда әлі де төмен және оның тиімділігіне әсер ететін бірқатар құрылымдық проблемалар сақталып отыр.

Қаржы нарығының ең маңызды мәселелерінің бірі – институционалдық сенімнің жеткіліксіздігі. Қаржы нарығының тұрақты дамуы тек экономикалық көрсеткіштерге ғана емес, сонымен қатар нарыққа қатысушылардың сенім деңгейіне де тікелей байланысты. Қазақстан жағдайында халық пен инвесторлардың қаржы институттарына деген сенімі толық қалыптаспаған. Бұған бұрынғы қаржылық дағдарыстар, бірқатар банктердің жабылуы, қаржылық алаяқтық фактілері және реттеу жүйесіндегі әлсіз тұстар әсер етті. Соның салдарынан халықтың инвестициялық белсенділігі төмен болып, қаржы нарығына қатысу көбінесе депозиттік құралдармен шектеледі [3,4].

Осы мәселені тереңірек қарастырсақ, институционалдық сенім тек психологиялық фактор емес, ол экономикалық жүйенің тұрақтылығын айқындайтын негізгі индикаторлардың бірі болып табылады. Сенім деңгейі төмен болған жағдайда капиталдың ұзақ мерзімді жинақталуы тежеледі, инвестициялық ресурстар шетелге немесе бейресми секторға кетеді. Бұл жағдай ұлттық экономиканың ішкі инвестициялық әлеуетін әлсіретеді.

Екінші мәселе – қаржы құралдарының жеткіліксіз әртараптандырылуы. Қазақстан қаржы нарығында инвестициялық құралдардың құрылымы әлі де тар болып отыр. Негізгі үлесті банктік депозиттер мен мемлекеттік бағалы қағаздар алады. Ал корпоративтік облигациялар, акциялар нарығы, туынды қаржы құралдары, венчурлық капитал және ETF сияқты заманауи инвестициялық құралдар жеткілікті деңгейде дамымаған. Бұл жағдай инвесторлардың таңдау мүмкіндігін шектеп қана қоймай, нарықтың өтімділігі мен тереңдігін төмендетеді.

Кесте 1. Қазақстан және дамыған елдер қаржы нарығының құрылымдық айырмашылығы

Көрсеткіштер	Қазақстан	Дамыған елдер
Банктік сектор үлесі	70-75%	40-50%
Қор нарығының үлесі	Төмен	Жоғары
Инвестициялық құралдар саны	Шектеулі	Әртараптанған
Жеке инвесторлар белсенділігі	Төмен	Жоғары

Ескерту [7] дерек негізінде автормен құрастырылған

Бұл кестеден Қазақстанда қаржы нарығы банктік модельге қатты тәуелді, ал дамыған елдерде капитал нарығы негізгі рөл атқарады. Мұндай құрылымдық теңгерімсіздік экономиканың инвестициялық тиімділігін төмендетеді.

Үшінші маңызды мәселе – банктік сектордағы проблемалық активтердің жоғары деңгейі. Коммерциялық банктердің несие портфеліндегі проблемалық несиелер (NPL) көлемінің жоғары болуы олардың қаржылық тұрақтылығына теріс әсер етеді. Бұл жағдай банктердің жаңа несие беру мүмкіндігін шектейді, кредиттік ресурстардың қымбаттауына алып келеді және жалпы экономиканың қаржылану деңгейін төмендетеді.

Кесте 2. Банктік сектордың негізгі проблемалары

Мәселе	**Экономикалық әсер**
NPL деңгейінің жоғары болуы	Несие көлемінің қысқаруы
Капитал жеткіліксіздігі	Тәуекелдің өсуі
Төлем қабілеттіліктің төмендеуі	Қаржы тұрақсыздығы
Актив сапасының нашарлауы	Инвестор сенімінің азаюы

Ескерту [5,6] дерек негізінде автормен құрастырылған

Банктік сектордағы бұл мәселелер тек қаржы жүйесіне ғана емес, жалпы экономикалық өсімге де кері әсер етеді, себебі Қазақстан экономикасы банктік қаржыландыруға жоғары деңгейде тәуелді.

Төртінші өзекті мәселе – бағалы қағаздар нарығының жеткіліксіз дамуы. Қазақстан қор нарығы салыстырмалы түрде тар және өтімділігі төмен нарық болып табылады. Листингке шыққан компаниялар саны аз, ал жеке инвесторлар белсенділігі төмен деңгейде қалып отыр. Сонымен қатар IPO механизмдері күрделі және ұзақ, бұл компаниялардың капитал нарығына шығуын тежейді. Нәтижесінде кәсіпорындар көбінесе банктік несиелерге тәуелді болып қалады.Бағалы қағаздар нарығының әлсіз дамуының салдары ретінде экономиканың нақты секторына ұзақ мерзімді инвестициялар жеткіліксіз бағытталады. Бұл инновациялық жобалардың қаржыландырылуын шектейді және экономиканың әртараптануына кедергі келтіреді.

Бесінші маңызды мәселе – халықтың қаржылық сауаттылығының төмен деңгейі. Қаржылық білім деңгейі төмен болған жағдайда азаматтар инвестициялық шешімдерді дұрыс қабылдай алмайды, тәуекелдерді бағалау қабілеті әлсіз болады және қаржы алаяқтықтарына жиі ұшырайды. Бұл фактор қаржы нарығына қатысушылар базасының кеңеюін тежейді.

Кесте 3. Қаржылық сауаттылықтың қаржы нарығына әсері

Көрсеткіш	**Төмен деңгей салдары**
Инвестиция түсінігі	Қатысу белсенділігінің төмендігі
Тәуекелдерді бағалау	Қаржылық шығындардың артуы
Қаржы құралдарын пайдалану	Нарықтың тарылуы
Жинақтарды инвестициялау	Капиталдың тиімсіз бөлінуі

Қаржы нарығының дамуына сонымен қатар макроэкономикалық және сыртқы факторлар да әсер етеді. Мұнай бағасының құбылмалылығы, инфляция деңгейінің жоғары болуы, ұлттық валютаның тұрақсыздығы және геосаяси тәуекелдер қаржы жүйесінің тұрақтылығына тікелей ықпал етеді. Сонымен қатар жаһандық капитал нарықтарымен интеграция деңгейінің төмендігі Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын шектейді [3,6].

Осы мәселелерді шешу үшін Қазақстанда кешенді қаржы реформаларын жүргізу қажет. Ең алдымен институционалдық сенімді арттыру үшін қаржы ұйымдарының ашықтығын күшейту, корпоративтік басқару стандарттарын жетілдіру және қаржылық реттеу жүйесін күшейту қажет. Сонымен қатар капитал нарығын дамыту үшін IPO рәсімдерін жеңілдету, институционалдық инвесторларды тарту және жаңа қаржы құралдарын енгізу маңызды.

Банктік секторды тұрақтандыру мақсатында проблемалық активтерді басқару тетіктерін жетілдіру және банктердің капитал жеткіліктілігін арттыру қажет. Ал халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру үшін білім беру бағдарламаларын мектептен бастап енгізу және инвестициялық мәдениетті қалыптастыру маңызды рөл атқарады. Цифрландыру бағыты да ерекше мәнге ие, себебі финтех технологиялар қаржы қызметтерінің қолжетімділігін арттырып, нарықтың ашықтығын күшейтеді.Жалпы алғанда, жоғарыда қарастырылған мәселелер Қазақстан Республикасының қаржы нарығы әлі де болса өтпелі кезеңнің күрделі сипаттарын сақтап отырғанын көрсетеді. Қаржы жүйесінің жекелеген сегменттерінде белгілі бір жетістіктерге қол жеткізілгенімен, олардың өзара байланысы мен үйлесімді дамуы толық деңгейде қалыптаспаған. Бұл жағдай қаржы нарығының тұтастай тиімділігін төмендетіп, оның экономиканың нақты секторына ықпал ету мүмкіндігін шектейді. Әсіресе банктік сектордың басым рөлі, капитал нарығының жеткіліксіз дамуы және инвестициялық құралдардың тарлығы жүйелік теңгерімсіздіктің сақталуына себеп болып отыр.

Кесте 4. Halyk bank пен Kaspi bank мысалындағы AI енгізу арқылы цикл қысқаруына салыстырмалы талдау

Операциялық көрсеткіш	Halyk bank (трансформациялық тәсіл)	Kaspi bank (Экожүйелік тәсіл)	Менеджментке әсері
Кредиттік скоринг	Дәстүрлі банк деректері мен AI – ды ұштастырады.	100 % AI қолданады. Клиенттің сатып алу мінез – құлқын талдайды.	Тәуекелдерді (NPL) алдын ала болжау дәлдігі артты
Клиенттік қолдау	Halyk жасанды интеллектісі мен Call – center синтезі.	Kaspi Guide (интеллектуалды чат - бот) сұрақтардың 90 % шешеді.	Операциялық шығындарды 40 % - ға азайтты
Биометриялық сәйкестендіру	Мемлекеттік деректер қорымен интеграцияланған AI сәйкестендіру.	Бет – әлпетті тану арқылы лезде бөлімшесіз қызмет көрсету.	Фрод (алаяқтық) тәуекелін минималдау
Ескерту: автормен құрастырылған			

AI технологияларын енгізу банктік операциялық циклдің уақытын бірнеше есе қысқартады, процестерді автоматтандыру арқылы операциялық шығындарды төмендетеді және тәуекелдерді бағалау сапасын арттырады. Нәтижесінде банк менеджментінің тиімділігі өсіп, цифрлық бәсекеге қабілеттілік күшейеді.

Сонымен қатар қаржы нарығының қазіргі даму кезеңінде оның сыртқы факторларға тәуелділігі жоғары екенін атап өткен жөн. Әлемдік қаржы нарықтарындағы құбылмалылық,

геосаяси тәуекелдер және шикізаттық экономиканың басымдығы ұлттық қаржы жүйесінің тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Мұндай жағдайда ішкі қаржы нарығының дербестігін күшейту, оның өзін-өзі реттеу және ішкі ресурстарды тиімді пайдалану қабілетін арттыру стратегиялық маңызға ие болады. Бұл тек қаржы секторының ғана емес, жалпы экономикалық қауіпсіздіктің де маңызды шарты болып табылады [7,8].

Осыған байланысты қаржы нарығының болашақтағы дамуы институционалдық реформалардың тереңдігіне, нарықтық инфрақұрылымның сапасына және қаржы қатысушыларының белсенділігіне тәуелді болатыны анық. Қаржы институттарының тиімділігі артқан жағдайда ғана капиталдың еркін қозғалысы қамтамасыз етіліп, инвестициялық ресурстардың экономикаға келуі жеделдейді. Ал бұл өз кезегінде өндірістің дамуына, жаңа жұмыс орындарының құрылуына және халықтың әл-ауқатының артуына тікелей әсер етеді.

Сондықтан қаржы нарығын дамыту мәселесі тек тар салалық міндет емес, ол ұлттық экономиканың ұзақ мерзімді тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін стратегиялық бағыт ретінде қарастырылуы тиіс.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының қаржы нарығы ұлттық экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін аса маңызды стратегиялық жүйелердің бірі ретінде қалыптасу және трансформациялану кезеңін бастан өткеріп отыр. Қаржы нарығының қазіргі жағдайы бір жағынан белгілі бір институционалдық негіздің қалыптасқанын, қаржы инфрақұрылымының дамығанын және цифрлық технологиялардың енгізілуі арқылы қызметтердің қолжетімділігі артқанын көрсетсе, екінші жағынан оның терең құрылымдық теңгерімсіздіктері мен жүйелік әлсіз тұстары әлі де толық шешілмегенін айқын дәлелдейді.

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының қаржы нарығы қазіргі таңда даму үстіндегі, бірақ толық қалыптаспаған күрделі жүйе ретінде сипатталады. Оның болашақтағы тиімділігі мен тұрақтылығы жүргізілетін реформалардың сапасына, институционалдық ортаның жетілуіне және нарық қатысушыларының белсенділігіне тікелей байланысты болады. Қаржы нарығын дамыту тек қаржы секторын жетілдірумен шектелмей, бүкіл экономикалық жүйенің тиімділігін арттыруға бағытталуы тиіс, себебі қаржы нарығы экономикалық өсімнің негізгі драйвері болып табылады.Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан үшін алдағы кезеңде қаржы нарығын терең реформалау, капитал нарығын кеңейту, қаржылық құралдарды әртараптандыру, цифрлық трансформацияны күшейту және қаржылық сауаттылықты арттыру міндеттері стратегиялық маңызға ие. Бұл шаралар жүзеге асқан жағдайда ғана қаржы нарығының тиімділігі артып, ол ұлттық экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін қуатты механизмге айнала алады. Сондықтан қаржы нарығын дамыту мәселесі тек экономикалық емес, сонымен қатар институционалдық, әлеуметтік және стратегиялық деңгейдегі кешенді міндет ретінде қарастырылуы тиіс.

Әдебиеттер:

1. Fabozzi, F. J. Financial Markets and Institutions. MIT Press, 2019.
2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Қаржы тұрақтылығы туралы есеп. Астана, 2023.
3. Қазақстан қор биржасы (KASE). Жылдық есеп 2023. https://kase.kz
4. World Bank. Global Financial Development Report 2023. Washington, DC.
5. International Monetary Fund (IMF). Kazakhstan: Article IV Consultation Report, 2024.
6. OECD. Financial Literacy in Kazakhstan: Assessment and Recommendations, 2022.
7. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі. Жылдық шолу, 2023ж

8. Мақыш С.Б. Банк ісі: Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. 350 б.

УДК 336.76:004.738.5:502.131.1

ТОКЕНИЗАЦИЯ ЗЕЛЁНЫХ АКТИВОВ КАК ИНСТРУМЕНТ УСТОЙЧИВОГО ИНВЕСТИРОВАНИЯ

Кесикова С.Б., студентка
Научный руководитель – к.э.н. Абдешов Д.Д.
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова
Актау, Казахстан

Аннотация. Статья посвящена вопросу токенизации зеленых активов как инструмента устойчивого инвестирования в условиях цифровизации в финансовом секторе. В данной работе представлено определение сути токенизации зеленых активов, а также проводится анализ преимуществ и рисков токенизации. Особое внимание уделяется рассмотрению необходимости интеграции механизмов по обеспечения кибербезопасности как инстурмент устойчивого инвестирования. Автором предлагается собственная модель по оценке и предотвращению киберугроз при токенизации зеленых активов, направленная на повышение уровня защищенности данных и инвестиционных процессов.

Ключевые слова: токенизация зеленых активов, экологические проекты, инвесторы, кибербезопасность, устойчивое инвестирование, защита данных, принципы ESG, цифровизация.

В современных условиях климатических изменений и усиливающегося давления на экологическую устойчивость экономики возрастает значимость поиска наиболее эффективных механизмов финансирования зеленых проектов. Традиционные инструменты, такие как зеленые облигаций и государственное финансирование, не всегда способны обеспечить необходимый объем инвестиций.

Тем временем в мире наблюдается активное внедрение инновационных технологий, в частности блокчейна, что помогает развитию цифровизации в финансовом секторе. Одним из главных трендов в настоящее время считается токенизация зеленых активов, с помощью которой обеспечивается перевод экологически ориентированных активов в цифровые токены на блокчейне.

Актуальность исследования заключается в малоизученности вопросов касательно токенизации зеленых активов, что требует разработки новейших подходов к финансированию зеленой экономики посредством цифровизации.

Цель исследования - изучить процесс токенизации зеленых активов и ее перспективы как инструмента устойчивого инвестирования.

Задачи исследования:

1. Определить сущность токенизации зеленых активов;
2. Проанализировать недостатки и риски токенизации;
3. Изучить мировой опыт;
4. Определить перспективы развития токенизации зеленых активов в Казахстане;
5. Подготовить рекомендаций к усовершенствованию данного направления;

Объект исследования - система устойчивого инвестирования в условиях развития цифровизации финансовой сферы.

Предмет исследования - токенизация зеленых активов.

Методы исследования - теоретический анализ и обобщение, сравнительный анализ, а также использование моделирования.

Научная новизна заключается в разработки модели по оценке и предотвращению киберугроз при токенизации зеленых активов.

Практическая значимость модели заключается в возможности её применения финансовыми организациями, инвестиционными платформами и государственными структурами для повышения надёжности токенизированных зелёных активов и укрепления доверия инвесторов.

Зеленые активы - это долговые ценные бумаги, средства от размещения которых направляются исключительно на финансирование «зеленых» проектов. К зеленым проектам относятся проекты в сфере возобновляемых источников энергии, зеленых технологий, экологической инфраструктуры.

В основе токенизации лежит идея преобразования прав на реальные активы в цифровые токены который хранится и передается с помощью блокчейна [1]. Иначе говоря, токенизация - это превращение физического актива в его цифровую оболочку, в котором токен является доле собственности, имеющий юридическую силу.

Токенизация зеленых активов является комплексной концепцией, который сочетает в себе комбинацию принципов ESG и цифровых технологий. Посредством данной концепции обеспечивается высокая инвестиционная привлекательность проектов и повышается прозрачность благодаря технологиям блокчейн.

Рассматриваемый финансовый инструмент обладает значительным потенциалом в контексте трансформации механизмов устойчивого инвестирования. Одним из главных преимуществ токенизации является доступность, которая обеспечивается тем, что любой участник рынка может приобретать доли в крупных активах даже с минимальными капиталовложениями. Благодаря такой возможности, экологические проекты способны все больше привлекать дополнительное финансирование от инвесторов.

Следующим преимуществом считается ликвидность зеленых активов. Это объясняется тем, что традиционные активы способны обращаться медленнее, по сравнению с токенизированными финансовыми инструментами [2]. Например, инвестирование в экологические проекты может быть недоступной широкому кругу лиц из-за их длительного срока окупаемости, но с помощью токенизации, данный процесс становится проще для всех.

Немаловажным преимуществом можно считать прозрачность выполнения операции. On-chain учет упрощает проверку прав владения и делает их прозрачными для всех участников системы [2]. On-chain учет - это транзакции, которые происходят в блокчейне. Иными словами, использование данной технологии обеспечивает высокий уровень защиты данных и способствует росту доверия инвесторов, поскольку участники получают возможность осуществлять контроль за всеми этапами процесса.

Однако процесс токенизации зеленых активов сопряжен с рядом рисков. Одним из ключевых рисков является кибербезопасность, поскольку токенизация осуществляется посредством блокчейн-технологии. Потеря доступа к данным или мошенничество могут привести к значительным финансовым потерям [3]. Особую опасность представляют атаки на цифровые платформы, обеспечивающие выпуск и обращение токенов, поскольку их нарушение может привести к потере активов, искажению данных и снижению доверия инвесторов. Кроме того, высокий уровень цифровизации увеличивает вероятность технических сбоев, которые также могут негативно сказаться на стабильности инвестиционных процессов.

Также следует учитывать фактор волатильности цифровых активов, который может

негативно влиять на инвестиционную привлекательность токенизированных проектов. Низкий уровень финансовой и цифровой грамотности населения дополнительно ограничивает масштаб внедрения данного инструмента.

Кроме того, среди рисков следует выделить проблемы в нормативно-правового характера, что обусловливает юридические сложности для инвесторов. Это связано с тем, что в различных странах применяются разные подходы к обеспечению юридической защищенности [3].

Перспективы внедрения токенизации зелёных активов в Казахстане во многом обусловлены текущими тенденциями цифровизации экономики и развитием устойчивого финансирования. В стране уже предпринимаются шаги по поддержке экологических инициатив, включая развитие рынка зелёных облигаций, внедрение ESG-принципов в корпоративное управление и активизацию государственной политики в сфере устойчивого развития.

В то же время потенциал цифровых инструментов в сфере устойчивого инвестирования остаётся недостаточно реализованным. Токенизация может стать эффективным механизмом привлечения капитала в зелёные проекты за счёт расширения круга инвесторов, снижения барьеров входа на рынок и повышения прозрачности инвестиционных процессов. Использование цифровых технологий позволяет обеспечить более эффективное распределение финансовых ресурсов и ускорить реализацию экологических проектов.

Дополнительным преимуществом токенизации является возможность интеграции с современными финансовыми технологиями, что способствует формированию новой модели инвестиционной деятельности, ориентированной на устойчивое развитие. В частности, токенизация позволяет обеспечить более высокий уровень ликвидности зелёных активов, которые в традиционных условиях характеризуются ограниченной обращаемостью.

Для успешного внедрения данного инструмента необходим комплексный подход. В первую очередь требуется формирование нормативно-правовой базы, регулирующей выпуск и обращение токенизированных активов, а также обеспечивающей защиту прав инвесторов. Важным направлением является развитие цифровой инфраструктуры, включая создание специализированных платформ для размещения и торговли токенами, а также внедрение современных технологий кибербезопасности.

Кроме того, существенное значение имеет повышение уровня финансовой и цифровой грамотности населения, что позволит расширить участие частных инвесторов в устойчивом финансировании. Не менее важным является стимулирование участия банков, инвестиционных компаний и других финансовых институтов в развитии токенизированных инструментов, а также формирование доверия к новым финансовым технологиям.

Следует отметить, что развитие токенизации зелёных активов также связано с необходимостью управления киберрисками, поскольку цифровая природа данных инструментов делает их уязвимыми к внешним угрозам. В связи с этим особую роль играет внедрение механизмов защиты данных и обеспечения безопасности цифровых платформ. В качестве меры по снижению риска связанной с безопасностью, автором предлагается разработка модели по оценке и предотвращению кибератак при токенизации зеленых активов. Данный механизм направлен на обеспечение защиты данных инвесторов, своевременное выявление и предотвращение киберугроз. Модель основана на последовательной реализации пяти этапов: идентификации угроз, оценки технологической инфраструктуры, анализа механизмов защиты данных, управления рисками и мониторинга.

На первом этапе осуществляется выявление потенциальных киберугроз, включая несанкционированный доступ, утечку данных и мошеннические операции, что позволяет

определить уровень уязвимости системы.

Второй этап предполагает оценку технологической базы, в рамках которой анализируется надёжность цифровых платформ, уровень прозрачности операций и устойчивость блокчейн-инфраструктуры. Это обеспечивает понимание степени доверия к используемым технологиям.

Третий этап направлен на анализ механизмов защиты данных, включая используемые методы шифрования и условия хранения информации. Особое внимание уделяется обеспечению конфиденциальности и целостности данных инвесторов.

На четвёртом этапе осуществляется управление рисками, включающее разработку и внедрение мер по снижению киберугроз, а также формирование политики информационной безопасности. Заключительный этап — мониторинг — предполагает постоянное отслеживание операций, своевременное выявление угроз и обновление системы защиты.

Из предложенной модели можно сделать вывод о том, что данный подход позволяет не только своевременно выявлять проблемы в системе, но и обеспечивать их эффективное устранение.

Отличительной особенностью модели является ее комплексный характер, позволяющий учитывать не только технологические аспекты, но и вопросы безопасности и управления рисками, что способствует повышению доверия со стороны инвесторов и обеспечению высокого уровня защиты токенизированных зеленых активов.

Практическая значимость разработанной модели заключается в её применении финансовыми организациями, инвестиционными платформами и государственными структурами для оценки и минимизации киберрисков при токенизации зелёных активов, что обеспечивает повышение устойчивости инвестиционных процессов и способствует укреплению доверия инвесторов.

Литература:

1. Кейси. Токенизация реальных активов: недвижимость, ценные бумаги и скусство. - 2025. - URL: https://www.litres.ru/book/keysi-33524716/tokenizaciya-realnyh-aktivov-nedvizhimost-cennye-bumagi-i-i-72485380/chitat-onlayn/

2. https://its-world.kz/ru/analytics/tokenizirovannye-aktivy-chto-eto-i-kak-oni-menyayut-investicii/

3. https://amlcrypto.io/ru/blog/tokenizirovannye-aktivy#6

ӘОЖ: 332.1:330.341.1:334.012.6(574.5)

АЙМАҚ ЭКОНОМИКАСЫ ДАМУЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІКТІ ТАЛДАУ (МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА)

Зинұрұлы Н.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
nur1.zinuruly@yu.edu.kz

Аннотация. Бұл мақалада Маңғыстау облысының экономикалық өсуіндегі инновациялық кәсіпкерліктің рөлі мен маңызы талданады. Жұмыста аймақтағы инновациялық инфрақұрылымның қазіргі жағдайы қарастырылып, шағын және орта бизнеске енгізіліп жатқан технологиялық жаңалықтарға баға беріледі. Зерттеу нәтижелері аймақтық

даму стратегияларын әзірлеуде және кәсіпкерлікті қолдау тетіктерін жетілдіруде қолданылуы мүмкін.

Түйінді сөздер: инновациялық кәсіпкерлік, мемлекет, Маңғыстау облысы, аймақтық экономика, әртараптандыру, технологиялық даму, мемлекеттік қолдау, инвестициялар.

Маңғыстау облысындағы инновациялық кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау аймақтың экономикалық дамуының маңызды аспектісі болып табылады. Қазақстанның батыс бөлігінде орналасқан Маңғыстау облысы өнеркәсіптің түрлі салаларын дамыту үшін айтарлықтай табиғи ресурстар мен әлеуетке ие. Инновациялар мен технологияларды дамытудың ұлттық стратегиясы аясында Қазақстан үкіметі аймақта инновациялық кәсіпкерлікті қолдау шараларын қабылдауда.

Маңғыстау облысында инновациялық кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттарын мыналарды атап өтуге болады:

– инновациялық инфрақұрылымды дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау: бұл үшін мемлекет инновациялық кластерлердің, технопарктердің, бизнес-инкубаторлардың және басқа да инфрақұрылымдық объектілердің құрылысына инвестиция салуда.

– ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді дамытуға жәрдемдесу: мемлекет іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізуге гранттар мен субсидиялар бере отырып, Маңғыстау облысындағы Ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындарын қолдайды.

– инновациялық жобаларды қалыптастыру және қолдау: Қазақстан үкіметі өңір экономикасына оң әсерін тигізетін инновациялық жобалар мен кәсіпкерлік идеяларды қаржыландыруға конкурстар өткізеді.

– инвестициялық ахуалды дамыту: Маңғыстау облысында инновациялық кәсіпкерлікке инвесторларды тарту үшін мемлекет тұрақты реттеуді, ашықтықты және меншік құқығын қорғауды қамтамасыз етеді.

– кәсіпкерлік, оқу орындары мен ғылыми ұйымдар арасындағы байланысты нығайту: инновациялық кәсіпкерлікті тиімді дамыту үшін университеттер, ғылыми орталықтар мен кәсіпорындар арасындағы ынтымақтастық тетіктерін құру маңызды, бұл зерттеу нәтижелерін өндіріске тиімді беруге және жаңа инновациялық өнімдер мен қызметтерді құруға мүмкіндік береді [1].

«Инновациялық Қазақстан 2025» мемлекеттік бағдарламасы ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 508 қаулысымен бекітілген. Бағдарлама Қазақстандағы инновациялық қызметті дамытудың 2025 жылға дейінгі негізгі бағыттарын айқындайды.

Бағдарламаның мақсаты - тұрақты экономикалық өсуді және халықтың әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз ететін білімге негізделген инновациялық экономиканы құру болып табылады.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

– бәсекеге қабілетті ұлттық инновациялық жүйені дамыту;

– инновациялық қызмет үшін қолайлы инвестициялық ахуал құру;


– инновация саласында адами капиталды қалыптастыру;

– инновациялық қызмет инфрақұрылымын дамыту.

Бағдарламада жылына 100 млрд теңге көлемінде инновациялық қызметті қаржыландыру көзделген.

Мәселен, 2022-2025 жылдар аралығында Маңғыстау облысында 100 инновациялық стартаптар мен кәсіпорындар құрылды. Бұл стартаптар мен кәсіпорындар «Инновациялық Қазақстан 2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында қолдау алды. Нәтижесінде олар өз өнімдері мен қызметтерін сатуды 30% - ға арттырып, 200 жаңа жұмыс орнын құрып, өз өнімдері мен қызметтерінің экспортын 10% - ға арттыра алды.

Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2025 жылғы қаңтар-желтоқсанға сауда саласындағы негізгі капиталға инвестициялар – 10,2 млрд теңгені құрады (2024 жылғы қаңтар-желтоқсанға – 8,1 млрд теңге).



Сурет 1 – Маңғыстау облысында ШОК бастауға грант иеленген әкімшілік құрылымдардың статистикасы.

Ескертпе – [2] әдебиет негізінде құрастырылған.

Жұмысты толығырақ талдау үшін, Маңғыстау облысы кәсіпкерлік және сауда басқармасының есебі қарастырылды.

Маңғыстау облысы кәсіпкерлік және сауда басқармасының есебі бойынша инвестиция көлемінің негізгі өсімі сауда саласында 2025 жыл басынан бері – 80 жуық шағын және орта кәсіпкерлік ашылып, 616 жаңа жұмыс орындары құрылды.

1-кесте-Маңғыстау облысы кәсіпкерлік және сауда басқармасының 2025 жылдың қорытындысы

кезең	**жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны**	**шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандардың саны**
2025 жыл	79 742 бірлік	155 мың адам
2024 жыл	75 341 бірлік	149,9 мың адам
2023 жыл	70 875 бірлік	144,1 мың адам
Ескертпе – [3] әдебиет негізінде құрастырылған.		

2024-2028 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы аясында төмендегідей мемлекеттік қолдаулар көрсетіледі:

– сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау;

– кредиттер/лизингтер бойынша кепілдік алу;

– жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар беру;

– өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды жүргізу.


2025 жылы субсидиялау құралы бойынша 48,2 млрд.теңге несие қаражатты құрайтын 1015 жоба қолдау алды.

Субсидиялау құралы бойынша Республика бойынша өңіріміз Алматы және Астана қалаларынан кейін жоба санынан 3 орында (2025 жыл 7 орын), несие 5 орында (2025 жыл - 9 орын) орналасты.

Осы орайда, жаңа өзгерістерге сәйкес, «Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін өңірлік қаржыландыру» бағыты бойынша өңірлік бағдарламаларды іске асыру барысында несиелердің сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялармен субсидиялау арқылы кәсіпкердің төлейтін сыйақы мөлшерлемесін 1%-ға дейін түсіруге болады.

Осыған сәйкес «Mangystau Business» өңірлік бағдарламасының субсидиялау бөлігін «Каспий» АҚ арқылы іске асыру жоспарлануда.

Кепілдендіру құралы бойынша 9,6 млрд. теңге кепіл қаражатына 653 жоба қолдау алды.



Сурет 2. Маңғыстау облысы кәсіпкерлік және сауда басқармасының қорытындысы бойынша шығарылған өнім көлемі.

Ескертпе – [4] әдебиет негізінде құрастырылған.

Сурет 2 сәйкес, соңғы 3 жылдықта Маңғыстау облысында шығарылған өнім көлемінің өсу деңгейі байқалады.

Кепілдендіру құралы бойынша Республика бойынша өңіріміз Астана қаласынан кейін жоба санынан 3 орында (2025 жыл - 4 орын), ал кепіл сомасынан 5 орында (2025 жыл - 5 орын).

2025 жылдың шілде-тамыз айларында Ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттардың конкурстық комиссиялары өтіп, қорытындысы бойынша сомасы 245,6 млн. теңге болатын 53 кәсіпкердің жобасы мақұлданды (барлығы 881 өтінім түсіп, конкурстық комиссияның қарауына 589 жоба жолданды).

Осы жылы қолдау алған жобалар сәтті іске асқан жағдайда 169 жұмыс орындары құрылады деп күтілуде [5].

Осылайша, Маңғыстау облысында логистика, туризм, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік саланы қоса алғанда, түрлі салалар белсенді дамып келеді. Мәселен, Ақтау қаласында Қазақ-Неміс тұрақты инженерия институты жаңа технология стартаптарын дамытуға ықпал ете алатын энергетика және логистика саласындағы мамандарды даярлауға бағытталған. Үкімет жаңа зауыттар салуды және жергілікті жастарды қолдауды қамтитын облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарын іске асыруда. Бұл

жергілікті кәсіпкерлікті, оның ішінде инновациялық кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдай туғызуы мүмкін.

Әдебиеттер:

1. Сейдахметов А.С. Предпринимательство: учебное пособие. - Алматы: Экономика, 2024. 88 с.
2. Ставбуник Е.А. Инновации как экономическая категория и ее классификационная структура//Вестник КазНУ. Серия экономическая. №5 (45). 2022. 20-23 с
3. Бердалиев Қ.Б. «Қазақстан экономикасын басқару негіздері», Алматы: экономика, 2024. 125 б.
4. Андронова Л.. Приоритет инноваций: Промышленность Казахстана. 2023. 44-46 с.
5. Таласбеков Ж. «Кәсіпкерлікті қолдау-мемлекеттің басты міндеті» // орталық Қазақстан, 2024. – 52 б.

УДК 001.895:330.34:316.346.32-053.6

ЖАСТАР, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БИЗНЕС: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА ДРАЙВЕРЛЕРІ

Салкынбаева Ф.Д.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
e-mail: fatima.salkynbayeva@yu.edu.kz

Аннотация. Бұл мақалада жастардың ғылыми әлеуеті мен бизнес құрылымдарының өзара ықпалдастығы арқылы инновациялық дамуды жеделдетудің заманауи тетіктері қарастырылады. Жастар – жаңа идеялардың, креативті ойлаудың және технологиялық жаңашылдықтың негізгі көзі ретінде сипатталады. Ғылым саласындағы зерттеулер мен әзірлемелерді коммерцияландыруда бизнестің рөлі, сондай-ақ олардың өзара байланысы ел экономикасының тұрақты өсуінің маңызды факторы ретінде талданады. Зерттеу барысында инновациялық экожүйені қалыптастырудағы білім беру ұйымдарының, стартап жобалардың және мемлекеттік қолдау бағдарламаларының маңызы айқындалады. Сонымен қатар, жастардың кәсіпкерлік белсенділігін арттыру, ғылыми идеяларды нарыққа енгізу және технологиялық трансфертті дамыту мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: жастар, ғылым, бизнес, инновациялық даму, стартаптар, ғылыми әлеует, коммерцияландыру, инновациялық экожүйе, кәсіпкерлік, технологиялық трансферт, Y-SIB моделі, адами капитал, ғылыми зерттеулер, экономикалық өсім

Қазіргі жаһандану дәуірінде экономиканың тұрақты дамуы мен елдің бәсекеге қабілеттілігі тікелей инновацияларға, ғылымның дамуына және адами капитал сапасына байланысты. Осы тұрғыда жастар, ғылым және бизнес арасындағы өзара байланыс жаңа экономикалық өсудің негізгі драйверлерінің бірі ретінде қарастырылады.

Жастар – қоғамның ең белсенді, жаңашыл және өзгерістерге бейім бөлігі. Олардың креативті ойлауы, жаңа идеяларға ашықтығы және тәуекелге баруға дайын болуы инновациялық экономиканың қалыптасуына үлкен ықпал етеді. Бүгінгі таңда жастар тек білім алушы ғана емес, сонымен қатар жаңа стартаптардың авторы, технологиялық шешімдердің әзірлеушісі және кәсіпкерлік бастамалардың қозғаушы күші болып отыр.

Ғылым – инновациялық дамудың негізі. Ғылыми зерттеулер мен жаңа технологияларсыз экономиканың сапалы трансформациясы мүмкін емес. Университеттер мен ғылыми орталықтар тек білім берумен шектелмей, ғылыми жаңалықтарды өндіріске енгізетін, стартап жобаларды қолдайтын және инновациялық экожүйені қалыптастыратын орталықтарға айналуы тиіс. Ал бизнес – ғылыми идеяларды нақты өнім мен қызметке айналдыратын негізгі механизм. Кәсіпкерлік орта ғылыми жаңалықтарды коммерцияландыру арқылы экономикалық құндылық қалыптастырады. Осы үштік – жастар, ғылым және бизнес – өзара тиімді байланыста болған жағдайда ғана елдің инновациялық дамуы қамтамасыз етіледі.

Қазіргі жағдайда жастардың ғылыми әлеуетін тиімді пайдалану мен оны бизнеске енгізу мәселесі ерекше өзектілікке ие. Осы бағытта зерттеудің негізгі мақсаты – жастардың ғылыми әзірлемелерін коммерцияландырудың тиімді механизмдерін қалыптастыру.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы ретінде автор тарапынан «Y-SIB моделі» (Youth–Science–Innovation–Business) ұсынылады. Бұл модель жастар, ғылым және бизнес арасындағы өзара байланысты жүйелі түрде ұйымдастыруға бағытталған.

Y-SIB моделінің құрылымы 4 негізгі кезеңнен тұрады:

1. Youth (Жастар әлеуеті)
   Жастардың ғылыми идеяларын анықтау, олардың зерттеушілік және кәсіпкерлік құзыреттіліктерін дамыту.
2. Science (Ғылыми база)
   Университеттер мен ғылыми орталықтарда жобаларды ғылыми тұрғыда негіздеу, зерттеу жүргізу және прототип жасау.
3. Innovation (Инновациялық трансформация)
   Ғылыми нәтижелерді стартап форматқа айналдыру, бизнес-модель құру, инновациялық өнім әзірлеу.
4. Business (Коммерцияландыру)
   Дайын өнімді нарыққа шығару, инвесторлар тарту және өндірістік деңгейде іске асыру.

Ұсынылған модельдің ерекшелігі – ғылыми идеядан бастап коммерциялық өнімге дейінгі толық циклді қамтуы және әр кезеңде жастардың белсенді қатысуын қамтамасыз етуі. Бұл тәсіл ғылым мен бизнестің өзара байланысын күшейтіп, инновациялық экожүйені қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Y-SIB моделі өңірлік деңгейде қолдануға бейімделген, бұл университеттердің жергілікті экономиканы дамытудағы рөлін арттырады. Модельді енгізу нәтижесінде жастар стартаптарының саны артып, ғылыми әзірлемелердің нарыққа шығу деңгейі жоғарылайды.

Қорытындылай келе, ұсынылып отырған Y-SIB авторлық моделі жастар, ғылым және бизнес интеграциясын қамтамасыз ететін тиімді құрал ретінде инновациялық дамудың жаңа драйверіне айналады. Ақтау қаласы үшін практикалық ұсыныстар:

Ұсынылып отырған Y-SIB (Youth–Science–Innovation–Business) моделін өңірлік деңгейде тиімді іске асыру мақсатында Ақтау қаласы үшін келесі нақты ұсыныстар ұсынылады:

1. Университет базасында “Жастар стартап-хабын” құру
Өңірдегі жоғары оқу орындары жанынан студенттер мен жас ғалымдарға арналған стартап-хаб ашу қажет. Бұл орталық ғылыми идеяларды бизнес-жобаға айналдырудың алғашқы алаңы болады.

2. Өңірлік бизнес-партнерлермен интеграцияны күшейту
Маңғыстау өңіріндегі мұнай-газ, логистика, туризм салаларындағы кәсіпорындармен бірлескен жобалар ұйымдастыру ұсынылады. Бұл жастардың ғылыми зерттеулерін нақты өндірістік мәселелерді шешуге бағыттайды.

3. “Жас ғалым – жас кәсіпкер” бағдарламасын енгізу
Ғылыми жобаларды гранттық қаржыландырумен қатар, оларды стартап ретінде дамытуға арнайы өңірлік бағдарлама әзірлеу қажет.
4. Каспий аймағына бағытталған инновациялық жобаларды дамыту
Ақтаудың географиялық ерекшелігін ескере отырып, экология, теңіз логистикасы, “жасыл энергия” бағытындағы стартаптарға басымдық беру маңызды.
5. Инвесторлар мен жастар арасындағы көпір қалыптастыру
Pitch-сессиялар, инвестициялық форумдар ұйымдастыру арқылы жастар жобаларын қаржыландыру мүмкіндігін арттыру қажет.
6. Университет–бизнес–әкімдік үштігін институционализациялау
Жергілікті атқарушы органдар, университеттер және бизнес арасында тұрақты платформа (кеңес/кластер) құру ұсынылады.

Бүгінгі таңда әлемдік тәжірибе көрсеткендей, инновациялық дамуда табысқа жеткен елдер жастардың әлеуетін тиімді пайдаланып, ғылым мен бизнесті біріктіре алған мемлекеттер болып табылады. Сондықтан біздің алдымызда тұрған басты міндет – жастардың идеяларын қолдайтын, ғылыми зерттеулерді ынталандыратын және бизнесті дамытуға қолайлы жағдай жасайтын тиімді экожүйе қалыптастыру.

